

РУХ ПЕН ЖІГЕР ЖЕҢІСІ



ӘОЖ 94 (574)"1941/1945"
КБЖ 63.3(5Қаз)622
Н25

Рух пен жігер жеңісі. Алматы: «South Print Corparation» баспаханасы, 2025 жыл. - 320 бет

ISBN 978-601-82278-7-5

Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толып отыр. Тарих бетінде екінші дүниежүзілік соғыс деген атаумен қалған адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыстың әлі де ашылмаған беттері бар. Бұл жинақта оқырман қауымға жаңа деректер, қызықты-танымдық, тарихи мәліметтер ұсынылады. Кітаптың ерекшелігі ardaktimes.kz сайтымен біріктірілген. QR код арқылы сайтқа өтіп, кітаптың электронды нұсқасымен толық танысуға болады. Алдағы уақытта екінші дүниежүзілік соғыс туралы жаңа деректер осы сайтқа жүктеліп отырады. Оқырмандарға сайт әкімшісімен хабарласып, майдангерлер туралы деректерді енгізу мүмкіндігі де ұсынылып отыр. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 94 (574)"1941/1945"
КБЖ 63.3(5Қаз)622

ISBN 978-601-82278-7-5

© «South Print Corparation» баспаханасы, 2025



Құрметті отандастар!
Сардарлар мен сарбаздар!
Аса қадірлі ардагерлер!

Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Баршаңызға Ұлы Жеңіс күні құтты болсын! Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз.

Ұлы Отан соғысы бүкіл адамзат үшін өте қиын сынақ болды. Оның зардабы көптеген елге ауыр тиді, солардың ішінде Қазақстан да бар. Қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес байлық екенін ұғындырды.



Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ. Біз осы ақиқатты әрдайым есте сақтауымыз керек. Зұлмат кезеңді бастан өткерген майдангерлер қазір ортамызда. Құрметті ардагерлер, барша халықтың атынан Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын! Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін ешқашан ұмытпаймыз! Баршаңызға бас иеміз! Халқымыз Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанды. Олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Келер ұрпақтың жарқын әрі бейбіт келешегі үшін өз өмірлерін құрбандыққа шалды.

Даңқты ұл-қыздарымыз ерліктің озық үлгісін көрсетті. Қазақтың жаужүрек ұлт екенін паш етті. 500-ден астам жауынгеріміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Сағадат Нұрмағамбетов, Иван Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Нүркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Сабыр Рахимов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Рақымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова және басқа да көптеген қаһармандарымыз өшпес із қалдырды.

Тыл еңбеккерлері соғыс жылдары жанкештілік пен табандылық танытты. Қазақстаннан майданға бір жарым мың вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберілді. Елімізге жүздеген кәсіпорын көшірілді, көптеген жаңа өндіріс салынды. Олар өте қысқа мерзім ішінде майданға қажет өнімдер шығара бастады. Жұртымыз жұдырықтай жұмылып, күні-түні жұмыс істеп, қару-жарақ пен оқ-дәрі дайындады, әскери киім тікті. Соғыстағы он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау деген сөз. Олардың ерлігі мен еңбегін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Біз Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге баса назар аударып, еліміз бойынша мыңдаған маңызды, ауқымы кең іс-шара өткізіліп жатыр. 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетін болды. Елімізде қазақстандық майдангерлерге арналған «Батырларға тағзым» атты шеру өтеді. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғысқа қатысушылардың ұрпағы аталарының суреттерін көшелермен алып жүреді. Бүгінгідей жаһандық саясатқа агрессия мен қатыгездіктің жегі құрты дендеп енген кезеңде соғыстың қасіретін еліміздің барша азаматына түсіндіру аса маңызды. Ақиқатты танымай бейбітшіліктің қадірін білу мүмкін емес.

Соғыстың тарихи ақиқатын, Ұлы Жеңістің мән-мағынасын қасақана бұрмалауға жол беруге болмайды. Қазіргі құбылмалы заманда Қазақстан үшін ең басты мақсат – ұлт мүддесін қорғау. Сыртқы саясатымыз осы мақсатты қамтамасыз ету үшін жүргізіліп жатыр.

Қазақ халқы – бейбіт халық. «Жаным – арымның садағасы» деген өр намысты, айбарлы ел. Жұртымыздың ерлік дәстүрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Алтын Орда, Қазақ хандығы кезіндегі баһадүр бабаларымыз кең байтақ жерімізді қорғап, кейінгі буынға аманат етті. Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттілігін қас қақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – тәуелсіздігіміздің қорғаны. Сарбаздарымыз елдің бейбіт өмірін, тұтастығы мен тыныштығын қорғауда. Қарулы Күштеріміз әлемдегі тұрақтылық пен келісімді сақтауға үлес қосып келеді. Жауынгерлеріміз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясына ойдағыдай қатысуда. Бұл – бүкіл әлемдегі Қазақстан армиясына деген зор сенім. Еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – аса маңызды міндет. Біз Қарулы Күштерімізді жаңғырта бастадық, армиямызды күшейту үшін нақты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы өте маңызды мәселе бойынша Парламент заң қабылдады. Мемлекет әскери қызметшілерге, арнаулы мекемелер мен азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлеріне әрдайым қолдау көрсетеді.

Армиямыздың күш-қуаты жауынгерлік рух пен темірдей тәртіпке тікелей байланысты. Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз – елдегі қауіпсіздік пен тыныштық кепілі. Біз озық ойлы ұлт ретінде заң мен тәртіпті бәрінен биік қоятын болдық. Әр азаматтың бойында Отанға деген адалдық пен әділдік болуға тиіс.

Құрметті сарбаздар! Ел қорғау – абыройлы міндет және зор жауапкершілік. Бұл – әр азаматтың перзенттік парызы. Сіздермен бірге барша азаматтарымыз Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құрып жатыр. Осы тарихи жұмысымыз табысты болсын! Рухымыз мықты, мемлекеттілігіміз мәңгі болсын! Көк Туымыз биікте желбіресін!

Қадірлі Отандастар! Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын!

Мемлекет басшысы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадта сөйлеген сөзі









Құрметті ардагерлер!
Қадірлі түркістандықтар!

Екінші дүниежүзілік соғыста қазақ халқы ерекше батырлығымен көзге түсті. Батырларымыз қан майданда ерлік көрсетсе, елде қалған жерлестеріміз тылда аянбай еңбек етті. Осылайша, адамзатқа қауіп төндірген фашизм идеясын тоқтатып, жеңімпаздар қатарынан табылды.

Жеңіс күні – батырларымызды еске алып, ерлігін дәріптейтін күн.

Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан адамзаттың ортақ жеңісіне, жер бетінде әділдік пен бостандықтың салтанат құруына өлшеусіз үлес қосты» – деген болатын. Сондықтан Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне құрмет көрсету, олардың ерліктерін ұрпаққа дәріптеу – баршамызға ортақ міндет.

Екінші дүниежүзілік соғыс миллиондаған өмірді қиып, адамзатқа қайғы әкелді. Бұл қиын кезеңді ұмыту, тарихи санадан өшіру мүмкін емес.

Алапат майданға Қазақстаннан 1,2 миллионнан астам адам аттанып, оның жартысы майданнан оралған жоқ. Отандастарымыздың 500-і Кеңес одағының батыры атанды. Оңтүстік өңірінен 140 мыңнан астам азамат аттанып, тең жартысы шейіт болды. Олардың арасынан Кеңес одағының батырлары, III дәрежелі «Даңқ» орденінің кавалерлері шыққан.

Биыл Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық майдангерлерді еске алу мақсатында «Батырларға тағзым» атты бірегей онлайн порталын іске қосты.

Жобаның мақсаты – Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан қазақстандықтардың ерлігін болашақ ұрпаққа жеткізу.

Сол қаһармандардың арасында Түркістан облысының өрендері де мәртебелі орын алған. Бүгінде өңірде Ұлы Отан соғысының 8 ардагері бар.

Ардагерлерге мемлекет тарапынан тұрақты түрде қолдау көрсетілуде. Сонымен бірге, тыл ардагерлеріне, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген 3 мыңнан астам ардагерге де құрмет көрсетіліп жатыр. Батырларымызға бір реттік материалдық көмек төлеу үшін жергілікті бюджет есебінен қаржы бөлінді.

Ардагерлерімізге, олардың ұрпақтарына амандық, шаттық тілеймін!

Құрметті халайық! Биыл Кеңес одағының батырлары, Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл, ал, Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толып отыр.

Қос қаһарманның ерлікке толы өмірі – ұрпақ үшін өнеге! Біз ардагерлеріміздің ерлігін ұмытпаймыз және мәңгі есте сақтаймыз! Баршаңызды Жеңіс күнімен тағы да құттықтаймын. Елімізде әрқашан бейбітшілік заман, ұрпағымыз аман болсын! Тәуелсіз еліміздің мәртебесі биіктей берсін!

Нұралхан КӨШЕРОВ,
Түркістан облысының әкімі




ҰЛЫ
ЖЕҢІСКЕ
ЖЫЛ
ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА



ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Қазақ халқы өз ұл-қыздарының ерлігін ешқашан ұмытпақ емес.

1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Отаны үшін от кешкен әр жауынгердің ерлігі — ұрпаққа үлгі болып, әр есім — тарихтың алтын парағына жазыла береді.

Қан майданның алдыңғы шебінде оқ пен оттың ортасында жүріп, туған жер мен ұрпақ болашағы үшін жан аямаған батырларымыздың есімі ешқашан ұмытылмайды.

Сол сұрапыл соғысы жылдарында майдан мен тыл – бір тұтас күшке айналды. Жауынгерлер майданда жүріп Отанды қорғаса, елде қалған қарттар, әйелдер мен балалар күн-түн демей егістік басында, зауыт-фабрикаларда, ауыл шаруашылығында жұмыс істеп, майданды азық-түлікпен, киіммен, қару-жарақпен қамтамасыз етті.

Қанша қиындық көрседе, қайсар рухты халқымыз аса жанқиярлықпен күресіп Жеңіс туын желбіретуге өз үлестерін қосты. Бүгінгі бейбіт өмір – сол ерлердің асқақ рухымен келген қасиетті Жеңістің жемісі.

Сол қатарда Түркістан өңірінің ержүрек перзенттері де Отан үшін от кешіп, бейбіт болашақ үшін күресті. Осы кітап Түркістан өңірінен майданға аттанған батыр ұл-қыздарға көрсетілген тағзым іспетті.

Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Бұл – халқымыздың жауынгерлік рухының, батырлығы мен ерлігінің символына айналған тарихи мейрам. Біз ел қорғаған ерлеріміздің қаһармандығын, майдан даласында қаза тапқандардың жарқын бейнесін әрдайым құрметпен еске алып батырларымыздың алдында бас иеміз. Олардың есімі, ерлігі — мәңгі ел жадында.

Әрқашан еліміз аман, бейбітшілік заман болсын!

Б.С. ІЗМҰХАМБЕТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстанның Еңбек Ері,
«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің Төрағасы





АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Екінші дүниежүзілік соғыстың Жеңіспен аяқталғанына биыл 80 жыл толып отыр. Бұл – Ұлы Жеңіс. Оның ұлылығы әлемге бейбіт өмір сыйлағанында. Жеңістің 80 жылдығы біз үшін тек тарихи дата ғана емес. Ол ата-бабаларымыздың жасаған ерлігі мен қаһармандығының айғағы. Тылда жүріп ауыр еңбекке жегілген аға буынның жанкештілігі, қайсарлығы мен табандылығының белгісі. Миллиондаған тағдырларды қайғы-қасіретке душар еткен бұл кезең бізге бейбіт өмірдің, тұрақтылық пен ынтымақтың қаншалықты маңызды екенін тағы бір рет еске салады. Бұл соғыста, оның Жеңіспен аяқталуына, фашизмді тізе бүктіруде қазақстандықтардың да үлесі зор болды. 1,5 миллионнан астам азамат майданға аттанып, соның жартысынан көбі оралмады. Бейбіт өмір үшін жанын берген ұрпақтың сол ерлігін біз ешқашан ұмытпауымыз керек.

Жеңістің 80 жылдығы – бұл тек соғыста шайқасқан батырларымызды ғана емес, тылда еңбек еткен ата-әжелерімізді, жастық шағын жоғалтқан буынды, бұғанасы бекімей жатып, тырбанып еңбек еткен бауырларымызды еске алатын күн. Сол кезеңдегі халықтың бірлігі, бейбітшілік жолындағы тұтастығы – бізге ғибраты ҮЛГІ, тәлімді ӨНЕГЕ, ӨМІР САБАҒЫ!

Өмір ұзақ болғанмен, ғұмыр келте. Өкінішке қарай, жыл өткен сайын майдангерлеріміздің, ардақты ардагерлеріміздің, қаһарман қарияларымыздың қатары сиреп барады. Сондықтан оларға құрмет





көрсетіп, ерліктерін ұлықтау, насихаттау, кейінгі ұрпаққа таныту – біздің басты міндетіміз. Парызымыз. Түркістан облыстық Ардагерлер кеңесінің бастамасымен Жеңістің 70, 75 жылдығына орай оңтүстікқазақстандық соғыс ардагерлерінің өміріне негізделген екі бірдей деректемелік, танымдық жинақ шықты. Ал, қолдарыңызға алып отырған бұл еңбекте біз сол кітаптардағы берілген деректерді мүмкіндігінше қайталамауға тырыстық. Екінші дүниежүзілік соғыстың әлі де ашылмаған беттері, беймәлім тұстары мен бұрмаланған кезеңдері бар. Тарихшылар, ғылыми бағыттағы ізденушілер, еліміздің Қарулы күштері ардагерлері жанынан құрылған жұмыс тобы мен өлкетанушы еріктілердің ізденісі арқасында жыл сайын сұрапыл жылдар шежіресіне қатысты тың деректер мәлім болуда. Мәселен, биылғы жылы екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқанымен бұған дейін белгісіз болып келген 26 майдангердің деректері табылды. Олардың барлығы майданға оңтүстіктен аттанып, елге оралмаған. Деректерді жинақтау, кітапты жазу барысында осындай тың мәліметтерге мүмкіндігінше мұқият болуға тырыстық. Бұл кітаптан оқырмандар соғыстан аман оралып, бейбіт өмірде ғылым іздеген майдангер-ғалымдармен және ерен еңбегімен абройға бөлеген майдангер-социалистік еңбек ерлерімен танысады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған соңғы жылдардағы жолдауларында еңбек адамдарын дәріптеу туралы жиі айтып, тиісті мекемелерге нақтылы міндеттер жүктеп, тапсырмалар беруде. Осы орайда соғыс жылдары және соғыстан кейінгі халықтың тұрмыс-тіршілігін оңалту, елдің экономикасын көтеру жолында аянбай еңбек еткен ерлердің еңбегін бүгінгі ұрпаққа үлгі етуді өзіміздің міндетіміз санадық. Жинаққа сондай-ақ соғыс тақырыбындағы мақалалар, майдан әзілдері, соғыс жылдарындағы солдаттарға, халыққа рух берген әндер, майдангерлердің хаттары және «Соғыстың соңғы солдаттары» тақырыбымен арамызда жүрген майдангерлермен болған сұхбаттар енгізілген.

Жеңістің 80 жылдығы – тарихи жадыны сақтау ғана емес, сонымен қатар қазіргі халықаралық қатынастардағы тарихты саясиландыру әрекеттеріне қарсы тұрудың да бір белгісі деп түсінген жөн. Көптеген елдерде тарих қайта екшеліп, таразыланып, соның әсерімен кейбір мемлекеттердің рөлі төмендетілуде. Бүгінгі таңдағы күрделі геосаяси жағдайлар бейбітшілікті сақтау мен тарихи шындықты бұрмалауға жол бермеудің маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан Қазақстан сияқты елдер өз ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің ерлігін жаңғыртып, тарихты ақиқатпен астастыра білгені абзал. Сондай-ақ Жеңістің мерейтойы – жастарымыз үшін әскери-патриоттық тәрбиенің де маңызды кезеңі. Өткеннен сабақ алған ұрпақ бейбітшіліктің шынай бағасын бағамдай біледі.

Ж. МӘУЛЕНҚҰЛОВ,
Түркістан облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасы







ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА



СОҒЫС ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

Тарихымыздан белгілі, 1939 жылдың 1-қыркүйегінде басталған екінші дүниежүзілік соғыс 1945 жылдың 2-қыркүйегіне дейін, 6 жыл 1 күнге жалғасты. Бұл соғысқа жер шарындағы қаншама елдер қатысты. Алғашқы кезде кейбірі жеңімпаз атанатынына сенімді болса, ақырында жеңілістерге ұшырады.1941 жылдың 22-маусы-мынан 1945 жылдың 9-мамырына дейін созылған соғыста қазақстандықтар тарихта қалар ерлік үлгілерін көрсетті.

Тарихшылардың дәлелдеуінше адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыс атанған осынау қасіретті қырғында жер бетінен 30 миллиондай адам шейіт болған. Оқ пен жалындаған оттан ажал құшып, хабар-ошарсыз кеткен боздақтар қаншама. Жауыздықтың салдарынан 1миллион 710 мың мектеп, 70 мыңнан астам ауыл, село қирады. Егер Отан үшін жанын пида еткен соғыс құрбандарының әр қайсысына жеке-жеке үнсіздік жарияласа, үнсіздік мерзімі 45 жылға созылады екен.

Иә, бұл жойқын соғыс өзінің алапаттылығымен және орасан аумақты қамтыған көлемділігімен адамзат тарихынан мәңгі өшпейтін қасірет.

Тарихта екінші дүниежүзілік соғыс атанып, әлем халықтарының 80 пайызы қатысқан бұл сұрапыл арпалысқа 61 мемлекет тартылып, 40 мемлекеттің жері отқа оранды. 110 миллион адам қолына қару алды.

Кеңес Одағына тұтқиылдан соғыс ашқан фашизм басқыншылары өздерінің зұлымдыққа толы бас жоспарында миллиондаған адамдарды қырып, қалғандарын құлаққесті құл ретінде пайдалануды мақсат тұтқан. Ұлтшыл әскери-саяси басшылық Орта Азия мен Қазақстанды, Солтүстік Кавказ бен Әзірбайжанды «жабайы халықтар», оларды тек қырып-жойып, жерін иемдену керек деп есептеген. «Мұсылмандар - бүлікшіл халық, олар ақсүйектердің құлы болуға лайық» деген жоспармен 1941 жылдың 22 маусымында, таңғы 4-те фашистік – гитлердің бұйрығымен басталған соғыс 4 жыл – 1418 күн мен түнге созылды.

Ел басына күн туған осы бір сұрапыл жайды басынан бастайтын болсақ, 1939-1945 жылдары болған екінші дүниежүзілік соғыс Германия, Италия, Жапония тарапынан басталғаны белгілі. 1939 жылы 1-қыркүйекте Германия Польшаға басып кірді. 3-қыркүйекте Ұлыбритания және Франция Германияға соғыс жариялады. Осы 1939 жылы Германия мен КСРО он жылдық бейбіт келісімге қол қойды. Германия 1940 жылы сәуірде Дания мен Норвегияны, ал мамыр-маусым айларында Голландия, Бельгия, Люксембург және Францияны жаулап алды. 1940 жылы 10-маусымда Италия, Германия бірлесіп, Грекия мен Югославияны жаулап, алда тұрған негізгі мақсаттарының біріне жетті.

1941 жылы 22-маусымда Германия КСРО-ға басып кірді. Германияның басты мақсаты Барбаросса

жоспары бойынша КСРО-ны жою еді. КСРО-ға қарсы соғыс басталар алдында Германия өзінің әскери-экономикалық қуатын нығайтып, Европадағы жеңілген елдердің қару-жарақ, оқ-дәрі, көлік жабдықтарын өзінің мүддесі үшін пайдалануға мүмкіндігі мол болды. Германияның қарулы күштері құрамында 1941 жылдың маусым айында барлығы 7,3 миллион адам қызмет атқарды. КСРО-ға қарсы соғысқа италиялықтар, испан дивизиялары, хорват, словак, француз бөлімшелері, сонымен қатар Германия жаулап алған елдерден жасақталған еріктілер де қатысты. Бұл соғыста бірден соққы беруге КСРО дайын емес еді. Сондай аса қиын жағдайға қарамастан, Кеңес жауынгерлері басқыншыларға қарсы алғашқы күннен ерлікпен шайқасты.

Иә, өткенге ойлана қарайтын болсақ, қаншама жылдарға созылған кеңес-герман соғысының өзгешілігі көп. Гитлершіл Германия Кеңес Одағының ұлттық мемлекеттерін жойып, төрт рейхтік комиссаритқа бөлуді ойластырды. Барбаросса жоспарын жүзеге асыру үшін Германия жоғарғы басқармасы 153 дивизиясын қойса, одақтастары КСРО-ға қарсы 3-дивизиясын қосты. КСРО шекарасына қарай барлығы 190 дивизия шоғырландырылды. КСРО-ға қарсы соғыс бастар алдында Германия өзінің әскери-экономикалық қуатын нығайтып, шайқастар кезінде аса қажет делінген мыс, мырыш, қорғасын, бокситті аса көп мөлшерде жинап алды және Европадағы бұл кезге дейінгі жеңілген елдердің бүкіл потенциалын жұмсауға зор мүмкіндік туды.

Сұрапыл соғыс бүкіл КСРО-дағыдай, күллі Қазақстандағыдай біздің Түркістан облысына да күтпеген қиындықтар әкеліп, халықтың бейбіт тыныш өмірін бұзды. Ұлы Отан соғысы Совет Одағының халықтары үшін, соның ішінде қазақ халқы үшін де үлкен сынақ болды.

1941 жылы 22-маусымда КСРО-ға қарсы соғыс ашылуына байланысты Москвадағы герман елшілігі бір сағаттан кейін ғана сыртқы істер халық комиссары М.В.Молотовқа Германияның КСРО-ға соғыс жариялағаны туралы нота тапсырған. Осыдан кейін әскерге нақты бұйрықтар беріле бастағаны белгілі. Сол күні КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Сыртқы істер халық комиссары М.В.Молотов күндізгі сағат 12-де радиодан сөйлеп, бүкіл халыққа неміс фашистерінің 1939 жылғы екі ел арасындағы бейбіт келісімді бұзып, опасыздықпен шабуыл жасап отырғанын мәлімдеп, Отанды қорғауға шақырды.

Сол күні КСРО Жоғарғы Кеңесі еліміздегі 1905-1918 жылдары туылған ер-азаматтардың әскерге шақырылғаны жайлы жарлықта жариялады. 23-маусымда Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылып, бүкіл елдегі билік бір басшылыққа бағындырылып, Жоғарғы Қорғаныс комитеті құрылды. Ал 8-тамызда Жоғарғы Қорғаныс ставкасының басшылығына Сталин тағайындалды. Ел халқын майдандағы, тылдағы жағдайдан жедел хабардар ету мақсатымен 24-маусымда Кеңестік хабар бюросы құрылған-ды.





Соғыстың болатынын алдын-ала сезіп отырғанымен, Кеңес Одағы оған дайын болмай шықты. И.В.Сталин мен КСРО қарулы күштері басшылары соғыстың алғашқы күндерінде шешуі күрмеуге келмейтін қиындықтарға тап болып, көптеген қателіктерге жол берілді.

Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) өңірінен Ұлы Отан соғысына нақты 142 мың 939 жігіт майданға аттанып, олардың 73 267-сі майдан даласында қаза тапқан.

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРАҚӨЛ ЕЛТІРІСІ

Соғыстың қиын-қыстау кезеңдерінде одақтастарымыз – Америка Құрама Штаттары мен Англияның «Ленд-Лиза» келісімі бойынша көрсеткен орасан зор көмегі туралы біреу білсе, біреу білмес.

Майданның алғашқы жылында немістер көп басымдылық танытып, Одақтың мол аумағын, атап айтқанда Прибалтика, Украина, Беларусь, Қырым және Мәскеуге дейінгі Ресей жерін басып алды. Қаліміз тым ауыр-тын. Сол кездегі ағылшындардың басшысы Уинстон Черчиль өзі мейлінше жек көретін Кеңес Одағы мен фашистік Германия неғұрлым жан алқымға келгенше кескілескенін, екі жағының да әлсірегенін ұнатты. Ал, Америка Құрама Штаттарының президенті Франклин Рузвельт керісінше үлкен көрегендік танытты. Егер Германия Кеңес Одағын жеңсе, ағылшындарды тымақпен ұрып алатынына, одан кейін Гитлердің әлемдік билік-ке қол жеткізу үшін Америкаға да шабуыл жасайтынына күмән келтірмеді. Сондықтан, Одаққа мейлінше тез және үлкен көлемде жәрдем беру жөнінде Конгреске мәселе қойды. Ел қаржысын сыртқа беруге мейлінше сараң конгресшілерді көндіру оңайға соқпайтынын түсінген президент өз ойын былай жартылай жұмбақтап баяндады:

«Қатар тұрған екі үйдің біреуі өртенді. Өшірейін десе, ол үйдің шлангісі суға жетпейді. Ал, көршісінде шлангі бар, бірақ, оның үйі өрттен аман. Сатып алайын десе, өртенген үйдің ақшасы жоқ. Не істеу керек? Өрт өрши келе сау тұрған үйге де ауысып түсуі мүмкін ғой. Егер ол үй шлангісін өрт өшіруге көршісіне берсе, өрт сөнген соң қайтып алар еді. Немесе шамасы келгенде көршісі өтемін төлер еді».

Әңгіменің төркінін түсінген конгресшілер үйі өртеніп жатқан Кеңес Одағына үлкен көлемде жәрдем беруге қаулы қабылдады. Осы келісім шартты «Ленд-Лиза» деп атады. Терістіктегі Мурманск, Архангельск порттарына кемелермен соғысқа қажетті жүрдек мәшинелер, қару-жарақ, дәрі-дәрмек, азық-түлік, танкі мен ұшақтар ағылды. Аз уақыттың ішінде он миллиард доллар шамасында көмек алған Кеңес Одағының басшысы Иосиф Сталин орасан зор көлемдегі қарызды қалай өтеу керектігін сол кезде-ақ ойлай бастады. Қолда бар жүздеген тонна таза алтынды Америкаға құпия түрде артқызды. Өкінішке орай, алтын тиісті жер-





іне жете алмады. «Эдинбург» крейсерін немістердің сүңгуір қайықтары Атлант мұхитында суға батырып жіберді. Ол кезде мұхиттың арғы жағындағы елде алтынға тек қана қымбат елтірілер бағаланатын. Өйткені, қиыршығыс пен Сібірдің ормандарындағы терісі қымбат аңдарды ататын жігіттер түгел дерлік майданда жүрді. Қолда өсіріп, елтірісін алатын қаракөл қойы өте аз. Оңтүстіктегі «Шымқорған» кеңшарында ғана бар. Елді тұйыққа тіреген осы бір күрделі мәселені шешуді Сталин сол кездегі Сыртқы сауда министрі Анастас Иванович Микоянға тапсырды. Оған Одақ көлемінде жоғары деңгейлі өкілеттік беріп, саланы тиісінше қаржыландырды. Соғыстың аса ауыр зардаптарына қарамай, Қазақстандағы Қызылқұм, Мойынқұм, Арал мен Нарын құмдарында қаракөл кеңшарлары шұғыл ұйымдастырылды. Аз жылда жеті облыста 150 кеңшар құрылып, қаракөл қойы 6 миллионға жетті. Жылына 3 миллионға жуық қаракөл елтірісі қарызды өтеу үшін Құрама Штаттарға жөнелтіліп жатты. Тек соғыс жылдарының өзінде Оңтүстік Қазақстанда (Түркістан облысы) қаракөл қойын өсіретін шопандар мемлекетке 1 750 000 дана елтірі берді. Сол кезде екі елтірімен бір «Виллис», сегіз елтірімен бір «Студдабеккер» жүрдек мәшинесінің, елу елтірімен бір танк немесе бір ұшақтың құны өтелгенін ескерсек, мұның өзі, сөз жоқ, теңдессіз ерлік. Құм мен шөл далада қысқы аяз бен жазғы аптапта қорасыз, жем-шөпсіз, киіз үйді ғана паналап қой өсіру қажырлылықты емес, орасан білгірлік пен ерлікті де қажет етті. Халқымыздан осы асыл қасиеттер түгел табылды. Алғашқы жылдары ұйымдастырылған қаракөл кеңшарлары тікелей Мәскеудегі Сыртқы сауда министрлігіне (Микоянға) қарады. Маңыздылығы жағынан аса қажетті, көлемі жағынан орасан зор осы бір күрмеуі қиын жұмыстың басында жүргендердің бірі – аяулы азамат Барыс Доспанбетұлы Көбе-леков.

Барыс Каспийдің шығыс жағалауында туылып, жетім қалған соң, теңіздің батыс бетіндегі Бақыда,



балалар үйінде тәрбиеленді. 1935 жылы Мәскеудегі ауыл шаруашылығы институтының елтірі-тері саласын бітіріп, жоғарғы дәрежелі зоотехник мамандығын алды. Қазақстан үшін қаракөл – шаруашылықтың жаңа сапасы еді. Тыңға түрен салғандай, жолсыз, елсіз, сусыз құмда ірі шаруашылықтар ұйымдастыру оңай шаруа емес. Барыс Доспанбетұлы осы қияметтей қиын істің үдесінен шыға білді. Мәскеудің марапатына, шопандар қауымының сүйіспеншілігіне бөленді.

ОБЛЫСТАҒЫ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ ДА ҚАРҚЫНДЫ ЕҢБЕК ЕТТІ

1941 жылы 27-мауысымда Қорғасын заводы коммунистерінің жиналысында бейбіт жұмысты соғыс талабына қарай қайта құруға шешім қабылданды.

Бүкіл облыста өндіріс орындарын соғыс мақсатына бұру жұмыстары басталды. Мүмкін болған жердің бәрінде соғысқа қажетті өнімдер өндіру қолға алынды. Шымкенттегі дәрі шығаратын химфарм зауытында 1941 жылдың қараша айынан бастап майдандағылар үшін керек болып отырған техникалардың тиісті бөлшектері өндірілді. Ал Шымкент қорғасын зауытына келсек, жауға атылған он оқтың жетеуін шығарды.

Қазақстанға соғысқа дейінгі бесжылдықтар кезінде ерекше көзге түскен кәсіпорындар көшіріліп әкелінді. Тарихымыздан белгілі, ең алдымен республикада ауыр индустрия құрылды. Бұл мәселеде Оңтүстік өңіріндегі, биіктігі 2170 метр болатын солтүстік-батысқа қарай сілемі шамамен 420 километр жерді алып жатқан, қойнаулары қазбалы байлықтарға бай Қаратау жотасының ерекше маңызы зор еді.

Жалпы, Қаратау өңіріне көз салатын болсақ, азамат соғысынан кейінгі жылдары Қантағы, Ащысай, Ленгір көмір шахталары қалпына келтіріліп, қуаттылығының артуы үшін көп жұмыс атқарылды. Кеніштер мен шахталарды қуатпен қамтамасыз ететін Хантағы электр станциясы салынды. 1932 жылы Түркістан-Хантағы-Ащысай арасындағы тар табанды теміржол салу қолға алынды. Ал алғашқы бесжылдық жылдарында Шымкент қорғасын зауытының құрылысы басталған болатын. 1934 жылы 20-қаңтарда, тарихи дәлелмен айтар болсақ, таңғы 6 сағат 50 минутта алғашқы қорғасын алынды. 1936 жылы қорғасын зауытында қорғасын қорыту 2 есе артты. 1939 жылы шымкенттіктер бүкіл Одақта өндіретін қорғасынның 61,1 пайызын беру дәрежесіне дейін жетті. Сол жы-лы социалистік жарыс пен стахановшылар қозғалысын өрістеткені үшін зауыттың туына Ленин ордені тағылды.

Оңтүстік өңірінде Ұлы Отан соғысына дейінгі бесжылдықтарда Ленгір, Боралдай, Келтемашат көмір кендері, отын базалары жұмыс істеп, өнеркәсіп қажеттерін қанағаттандырып отырды. 1941 жылдың мамырында КСРО түсті металлургия халық комиссариаты стахановшы жұмыстағы үлгілі еңбегі үшін «Ащысай»

кеншілерінен алдыңғы қатарлы 6 адамды «Түсті металлургиядағы социалистік жарыстың үздігі» төс-белгісімен марапаттады. Оның ішінде забойшылар, механиктер, тағы басқалар болды.

Ащысай кенінде диспечерлік қызмет енгізіліп, оған барлық өндірістік процестерді жүйеге салып отыру, бос вагондар мен электровозды уақтылы беру, жүк пен ағаш материалдарын жеткізу, босқа тұрып қалушылықты болдырмау және басқалары жүктелді.

Өндіріс орындарында зәру шикізаттың орнын оның арзан түрлерімен ауыстырудың мүмкіндіктері қарастырылды. Басқа облыстардан көмекші материалдар тасу барынша азайтылды. Қорғасын зауыты шақпақтау цехы өнертапқыштарының ұсыныстары бойынша өте зәру кокстардың орнына кейде Ленгір көмірін пайдалану әдісі жүргізілді. Сөйтіп, Қарағанды мен Кузбастан кокс тасымалдау ісі бірден азайтылды. Ащысай комбинатында кальций карбидін, натрий, күкірт қышқылын, сұйық шыны шығару ұйымдастырылды.

Ал жергілікті кооперативтік өнеркәсіп фабрикалар мен зауыттардың қалдықтарын пайдалана отырып кір сабын, доңғалақ майын, каустикалық сода, әртүрлі бояуларды шығаруды жолға қойды. Олар майдан үшін арнайы тапсырмалар алып, оны абыроймен орындап, арнаулы киімдер, матрацтар, ішкиімдер тікті.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНА КӨШІРІЛІП ӘКЕЛІНГЕН ЗАУЫТ-ФАБРИКАЛАР МЕН АДАМДАРДЫҢ САНЫ ҚАНША БОЛДЫ?



Осындай қиын-қыстау жағдайда Қазақстанның рөлі күшейді. Қазақ жеріне Батыс аудандардан өндіріс орындары көшірілді.1941 жылдың желтоқсан айының басында Шымкент қорғасын зауытының территориясына Подольск қорғасын-прокат зауытының прокат цехы орналастырылды. Сондай-ақ, өсімдік каучугі, былғары зауыты, шұлық фабрикасы, т.б. кәсіпорындар Шымкентке әкелініп, тез арада монтаждалып, іске қосылды. Бұл кәсіпорындар сол кезде соғыс үшін өте қажетті жабдықтар мен бұйымдар шығарды.



1941 жылдың 19-желтоқсанынан 1942 жылдың қаңтар айының 5-жұлдызы аралығында, бар-жоғы жарты ай ішінде КСРО танк құрылысы халық комиссариаты Воронеж қаласындағы №234 машина жасау зауытын Шымкент қаласындағы қорғасын зауытына көшіріп әкелді.

Шымкентке Харьков қаласынан «Красный зеркальщик», Я.М.Свердлов атындағы химия-фармацевтикалық зауыт, шұлық-ұйық фабрикасы, тігін фабрикасы, Подольскіден құю-прокат зауыты, Кременчугтен электростанция, Мәскеуден алкалоид зауыты, Воронежден ұсталық пресс жабдықтары зауыты эвакуацияланды. Яғни, қаламызға барлығы 17 кәсіпорын 20 мың жұмысшысымен көшіп келіп, оған қоса 10 мың эвакуцияланған халық қабылданды.

Сонымен қатар Шымкент қаласына КСРО архитектуралық академиясы 60 қызметкерімен орналастырылды. Олардың қатарында Академия президенті В.А. Весник, академиктер В.И.Семенов және Н.Я.Колли бар еді. Одан бөлек Шымкентке тағы да Әлемдік экономика мен саясат ғылыми-зерттеу институты, География ғылыми-зерттеу институты, 16 балалар үйі, эвакогоспиталдар т.б. мекемелер орналастырылды. Көшіп келген Моссовет атындағы театр ұжымы (көркемдік жетекшісі Юрий Завадский, директоры М.Е.Александров, белгілі артистер В.М. Марецкая, И.А.Мордвинов, Б.Ю.Оленин) қала кәсіпорындарында жиі өнер көрсетіп тұрды. 1942 жылы Мәскеу облысынан бүкілодақтық дәрілік өсімдіктер ғылыми-зерттеу институты да көшіп келді.

Батыстан Қазақстанға, оның ішінде Оңтүстік Қазақстанға да халықты шұғыл түрде көшіру қызу жүрді. Қазақ Кеңес социалистік Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің алдын-ала берген мәліметі бойынша бұл өңірге шамамен 31 мың адам эвакуациялануы тиіс болды.

Майдандағы әскерлерді киім-кешекпен қамтамасыз ету мақсатында өңірге мата тоқу фабрикасын көшіріп әкелу тиіс еді. 1941 жылдың желтоқсанында Москва облысы, «Красная поляна» ауданындағы мата тоқу фабрикасы көшіріліп келе бастады. Зауыттың құрал-жабдықтары 1942 жылдың 4-қаңтарынан бастап әкелінді. Олар тікелей шикізат көзі бар «Мақтаарал» совхозына орналастырылды. Осы зауытқа 417 адам бірге келді.

Өңірдегі бұрыннан істеп келе жатқан өндіріс орындарына да ерекше мән берілді. Соның ішінде Ащысай түсті металл комбинатының өндіріс қуаты ұлғайып, Мырғалымсай руднигі жедел игерілді. Бүкіл елге аңыз болып тарағандай, алғашқы кездің өзінде-ақ соғыста жауға атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда, соның ішінде жетеуі Шымкент қорғасын зауытында жасалынып жатты.

Соғысқа жаттыққан ұшқыштардың керектігіне байланысты енді алда ұшқыштар даярлау міндеті тұрды. Осыған байланысты, 1941 жылдың 2-қазанынан Шымкент қаласының жанынан Орталық Азия әскери

округі әскери әуе күштерінің аэродромын салуға кірісті. Ол қала жанындағы Қызылжар ауылдық кеңесінің Сталин атындағы колхозы жерінде салынатын болды. Облыс жерінде жауынгерлердің майданға әзірліктен өтіп баруы үшін атқыштар дивизиясын ұйымдастыру қолға алынды.

1941 жылдың қарашасынан Оңтүстікте майданда жараланған жауынгерлерді әкеліп орналастыратын орын дайындау жұмыстары жүре бастады. Шымкент қаласындағы қорғасын зауытының жатақханасына, мейманханада, Куйбышев атындағы мектепте, т.б. орындарда майданда жараланғандарды әкеліп жайғастыру мәселелері қолға алынды. Сонымен бірге КСРО-ның орталық аудандарынан келетін мекемелерді орналастыру жайларына да көңіл бөлінді. Ең алдымен Архитектура академиясы, Моссовет театры орналасатын орындар белгіленді.

ТЫЛ МАЙДАНЫНДАҒЫЛАР «БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН» ДЕГЕН ҰРАНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕДІ

1942 жылы 24-ші наурызда ҚК(б)П облыстық комитеті мен еңбекшілер депутаттары облыстық кеңес атқару комитеті осы жылдың 19-сәуіріндегі КСРО үкіметінің 1942 жылы 10 миллиард сомдық мемлекеттік әскери заем шығаруды шешкенін хабарлады. Бұл бұған дейінгі жылғыдан әлдеқайда жоғары болатын. Әрине елдегі соғыс жағдайына байланысты 1942 жылғы әскери заем қысқа уақыттың ішінде жоғары дәрежеде орындалды. Облыстағы Шымкент қаласы мен барлық аудандар әскери заемді айналымға түсіру үшін дайындықтар жасай бастады. Үгіт жұмысын жоғары дәрежеде жүргізуге көңіл бөлінді. Осы жайдың барысын үнемі бақылау жасап тұратын арнайы адамдарға тапсырмалар берілді. Сонымен бірге мемлекеттік әскери заемның таратылу барысы бақыланып тұруы керек еді.

Бүкіл елдегі сияқты стахановшылар қозғалысы өрістеді. Шымкент қорғасын зауытынан бөлек мұнда Қаратау, Байжансай рудаларын қорғасын рудаларын өндіру барған сайын артты.

Сол жылдары бүкіл республика халқы сияқты Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті 1941 жылы 7-қыркүйекте ВКП(б) орталық комитетінің 5-қыркүйектегі «Халық арасында қызыл әскерлер үшін жылы киімдер мен азық-түлік жинау» туралы қаулысын іске асыруға облыс ауылшаруашылығы еңбекшілерін ұйымдастырып, Қызыл Армияға көмек қолын созып жатты. «Артық астықты мемлекетке сату – әрбір колхозшының патриоттық борышы» ұраны да сол жылдары өмірге келді. Майданға 1941 жылдың желтоқсанында халық тарапынан 14207 дана жылы киім, 834 келі жүн, 59 келі мақта, 157 метр мануфактура, 70 келі киіз өткізілген. Бұдан бөлек, ОҚО еңбеккерлері 1941 жылдың қазанында





майдангерлер үшін астық, ет, май құрғақ жеміс, азық-түлік өнімдерін жөнелткен. Киров ауданындағы Молотов ұжымдарында тұрғындар жеке қорынан 30 мың пұт астық жинаған. Сондай-ақ, соғыстың алғашқы екі жылында Ильичев ауданының еңбекшілері Қызыл Армияның жауынгерлері мен офицерлеріне 13 884 дана жылы киім, оның ішінде 513 тон, 710 жұп қолғап, 2066 фуфайка жинап берген. Ержүрек жауынгерлер ильичевтіктерден 1320-дан астам азық-түлік, май, жеміс-жидек алды. 1941 жылдың қараша айында химфарм зауыты 2 вагон бинт шығарып, майданға жөнелтті.

Одан кейін 1942 жылы 7-ші мамырдағы ҚК(б)П облыстық комитетінің мәжілісінде Ленинград майданындағы әскерлерге, командирлерге және саяси қызметкерлерге, Ленинградты ерлікпен қорғаушыларға дайындалған сый туралы мәселе қаралды. Қазақстан Компартиясы (большевиктер) Орталық Комитетінің 4-мамырдағы шешіміне сәйкес Шымкент қалалық және облыстағы барлық аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшыларына Ленинград майданындағылар үшін азық-түлік сыйлықтарын жинау, мамыр айының 25-жұлдызына дейін тапсырмаларды орындау міндеті қойылды.

1942 жылдың 13-қазанында Ұлы Қазан социалистік революциясының 25 жылдығына байланысты Оңтүстік Қазақстан облысынан Ленинградқа 18 вагонмен 418 тонна өнім жіберді.

1942 жылдың 17-қазанында Оңтүстік Қазақстан облысынан Оңтүстік майданындағы Камышино станциясына 48 тонналық өнім 8 вагонмен жолданса, соғыс басталғалы 821 тоннадан астам өнімді 60 вагонмен жіберген. 112 тонна жеке өнімдер жөнелткен екен.

Созақ ауданында «Балдысу» колхозының коммунистері, комсомол мүшелері бұқара арасында саяси насихаттауды өрістетумен бірге өздері іс-жүзінде үлгі бола отырып, колхоз бойынша майдандағы жауынгерлер үшін 104 түрлі жылы киім жинады. Ал Арыс ауданында мамыр айының алғашқы жартысында еңбекшілер 10 шолақ тон, 5 пима, 40 ішкиім, 50 кг жүн, 10 қой терісін, 3 етік жіберді. Түркістан ауданында да осындай бұйымдар мен заттар жіберу үшін жұмыстар жүргізіп жатты.

Сол жылдары майдандағы жеңіс үшін қаншама жерлестеріміз өз қаржысын майданға жіберді. Сондай жандардың бірі - белгілі палуан, Темірлан ауылында тұрған күш атасы, әлемнің көп жерін аралап, классикалық күрестің чемпионы болған, барлығы 48 алтын, күміс және қола медальдардың иегері Қажымұқан Мұңайтпасов (1883-1948 жж.) жасының келіп қалғанына қарамастан көпшілік алдында ойын көрсетіп, ақша тауып, ұшақ жасау үшін Отан қорғау қорына 100 мың сом жіберді.

Қаншама ер азаматтар әскерге алынып, қиындықтар туып жатқанына қарамай, майданға мол астық, тағы басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыру үшін облыс халқы еңбек туын барған сайын жоғары ұстады. Өзгелерді жарысқа шақыру ісі өрістеді. Жастар арасында өзара жарыс кең құлаш жайды. «Қарасу»

колхозы жастарының жиналысында бар күш-жігер ел қорғауға жұмылдырылатыны айтылса, «Үсіктас» колхозының жастары да еңбек қарқынын бұрынғыдан да арттыра түсетінін білдірді. Осы колхоздың партия, комсомол ұйымының «Жас қайрат» атты қабырға газеті айына екі рет шығып, жастарды еңбек майданының алдыңғы қатарында болуға шақырды. Оның көп маңызы болды. Отан үшін қиындық туған осы кезде, ел қорғау сияқты жалпыхалықтық қасиетті іске өз үлестерін қосуға аудан қариялары да үндеу көтерді. «Мыңбұлақ» колхозындағы алпыс бес жастағы Көкеева, сексен жастағы ері екеуі аянбай еңбек ететіндігін айтып, өзгелерді де еңбек етуде жанқиярлыққа шақырды. Ол ел қорғау қорына 60 еңбек күн беретіндігін баян етті. Оны осы колхоздың Мырзабекова, Нұртазаев сияқты мүшелері қолдап, осы мақсатта өздерінің 150-180 еңбеккүндерін беретіндіктерін мәлім етті. Бұл басқа шаруашылықтарда жұмыс істеуге кіріскен қаншама жасы келген қарияларға әсер етіп, оларда жан аямай жұмыс атқарды.

ТҮРКІСТАНДЫҚТАР МАЙДАН ШЕБІНДЕГІ ҚАЛАЛАР МЕН АУЫЛДАРҒА ДА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТТІ

1943 жылы Қазақстан өзінің ресурстарынан Россияның Краснодар және Ставрополь өлкелеріне, Украинаның шығыс облыстарына 2700 трактор, 123 комбайн, 880 тұқымсепкіш және 2500 соқа, мыңдаған мал, азық-түлік және киім-кешек жөнелтті. Осылардың барлығын 295 комбайншы, трактор бригадаларының 636 бригадирі, 115 механизаторы, 115 агрономы және 65 МТС директоры жеткізіп, шаруашылықты қалпына келтіру үшін сонда қалып жұмыс істеді. Тылдың майданға көмегі жауынгерлердің тұрмыс жағдайларын жақсартумен бірге олардың рухын көтеріп, жауды жеңуге деген жігерлерін одан әрі қайрай түсті.

1943 жылы 19 қаңтарда облыстық партия комитетінің бюросы «Қызыл Армияның құрылуының XXV-ші жылдығына дайындық және өткізу» жөнінде мәселе қарап, Қызыл Армияның 25 жылдығына орай халықтың патриоттық сезімін көтеру үшін В.И Сталинге Қызыл Армияның ерлік істеріне байланысты өздерінің ойларын жолдады. Осы мақсатта Қызыл Армияның мерекесі атап өтілетіні, ол үшін облыстағы барлық еңбекшілердің еңбектерін көтеру жолында социалистік жарыстар өткізу, барлық жұмысшы, қызметкер, инженер, техниктер, барлық колхоз, совхоздардағы еңбеккерлер, машина-трактор станцияларындағы жұмысшылардың кеңінен тартылуы керектігі сөз етіліп, іске жылдам кірісіп те кетті.Оңтүстік Қазақстан облысында 188 тонна өнім жиналып, оның 5 вагоны 1943 жылы 3-ақпанда Ленинградтағы партизандарға жөнелтілсе, бір вагоны сталинградтықтарға жіберілді. Одан кейін 10-ақпанда Солтүстік Батыс майдандағы Осташкова станциясында 122 тоннадан астам азық-түлікті жіберу үшін дайындық жүріп жатты.





1942 жылы облыс жастары танк колоннасы құрылысы үшін 8 миллион сом қаржы жинаса, 1943 жылы «Қазақстан комсомолы» атты әуе эскадрилін салуға 1миллион сом ақша жинады. 1943 жылы Келес ауданының Жамбыл атындағы колхозынан Әкпар Шораев танк колоннасын құру үшін 100 мың сом ақша тапсырды. Шымкент ауданының «Ленин жолы» колхозынан Балта Әлібеков, Шағатай Егембердиев, Шақым Садықов 100 мың сомнан ақша жіберді. «Қызылабад» колхозының төрағасы Мүсірәлі Ізбасаров 170 мың сом, Андреев атындағы колхоздың төрағасы Есенқабыл Баймендиев осы мақсатта 200 мың сом ақша тапсырды. Мұндай азаматтардың саны жыл сайын өсе берді.

Патриоттық бастама көтерген Борлысай ауыл кеңесіне карасты “Ақбастау” колхозының төрағасы Б.Беласаров пен Ақтас колхозының төрағасы Б.Оңдасынов танк жасау үшін 167-166 мың сомнан ақша жіберуді ұйымдастырды. Сөйтіп И.В.Сталиннің алғыс хатына ие болған еді. Жеңіс мақсаты үшін Танк колоннасын құруға және "Қазақстан колхозшысы' атты самолет эскадрилиясын ұйымдастыруға Шаян ауданының еңбекші әйелдері үн қосып отырды. Мысалы, Борлысай ауыл кеңесіне қарасты бес колхоздағы колхозшы әйелдер Мәншүк Маметова атындағы танк колоннасын құруға 20 мың сом жинады. Оңтүстік өңірінде майданға көмек көрсетудегі осындай игілікті істер басқа жерлерде де жалғасын тауып жатты.

ЖЕҢІСКЕ КОЛХОЗДАР ДА МОЛ ҮЛЕС ҚОСТЫ

Келес ауданындағы «Қазақстанның 15 жылдығы» колхозының колхозшылары аудан бойынша астық жоспарын ең алдымен орындаушылардың бірі болса, Сайрам ауданының «Қызылту» колхозының еңбеккерлері астық, ет, май тапсыруды, салық қаржылары мен заем жарнасын жинақтауда үлгі көрсетті. Киров, Ворошилов, «Жаңа жол» колхоздары көзге түсті. Қаратас ауданындағы «Қызылтаң», Калинин, Ворошилов, Киров колхоздары да бұл кезге дейін болмаған жаңа жетістіктерге жетіп, Ленгір ауданындағы жекелеген колхоздар да үздік атанған.

Шәуілдір ауданындағы «Қоғам» колхозында мақта теру науқанын жекелеген азаматтар бірнеше рет өсіргені, Арыс ауданында Карл Маркс атындағы колхозының терімшілері мақта терімді 250-300 пайызға дейін жеткізгені жазылды. Мұндай жағдайлар Киров, Шымкент, Мақтаарал, Арыс, тағы басқа аудандарда ерекше орын алған.

Облыс жастарының еңбегі ерен болды. Мақта жинаушылар арасында күндік нормаларын екі, үш есе орындаушылардың саны өсті. Бұл істе мектеп оқушыларының да үлесі көп болды. Олар сол кездегі жағдайдың аса ауыр болуына байланысты қолдарынан келгенше майдан үшін аянбай жұмыс істеу керектігін бала да болса түсінді.

Соғыс жылдары әр өңірде жыл сайын жасаған еселі еңбек өзінің жақсы нәтижелерін берді. Аудандарда еңбеккерлер дәнді дақылдардан, мемлекетке мақта тапсырудан жоспарларын асыра орындады. Жекелеген колхоздар өнім өндіруде айрықша ерекшеленіп, жоғары көрсеткіштерге жетіп отырды.

Оңтүстік Қазақстан облысының өндіріс орындарында, колхоздар мен совхоздарда малшылар етті соғысқа дейінгі жылдармен салыстырғанда әлдеқайда көп өндірді. Колхоздар мен совхоздардағы, машина-трактор стансаларындағы жұмыс істейтін жастар да еңбек қарқынын бұрынғыдан арттыра түсті.

Ауыл шаруашылығының қай саласында болсын ер-азаматтардың жаппай майданға аттануына байланысты барлық ауыртпалық әйелдер мен қарттардың мойнына түсті. Бүкіл елдегі сияқты техника тілін білетін әйелдердің ауыл шаруашылығы өндірісіндегі үлес салмағы артты. Ал облыс өнеркәсібі мен транспортында 5.682 әйел жұмыс істеді. Олардың арасында күндік нормаларын бірнеше есе орындайтындар саны өсті. Оңтүстік Қазақстан облысының өзінде ғана 2 мыңнан астам тракторист, 173 комбайнер, 315 комбайнер жәрдемшілері болды.

Арыс теміржолында қызмет атқарған ерлердің әйелдері күйеулері майданға аттанғаннан кейін олардың орнына жұмысқа шықты. Бұл облыстың басқа жерлеріндегі теміржолшыларға қатты әсер етті.

1941 жылғы 5-қараша күні Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің мәжілісінде көптеген кәсіпорындарда жылдың он айы ішінде қаншама жақсы істер атқарылғаны айтылып, тапсырыстардың жалғаса беретіндіктері мәлімделді. Көптеген өндіріс орындарының жасап жатқан тамаша жұмыстары, соның ішінде Шымкент химфарм заводының, Ащысай полиметал комбинатының, сондай-ақ Шымкент ет зауытының, тағы басқа кәсіпорындардың үлкен табыстары атап көрсетілді. Осы мерекеде ауыл шаруашылығы саласында табысқа жетіп жатқандар мадақталды. Жекелеген аудандардағы еңбекшілердің ерліктері айтылды.

Соғыс жылдарында облыста, аудандарда мектеп оқушыларының білім алуына да ерекше көңіл бөлінді. Бұл жылдары жоғары оқу орындары мен мектептің жоғары кластарындағы оқу бағдарламаларында жекелеген өзгерістер орын алды. Сабақта жастардың әскери істі меңгеруіне, олармен қорғаныс-көпшілік жұмыстарының жоғары дәрежеде жүруіне назар аударылды. Ер жігіттердің апталық сабағы көбейтілген сағаттық бағдарлама бойынша жүрді. Осындай сағаттық бағдарлама бойынша қыздарға санитарлық білім берілді.

Оңтүстік Қазақстан облысында еңбек резервтеріне үлкен үміт артылды. Облысаралық еңбек резервтері басқармасының мектептері мен училищелерінде оқушылар құрамы үш еседен астам өсті. Фабрика-зауыт мектептеріндегі (ФЗО) оқушылар жұмысшылардың орнын толықтырып отырды.





СОҒЫСТА ТАЛАЙ ТҮРКІСТАНДЫҚ ҚАһАРМАНДЫҚ ТАНЫТТЫ

Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ, бүкіл елдегі сияқты Оңтүстік Қазақстанның перзенттері де ерекше көзге түсті. 1941 жылдың маусым айының соңына қарай 9- танк дивизиясы (кейін 104-ші танк дивизиясы болып өзгертілген) құрамындағы полк командирінің орынбасары қызметіндегі майор Сабыр Рақымовтың өз қолымен жазылған өмірбаянында да осы жай айтылады.

Полк командирі Сабыр Рақымов 1941 жылдың 1-тамызынан 15-қазаны арасында Ставрополь өлкесінің Железноводск қаласында орналасқан эвакогоспитальда емдеуде болды. 104-ші танк дивизиясының бөлімдері жауды өкшелей қуа отырып, 7-қыркүйекте Стряна өзенінен өте сала шайқасқа кірісті. Осы ұрыстарда командирдің орынбасары болған Сабыр Рақымов ерлікпен шайқасты. Сабыр Рақымов Смоленск жерінде жараланып, госпитальға жіберілді. Тәуір болған соң Закавказье майданына жолдама алып, 395-ші атқыштар дивизиясына жіберілді. Ал 1942 жылы мамырда 353 атқыштар дивизиясы командирінің орынбасары болып тағайындалды. 1942 жылы екі рет жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталды.

1942 жылы 27-ші тамызда полковник болып, 1943 жылы 19 наурызында генерал-майор шенін алды. 1945 жылдың 26 наурызында ерлікпен қаза тапты.

1943 жылдың күзінде Днепр өзенінен өтуде көрсеткен жанқиярлығы үшін КСРО-дан 2438 жауынгер ерліктің ең жоғарғы белгісі – Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Олардың арасында біздің жерлестеріміз, Ж.Сүлейменов, Т.Қауынбаев ерекше көзге түсті.

Осы бір жоғарғы атаққа ие болғандардың ішінде қаншама қазақстандық жауынгерлер мен командирлер бар еді. Қазақстанда құрылған 8-атқыштар дивизиясының 46 жауынгері, 69-шы атқыштар дивизиясының 52 жауынгері Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Бұлардың қатарында 229 атқыштар полкінің 16 жауынгері, командирлері мен саяси қызметкерлері бар. Бұл құрама Ташкент облысында құрылды. Оның жеке құрамы негізінен біздің Оңтүстік Қазақстан облысынан әскерге шақырылғандардан жасақталған еді.

Даңқты батырымыздың бірі, жерлесіміз Жамбыл облысының Жуалы ауданында туып өскен Бауыржан Момышұлының (1910-1982 жж.) ерлігі сол жылдардың өзінде аңызға айналған. Ол әскери іске аса қабілеттілігімен 1941 жылы соғыс басталысымен-ақ ерекше көзге түсіп, атақты қолбасшы И.В.Панфиловтың басшылығымен дивизия құруға атсалысты. Кейін бұл дивизия Москва түбінде асқан ерлік көрсетіп, 8-гвардия Панфилов атымен аталды. Бауыржан Момышұлы алғашқы ұрыстарда рота, батальон, полк басқарып, кейін дивизия командирі дәрежесіне дейін көтерілді.

Соғыс өрті шарпып тұрған 1943 жылғы жаңа жылды қарсы алған кездегі Жәлел Қизатов деген

жауынгердің басынан кешкен оқиғасы жөнінде айтқанына ден қойсақ: «Әрине, біз жаңа жылды қыстың шытынаған сары аязында жерден қазылған суық қамбаларда өткіздік, сол жаңа жылды атап өтуге қолымызда айтарлықтай ештеңе де бола қойған жоқ. Дегенмен, біз үшін бұдан жақсы жаңа жыл ешуақытта да болмағандай еді. Мұнда жаудың жеңілетініне көзіміз жетті. Осы күннен бастап қоршауда қалған неміс армиясының халі барған сайын нашарлай берді...», деген екен ол.

1943 жылы «Мы победим» газетінің 32 нөмірінде «Герой наступательных боев» деген мақала шығып, старшина Әнапияев Икрам деген жігіттің батырлық ісі жөнінде айтылды. Оңтүстікқазақстандық ол соғыстан бір жыл бұрын жоғары оқу орнын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген екен.

СОҒЫСТЫҢ АЯҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ЖАПОН СОҒЫСЫНА ҚЫСҚАША СИПАТТАМА



Ұлы Отан соғысының 1942 жылдың 19-қарашасынан 1943 жылдың соңына дейінгі екінші кезеңінде Сталинград шайқасы жаудың таңдаулы әскерлерін талқандап қана қоймай, Ұлы Отан соғысы мен екінші дүниежүзілік соғыстың барысында түбегейлі бетбұрыстың басталуына жағдай жасады. Қазақстанның Батыс Қазақстан стансалары мен елді мекендерінің кең көлемді бөлігі Сталинград майданының ең жақын тылына және соғыс қимылдарының аумағына айналды.

Сталинград шайқасына Қазақстанда жасақталған қаншама дивизия қатысты. Курск шайқасы аяқталды. Курск түбіндегі жеңіс және Днепрден өту Ұлы Отан соғысына түбегейлі өзгеріс жасағаны белгілі. Фашистік Германия стратегиялық үстемдіктен айырылып, қорғанысқа көшуге мәжбүр болды. Курск шайқасында қазақстандық 71-ші және 73-ші гвардиялық дивизия асқан ерлік көрсетті. 1943 жылы 28-қараша мен 1-желтоқсан арасында Тегеран конференциясы болды. Оған КСРО, АҚШ, Ұлыбритания мемлекеттерінің басшылары Сталин, Рузвельт, Черчилль, сыртқы істер министрлері, штаб басшылары, т.б. кеңесшілер қатысты. Күн тәртібінде соғыстың барысы мен соғыстан кейінгі бейбітшілік мәселелері талқыланды.

1944 жылдың бірінші жартысында Қызыл Армия ірі жауынгерлік операцияларды табыспен жүргізді де, майданның кейбір бөліктерінде Кеңес Одағының мемлекеттік шекарасына шықты. 1944 жылы 6-маусымда одақтастар екінші майдан ашып, солтүстік-батыс Францияға экспедициялық күштерін түсірді. 1944 жылғы күзге қарай кеңес әскерлері КСРО шекарасына жетті. Кеңес әскерлерінің соққысынан гитлерлік блок біржола күйреді. Германия 1944 жылдың 2-жартысында үш одақтасынан – Румыния, Болгария және Финляндиядан, 1945 жылдың басында Венгриядан айырылды.



Соғыс Батыс Европа аймағында жалғасып, 1944 жылдың жазы мен күзінде Румыния, Болгария, Югаславия, Албания, 1945 жылдың қысы мен көктемінде Польша, Чехословакия, Венгрия, Австрияның шығыс бөлігі, Норвегияның солтүстігі жаудан азат етілді. 1945 жылы 4-11 ақпанда КСРО, АҚШ және Ұлыбритания үкімет басшыларының Қырым конференциясы өтті. Бұл конференцияда Германияны біржола талқандаудың әскери жоспары және дүние жүзінің соғыстан кейінгі құрылымының негізгі принциптері, сондай-ақ Европадағы соғыс аяқталғаннан кейін КСРО-ның Жапонияға қарсы соғысқа кірісуі туралы құпия келісім жасалды.

Біз осы 1945 жылы өткен КСРО мен жапон соғысы туралы да көп айта бермейміз. Реті келіп тұрғанда, оған да бірсыпыра тоқталып өтсек пе дейміз. Өйткені біздің көптеген жерлестеріміз бұл шайқасқа да қатысқан.

1945 жылдың 9 мамырында фашистік Германия тізе бүккен соң КСРО басшылары Қиыр Шығыста бірнеше жылдан бері кеңестік қалалар мен Қытайды және басқа да елдерді басып алған Жапонияны біржолата тыныштандыруды ойлады. Осы мақсатпен Қызыл Армияның жоғары командованиясы Герман соғысынан босаған 1,5 миллион әскерді Қиыр Шығысқа төгеді.

1945 жылдың 26 шілдесінде АҚШ,Ұлыбритания және Қытай өкіметі Жапонияның толық тізе бүгуін талап етеді. Бірақ бұған Жапон үкіметі үзілді-кесілді қарсы шығады. Аталған үш елдің талабын қуаттаған КСРО басшылығы да оларға қосылып, 1945 жылдың 8 тамызында Жапонияға соғыс жариялайды.

Кеңес әскери басшылығы Қиыр Шығыстағы соғысты үш майданға бөледі. Атап айтқанда, маршал Р.Я.Малиновский басқарған 1-ші Забайкалье майданында 17-ші, 39-шы, 53-ші жалпы жауынгерлік армиялары және 6-шы гвардиялық армия мен 12-ші әуе күштері армиясы болды.

Маршал К.А.Мерецов басқарған 1-ші Қиыршығыс майданында 1-ші Қызылтулы және 5-ші, 25-ші, 36-шы жалпы жауынгерлік армиялар, сондай-ақ 9 әуе күштері армиясы мен шұғыл әрекет ететін Чугоев отряды соғысқа кірді.

Армия генералы М.А.Пуркаев басқарған 2-Қиыршығыс майданында 2-Қызылтулы армия мен 15-ші, 16-шы армиялар, 5-ші атқыштар корпусы және 10-шы әуе күштері армиясы шайқасқа түсті.

1945 жылдың 9-тамыз күні әскери күштер ұзындығы 400 шақырымға созылған майданды бастайды. Алғашқыда тек жеңуді, ал жеңілген жағдайда қолға түспей, өз-өздерін өлтіруді әдетке айналдырған жапондық Квантун армиясы қатты қарсылық көрсетті. Бірақ тегеурінді Қызыл Армия олардың қарсылығын елемей, 23 күннің ішінде жапондықтарды тас-талқан етеді. Осы күні Жапон үкіметі жеңілгенін мойындап, тізе бүгу туралы актіге қол қояды. Сондағы жасалған бітім шарт негізінде, 1904-

1905жылдары болған орыс-жапон соғысында Жапонияға өтіп кеткен Сахалин және Курил аралдары Кеңес Одағына қайтарылды.

Осы мақаланың басында 1939 жылы басталып, 1940 жылы аяқталған КСРО мен Фин соғысына біздің облыстан қанша адам қатысқаны туралы мәліметтің жоқтығын жазғанбыз. Сол сияқты 1945 жылы өткен жапон соғысына да қанша жерлестеріміздің қатысқаны жайында нақты мағлұмат жоқ. Бір анығы, онда от кешкен ағаларымыз бен аталарымыздың саны бірнеше ондаған мыңды құраса керек. Және ол соғыста қанша адамның қаза болғаны хақындағы дерек те жоқ.

Қалай дегенмен де, Ұлы Отан соғысы жылдарында Оңтүстіктің жұрты соғыс шебінде де, тылдағы еңбек майданында да ерен ерлік пен қажымас қажырлық танытты. Сөйтіп, қай тараптан болса да, Ұлы Жеңіске өз үлестерін айтарлықтай дәрежеде қосты. Ал біз барлық уақытта осынау ер болған, батыр атанған, кейбірі жар сүйіп, бала көрудің рахатын сезбей, Ел үшін, Отан үшін, бейбіт заман жолында жан қиған мыңдаған боздақтарымыздың аттарын қастерлеп, есімдерін еске алып жүруге міндеттіміз.

Деректерге қарағанда, Қазақстаннан майданға 1,5 миллион адам жіберілген. Олардың қатарында 82 мың коммунист, 242 мың комсомол мүшелері болған. Соғыста тек ер азаматтар ғана емес, мәлімет бойынша 5 мың 183 әйел мен қыздар жаумен шайқасқан.

1945 жылы 24-маусымда Москвадағы Қызыл алаңда Жеңіс парады болды. Бұл аса маңызды тарихи оқиға еді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы көптеген қиындықтарға қарамастан, ұлы ерлік жасалды.

1945 жылы 17-шілде мен 2-тамыз арасында КСРО, АҚШ және Ұлыбритания үкімет басшыларының қатысуымен Подстам конференциясы болды. Оның жұмысына И.В.Сталин, Г.Трумэн, У.Черчиль (кейінірек К.Эттли) қатысты. Подстам конференциясы Германияның соғыстан кейінгі құрылымы, Польша шекаралары, тағы басқа мәселелерді қарады. Соғыстан кейін болған Нюрнберг процесі гитлершілердің адамзатқа қарсы жасаған аса ауыр қылмыстарын ашып, әшкереледі.

«Ұлы Жеңіске – 75 жыл» кітабының материалдары бойынша дайындаған
Балзия ТӘЖІБАЕВА





ОҢТҮСТІККАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТА

1941 жылы 22 маусым күні таңертеңгі Фашистік Германия Кеңестер Одағына қарсы соғыс ашқаны туралы суық хабар бұрынғы КСРО аумағында тұратын бүкіл халықты дүр сілкіндірді. Бұл адамзат тарихындағы он бес соғыстың ішіндегі ең сұрапыл, ең күрделі қанды соғыс болды.

Осы соғысты жариялауда герман фашизмінің басты мақсаты – еуразиялық аумақтағы социалистік құрылысты қирату, оның байлығын тонау және басқыншылық сипатта болды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Германия өзінің мықты әскери техникасына және сол кезде бүкіл Батыс Еуропаны таңдандырған зор экономикалық және әскери әлеуетіне арқа сүйеді.

Ұлы Отан соғысы басталған күннен бастап бүкілхалықтық сипатқа ие болды. Фашизммен күреске бұрынғы КСРО-ның бүкіл халқы, қарттардан бастап жастарға дейін аттануға дайын болды.

Неміс-фашистік басқыншыларымен күресте қазақстандықтардың да қосқан үлесі орасан деп нық сеніммен айтуға болады. Әрбір бесінші қазақстандық Отан қорғаушылар қатарында болды. Қазақстан аумағындағы Орта Азия әскери округі әскерлерінің қатарында 14 дивизия, 7 бригада және 7 автоматшылар батальоны жасақталды. Қазақстаннан аттанған жауынгерлер соғыста үлкен ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті.

Соғыс кезеңіндегі «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген үндеулер мыңдаған қазақстандықтарды жанкештілік еңбекке ынталандырды. 142 эвакуацияланған кәсіпорын қысқа мерзімде қалпына келтіріліп, жұмыс істеуге кірісті.

Оңтүстік Қазақстан облысы - республика көлемінде өзінің ресурстық қорымен, дамыған экономикасымен ерекшеленген өңірлердің бірі болды. Фашистік Германияның КСРО аумағына шабуылы басталған күннен бастап, Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі барлық қалаларда, ауылдарда, өндірістік кәсіпорындарда, барлық ұйымдар мен мекемелерде мәжілістер мен жиындар өткізіліп, онда Отан қорғаушылардың қатарына қосыла отырып, гитлерлік басқыншыларды толығымен талқандау, барлығын майданға жіберу, күшті еңбекке жұмсау, өнім өндіру нормалары мен жоспарларын орындау

және артығымен орындау жөнінде бірауыздан шешімдер қабылданды.

Митингілер мен жиындар барлық зауыттар мен фабрикаларда болды. Түсті металлургияның флагманы саналған Ленин орденді қорғасын зауытында, химия фармацевтика, кірпіш зауыттарында және өзге де кәсіпорындарда дәл осындай митингілер өтті. Жұмысшылар жауға деген өшпенділіктерін танытып, жұмылған жұдырықтай бірігуге шақырды. Барлық колхоздар мен совхоздарда, МТС-те, оқу орындарында өткен митингілерде сөйлеушілер кез келген уақытта Қызыл Армия қатарында тұруға дайын екендерін білдірді. Мақтаарал ауданындағы Алексеев мақта зауытының жұмысшысы, азамат соғысының қатысушысы Евстратов шұғыл түрде армия қатарына қосылуға ниет білдіріп, аудандық әскери комиссариатқа өтініш жазды. Мақтааралдықтар фашистік жауыздардың авантюристік шабуылына барынша қарсы тұруға дайын екендерін білдірді. «Біздің ниетіміз түзу және біз жеңеміз» - деді олар.

1941 жылғы 22 маусым күні Сарыағаш аудандық саябағында мыңдаған адам жиналды. Митинг басталды. Жиынға қатысушылардың айтқан сөздерінен жауға деген өшпенділік, Отанға деген адалдық пен оның абыройын қорғау және бостандық сияқты сезімдер байқалып тұрды.

Шаян ауылының орталығында өткен митингі 700-ге жуық адам жиналды. Олар өздерінің қабылдаған шешімінде: «Біз Кеңес үкіметінің үндеуін толығымен қолдаймыз. Біз үшін әділ соғыста жеңіс жолында барлық күш-жігерімізді аямаймыз!» деп жазды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап, облыстық, аудандық және қалалық әскери комиссариаттарға жұмысшылардан, колхозшылардан, студенттерден, қызметшілер мен жас жеткіншектерден оларды соғысқа, жаумен айқасқа жіберу жөнінде жүздеген өтініш түсті. Олардың өтініштерінің мәтіні қарапайым және отансүйгіштік сипатта болды. Қаратас (қазіргі Қазығұрт) ауданына қарасты Карл Маркс атындағы мектептің мұғалімі А.Көшімовтің арызының мәтінінде мынадай сөздер болды: «Фашистік бандалардың біздің Отанымызға жасап отырған шабуылына қаным қарайып отыр. Мені Қызыл Армия қатарына қосуларыңызды және майданға жіберулеріңізді сұраймын. Агрессорларға қарсы өшпенділігімді дәлелдей аламын. Мен Үкіметімізді қажет болған жағдайда Отанымыз үшін, күн сәулелі Қазақстаным үшін өз өмірімді қиюға әзір екендігіме сендіре аламын». Патриот – ерікті өз айтқандарының үдесінен шыға отырып, майданда ерлікпен шайқасты.





Түркістан ауданы бойынша жазылған 62 өтініштің 16-сы әйелдердің өтініші болды. Сарыағаш ауданында ерікті түрде 58, Сайрам ауданында 47 өтініш жазылды. Мұғалімдер (кейінгі кездегі Шымкент педагогикалық) институтының оқытушылары мен қызметкерлері барлығы 12 адамның атынан жазылған ұжымдық өтініште оларды Отан қорғаушылар қатарына қосу туралы жазылды. Шымкенттік жас жеткіншек Виктор Киселевтің: «Фашист Гитлер өз шабуылы арқылы біздің балалық бақытымызды тартып алмақшы болды, алайда ол қателесті. Менің жасым бар болғаны 14-те, дегенмен мен облыстық әскери комиссариаттан мені Қызыл Армия қатарына алуды өтінемін. Соғысқа барып жаумен шайқасамын, біздің бақытты өміріміз үшін күресемін» - деген сөздерін бүгінгі күнде тебіренбей оқу мүмкін емес.

Облысымыздың еңбекшілерінің атынан жазылған осындай мазмұндағы өтініштерді архив құжаттарынан көптеп кездестіруге болады. Бұл өтініштерде олар өз Отандарының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында қандай қиындықтарға болса да төзуге дайын екендерін ерекше сезіммен білдірді.

Кеңес Армиясының қатарын толықтыру және күшейту мақсатында бірінші кезекте әскери-жұмылдыру сипатындағы міндеттер алға қойылды. Бұл әскери міндеттілерге арналған үндеуде Қызыл армия қатарын толықтыру, құрылып жатқан бөлімшелер мен құрылымдарды облысымыздың ресурстарын пайдалана отырып жабдықтау, әскери-оқу орындарының жүйесін кеңейту, халықты әскери мамандықтарға оқыту сияқты міндеттер қойылды. Осындай қарқынды әскери-жұмылдыру шараларымен қатар, халық шаруашылығын әскери бағытта қайта құру шаралары да жүргізілді. Бұл қайта құрулардың басты мақсаты барлық материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын Ұлы Жеңіс жолында майдан үшін әскери өнімдерді өндіру аясын кеңейту болды.

Жұмылдыру шараларын ұйымдастыру негізінен 1939 жылы құрылған партия комитеттері жанындағы әскери бөлімдерге жүктелді. Олар министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен мекемелердің, ерікті қорғаныс және спорттық ұйымдарының жұмыстарын жолдап отырды, тікелей әскери комиссариаттардың міндеттерімен айналысты, бұқара арасында әскери-патриоттық іс-шаралар ұйымдастырды, әскери қызметшілердің отбасыларын жәрдемақымен және зейнетақымен қамтуды, майдангерлер мен соғыс мүгедектерін жұмыспен қамту шараларын ұйымдастырды.

Оңтүстік Қазақстан облысында әскери-жұмылдыру жұмыстары 1941 жылдың 24 маусымынан

басталды. Жергілікті жерлерде жұмылдыру пункттері ашылды. Олар Орта Азия әскери округі нарядтарының сапалы орындалуы, орын алған кемшіліктерді жою шараларын қарастыру міндеттерін атқарды. Әскерге шақыру жұмыстарының барысы мен нәтижесі тұрақты түрде барлық деңгейдегі басшылардың басты назарында болды. Барлық әскерге шақыру және жинақтау пункттерінде насихат жұмыстары, әңгімелесулер, кездесулер мен кеңес беру жұмыстары жүргізілді. ДОСААФ қызметкерлері мылтық ату бойынша және өзге де спорттық жарыстарды, сондай-ақ, жергілікті халық пен әскерге шақырылушылар үшін қажетті тауарлар ассортиментін сатуды ұйымдастырды.

Қорғаныс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеттің 1941 жылғы қыркүйектегі қаулысына сәйкес халықты жаппай әскери оқыту жұмыстары басталды. Әсіресе, студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын «Орта мектептердің 8-10 сынып оқушыларын әскери және дене шынықтыруға дайындау туралы» қаулысына сәйкес дайындау шараларының маңызы ерекше болды. 1941 жылдың қазан айынан бастап барлық жоғары оқу орындарында, мектептер мен техникумдарда әскерге шақырылатындарды даярлаулар ұйымдастырылды. Шымкент мұғалімдер институтында 1941-1944 ж.ж. 326 пулеметші, 58 граната лақтырушы дайындалды. 283 студенттің 175-і Қызыл Армия қатарына шақырылды.

Әскерге шақыру жұмыстары әсіресе Қорғаныс істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «1890-1904 ж.ж. туылған әскери міндеттілерді және 1922-1923 ж.ж. әскерге шақырылушыларды жұмылдыру туралы» 1941 жылғы 10 тамыздағы қаулысы жарияланғаннан кейін үлкен қарқын алды. 1941 жылдың соңына дейін әскерге шақыру, әскерге шақырылатын жастарды әскерде қызмет етуге, майдан өміріне үйрету жұмыстары ерекше қарқынмен жүргізілді.

Сарыағаш ауданында әскерге шақырылушыларды үйрету бойынша 33 топта барлығы 1010 адам дайындалды. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырту алғандар арасында 1185 адам сауаттылық деңгейі төмен және орыс тілін түсінбейтіндер болды. Олар үшін мұғалімдердің көмегімен 70 оқыту тобы құрылды. Түлкібас ауданында жергілікті ұлт жастарын әскерде қызмет етуге дайындау жұмыстары белсенді түрде жүргізілді. Түркістан ауданында бірінші кезекте шақыруға жататын 1934 адам әскери оқудан өтті.

Осылайша, облыс аумағында әскерге шақыру жұмыстары бүкіл соғыс жылдары кезеңінде кең





көлемде, әсіресе соғыстың алғашқы жылдарында ерекше қарқынмен жүргізілді. Әскерге жұмылдыру барысында, әсіресе әскери мамандықтарға оқыту, әскерге шақырылушыларды тексеру және емдеу, физикалық тұрғыдан қатайту және сауаттылық деңгейлерін көтеру, орыс тілін меңгеруге үйретуге көп көңіл бөлінді.

Көпғасырлық тарихында адамзат бірнеше үлкен және кіші соғыстарды бастан кешірді. Алайда, екінші дүниежүзілік соғыс тарихта ең көп қан төгілген, аса ауыр соғыс болды. Бұл соғыс отының жалыны 2194 күні мен түні бойы Еуропа, Азия және Африка елдерінің 40-тан астам мемлекеттерінің аумағын шарпыды, сондай-ақ, 1 млрд. 700 млн. адамды, яғни бүкіл жер бетіндегі халықтың 80%-дан астам бөлігін қамтыды.

Соғыс 50 миллионнан астам халықтың өмірін жалмады және оның жартысынан көп бөлігі негізгі ауыртпалықты бастан өткерген Кеңестер Одағы халқының үлесінде. Ондаған миллион адамды сұм соғыс мүгедек және жетім етті.

Сұрапыл соғыстың тоқтағанына биыл 80 жыл. Алдымызда әлі талай ондаған жылдар артта қалады, алайда қарапайым халқымыз біздің бүгінгі болашағымыз үшін аянбай күрескен, жандарын пида еткен асыл азаматтарымызды мәңгі ұмытпайды. Біздің бақытымыз үшін төгілген әрбір қанның тамшысын ұмытуға құқымыз жоқ.

Негіздеме: А.Исмаилов, Южно-Казахстанская область в период Великой Отечественной войны 1941-1945 г.г., «Зерде», Шымкент, 1995

ГА ОПИ ТО, ф.40, оп., 4.

Г. ШАРДАРБЕКОВА,
«Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві» КММ-нің басшысы



МАЙДАН ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР: ІЗДЕНІС. ДЕРЕК. АҚИҚАТ



ФАШИСТІК СОҒЫСТЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІНЕН ОҢТҮСТІК ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУГЕ ЖҰМЫЛУЫ

1941 жылғы 22 маусымда, таңсәріде жасалған фашистік шабуылдан соң бірден есін жинай алмай қалған кеңестік билік тек күндізгі сағат 12:15-тен 12:25-ке дейінгі аралықта Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы деп аталатын байтақ мемлекеттің тұтас халқының төбесінен жай түсіргендей болған суыт хабарды Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық комиссариатының төрағасының орынбасары, сыртқы істер министрі В.Н. Молотовтың Орталық телеграфтан жасаған хабарламасынан [1] кейін біздің берекелі Оңтүстігіміздің халқы да барлық ынта-жігерін фашисттердің басқыншылық соғыста жеңіске жетуге бағыштады. Сол кезеңдегі облыс орталығы Шымкент қаласынан бастап, әрбір аудан мен ауылдарда басқыншылыққа қарсы митингілер жиналып, майданның қажетін өтеуді бірауыздан қуаттап, 3-ші 5 жылдық жоспарды 4 жылдың ішінде орындауға, сөйтіп ет-сүт және жеміс-жидек сияқты ауылшаруашылық өнімдерін орталыққа мерзімінен бұрын және үлкен көлемде жіберуге міндет қабылдады [2].

Кезінде «советтік» деп ат қойып, айдар тағылған халықтың жеңіске осындай жойқын ұмтылысы, сандаған митингілерде ант қабылдау, міндеттемелер алудан бастап оларды орындау үшін жасөспірімдерден бастап, еңкейген ата-әжелерге дейін жанқиярлықпен жасаған толассыз еңбегі, ерлер ғана атқарар жұмысқа нәзікжандылар мен жасөспірім балалардың келуі, соңғы нанын өз аузынан жырып майданға жөнелтуі, ақыр соңында «людской ресурс» деп аталған жауынгерлердің лек-легімен майданның алғы шебіне аттануы, олардың көрсеткен ерліктерінің неше түрлі үлгісі талай зерттеушілердің тақырыбына айналды, көптеген монографиялар мен мақалалар жазылды, куәгерлердің естеліктері кітап болып оқырманына жол тартты, ақыр соңында мектеп оқулықтарына дейін енген аксиомалық бұлтартпас ақиқатқа айналғаны шындық.

Алайда, оқулықтардың шағын ғана мәтініне айналдырыла бір ауыз сөзбен қасаң баяндау арқылы осы сұрапыл жылдарда халқымыздың бастан кешкен ауыртпашылығын, ерен ерлігі мен еңбегінің мәнмағынасын жаңадан бой көрсетіп келе жатқан кіші ұрпақтың санасына кейде жетсе, кейде жетпей қалатыны да шындық екендігін жасыра алмаймыз. Тарихи ақтаңдақтарды жойып үлгере алмай жатқанда,

жазылған тарихтың өзінің қажетсіздене бастауы кері құбылысы – осы тарихқа жаңаша қырынан қарау керек екендігін толық дәлелдеп отыр. Осыған орай, осы баяндамада бүгінгі таңда 80 жыл толып отырған Ұлы Жеңіске қол жеткізуде Оңтүстік Қазақстан халқы қандай жанқиярлық табандылық көрсеткені, қаншама адамы қандай ауыр жүкті арқалағандығы барысында болып өткен оқиғалар тізбегіне мүмкіндігінше тереңдете шолу жасалып, тың архивтік материалдар негізінде ғылыми талдау жасалмақ.

Сонымен, кезінде Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы деп аталған алып коммунистік державаның одақтас республикасы болған қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның қиян оңтүстігінің, яғни майдан шебінен мыңдаған шақырымдар алыс аумағын мекен еткен Түркістан облысы мен Шымкент қаласы халқының жеңіске қосқан үлесіне кеңейте және тереңірек шолу жасар болсақ, ол – біріншіден, Ұлы Отан соғысы деп аталған II дүниежүзілік соғыстың біздің ел үшін ауыр соққы жасаған бөлігіндегі шайқастарға Оңтүстік Қазақстаннан 140 000-нан астам бейбіт ер-азаматтар жауынгер ретінде аттандырылғанын айтып өте аламыз. Бүгінгі таңда бұл соңғы дерек емес, олардың қатары әлі де болса толықтырылуда. Бейбіт деген сөздің астын сызғым келеді. Өйткені, осы ер-азаматтардың ішінара болмаса, барлығы да дерлік әскерилер емес еді.

Азаматтық намысы мен қол қайраты, ерік-жігер күшін жанған 18-50 жас аралығындағы жерлестеріміздің арасында соғыс өнері, тактикасы, соғыс техникасы дегеннің не екенін білмейтіндерінің санын айтар болсақ, олардың түгелі де осындай бейбіт жатқан, оның үстіне күні кеше ғана саяси қуғын көрген елдің азаматтары еді деп толық айта аламыз.

Бұл жағдайды түзету үшін кеңестік билік «ОСОАВИАХИМ» деп аталатын әскери дайындық жұмысын тез арада бастап кетті. Осоавиахим жүйесіне жауынгерлерді дайындауға шақыру жұмысына коммунистік партия, комсомол, жергілікті атқару билігі толық жұмылдырылған болатын. Нәтижесінде, 1941 жылдың шілде айының өзінде-ақ, аудан орталықтарында взводтардан бастап, батальондарға дейінгі сан алуан әскери құрылымдар жасақталды. Ал, соғыс кезіндегі облыс орталығы Шымкент қаласында 20 взвод, яғни 5 ротадан тұратын комсомолдық-жастар полкі құралды. Бұлардан бөлек, әрбір ауылда әрқайсысы 25-30 жігіттен тұратын өзін-өзі қорғау топтары құрыла бастады. Сөйтіп, соғыстың алғашқы айлары маусым-шілдеде облыс бойынша 25000 жас әскери дайындықтан шұғыл өткізілді. 1200 адам парашюттік десанттік дайындықтан өткізілді.

Әскери білім алу, фашистік жаудың бетін тойтаруға дайындықпен бару өмірлік қажеттілік еді. Осы





үшін арнайы ОСОАВИХИМ курстары ашылып, ол жерде ересектердің 1, 2 дәрежелі «Ворошилов шабандоздары», «Таудағы Ворошилов атқыштары», «Станокты пулеметшілер», «Қол пулеметшілері», «Телеграфистер», «Телефонистер», «Радистер», 1, 2-дәрежелі «Әуе шабуылына тойтарыс берушілер» дайындалса, «Қызыл крест» ұйымы жағынан «Медбикелер тобы», «Санитарлар тобы», «Санитарлық бекеттер жұмысын ұйымдастырушылар», ал, «Денешынықтыру және спорт»бөлімі арқылы «Жекпе-жек шайқас», «Альпинистер, тау атқыштары», «Барлаушылар», «Велосипедшілер», «Гимнасттар», «Жеңіл атлетшілер мен граната лақтырушылар», «Балуандар» деген санаттар бойынша дайындықтар жүргізілді.

Түркістанның жігіттері мен қыздары ерекше патриоттық рухпен соғыс бастала салысымен-ақ, алғашқы күндердің өзінде Отанды жаудан қорғауға еріктілер қатарында аттанды [5]. Сәл түсінік беріп өтсем: майдан шептеріне аттандырылған жауынгерлер бірнеше топқа бөлінген:

1. Еріктілер – яғни, ешқандай шақырту мен повестка алмай-ақ, өз еркімен бірден әскер қатарына жазылу, майданға міндеттемесіз-ақ аттанушылар;

2. Жаппай мобилизация негізінде 18-50 жастағы ер адамдардың майданға аттандырылуы;

3. Әр жыл сайын кәмелеттік 18 жасқа толған жігіттерді жоспарлы түрде соғысушы армияның бөлімдеріне қабылдау.

Ал, 1945 жылдың соңғы айларында елде қалған ер-азаматтар дербес санақтан өткізілді. Санақ басына жете қалғандар «дезертирлер» деп аталып, олардың ісі әскери трибуналда қаралып, ел алдында масқарасы шығарылып, қуғын-сүргінге де салынды.

Екіншіден, ер-азаматтармен қоса, қыздар да осындай дайындыққа кеңінен тартылды. Қыздар негізінен Шымкент қаласындағы қорғасын зауыты мен Ванновка селосындағы МТС-та, Түркістан қаласында, Ащысай кен орнында, Леңгір көмір шахтасында, Жуалы ауданының Бурно-Октябрьское селосында ұйымдастырылған запастағы медбикелер курстарында дайындықтан өткізіліп, барлығы 17 сандружина деген топта 500-ге жуық негізгі медициналық білімі жоқ қыздар соғыстағы майдан алаңдарында медбикелік қызмет жасау үшін арнайы дайындықтан өткізілді. Бұл туралы алғаш рет әскери дайындықтан өткізу туралы облыстық партия комитетіне 1941 жылғы 10 шілдеде берген архивтік ақпараттан белгілі болып отыр [3].

Өлкеміздің қыздарының жеңіске қосқан үлесі тек мұнымен шектелмеген. Қыздар курстары

механизаторларды дайындап, болашақта ауылшаруашылығынан соғысқа кеткен жігіттердің орнын басуға дайындады. Қыздар трактор мен комбайн тізгінінен басқа, автомобиль рөлін иемденуге де дайындалған екен. Мысалы, Ащысай кен орнындағы коммуналдық басқарма қызметкері Логачеваның үйретуімен 70 қыз-келіншек шоферлік курстан өтті. Сондай-ақ, Шымкент темір жол станциясының бастамасымен де қыздар үшін бірқатар курстар дайындалған:

Кесте №1 – Шымкент теміржол станциясы курсы

Машинистер курсы	22 адам
Стрелочницалар курсы	80 адам
Электромонтерлар курсы	5 адам
Токарьлар курсы	16 адам
Электросварщиктер курсы	7 адам
Барлығы	130 адам

Кесте №2 – Түркістан теміржол станциясы курсы

Токарьлар курсы	15 адам
Слесарьлар курсы	15 адам
Барлығы	30 адам

Кесте №3 – Шымкент қорғасын зауыты курсы

Машинистер курсы	22 адам
Стрелочницалар курсы	80 адам
Электромонтерлар курсы	5 адам
Барлығы	107 адам





Кесте №4 – Ащысай кен орны курсы

Машинистер курсы	22 адам
Стрелочницалар курсы	80 адам
Электромонтерлар курсы	5 адам
Токарьлар курсы	16 адам
Электросварщиктер курсы	7 адам
Барлығы	130 адам

Кесте №5 – Түркістан қыздар курстары

Слесарьлар курсы	15 человек
Токарьлар курсы	15 человек
Барлығы	30 адам

Сонымен бұл курстарда білім алумен 227 қыз-келіншек айналысып, бейбіт өндірісті соғыс рельсына қоюға, соғысқа кеткен ер-азаматтардың орнын толтыруға әзір болды. Шымкент қорғасын зауытындағы кеңсе қызметінде жұмыс істейтін барлық қыз-келіншектор толығымен жұмыс уақытынан кейін жоғарыда көрсетілген соғыс қажетіне керек мамандық курстарынан өткізілген. Бұл мәліметтер сол кездегі комсомол хатшысы Калашниковтың есебінен белгілі болды.

Сонымен, облыс бойынша соғыс қажеттілігін өтейтін мамандықтарға оқытылған қыз-келіншектердің жалпы саны соғыстың алғашқы айларында-ақ 3081-ге жеткен екен. Олардың барлығы соғысқа кеткен ер-азаматтардың жұмысын атқару үшін техниканың тетігін ұстауға дайындалған арулар еді. Сөйтіп, қыздар ер-азаматқа, ер-азаматтарымыз елден жырақтағы соғыс майдандарындағы біреулері қаруланған, ал бірқатары қарусыз жауынгерлерге айналды: соғыс өртіне тасталған жаңқадай лап етіп жанып, қыршын жасында шейіт болып кете барды. Соғысқа бейбіт халықты апарып тастай салудың арқасында қанша жас оралмады, қанша жас мүгедекке айналды, контузия алды, тұтқынға түсіп, «Отанын сатқан» деген сұмдық ат пен айдарға ие болды.

Кесте №5 – Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 1941 ж. маусым-шілде айларында техникалық мамандықтарға дайындалған қыздар туралы мәлімет

Оқу түрі	**№**	**Мамандық түрі**	**Қатысқан адам саны**
Өндірістен қол үзбей оқыған қыздар	1	Трактортшы қыздар	1136 адам
	2	Комбайншы қыздар	800 адам
	3	Шофер	110 адам
		Барлығы	**2046 адам**
Өндірістен босатыла отырып оқыған қыздар	1	Трактортшы қыздар	613 адам
	2	Комбайншы қыздар	145 адам
	3	Шофер	140 адам
		Барлығы	**902 адам**
Совхоздарда оқытылған қыздар	1	Трактортшы қыздар	70 адам
	2	Комбайншы қыздар	55 адам
	3	Шофер	8 адам
		Барлығы	**133 адам**



Бұл турасында оңтүстіктің қыздарының «...біз өзімізге біздің жұбайларымыз жұмыс істеген жерлердегі еңбек өнімділігі мен еңбек тәртібін жоғарылатамыз, олар соғысқа кетсе, орнына келіп жұмысқа тұрамыз, қажет болса – отан қорғауға бірге аттанамыз! Сол үшін қорғаныс және әскери техникаларды үйрену курстарына қалмай барамыз, осыны қолдауға Түркістан қаласының барлық үй шаруашылығындағы қыз-келіншектерін шақырамыз!» – деп алған міндеттемесін архив құжаттарынан оқып таныс болдық.

Үшіншіден, жасөспірімдер балалық шағынан толықтай ажыратылып, сан алуан шаруашылықтардың толыққанды еңбеккерлеріне айналдырылып, өзінің үйінен әкетіліп, аудандарға, ауыл-аймақтардағы шаруашылықтарға көмекке жөнелтілген. Мысалы, соғыстың бастапқы екі айында 893



оқушы Шымкент қаласынан, 500 оқушы Мақтаралдан жазғы каникулдарынан алынып, ауылшаруашылық жұмысын істеуге жіберілген [6].

Төртіншіден, «Бәрі де соғыс үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен жұмылған Оңтүстік өнеркәсіптеріне тоқталар болсақ – 1941 жылдың 28 маусымы мен 3 шілдесінің арасында Химфармзавод сол күндердің тапсырмасын 125 пайызға артығымен орындап, күнделікті өткізілетін өнімнің нормасының өзін 15 пайызға дейін көтерген, өнімдердің бағасын 10 пайызға түсірген, ал өнімнің 1 күндегі шығатын көлемі 14 пайызға арттырылған. Мақта майын шығаратын цехтың Байжігітов басқаратын бригадасы бейбіт кезде алынған өнім шығару нормасын 153 пайызға артығымен орындап отырған [7].

Ал, жауға атылған 10 оқтың 8-ін шығарған атақты қорғасын зауыты туралы соғыстың алғашқы күндерінде толтырылған құжаттар: «...зауыт 7 күндік аптаға, 8 сағаттық жұмыс күніне негізгі цехтармен бірге энергоцех, механикалық цех, теміржол цехы, жөндеу цехы толық көшірілгенін», яғни, ешқандай демалыссыз, тынымсыз жұмысқа кіріскенін айқындайды [7, Л. 58].

Қазақстанда тек қана оңтүстігіміз ғана бере алатын тағы бір стратегиялық өнім – мақта болса, оны соғыс қажеттілігіне бұру туралы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің арнайы өкімі шығарылып, өнім шығару нормасы 143 пайызға көтерілді, ал өнім бағасы 12,5 пайызға төмендетіліп, нәтижесінде, еңбекақы қоры 223 мың рубльдік үнемге қол жеткізілген екен. Әрине, осының барлығы жеңісті жақындату үшін жасалған үлкен жанкештілік десек, артық айтқандық емес. Өйткені, жұмыс аптасы, жұмыс күні ұзарып, өткізетін өнім нормасы артып, жалақысы сәйкесінше азайған халықтың белін бекем буып, аз ғана қаражатқа күн көруіне тура келгенін осы құжаттар мәтінінен түйсінуімізге болады. Осындай аса ауыр қиыншылықтарға қарамастан, барлық өндіріс орындары мен теміржолда алапат күшпен жеңіске деген ұмтылысты көрсеткен тағы бір мысалды келтіре кетейік: «Невиданный трудовой подъем на производстве: товарищ Парцев токарь депо, в ответ диверсантам 22 июня сего года выполнил производственный план на 228%». Мұндай 150-200 пайыздық өнімділіктер туралы өте көп. Келтіріліп отырылған тек бір ғана мысал [6].

Бұл сандар мен пайыздардың соңында аса ауыр еңбек жатқанын ескерер болсақ, нақ осындай мысалдарды келтіре беруге бүгінгі басқосуымызға арналған уақыт та, конференцияның регламенті де

көтермейді. Сондықтан, бұл тақырыпты қайтадан тереңдете зерттеудің қажет екені көзге ұрып тұр, жаңа ғалымдардың тың зерттеу тақырыбы екенін осында жиналып отырған құрметті зиялы қауым және ғылыми қауымдастық өкілдеріне жеткізгім келеді.

Жанысбекова Гульнар Амирбаевна,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тұлға дамыту және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті. Қазақстан, Шымкент қ.

Пайдаланған әдебиет 1 Выступление по радио В.М. Молотова 22 июня 1941 г. // https://ru.wikipedia.org/wiki/ 2 ГАОПИТО Ф.40, Оп.4, Д.108. Л.49-52.
3 ГАОПИТО Ф.40. Оп.4. Д.108. Л.74-76.
4 ГАОПИТО Ф.40. Оп.4. Д.108. Л.91-94.
5 ГАОПИТО Ф.40. Оп.4. Д.108. Л.55-59.
6 ГАОПИТО Ф.40, Оп.4, Д.108. Л.33-36.





СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІККАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕР

Сталинград шайқасы тарихымызда 1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында болған ең ірі шайқастардың бірі ретінде танылады. Ол 1942 жылдың шілдесінде басталып, алты жарым айға созылды. Бұл Мәскеу маңындағы қысқы жеңілістерден кейін неміс-фашистік қолбасшылықтың шығысқа қарай жаңа күшті серпілісі еді.

Фашистік стратегтер біздің елдің оңтүстігінен серпіліске шешуші орын берді және бұл 1942 жылдың жазындағы олардың басты мақсаты болды. Алайда, бұл жерде гитлерліктердің есебі жүзеге аспай қалды.

Соғыс майдандарында болған шайқастар Қызыл Армия әскерлерінің жеңіске деген ерік-жігерін көрсетті, неміс басқыншылары Сталинград қорғаушыларының табанды қарсылығына тап болды. Олардың арасында қазақстандықтар да көп болған.

Тек Сталинград майданының екі армиясында (62-ші және 21-ші) 5 мыңнан астам қазақ соғысқан. Еділ бекінісін қорғаған Қазақстандық жауынгерлердің батылдығы мен ерліктері өткен соғыстың шежіресінде мәңгі сақталады.

Республика тұрғындарының бұйрық-хатына жауап ретінде Сталинградты қорғаушылар: «Біз Сталинград қақпасын қорғаймыз. Біз оны неміске бермейміз деп ант бердік. Бізді тыңдаңдар, Қазақстан! Біз сенің бұйрығыңды орындауға ант береміз және Жеңіс күні келгенде Қазақстан халықтар мерекесінде: «Қазақстан ұлттары барлық халықтармен бірге шайқаста жеңіп шықты, олар Сталинградты қорғады» - деп айтты.

Қазақстандықтар соғыста өз сөздерінде тұрды. 1941-1942 жылдары Каз КСР-і аумағында жасақталған 29-шы және 38-ші атқыштар дивизиялары жауынгерлердің көрсеткен ерлігі үшін гвардияшылар болып өзгертілді.

Сталинград шайқасына Қазақстанда жасақталған 27-ші, 72-ші және 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиялары, 292-ші және 387-ші атқыштар дивизиялары, 81-ші атты әскер дивизиясы, 74-ші теңіз





атқыштар бригадасы, 152-ші атқыштар бригадасы, 129-шы минометшілер полкі және 156-шы жеке көпір құрылысы батальоны қатысты. Даңқты 62-ші армияның құрамында 4 мыңға жуық қазақ болды. 64-ші армияның құрамындағы қазақстандық 29-шы және 38-ші атқыштар дивизиялары Сталинград шайқасында көрсеткен табандылығы мен қаһармандығы үшін 72-ші және 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы болып аталды, 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиясына «Сталинградтық» деген құрметті атақ қоса берілді. 1942 жылы 22 желтоқсанда «Сталинградты қорғағаны үшін» медалі тағайындалып, онымен 750 мың солдат пен офицер марапатталды. 112 адамға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Оның төртеуі қазақстандықтар – ұшқыш Н.Әбдіров, полк командирі Т.С.Позолотин, взвод командирі Г.Г.Рамаев және минометші Қ.Сыпатаевтар болды.

1945 жылы 1 мамырда Сталинград қаласы (қазіргі Волгоград) қаһарман қала атағына ие болды. Сталинград шайқасы батырларының ерлігін мәңгі есте сақтау үшін 1963-1967 жылдары Мамай қорғанында мемориалды кешен салынып, 1982 жылы «Сталинград шайқасы» музей-панорамасы ашылды. Сталинград шайқасында жүздеген мың кеңес жауынгерлері ерліктің қаһармандық үлгісін көрсетті.

Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінде Сталинград шайқасына қатысушы жерлестеріміздің жеке құжаттары сақталуда.

Солардың қатарындағы Шульга Григорий Андреевич - Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Ново-Александровка ауылында дүниеге келген, кеңестік партия, комсомол қайраткері болған. Ол 1974-1983 жылдары Леңгір қаласындағы №5 мектептің директоры болып жұмыс істеген, 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Георгий Андреевичтің естелігіне назар аударсақ, ол өз еркімен майданға аттанған. 1941 жылы 11 қазанда әскерге шақыру пунктіне келіп, десанттық әскер қатарына алынып, Мәскеу облысына оқуға жіберілген.

Сталинград майданына қосымша күштер қажет болғандықтан 17-ші әуе-десанттық бригадасының қатардағы жауынгері Андрей Сталинградқа ауыстырылды. Бұл ол үшін тозаққа түскенмен бірдей болды...

Сол күндер туралы айтуды сұрағанда, ол үнемі жылайтын, өйткені оның барлық достары сұм

соғыста қайтыс болған. Ол 1942 жылы 22 тамызда ауыр жараланып, жыраның түбінде жатып қалады, қансырап, аяғындағы және бүкіл денесіне қадалған мина жарықшақтарының салдарынан қатты қиналады. Көп уақыт госпитальда жатады. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін "Германияны жеңгені үшін" медалі, "Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін" медалі, "Ерен еңбегі үшін" және тағы да басқа медальдармен марапатталған.

Әлмұханов Әбдуәлі, Шәуілдір ауданындағы Бөген ауылында дүниеге келген. 1942 жылы әскер қатарына шақырылған ол мамыр айында Алматы қаласындағы 678-ші жеке байланыс батальонының құрамында ант береді. Сталинград маңындағы 120-шы атқыштар дивизиясындағы байланыс батальонының 678-ші бөлімшесінің телефонисі болған және II Украин майданында шайқастарға қатысқан. Соғыстан оралған соң, мектепте ұстаз, директор қызметтерін атқарған. Төлеби ауданының құрметті азаматы.

«Құрмет белгісі» ордені, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін»,"Әскери қызмет үшін", "Ерен еңбегі үшін" медальдарымен марапатталған.

Сансызбаев Абдраш, Төлеби ауданында, Ақайдар ауылында дүниеге келген. 1941 жылдың желтоқсан айынан 1960 жылдың желтоқсан айына дейін Қызыл Әскер қатарында болып, әскери борышын атқарған. 1942 жылы Сталинград шайқасына қатысқан.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін «1-ші дәрежелі Отан соғысы» орденімен, "Еңбек Қызыл Ту" ордені, "Жауынгерлік еңбегі үшін" медалі және де он бес мерекелік медальмен марапатталған.

Қансеитов Ұштай Ергебекұлы, Ташкент облысының тумасы, Бегабат ауданы, Қалғансыр ауылында дүниеге келген.

1942 жылы Кеңес әскерінің қатарына шақырылғаннан кейін Ашхабадтағы жаяу әскерлер әскери училищесін бітірген, Сталинград майданындағы әскердің 226-шы дивизиясының құрамында шайқасқа қатысқан. Жарақат алған.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін «Ерлігі үшін» медалі, «Сталинградты қорғағаны үшін» медалі бар.

Прилипко Яков Данилович, Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Мамаевка ауылында





туылған. 1942 жылы Сталинград майданында 120-шы атқыштар дивизиясының 103-ші артиллериялық полкінің қатардағы жауынгері болған. «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне, Ерен еңбегі үшін» медалін алған.

Лещенко Петр Григорьевич, Ресей Федерациясы, Иркутск облысы, Мысово-Кабанский стансасында дүниеге келген. 1942 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, «Ленинский путь» колхозына қарасты Самсоновка ауылынан әскерге аттанған. Орта Азия әскери округындағы 64-ші атқыштар полкінің курсанты, Приволжье әскери округындағы 120-шы атқыштар дивизиясының курсанты болған. Кейіннен Салинград майданындағы 345-ші атқыштар полкінде бөлімше командирі, аға сержант ретінде шайқасқа қатысқан. 1943-1945 жылдары гвардиялық әуе-десанттық армиясы қатарында рота старшинасы, 17-ші гвардиялық әуе-десанттық бригадасының старшинасы болған. 1945-1947 жылдары 3-ші Украина майданында болған ұрыстарға қатысқан. 1945 жылдың сәуір айында 106-шы гвардиялық атқыштар дивизиясында коммунистік партия қатарына кандитат ретінде тіркеліп, 1949 жылы Сайрам аудандық (б)КП АК партия мүшелігіне қабылданған. 1947 жылдың сәуір айында туған жеріне оралып, «Ленинский путь» колхозында жұмыс істеген.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін «3-ші дәрежелі Даңқ» орденімен, «Венаны азат еткені үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» және «1941-1945 ж.ж Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Қасымов Ізбасар, 1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданына қарасты Қарааспан ауылында дүниеге келген.

1942 жылы Сталинград майданындағы ұрыстарға 253-ші атқыштар полкінің 781-ші атқыштар дивизисының қатардағы жауынгері ретінде қатысқан. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерліктері үшін «Ерлігі үшін», «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен марапатталған.

1944 жылы қыркүйек айында 4-ші корпустық артиллериялық бригадасында коммунистік партия қатарына кандитат ретінде тіркеліп, 1945 жылы қараша айында партия мүшелігіне қабылданған.

Тулеев Махат Шотманұлы, 1922 жылы Сырдария губерниясы, Чимкент уезіне қарасты Зағамбар ауылында дүниеге келген.

1941 жылы Алматы қаласынан әскер қатарына алынып, 1942 жылға дейін 543-ші атқыштар полкінің 120-шы атқыштар дивизиясында атқыш болып қызмет еткен. 1942 жылы Сталинград майданында 543-ші атқыштар полкінің 120-шы атқыштар дивизиясында жауынгер ретінде соғыс шайқасына қатысқан.

1944 жылы наурыз айында 21-ші Армияның партиялық комиссиясымен партияға кандидат ретінде тіркеліп, 1947 жылы наурыз айында Чимкент қаласында партия мүшелігіне қабылданған.

Соғыстағы көрсеткен ерліктері үшін «3-ші дәрежелі Даңқ» орденімен және 5 медалімен марапатталған.

Тукеев Ережеп, 1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратас ауданы, Ленинск ауылында дүниеге келген.

1941-1942 жылдары Орта Азия әскери округіндегі 105-ші әскер дивизиясының 268-ші Кавказ полкінің қызыл армиясында жауынгер болған.

Соғыстағы көрсеткен ерліктері үшін «3-ші дәрежелі Даңқ» орденімен және бес мерекелік медальмен марапатталған.

Рустемов Мадихан, 1922 жылы туылған, Сырдария ауданы, Түркістан уезі, №2 ауылында дүниеге келген.

1941-1943 жылдары оңтүстік-батыс майданында, 21-ші дивизияның 10-шы артиллериялық гаубица полкінің қатардағы жауынгері болған. Көрсеткен ерліктері үшін «3-ші дәрежелі Даңқ» орденімен және басқа да төрт медальдармен марапатталған.

Насыров Шамансұр Насырович, 1923 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бостандық ауданындағы Сұлтанов колхозында дүниеге келген.

1942 жылы Бостандық ауданынан әскер қатарына шақырылып, Привольжье әскери округінде 600-ші атқыштар полкы 543-ші атқыштар дивизиясының қатарында қызмет еткен. Волхов және Ленинград майдандарында қатардағы жауынгер ретінде шайқастарға қатысқан.

1944 жылы шілде айында 10-шы атқыштар дивизисының партиялық комиссиясы партияға кандидат ретінде тіркеп, 1951 жылы (б)КП Бостандық аудандық комитеті партия мүшелігіне қабылдаған.

Соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен және жеті мерекелік медальдармен марапатталған.





Архив қызметкерлері әлі де соғыс ардагерлерінің құжаттарын іздестіру және толықтыру жұмыстарын тұрақты түрде жалғастыруда. Соғыстың сұрапыл күндері мен түндерінде әрбір жауынгер өз тағдыры мен Отан тағдыры бір екенін терең сезінді. Олар қай жерде жаумен соғысып жүргеніне қарамастан, өз атамекендерін, Отанын қорғап жүргендерін білді. Соғыстың аяқталғанына 80 жыл толды! Біз әлі күнге дейін Ұлы Отан соғысында табындылықпен ерлік көрсетіп қаза тапқан батырларымызды әрдайым еске алып, басымызды иеміз! Олардың ерліктері біздің жүрегімізде үнемі сақталады және фашизмді тізе бүктіруге үлес қосқан жауынгерлеріміздің өшпес даңқы мәңгі жасай береді!

Х.САПАШЕВА,
Түркістан облыстық қоғамдық-саяси тарихы архивінің архивисі

СҰРАПЫЛ СОҒЫС ЖӘНЕ ТЫЛ ЕҢБЕГІ

Тарихтағы сұрапыл соғыс Ұлы Отан соғысы екенін қазіргі таңда білмейтін адам болмаса керек. Фашизмді жұмыла жеңуде тек қару ұстаған майдан әскерлері ғана емес, солармен бірдей өмірін қауіпке тігіп отан алдында міндетін атқарған тыл күштерінің еңбегі де ерекше. Тыл еңбеккерлері майдандағы жауынгерлік әзірлік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде, сондай-ақ фашистік Германиямен қақтығысқа қатысқан елдердің экономикалық әлеуетін сақтауда шешуші рөл атқарды. Соғыс жылдары қатысушы елдердің миллиондаған жұмысшылары, шаруалары, әйелдері мен балалары тыл еңбектерінің әртүрлі салаларына өз күштерін салды. Олар әскери техника, оқ-дәрі, азық-түлік және медициналық құрал-жабдықтар шығаруды ұйымдастырды. Тыл еңбеккерлері жүктер мен құрал-жабдықтарды тасымалдауға, инфрақұрылымды салуға және жөндеуге, госпитальдарда жұмыс істеуге және басқыншыларға қарсы тұруға атсалысты. Олардың ерен еңбектерінің, маңызды ресурстары мен керек-жарақтарының арқасында майдандардағы ұрыстарға қолдау көрсетілді. Тыл еңбеккерлері ауыр жағдайда және тәуекелге бел буып, көп жанқиярлық жасады. Олардың көпшілігі фашистердің жан түршігерлік қылмысының құрбаны болды, сол үшін «Тыл еңбеккері» құрметті медалімен марапатталды. Осылайша, тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі фашизмді жеңудегі шешуші фактор болды.

КСРО-да тыл еңбеккерлері жұмысшылар, шаруалар, әйелдер, жасөспірімдер мен зейнеткерлер болды. Олар майданда және тылда зауыттарда, фабрикаларда, шахталарда, құрылыс алаңдарында және халық шаруашылығының басқа да көптеген салаларында еңбек етті. Тыл еңбеккерлері де майдандағы әскерилерге моральдық қолдау көрсетті. Олар хат жазып, сәлемдеме жіберіп, қолдау сөздерін білдірді. Бұл жауынгерлердің көңіл-күйі мен рухын көтеруге септігін тигізді. Сонымен қатар, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, соғыстағы жеңістің маңыздылығын, жеңілістің ықтимал зардаптарын түсіндірді, сонымен қатар майданның мұқтаждықтарына қаражат жинады. Бұл жұмыс және барлық оккупацияланған елдердегі халықтың құрбандықтары фашистік агрессияға қарсы тұруға және одақтастарға жеңіс әкелуге мүмкіндік берді.

Соғыс кезінде миллиондаған азаматтар зауыттарда, фабрикаларда және басқа да өнеркәсіптерде






155

























танктер, ұшақтар, кемелер, артиллерия және оқ-дәрілер сияқты соғысқа қажетті әртүрлі тауарларды өндірді.Тыл еңбеккерлері бекіністерді салу, ішкі резервтерді жинау, әскери мекемелерге көмек көрсету сияқты маңызды міндеттерді де атқарды. Олар сондай-ақ бомбалаудан зардап шеккендерге көмек көрсетіп, оларға техникалық, медициналық және психологиялық қолдау көрсету арқылы жауынгерлердің өмірін жеңілдеткен. Осылайша, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі зор . Олар өз міндетін атқарған соғыс қаһарманы атанды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан түрлі металл өндіруде, өңдеу және жеңіл өнеркәсіпте жетекші орын алды. Көптеген зауыттар Қазақстанға көшірілді. Осылайша, ел майданның қуатты арсеналына айналды. Ал соғыс жылдарында Қазақстан барлық посткеңестік елдерден 35% мыс, 83% қорғасын, 60% молибден, 65% висмут өндірді. Қарағанды облысында 35 млн тонна көмір өндірілді. Осы уақыт ішінде жұмысшылар 5 миллион тоннадан астам нан, 700 мың тоннадан астам ет өндірді. Ұлы Отан соғысындағы Қызыл Армияның 10 оғының 9-ы қазақ қорғасынынан құйылған. Қазақстанға барлығы 220 зауыт пен фабрика эвакуацияланды. Неліктен дәл осы рөл Қазақстанға түсті? Бұл, ең алдымен, республиканың өнеркәсіптік әлеуеті. Табиғи ресурстардың болуы Қазақстанда соғысқа дейін де қуатты отын-энергетикалық және шикізат базасын құруға мүмкіндік берді. Қазақстан армияны қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарды. Майданға 1500 вагон киім-кешек пен азық-түлік жібердік. Расында да, Қазақстанда түрлі кәсіпорындардың көшірілуіне байланысты өндірістік базаның дами бастағаны туралы деректер көп. Өнеркәсіпке 700 мыңнан астам адам жұмылдырылды. Ашық деректерде Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға жеңіл және тамақ өнеркәсібінің 220 зауыты көшірілді. Эвакуацияланған ірі нысандардың бірі атақты Алматы ауыр машина жасау зауыты болды. КСРО-ның еуропалық бөлігінен эвакуацияланған жүздеген зауыттардың ішінде Луганск локомотив зауытының үш цехы болды. 1942 жылдың ақпанында жабдық орнатылып, іске қосылды, ал наурыз айында зауыт майдан үшін қорғаныс өнімдерін шығара бастады: оқ-дәрілер өндірісі қарқынды жүргізілді. Зауыттың негізгі өндірісі артиллериялық снарядтарды, ірі калибрлі миналарды, тұтандырғыш және ірі бетонды тесетін бомбаларды және басқа да оқ-дәрі түрлерін жаппай шығару болды. Жалпы соғыс жылдарында зауытта 13 түрлі әскери өнім шығарылды. Соғыс жылдарында Мәскеу рентген зауыты Ақтөбе қаласына көшірілді. Қазіргі уақытта зауыт «Ақтөберентген» деп аталады. Соғыс жылдарында кәсіпорын жарылғыш машиналар мен рентген аппараттарын шығарды. Зауыт медициналық рентген аппараттарының үш





түрін шығарды: жорықтық, портативті және стационарлық диагностикалық. Аппараттардың барлық үш түрі Қызыл Армияның бас санитарлық басқармасына белсенді армия мен тыл ауруханаларының қажеттіліктері үшін қатаң түрде жеткізілді. Зауытта әскери өнімдер де шығарылды, негізгі түрі сапер бөлімдері мен партизан отрядтарының инженерлік әскерлеріне арналған ПМ-1, ПМ-2 типті диверсиялық машиналар болды. Диверсиялық машиналар өндірісінен басқа, зауыт жұмысшылары майданға ақша беріп, майдангерлерге сыйлық жинау арқылы көмектесті. Осы уақытта зауытта 125 жұмысшы және 81 инженерлік-техникалық жұмысшы жұмыс істеді, әйелдер мен жасөспірімдер көп болды. 1944 жылдың 1 қаңтарында 19 жасқа дейінгі жастар 52%, 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер 9,3%, әйелдер 56% құрады.

Айта кету керек, Қазақстанға тек өнеркәсіптік кәсіпорындар ғана емес, сондай-ақ тылдағы науқастар мен жаралыларға көмек көрсетіп, емдеуді жүзеге асырған госпитальдар да эвакуацияланды. 1942 жылдың маусым айының ортасында Петропавлдағы үш ауруханада екі мыңнан астам жараланған жа-уынгерлер мен командирлер болды. Орта медициналық персоналдың кадрлары Петропавл қаласының медбикелер мектебінің түлектері есебінен толықтырылды, дәрігерлер басқа қалалардан келді. 1941-1942 жылдары Қарағанды қаласының бірінші қалалық клиникалық ауруханасының екі қабатты ғимараты үш хирургиялық бөлімшеде № 3972 эвакогоспиталь орналасқан қазіргі уақытта Ұлы Отан соғысына байланысты ескерткіш болып табылады. Бұл емдеу мекемесі ең жақсы медициналық кадрлармен толықты. Мұнда бір уақытта 300-ге дейін жараланған адам емделді. Эвакуациялық пункттер стратегиялық маңызды нысандар болып саналды. Дәрігерлер мен жауынгерлердің сенімділігін арнайы бөлімдер тексерді. Оңтүстік Қазақстан облыстарында және Алматыда орналасқан эвагоспитальдарда жаралыларға ортопедотравматологиялық, протездік, нейрохирургиялық, жақ-бет, психоневрологиялық, терапиялық, туберкулез сияқты мамандандырылған көмек түрлері берілді. Жауынгерлік еңбегі үшін жүздеген мың отандастарымыз ордендермен және медальдармен марапатталды, 500-ге жуық адам Кеңес Одағының Батыры атанды, 110 қазақстандық үш дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды. Шайқаста қаза тапқан, жаралылар мен аурулардан қайтыс болғандар, хабар-ошарсыз кеткен және тұтқындар 630 мың адам болды.

Д. ТАУАСАРОВА,
тарихшы

ОҢТҮСТІК ӨЛКЕНІҢ ЖЫЛҚЫ ТҮЛІГІ – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ МАЙДАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада 1941-1945 жылдар арасында Оңтүстік Қазақстан облысының аудандары мен ауыл-аймақтарынан екінші дүниежүзілік соғыс майдандарына жөнелтілген жылқы малының жалпы санын анықтау, оған қазақ қоғамындағы айта қаларлықтай қарсылық туралы және Оңтүстік Қазақстан облысының II дүниежүзілік соғыстың майдан алаңдарына жылқы түлігін жөнелту туралы архивтік құжаттардан нақтыланған деректер келтіріле отырып дәлелденеді.

1941 жылдың өзінде-ақ фашистік Германияға қарсы майдандар шебінің ұзындығы нәтижесінде өзара қатынас үшін жеңісті қолға алу үшін көліктің маңыздылығына көзі жеткен кеңестік билік иелері, Коммунистік партия Қазақстаннан жылқы түлігін толық жинап алуға жоспарлы түрде кірісті. Бұл турасында 1941 жылғы 26 қарашада өткізген Оңтүстік Қазақстан облысының облыстық Коммунистік партия комитетінің пленумында маңызды мәселелер қатарында қаралды [1].

«Сталин жолдастың 1941 жылғы 6 және 7 қарашада сөйлеген сөзіндегі» тапсырмаларды орындау үшін өткізілген облыстық КП(б)К бюросының шешімінде бұл турасында: «Коммунистік партияның облыстық бюросы аудандық және қалалық бюролардың назарын Қызыл Армия үшін аттар, бричкалар, арбалар мен ер-тұрман, жүген-ноқталардың қосымша резервтік қорын жасақтап, оларды күтіп-баптап ұстауға міндетті», – деген арнайы тапсырма берілген [1, л.2].

Ал, шаруашылықтардағы соғысқа жіберілген жылқылардың орнына жүк тасу және басқа да көлік қажеттіліктерін атқару үшін қара күші мол өгіз малын көбейтуге қатаң тапсырма берілді [2].

Соғыс майдандарына міністік, жүк тасымалдау үшін жылқыларды жинау жұмысы 1941-1945 жылдардың өн бойында тоқтамай жүріп отырған. Осылайша, көлік және тасымал күші ретінде қызмет атқарған жылқы түлігінің соғыста оққа ұшқан, қартайғандарының, басқадай жолмен қатардан шығып қалғандарының орнын жабу үшін Қазақстанның жергілікті ауыл-аймақтарда қалған барлық мал басы есепке алынып, тіркеліп, тай-тұяғын қалдырмай сыпырып әкетіп отырған.





Әрине, соғыс үшін дегенмен, «Мал-жаның аман ба?» – деп амандасатын қазақ халқы бауыр еті баласындай жылқыдан жалғыз тұяқ болса да ұрық алып қалуға тырысатындығы анық. Мұндай әрекетті зорлықшыл билік иелері «саботаж», «үкіметке қарсылық», «сатқындық» деп бағалап, үнемі жазалап отырған. Нақ осындай бір келеңсіз тарихи эпизод Семей облысында болған екен [3].

Мәселенің ушыққаны соншалықты, республика бойынша жылқы дайындау жұмысына Қазақстан компартиясының хатшысы Ж. Шаяхметовтың өзі араласып, 1942 жылдың 19 маусымында Семей партия ұйымының хатшысы Нечаев дегенге бұл мәселенің анық-қанығын нақтылауға, кемшілікті жоюға 1942 жылғы 28 наурыздағы Қазақ ССР және Коммунистік партияның Орталық комитетінің «Суженное заседаниесінің» «О подготовке лошадей и обоза к поставкам Красной Армии» деген № 7/172 қаулысын толық және дұрыстап орындауға шұғыл және аса құпия түрде тапсырма берді.

Қазақтар арасындағы жылқыны топтап әкетуге деген наразылықты жою үшін, бұл тек дайындық жұмысы ғана, ауыл-аймақтардың малына мобилизация жасау деген болмайды, тек қана малға күтім жасау үшін ғана жасалған бұйрық еді деген сылтаулар мен ақталулар «Аса құпия» деген айдармен жазылған құжаттар ішінде келтірілген. Ал, жылқы малын соғысқа алып кету туралы қаулыны Мемлекеттік Қорғаныс комитеті арнайы шығаратыны тәптіштеп түсіндірілген. Осы аталмыш қаулы негізінде жергілікті жерлердегі атқарушы билік орындары:

1. Қызыл Армияға жіберілетін жай-күйі жақсы жылқыларды, ноқта-жүгендерді, арбаларды таңдап алу;

2. Алынған жылқыларды «Қызыл Армия аты» атты қордың талабына сәйкес ерекше режимдік жағдайда жақсы баптап-күтіп, семіртуге;

3. Жинап алынған жалғыз ат, қос ат жегетін арбаларға, ноқта-жүгендерге жөндеу жұмыстарын жүргізуге тапсырма берілді [3, Л.30].

Ал, жиналып дайындалған ат-көліктердің барлығын соғысқа жіберу туралы талап та көп ұзамай-ақ, 1942 жылдың 26 маусымында Қазақ ССР халық комиссариатының № 156-1 «Қызыл Армияға аттар мен машиналарды жіберу» туралы қаулысы түрінде қазақ қоғамының басына келіп түсті. Қаулы негізінде Оңтүстік өңірден артиллерия таситын 80 жылқы, арбамен жүк таситын 170 ат, жүріп тұрған 10-шы машина, жөндеуді қажет ететін 25 машина жіберу міндетті болған. Жіберілетін мерзімі әртүрлі: жүріп тұрған машиналар мен жылқылар майданға 1942 жылдың 10 шілдесінде, ал бұзылып тұрған

машиналардың 60 % сол жылдың 25 шілдесінде, қалған 40 % 10 тамызда жөнелтілуі керектігі туралы тапсырма қоса берілген. Аттар мен машиналардың дайындығы туралы есепті әр облыс 3 күн сайын Қорғаныс комитетіне беріп отыруға тиіс болды [4].

Кесте №1 – «Қызыл Армияға аттар мен машиналарды жіберу» туралы қаулысындағы Оңтүстік Қазақстаннан 1942 жылы соғысқа жіберілу туралы тапсырма [4, л.33]. По Вашей области требуется поставить:

Лошадей	Артиллерийских	80 лошадей
	Обозных	170 лошадей
Автомашин	Ходовых	10 машин
	Неходовых	25 машин

Ал, алдын-ала жасалған санақ бойынша 1941 жылдың 10 айында облыс қолхоздары бойынша 5 851 бас жылқы малы болған екен. Осыншама Қамбар ата түлігінің барлығы соғысқа жіберілген деп есептейтін болсақ, қазіргі арзандау орта баға 600 000 теңгеге шағатын болсақ, онда соғыс жылдарында Оңтүстік Қазақстан соғысқа қарапайым есеппен 3 510 600 000 теңгеге тұратын аттарды жөнелткен екен. Бұл баға тек жылқы түлігін ғана қамтып отырған сома, олармен қоса жіберілген арба, ноқта-жүген, ер-тұрман, автомобиль сияқты көліктік техника бұл мысалда есепке алынып тұрған жоқ. Ал, осыншама жылқының соғысқа жіберілгендігі тарихи шындық, оны келесі бір құжаттың мына сөздерінен айқын бағамдай аламыз: «В связи с мобилизацией в армию лошадей необходимо заняться выращиванием бычков-волов. Для этого нужно сохранить поголовье бычков и организовать покупку волов у колхозников, рабочих, служащих, там, где имеется. Необходимо разработать мероприятия по увеличению поголовья верблюдов». Яғни, соғысқа кеткен жылқылардың орнына өгіздер мен түйелерді жеке меншіктен колхозға алып жинақтаған [5].

Соғыстан басқа, мал дайындау кеңселері арқылы РКФСР-ның Орлов облысына көмек ретінде жіберілген азық-түліктердің құрамында Сарыағаш ауданынан сойылған 4 жылқының еті де қоса жіберілгендігі туралы да құжат та архив қорларынан табылды [6].

Нақ осындай көмек түрінде Шымкент қаласы Бежица қаласына 1944 жылы 27 қарашада 2 ат, бричка және арба жіберген [6, П.35-40].



Ақыр соңында, 1945 жылы соғыс жылдарындағы жіберілген барлық жылқылар туралы толық есеп жинақтала бастаған. Бұл есептің барлығы «№ 4 форма» деген мәлімет түрінде берілуі міндетті болған. Мысалы, 1945 жылдың 20 наурызында Келес ауданының «Құпия» деген грифпен берілген мәліметін келтірейік (құжаттың толық мәтіні, стилистикасы, тілі сақталып беріліп отыр):

Сведения о количестве поставленных лошадей, повозок и упряжи по Келесскому району по состоянию на 25 марта 1945 года (форма № 4)

Кесте № 2 – Құжаттағы кестенің түр көшірмесі [4, л.33].

№	Наименование	Поставлено в РККА		Оста-ток	Подготов-лено к поставке
		за отчетный период	с начала года		
ЛОШАДИ					
1	Верховых		54	15	
2	Артиллерийских		10	3	
3	Обозных		121	107	
	ИТОГО		275	115	
ПОВОЗКИ					
1	Пароконных		64	70	2
2	Одноконных				1
УПРЯЖИ					
1	Пароконных		64	70	2
2	Одноконных			2	1

Секретарь Келесского РК КП(б)К Акчалов,
Заведующий военным отделом РК КП(б)К Шакиров [7] 122

Нәтижесінде, Шымкент қаласынан «Аса құпия» деген белгімен «СВЕДЕНИЯ О ЛОШАДЯХ, ВЫДЕЛЕННЫХ ПО РАЙОНАМ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ ПО СОСТОЯНИЮ НА 25 МАРТА 1945 ГОДА» деген құжат дайындалып 1945 жылдың 25 наурызында орталыққа жіберілген. Бұл құжаттағы мәлімет бойынша 1945 жылы тек қана колхоздық шаруашылықтардан ғана 4295 жылқы дайындалғаны, оның 540-ы – 3 жасар, 871-і – 4 жасар, 931-і – 5 жасар, 553-і – 6 жасар, 586-сы – 7 жасар, 89-ы – 7 жастан асқан жылқылар екендігі туралы мәлімет жинақталған. Еесптің ішінде жылқы түлігінің бойы туралы да мәлімет берілген. Нақтылай айтар болсақ – бойы 140 сантиметр болатын аттардың саны 972, 140-142 сантиметр – 1264, 142-144 сантиметр – 884, 144-147 сантиметр – 485, 147-149 сантиметр – 171, 151-153 сантиметр – 44 жылқы жиналғандығын біле аламыз.

Кесте №3 – «Қызыл Армияға аттар мен машиналарды жіберу» туралы қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстаннан соғысқа жөнелтілген жылқы түлігін талапқа сәйкес сұрыптарға бөлу [4, л.33].

Облыс бойынша барлығы	Сұрыбы				Жынысы		
	Салт міністік ат	Ауыр артиллерияны тасыитын жылқылар	Жеңіл артиллерияны тасыитын жылқылар	Жүк арбаларын таситын жылқылар	Айғыр	Бие	Аттар
ВСЕГО по области	1984	29	109	2178	1296	357	2642



«Қызыл Армия аты» атты қорға Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарынан жинақталған жылқы түлігінің саны мен сұрыбы туралы 1945 жылғы 15 маусымда «Аса құпия» деген айдармен жинақталған төмендегі кесте толық түсінік бере алады:

Кесте №4 – Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарынан «Қызыл Армия аты» атты қорға жіберілген жылқы түлігі туралы толық мәлімет туралы қаулысындағы Оңтүстік Қазақстаннан 1942 жылы соғысқа жіберілу туралы тапсырма (жылқының жас көрсеткіші бойынша) [4, П.33].

№	Аудан	Жоспар	Нақты жіберілгені	Жылқының жасы						
				3 жасқа дейінгілер	3 жастағылар	4 жастағылар	5 жастағылар	6 жастағылар	7 жастағылар	7 жастан жоғары
1	Арыс	316	272	-	130	60	35	17	30	-
2	Бостандық	191	196	19	18	18	24	50	30	37
3	Жуалы	260	252	75	62	41	23	29	13	9
4	Ильич	171	181	62	22	13	44	23	17	-
5	Каратас	166	167	-	16	47	26	29	49	-
6	Келес	150	142	35	17	47	25	9	9	-
7	Қызыл-Құм	51	253	77	41	54	47	19	15	-
8	Киров	157	164	-	7	25	30	32	70	-
9	Ленгер	280	283	39	33	44	51	28	88	-
10	Пахта-Арал	227	287	21	73	89	53	32	19	-
11	Сайрам	294	285	9	42	80	44	57	53	-
12	Сайрам	138	157	111	24	8	8	5	1	-
13	Созақ	196	195	-	37	32	18	45	23	-
14	Түркістан	375	348	-	90	90	60	58	44	-

15	Түлкібас	258	211	33	37	42	28	28	43	-
16	Фрунзе	257	287	40	36	45	87	62	17	-
17	Шаян	256	260	25	60	77	39	22	37	-
18	Шымкент	262	207	50	52	22	30	25	28	-
19	Шәуілдір	295	367	22	27	27	112	98	81	-
	БАРЛЫҒЫ	4300	4514	618	824	861	784	668	667	46

Кесте №5 – Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарынан «Қызыл Армия аты» атты қорға жіберілген жылқы түлігі туралы толық мәлімет туралы қаулысындағы Оңтүстік Қазақстаннан 1942 жылы соғысқа жіберілу туралы тапсырма (жылқының дене көрсеткіші бойынша) [4, П.33].

№	Аудан	Бойы								
		До 140 см	140-142 см	142-144 см	144-147 см	147-149 см	149-150 см	151-153 см	153-156 см	156-160 см және содан жоғары
1	Арыс	75	60	50	70	17	-	-	-	-
2	Бостандық	6	105	63	20	1	1	-	-	-
3	Жуалы	69	63	29	14	77	-	-	-	-
4	Ильич	-	-	14	20	44	10	7	2	-
5	Қаратас	-	-	125	28	11	3	-	-	-
6	Келес	-	-	77	67	-	-	-	-	-
7	Қызыл-Құм	-	161	85	7	-	-	-	-	-
8	Киров	-	400	46	9	4	5	-	-	-
9	Ленгер	-	79	67	51	37	8	2	-	-
10	Пахта-Арал	166	-	67	27	27	-	-	-	-
11	Сайрам	-	8	44	186	28	13	6	-	-





12	Сайрам	-	-	116	39	2	-	-	-	-
13	Созақ	-	152	30	11	2	-	1	-	-
14	Түркістан	250	55	35	6	1	2	-	-	-
15	Түлкібас	-	36	57	42	45	18	1	4	-
16	Фрунзе	26	137	52	45	18	9	-	-	-
17	Шаян	34	85	57	27	28	-	-	-	-
18	Шымкент	24	64	63	34	16	6	-	-	-
19	Шәуілдір	36	36	134	81	60	11	-	-	-
	БАРЛЫҒЫ	686	1141	1208	784	424	111	25	6	

Кесте №6 – Оңтүстік Қазақстан облысының аудандарынан «Қызыл Армия аты» атты қорға жіберілген жылқы түлігі туралы толық мәлімет туралы қаулысындағы Оңтүстік Қазақстаннан 1945 жылы соғысқа жіберілу туралы тапсырманы орындау туралы мәлімет (жылқыларды майдан даласында пайдалану жұмыс түрі бойынша) [4, П.33].

№	Аудан	Сұрып						
		Салт мініс аттары	Ауыр артиллерияны сүйрету аттары	Жеңіл артиллерияны сүйрету аттары	Арбаға жегетін аттар	Айғырлар	Биелер	Аттар
1	Арыс	186	4	-	82	90	164	18
2	Бостандық	55	-	-	141	50	35	111
3	Жуалы	150	-	13	53	70	33	60
4	Ильич	50	-	6	125	53	125	3
5	Қаратас	78	10	23	56	48	10	109

6	Келес	31	-	1	111	72	-	70
7	Қызыл-Құм	63	-	1	189	35	180	18
8	Киров	39	-	6	119	33	124	7
9	Ленгер	79	-	1	193	67	187	29
10	Пахта-Арал	178	6	6	98	69	218	-
11	Сайрам	100	-	3	182	72	169	44
12	Сайрам	105	-	-	52	86	6	65
13	Созақ	72	-	16	107	44	135	16
14	Түркістан	147	-	1	200	76	264	3
15	Түлкібас	83	1	4	123	24	33	154
16	Фрунзе	163	-	54	70	114	4	164
17	Шаян	157	-	24	79	100	122	38
18	Шымкент	126	-	9	72	61	139	7
19	Шәуілдір	141	-	-	226	78	178	111
	БАРЛЫҒЫ	2003	21	167	2278	1842	2305	927

Жанысбек Ләззат Қасымқызы,
магистр, Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық
орталығы АҚ «Түркістан облысы бойынша кәсіби даму институты» қоғамдық-
гуманитарлық бағыттағы кафедрасының аға оқытушысы. Қазақстан, Түркістан.
Әшім Жантөре Қайратұлы, магистр, саяси қуғын-сүргін құрбандары
музейінің ғылыми қызметкері. Қазақстан, Шымкент қ.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихы мемлекеттік архиві ТОҚСТМА. Қ.40, Т. 4. Іс.94. П.1-1 об.
2. ТОҚСТМА. Қ.40, Т. 4. Іс.100 а. П.1-71 об.
3. ТОҚСТМА. Қ.40, Т. 5. Іс.281. П.29-30.
4. ТОҚСТМА. Қ.40, Т. 5. Іс.281. П.31.
5. ТОҚСТМА. Қ.40, Т. 4. Іс.100 а. П.1-71 об.
6. ТОҚСТМА. Қ.40, Т. 7. Іс.217. П.7.
7. ТОҚСТМА. Қ.40, Т. 8. Іс.258. П.3 об.
8. ТОҚСТМА. Қ.40, Т. 8. Іс.258. П.100.
9. ТОҚСТМА. Қ.40, Т. 8. Іс.258. П.98.



ТҮЙЕЛЕР ДЕ СОҒЫСҚА ҚАТЫСҚАН

Ұлы Отан соғысының Ұлы Жеңіспен аяқталғанына биыл тура 80 жыл толуда. Иә, тыныштықтың туы тігілген осынау ұлы күнге ғасырға жуық уақыт өтті. Бірақ, батырлық пен батылдықтың үлгісін паш еткен ерлер есімі ел есінен өшпек емес. Ал, жау жағадан, бөрі етектен алған сын сәтте сол ерлермен бірге қас жауға қасқайып қарсы тұрған төртаяқты жануар – түйелер туралы естідіңіз бе? Бұл бағытта біздің тілшіміз журналистік зерделеу жүргізді, деп хабарлайды Turantimes.kz тілшісі.

Иә, солай, сұм соғысқа адамдармен бірге барған жануарлар да үлкен жеңіске үлес қосты. Тіпті, керек десеңіз, оларға тастан емес, қоладан ескерткіш те құйылды. Бізге бұл туралы көзі тірісінде белгілі өлкетанушы, Қазақстан Республикасы жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Өтепберген Әлімгерев әңгімелеп берген еді...

– Ана бір жылдары теледидардан «Босату. Берлин үшін шайқас» деген фильмді қарап отырдық. Бір сәт зеңбірек сүйреп келе жатқан екі түйені көрген кинокейіпкерінің бірі «Мынау қайдағы түйелер?» деп таңданады. Екіншісі «Басқұншақтан ғой» деп жай ғана жауап береді. Сонда сұрапыл соғысқа да сахараның сұлу кемелері қатысқан ба?

Осылайша, «Сол Ресейдегі Басқұншақта аталған ауылдан (қазірде қала) Берлинге дейін жеңіс жүгін сүйреп барған Мишка, Машка есімді екі түйеге ескерткіш қойылады екен» деген хабар бізге де жетті. Міне, ғажап, «Қазақтың қос өркешті жануарына да мынадай құрмет көрсетіледі екен ғой» деген риясыз риза көңіл кәдімгідей кеудемізді кернеді, – дейді ол.

Расымен де, ғажап емес пе? Демек, арада 80 жыл өтсе де, бізге Ұлы Жеңістің қалай жеткені жөнінде әлі де ашылмаған ақиқат сыр көп деген сөз ғой. Ал, Өтепберген ағаның әңгімесі одан әрі қыза түсті. Сонымен, әлгі түйелер Жеңісті қалай жақындата алды? Батырдың бәрі бірігіп жеңген жауға төрт түліктің бірі қалай төтеп берді? Бізді, әрине, осы жағы қызықтырады ғой. Сөйтсек, әңгіменің төркіні әріде жатыр екен.

– 1942 жылдың жазында Дон мен Кубань, Қалмақ даласын басып алған немістер екпіндеп, ендігі кезек Астрахань мен Сталинград деп ентеледі, – дейді өлкетанушы ғалым. – Негізгі күш соңғы қалаға





бағытталды. Міне, осы кезде Астраханда 28-қосалқы армия жасақталып, оның 902-атқыштар полкының, 248-дивизиясы, 9-корпусы жергілікті және Нева жағалауынан эвакуацияланған жастар, сондай-ақ, Каспий теңізі моряктарынан жасақталды. Бірақ, соғыс қаруы тым аз, автокөлік, басқа да техникалар жоқтың қасы. Жүк таситын аттар да жоқ. Амалсыздан артиллериялар мен зеңбіректер, соғыс құралдары, азық-түлік пен медициналық заттарды тасуға түйелерді пайдалануға тура келді. Ол үшін жергілікті тұрғындардың қорадағысы былай тұрсын, өрістегі еркін жайылған өркештілерді жинады.

Ол аздық етіп, КСРО Қорғаныс Комитетінің Бұйрығымен Қазақстаннан, соның ішінде көршілес Атырау облысынан, Қалмақ даласынан, Түркімениядан әкелінді және олар ауыр жүктер тасуға арналған белді атандар мен буралар, 5-10 жастық ірі ингендер болатын. Өкінішке қарай сол түйелердің біразы бұрын ұстап-мінілмеген асау түйелер еді. Оларды үйретуге жергілікті малмен ісі бар қазақ жігіттерін тартты. Сөйтіп, 1942 жылдың 3 қыркүйегінде жан-жақтан жиналған 350 түйе сол төменгі Басқұншақтан соғыс жүріп жатқан майдан даласына аттанды. Бір қарағанда бұл түп төркіні негізінен қазақ даласынан түлеген Ойсылқара тұқымына үлкен сын еді.

Иә, темір техника тұрғанда түйені ұрысқа пайдалану таңқалдырар жағдай. Оның үстіне, өмірінде түйе көрмеген еуропалық жігіттердің жануарды тізгіндегені тіпті қызық. Осы және басқа да себептермен түйелердің кейбірі аштан, шөлден де өлген. Алғашында қару-жарақ, соғыс техникасымен мұздай қаруланған жау солдаттары қаптаған қалың түйелі кеңес армиясына кезіккенде адамдармен ісі жоқ, құлағы қалқайып, зәре-құты қашқан «орыс танкілерін» (немістер түйелерді солай атаған) құртуға әрекеттенген екен.

Қалай болғанда да, қосарлап жеккенде үш-төрт белді ат тартатын немесе автокөліктер көтеретін 1,5-2 тонналық ауыр жүктерді қиналмай сүйреп, 5-6 күн сусыз, жолсыз даламен тарта беретін қазақы жануарлар аз уақытта кеңес жауынгерлерінің сенімді серіктеріне айнала білді. Осының өзінен-ақ біраз өнеге алуға болады.

– 1943 жылдың 3 ақпанында Сталинград қаласы жау қолынан азат етілді. Немістер қарсыласа жүріп, кейін шегінді. Дала кемелері бар астрахандық сарбаздар Ростов қаласын да жау қолынан босатты. Сальск құмын басып, Маныч өзенінен өту оңай болған жоқ. Көп жануарлар осы аймақта қалды. Түйенің жүк көлігі есебіндегі орнын бағалай білген әскербасылар оларды бұдан былай астрахандық қосалқы

полк құрамы емес, басқа да әскери құрылымдарға бөліп, тарата бастады.

Осылайша, түйелер Ресей асып, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша, ұзын саны үш мың шақырымдық жолды жалпақ табандарымен басып, 1945 жылдың 30 сәуіріндегі бозала таңда фашистік Германияның астанасы Берлинге жетті, олар сүйреп келе жатқан ауыр артиллериядан Рейхстагқа оқ атылды. Оның биік күмбезіне кеңестік Жеңіс туын қадауға бір табан жақындады. Міне, осындай абыройлы міндетті атқарған Басқұншақта жасақталған полк құрамындағы аға сержант Григорий Нестеров пен делбеші Кармалюк иелігіндегі Мишка және Машка есіміндегі қос өркештілер еді. Бұлардан басқа Калмыкияның Яшкул ауылынан алынған осы полктің 6-ротасынан Яшка есімді он жасар атаны да Ұлы Жеңісті Берлинде қарсы алады, – деген-ді Өтепберген Әлімгереев бізбен әңгімесінде.

P.S. Рас, Ұлы Жеңіс оп-оңай көктен түсе қойған жоқ. Оған жету үшін қырғын адамның қаны мен жасы төгілді. Сол қиындықтың бірін де көрмеген бүгінгі ұрпақ үшін бұл – тарихи тағылымдық сабақ болып қалады. Есесіне, енді әлем халқы соғыспай да бейбіт жолмен баянды өмір сүруге болатынын ұқты. Сондай-ақ, адамдармен бірге күш көлігі, әрі, қатынас құралы ретінде жылқы мен түйе малдарының да қатысқанын біліп жүргеніміз жөн.







КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАҒЫН АЛА АЛМАҒАН ІІ8 ҚАЗАҚ

6 мамырда тарихшы, ғалым «Архив-2025» ғылыми-әдістемелік орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлының құрастыруында «Ұмытылған қаһармандар» атты еңбек жарық көрді. «Nur Otan» партиясы қолдауымен жарыққа шыққан еңбектің тұсаукесеріне партия төрағасынан бастап, соғыс ардагерлері, генаралдар, ІІ дүниежүзілік соғыс қаһармандарының ұрпақтары келді. Аталған еңбектің ұрпаққа артар аманаты не? Кітап авторы соғыста лайықты бағасын ала алмаған бабалар есімін, аңызға толы ерліктері мен жанкешті батырлық дастандарын ұрпақтар ұмытпаса, есімдері туған жерлерінде көшелерге, мектептерге берілсе, жанқияр қайсарлықтары кинофильмдерге арқау болса дейді...

* * *

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең алапат һәм ең қантөгістісі болды. Өткен жылдар мен онжылдықтар соғыс зардабының қиыншылықтарын ешкім ұмытпақ емес.

Совет одағы үшін «Ұлы Отан соғысы» деп аталған зұлмат соғысқа Қазақ Республикасынан 1 366 164 кісі қатысса, олардың жартысына жуығы – 602 928 – ұрыс алаңдарынан қайтып оралмай, мәңгілік жас күйінде қалды. Түрлі дереккөздер бойынша 1941-1945 соғыс жылдары қазақтардан 130 мыңнан астам адам қаза тапты [1]. Қазақтар барлық қаза тапқан кеңестік әскерилердің 1,5%-ын құрады.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысы болмаған отбасыны табу қиын. Соғыс елдің бейбіт өмірін бұзып, адамдарды өз ережелері бойынша өмір сүруге мәжбүрлеп, тарихтың беталысын және миллиондаған адамдардың тағдырын түбегейлі өзгертті.

Ата-бабаларымыз батылдық пен ерлік көрсетіп, жауға қаймықпай қарсы шығып Ұлы Жеңіске қол жеткізді. Шеті мен шегі көрінбейтін майданның әр түкпірінде командирлер марапат қағаздарына жүгіне отырып, сарбаздардың ерліктері туралы жазды. Шайқастардың арасында отыра қалып асығыс жазылған әрбір жолда, шындықтың даусы естіледі. Өйткені сол жерде, алдыңғы шепте өлім үнемі серік

болған кезде, өтірікке ешқандай орын жоқ. Алайда, өкінішке қарай, барлық құнды құжаттар бүгінгі күнге дейін жетпеді.

Соғыстан қайтқандар түні бойы айқайлап, түстерінде фашистермен шайқасты жалғастырды, өйткені жарты ғасыр өтсе де соғыс кезінде алған контузия білінеді. Бірақ, біз Ұлы Жеңістің немерелері мен шөберелеріміз, бізді соғыс балалары тәрбиеледі. Соғыс балалары жарақаттарымен қайтып келген әкелерді көрді. Олар өздерінің ұлы, күйеуі, әкелері майданнан оралмаған әйелдердің жылаған дауысын естіді. Олар жеңіске деген әкелерінің ерлігі үшін мақтаныш сезімін бізге жеткізді.

Ондаған жылдар өтсе де, біз олардың ерліктеріне таң қалуды тоқтатпадық, ұрыс алаңдарынан қайтпағандардың қайтыс болуына өкінішіміз басылмады.

Соғыс жылдарында біздің 497 отандастарымыз Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды деп есептелді. Егер ұлты бойынша жіктесеңіз, олардың 280-і орыс, 96-ы қазақ, 86-ы украин, 45-і басқа ұлт өкілдері. 113 қазақстандық Даңқ орденінің үш дәрежелі толық иегері атанды [2]. Бірақ соңғы зерттеулер көрсеткендей, жаңартылған мәліметтерге сәйкес, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жасаған ерліктері үшін 103 қазақ - Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған [3].

1990 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ұсынысы бойынша, Кеңес Одағының Батыры атағы қайтыс болғаннан кейін аты аңызға айналған атақты қазақ қолбасшысы Бауыржан Момышұлына берілді. Сонымен қатар, Кеңес Одағының Екі Батыры Сабыр Рахымов пен Расул Исетов ұлты бойынша қазақтар, бірақ кезінде ұлттары өзбек болып жазылған.

Сонымен қатар, 2007 жылы КСРО Қорғаныс министрлігінің (қазіргі РФ ҚМОА) Орталық мұрағатының құжаттарынан «Жоғарғы құпия» грифы алынып тасталғаннан кейін көптеген шындық ашылып, арнайы интернет-жобалар сайттарында орналастырылды. Ұрпақтары марапаттау қағаздарын көріп, аталарының, әкелерінің батырлық ерліктері туралы біле алды. Өзге нәрселермен қатар, Кеңес Одағының Батыры атағына ерлігі үшін ұсынылып, бірақ белгісіз себептермен басқа марапаттау түрлерін алғандардың көбі анықталды.

Осы жоғары атаққа ерліктерімен лайықты болып, бірақ Кеңес кезеңінде оны алмаған кейбір батырлар тәуелсіз Қазақстанда «Халық қаһарманы» атағына ие болды. Атап айтқанда, Сағадат Нұрмағамбетов (1994 ж.), Қасым Қайсенов (1995 ж.), Бақтыораз Бейсекбаев (1998 ж.), Рахымжан





Қошқарбаев (1999 ж.), Хиуаз Доспановаға (2004 ж.) Ресейдің батыры атағы берілді («Капитан Масловтың экипажы»). Осыған қарамастан, қаһарман атағына лайық адамдар әлі де көп, олар өз уақытын күтуде деп ойлаймыз.

Өкінішке қарай, көпшілік жауынгерлерге қаһарман атағы қайтыс болған соң берілді. Ресей, Белоруссия, Украина және бүкіл Еуропа елдерінде миллиондаған белгісіз және аты сақталмаған жас батырлар мәңгілікке қалды! Соғыс алаңдарында іздестіру жұмыстары әлі күнге дейін жалғасуда. Олар бүгінгі күнге дейін оншақты жылдар бойы «жоғалған адамдар» тізімінде тұрған және олардың ерліктері туралы біз әлі білмейтін Жеңіс жауынгерлерін іздейді. Он мыңдаған сарбаздар бауырластар зираттарында дұрыс құрметпен жерленбегендіктен іздеушілерді күтуде, олар көп жылдардан кейін болса да жақындарына өздері жайлы хабар жетуін күтуде, ал олардың денелері барлық құрметпен жерленуі тиіс. Өйткені олардың барлығы есте сақталуға лайық, ұмытылып кетпеуі керек, олар әрқайсысы нағыз қаһармандар болғандықтан ізделуге және табылуға лайық.

Біз осы жинақта біздің батырларымыздың бір бөлігін ғана атап өттік.

Бұл жинақтың мақсаты – әрқайсысымыз өзіміздің батыр аталарымыз бен бабаларымызға көзқарасымызды аударып, Екінші Дүниежүзілік соғысындағы жерлестеріміздің ерлігін тағы да бір рет еске түсіру.

Біздің қаһарман батырларымызға қатысты ұлттық немесе басқа да ерекшеліктерге негізделген кемсіту деген ойдан аулақпыз. Штабтағы және партия басшылықтарының әділетсіздігі азаматтығы жоқ тұлғаларға, бәріне де әсер етті. Қалай болса да, бізге бұл қатені түзетуге тура келеді.

Күндердің күнінде әділеттілік орындалады және біздің батырларымыздың есімі мәңгі есте сақталады.

Олардың есімдерімен көшелер, мектептер аталады. Олар туралы фильмдер түсіріледі. Олар – біздің мақтанышымыз! Бұның оларға қажеті жоқ, бірақ бұл бізге және біздің ұрпақтарымызға қажет.

Керемет ерлік жасаған қаһармандардың ұмытылып кеткен есімдерін халыққа қайтару үшін мұны істеу керек. Өздерінің тікелей қызметтестері, олардың командирлері ерліктеріне бастарын иіп, оларға ең жоғары Батыр атағын ұсынды! Олардың ерлігі мәңгілік екенін және мақтаныш ету үшін біз білуіміз қажет. Ерлік ешқашан ұмытылмайды және ұмыт та қалмайды.

Әрине, бұл соңғы тізім емес. Әлі де құжаттар жоғалған көптеген ұмытылып кеткен батырларымыз бар, бірақ күндердің күнінде архивтерден алынатын болады. Біздің батырларды іздестіру жұмыстарымыз жалғасады, өйткені әскери шындық бар, қаза тапқан соңғы жауынгер жер қойнына берілмейінше, соғыс аяқталмайды!

[1] История Казахстана с древнейших времен и до наших дней. Т.4. А., 2009. С.499.

[2] История Казахстана с древнейших времен и до наших дней. Т.4. А., 2009. С.500; Герои Великой Победы – казахстанцы. 2 т. Астана, 2016.

[3] Герои Великой Победы – казахстанцы. В двух томах. Астана, 2016; Пернебай Дүйсенбин. Ұлы Отан соғысы: Қазақтан қанша батыр шықты?// «Егеменді Қазақстан», 07.05.2011.



БАТЫР АТАҒЫНА ҰСЫНЫЛҒАНЫН БІЛМЕЙ КЕТТІ



Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай республикалық ономастикалық комиссияның шешімімен көптеген майдангердің есімдері көшелерге берілді. Бұл игі іс жөнінде мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Қазақстан халқы Ассамблеясының» 30 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шарада атап өтті. Президентіміз: «Бірер күн бұрын менің тапсырмаммен республикалық ономастикалық комиссия елді мекендердегі 500-ден астам көшеге бұған дейін елеусіз қалған жергілікті қаһармандардың есімін беру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім – Ұлы Жеңісті, оған қатысушыларды қаншалықты қадір тұтатынымызды көрсететін маңызды қадам», – деп тарихи әділеттіліктің орнауына баса назар аударған болатын.

Президенттің тапсырмасымен көшеге есімі берілген қаһарманның бірі – шардаралық соғыс және еңбек ардагері, қадірменді ел ағасы болған Әбілқасым Жұматаев атамыз еді. Бұл қуанышты хабарды Әбілқасым атамыздың ұлы Марат ағамыздан естіп біз де қосыла қуандық. Дәлірегін айтсақ, ономастикалық комиссияның шешімімен Шардара қаласындағы жаңа тұрғын үйлер бой көтеріп жатқан учаскедегі №17 атаусыз көшеге Әбілқасым Жұматаевтың есімі берілетін болды.

Майдангердің ұлы Марат Жұматаев ағамызбен көптен бері аралас-құралас болып келеміз. Алмаш жеңгей екеуі тынымсыз тер төгудің арқасында отбасылық кәсіппен айналысып, өзгелерге үлгі-өнеге көрсетіп жүрген еңбекқорлығын кезінде бірнеше мәрте бұқаралық ақпарат құралдарында жарыққа шығарғанбыз. Ал, бүгінгі әңгімеміз ағамыздың әкесі Әбілқасым ата жайлы болмақ.

Осыдан бірер жыл бұрын Жұматаевтар әулеті ғаламтордан әкелері Әбілқасым ата туралы өте бір құнды құжат тауып алды. Тарихи құжатта 1944 жылдың 16 қыркүйегінде 134 Бердино дивизиясының 738 атқыштар полкының командирі, гвардия подполковнигі Федоров өз қолымен марапаттау қағазын толтырып, Әбілқасым Жұматаевты Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынған екен. Онда осы полктың 6-атқыштар ротасының сарбазы Әбілқасым Жұматаевтың ерлік істері баяндалған. Сол кезде небәрі 20 жастағы жерлесіміздің жанқиярлықпен соғысқан ерлігі бір парақ қағазда қысқа да нұсқа көрсетіліпті. Мұнда 1944 жылдың жазындағы екі шайқаста Әбілқасым аға көзсіз ерлік жасағаны баяндалады. Оның біріншісі осы жылдың 2 шілдесінде болады. Жаудың артиллериямен және әуеден жасаған соққыларына қарамай Ә.Жұматаев қаруластарымен бірге Висла өзеніне алғаш болып жетіп, керекті нысанды көздің қарашығындай қорғайды. Жаңбырдай жауған оқтың астында фашистердің 4 мәрте жойқын шабуылына тойтарыс беріп, тапсырманы абыроймен орындап шығады. Екінші ерлік оқиға 2 тамызда болған. Сол күнгі соғыста Әбілқасым Жұматаев бірінші болып окоптан шығып жаумен шайқасқа кіріседі. Оның артынан бүкіл рота көтеріліп, анталап келе жатқан жаудың бетін қайтарады. Біраздан соң немістер жаңа күшпен тағы шабуылға шығады. Бұл жолы пулеметтен оқты қардай боратқан Ә.Жұматаевтың қолынан көптеген фашист жер жастанады. Қайтсе де пулеметтің үнін өшіруге тырысқан жау жағы қазақ сарбазын жан-жағынан тықсыра отырып, тірідей қолға түсіруге тырысқан екен. Жан-жағынан андыздап келіп қалған жауға бұл да жалма-жан бірнеше гранатты лақтырып үлгереді де, қайтадан пулеметін сарнатып қоя береді. Сол ұрыста жерлесіміз жаудың 40 сарбазын жер жастандырып, хас батырға тән ерлік көрсеткен полк командирі нақты дәлелдермен баяндай отырып, марапаттау қағазын толтырыпты. Алайда, белгісіз себептермен Әбілқасым Жұматаевқа батыр атағы берілмеген.

Ұлы Отан соғысында осылайша ерлікпен соғысқан, кейіннен туған жерге оралып партия саласында жауапты қызметтер атқарған Әбілқасым Жұматаев ақсақалды шардаралықтар жақсы таниды. Біз де Әбекеңнің көзі тірі кезінде бірнеше мәрте тілдесіп, сұхбаттасқанбыз. Қоссейіт ауылындағы қара шаңырағында да, кейіннен аудан орталығында мемлекет тарапынан арнайы берілген жаңа үйінде де болып, қарт майдангердің соғыстағы және бейбіт замандағы өмір жолдарынан сыр шерткен әңгімелеріне қаныққанбыз.

Балалық шағы қиын-қыстау кезбен тұспа-тұс келген Әбілқасым ағамыз балалар үйінде біраз уақыт





тәрбиеленіп, ашаршылықтан аман қалғанын айтатын. Соғыс басталғанша Түркістандағы темір жол стансасында еңбек еткен бозбала 18 жасқа толған кезде өз еркімен ұрысқа аттаныпты.

– 1942 жыл өзіме ұқсаған өрімдей жастарды тиеп алған дәу қызыл вагон батысқа қарай жол тартып кетті. Бұрынғы Куйбышев қаласында арнайы жаттығудан өтіп, содан кейін барып ұрысқа кірдік. Калинин облысының Бердино селосында немістерді қоршауға алып жатқан өзіміздің әскерлерге барып қосылып, жаумен соғысуды бастадық. Мен 20 адамнан құралған барлаушылар взводында болдым, – деп сөз бастайтын Әбекең. Сөйтетін де ары қарай асықпай әңгімелей жөнелетін. – Қанды көйлек достарымызбен бір мақсатқа – жауды жеңуге жұмылдық. Үнемі алдыңғы шепте, өмір мен өлімнің ортасында жүргендіктен орыс, украин, белорус, өзбек, қырғыз бәріміз бауыр едік. Фашистер шегініп бара жатса да әр қаланы, деревняны оңайлықпен бере салмайды. Олар машина, танкімен шегінеді, біздер жаяу қуамыз. Беларуссияның Витебск қаласын немістер мықты қорғаныс жасап алып, берілмей қойғаны есімде. Сол кезде қызыл



Все графы заполнить полностью

НАГРАДНОЙ ЛИСТ

1. Фамилия, имя и отчество Джуматаев Абилкасим
2. Звание красноармеец 3. Должность часть Стрелок в стрелковой роты 738 стрелкового Краснознаменного полка 134 стрелковой Бердинской Краснознаменной дивизии
Представляется к званию Героя Советского Союза
4. Год рождения 1924 г. 5. Национальность казак 6. Партийность Кандидат ВКП(б) с 1944 года
7. Участие в гражданской войне, последующих боевых действиях по защите СССР и отечественной войне (где, когда) На фронтах Отечественной войны с 17.12.42 года
8. Имеет ли ранения и контузии в отечественной войне Ранен: 2.8.44 года, 1.9.44 года
9. С какого времени в Красной Армии с 15.9.1942 года 10. Каким РВК призван Туркестанским РВК Южно-Казахстанской обл.
11. Чем ранее награжден (за какие отличия) орден Слава 3 степени пр. № 051/н от 17.8.44 г. по 134 СВД – награда не вручена
12. Постоянный домашний адрес представляемого к награждению и адрес его семьи [redacted]

ДЛЯ ПОДШИВКИ

1. Краткое, конкретное изложение личного боевого подвига или заслуг

Тов. Джуматаев 29.7.44 года под артобстрелом и бомбежкой авиации противника с группой комсомольцев первым форсировал реку Висла и прикрывал переправу. Во главе горсточки бойцов он отбил 4 контратаки врага. 2.8.44 года в бою по расширению плацдарма первым бросился в атаку на врага и увлек за собой всю роту. Стремительным ударом враг был выбит и теряя убитых, бежал получив подкрепление немцы снова перешли в контратаку. Тов. Джуматаев подобрав на поле боя ручной пулемет, выбрал удобную позицию и стал ждать приближения немцев, когда они были на расстоянии 200 метров он открыл шквальный огонь, немцы откатились потеряв до 20 человек убитыми. Озлабленные неудачей, они решили окружить и взять в плен ручного пулеметчика Джуматаева. Немцы теряя убитых и раненых приближались к пулеметчику. Будучи раненым он продолжал бить врага и когда немцы были совсем рядом он забросал их гранатами в упор расстреливал из пулемета. Попытка захватить в плен нашего пулеметчика обошлась немцам очень дорого – 40 гитлеровцев нашли могилу на нашей земле.

Достоин присвоения звания Героя Советского Союза

Командир 738 стр. Краснознаменного полка
16 сентября 1944 г. Гвардии подполковник [illegible]

әскерлер жауды ұзақ уақыт текетіреспен, онда да қоршаумен ғана алды. Одан Украинаны жаудан азат етуге қатыстық. Польшаға өттік. Біздің взвод жауынгерлері атпен жүретін. Айналайын, жылқы малының қасиетін сол соғыста да көрдім ғой. Бірде алға қарай шабуылдап шауып бара жатқанмын. Бір биікке шыға келсем, алдымнан немістер оқ боратып қоя берді. Мұндайға тұлпарым әбден үйренгені сонша, жалт бұрылып жата кетті. Атымның ақылдылығының арқасында екеуіміз де аман қалдық. Міне, сізге Қамбар ата тұқымының қасиеті!...

Әбілқасым Жұматаев соғыста екі рет жараланыпты. Біреуінде минаның жарықшағы тиеді. Ұрыстың қайнап жатқан кезі болғандықтан медсанбатта кәдімгі пышақпен-ақ жараны тіліп жіберіп, дәрігерлер жарықшақты ап тастайды. Жас сарбаз жарасын таңып алып, қайтадан шайқасқа кіріп кете берген. Екіншісінде неміспен бетпе-бет келіп қалып, екеуі де бір-бірін атып үлгереді. Мұның дәл тигізген оғынан жау қайтып бас көтермейді де, өзі аяғынан жаралы болады. Госпитальда жатып аз уақыт емделіп, аяққа тұрған соң қайтадан майдан даласына аттанады. Польша мен Чехияны немістерден тазартып, Ұлы Жеңісті Прага қаласында қарсы алады. Алайда соғыс аяқталғаннан кейін де Европа елінде біраз уақыт аялдайды. Танк, басқа да соғыс машиналары шоғырландырылған механикалық корпуста әскери қызметін жалғастырып, кеңес жауынгерлерімен бірге жаудан тазартылған қалаларда тәртіпті ретке келтірумен айналысады. Тағы біраздан соң Берлин түбіне ауыстырылады. Демалыс күндері 40 шақырым қашықтағы Рейхстагты аралап келеді. Гитлердің үйін көреді. Басқыншылардың ордасы болған Рейхстаг қабырғасына «Я из Туркестана, Жуматаев Абилкасым» деп қолтаңбасын қалдырып кетеді.

– 1947 жылы Берлиннен елге қарай пойызға отырдық. Жолда бір ай жүрдік. Қазақстанға жеткенше сыр бере қойған жоқпын. Қасымыздағы жігіттермен ойнап-күліп, көтеріңкі көңіл-күймен келе жаттық. Шиеліден бері асқасын барып туған жердің лебі есе бастады. Сонадайдан мұнартып Әзірет Сұлтанның күмбезі көрінген кезде жүрегім дүрсілдей жөнелді. Жанардан ыстық жастың төгілгенін сезбей де қалдым. 42 жылы дәл осылай Әзірет Сұлтанға қарай-қарай батысқа жол тартып едім. Енді міне, аман-есен қайтып келе жатырмын. 5 жыл бойғы жат жердегі қиян-кескі шайқастың салмағы бар, туған жерге деген сағыныш сезімдер бар, барлығы жиылып келіп қос жанардан ағылып жатты, ағылып жатты, - деген еді Әбілқасым ағамыз.





Соғыстан оралған соң Түркістан қалалық атқару комитетінде жұмыс істеп, Киров аудандық партия комитетінде, одан облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы болып қызмет атқарады. 1953 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Жоғарғы партия мектебіне оқуға қабылданады. Партия мектебін бітірген соң Арыс-Түркістан каналы құрылысы партия комитетінің хатшысы, 1962 жылдан бастап Байырқұм, Овцевод, Сүткент, Восход кеңшарларында партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарып шығады. Соғыстағы жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз», III дәрежелі «Даңқ», I дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен марапатталды. Бейбіт өмірдегі жемісті еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденін және «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін иеленді. Шардара ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Жұбайы Қаламқас апа екеуі 2 ұл, 4 қыздан 20-ға тарта немере, он шақты шөбере сүйді. Әбілқасым атамыз 2012 жылы өмірден өтті.

Марат Әбілқасымұлы жоғарыдағы құнды құжаттың көшірмесін еліміздегі Қорғаныс министрлігіне жолдағанымен, ол жақтан ешқандай нәтиже болмағанын айтады. Ал, президент тапсырмасымен әкелерінің атына көше берілетінін естігенде үй-ішімен қатты қуанып отырғанын жеткізді. Марат ағаның жұбайы Алмаш жеңгеміз әзіз атасын сағынышпен еске ала отырып бір-екі оқиғаны айтып берген болатын.

– Әлі күнге атамды танитын кісілер кездесіп қалса, ол кісінің жақсы қасиеттерін айтып отырады. Бір отырыста ардагер ұстаз Жамал Төлешевамен қатар отырып қалдым. Танысып біліскен соң баяғыда мектеп директоры болып жүрген кезде оқушылармен мақта терімге барған шақтарын айтып берген еді. Бірде екі-үш оқушысымен жан-жағын қамыс басқан егістік алқапта келе жатып жолдан адасып кетіпті. Сонда бір «Уазик» көлігі анадайдан көздеріне түскен соң алдынан шығып тоқтатқан ғой. Ішінен еңсегей бойлы, ақ шашты, жүзінен мейірім шуағы төгілген бір үлкен кісі түсіпті. «Ағай, мына жол қайда апаратынын айтып жібермейсіз бе?» деп жөн сұрайды. Сонда ол кісі әзіл-шынын араластырып: «Барлық жол коммунизмге апарады» деп алып, бұларды көліктеріне отырғызып алып, діттеген жерлеріне жеткізіп тастаған екен. Сол кісі менің атам болып шығыпты. Тағы бірде қызметтік көлігімен құм ішіндегі шопандардың жағдайымен танысу үшін отар аралап шығады. Бір шопанның үйіне түсіп, тамақтанады. Алдарына табақ тартылып, ет келген кезде дәмнен бір ауыз тиген атамыз «келін айналайын, мына еттің бәрін орап салып берші, жолда жей саламыз» деп, еттің бәрін қалтаға салып

алып, қайта жол жүріп кетеді. Былай шыға бере көлік жүргізушісі атамнан «Әбеке, мұндайыңыз жоқ еді ғой, неге бұлай етті салдырып алып шықтыңыз» деп таңғалып сұрайды. «Е-е, айналайын-ай, әлгі келін ұялмасын деп жасаған амалым ғой. Өйткені табақтағы еті құрттап кетіпті. «Мынау тамағың бүлініпті» деп айтсам, ол әйелді үйіндегілердің бәрі ұрсады ғой. Сондай масқарасы шықпасын деп әдейі алып кеттім» деген екен. Сонда атам өзін емес, әлгі қойшының әйелін ойлап отыр ғой. Не деген көрегендік, адамгершілік десеңізші, – дейді Алмаш жеңгей.

Марат ағаның пайымдауынша Әбілқасым атамыз өзінің Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғанынан бейхабар болған. Әйтпесе, осындай болды деп айтуы керек еді. «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» деген осы болса керек. Сол бір сұрапыл шайқастағы жерлесіміздің ерлігі біздер үшін де зор мақтаныш.

Әділ ӘБДІРАМАНОВ,
Шардара ауданы.
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.





ЕСІМДЕРІ БЕЛГІСІЗ БОЛЫП ҚЕЛГЕН 34 МАЙДАНГЕР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ТАБЫЛДЫ

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқанымен бұған дейін белгісіз болып келген қазақстандық 34 майдангердің деректері табылды. Олардың барлығы майданға Шымкент қаласынан аттанып, елге оралмаған. «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігі жанынан құрылған іздестіру тобы сарбаздар туралы мәліметтерді Подольск және Саратов қаласындағы мұражайларынан тауып отыр. Одан бөлек жауынгерлердің көзі тірісінде қолданған заттары, төсбелгілері де табылған. Жалпы екінші дүниежүзілік соғысқа оңтүстіктен 140 мыңнан астам азамат аттанып, оның жартысынан астамы елге оралмады. Бүгінде олардың барлығының есімдері Шымкент қаласындағы «Даңқ» мемориалына қашап жазылған. Деректері енді ғана табылған 26 сарбаздың аты-жөні Жеңістің 80 жылдығында мемориалдағы жауынгерлер тізімін толықтырды. Қалған жауынгерлердің есімдері алдағы уақытта осында қашалып жазылатын болады.

Іздестіру тобы әлі де жұмысын жалғастырып жатыр. Сондықтан бұл тізім әлі де толыға түсетіні анық.

Арыс қаласы

1. Бердіқұлов Қожамқұл
2. Битеков Батыр
3. Қуатов Жамал

Бәйдібек ауданы:

4. Маханбетов Сейдахмет
5. Махамбетов Маулек
6. Махамбетов Мырхайдар

Қазығұрт ауданы

7. Абдирасулов Үсенбай
8. Кимелов Садық
9. Құрбанов Пернебай
10. Тасанбаев Егемқұл

Мақтаарал ауданы

11. Билалов Исраил
12. Телғозыұлы Үсіпбай
13. Уммаев Мухажир

Сайрам ауданы

14. Құлманов Бәкір
15. Муралиев Джорабой
16. Струев Филипп
17. Тұрғынбаев Сыпатай

Сарыағаш ауданы

18. Қойшығұлов Хамид

Созақ ауданы

19. Дурманов Рысқұл

Төле би ауданы

20. Балданбаев Өмірзақ
21. Мамытов Ермаханбет
22. Тәжібаев Әуезбай
23. Түймебеков Сәтемір
24. Түймебеков Тастемір

Шымкент қаласы

25. Джаламанова Айша
26. Жұманов Сарыбай
27. Мамашев Шалқар
28. Мишурин Яков
29. Салинбваев Құттыбек
30. Шахов Александр
31. Утешқалиев Жақсыбай
32. Халопов Александр
33. Хикметов Зият
34. Ходжаев Хусниддин

ҰШАҚ ЖАСАТҚАН...



Менің атам Қыдыр Мәмбетов (1885-1964 ж.ж.) Ұлы Отан соғысындағы жеңіске үлесін қосқан, тыл ардагері.

Ол 1885 жылы Оңтүстік Қазақстан өңірі, қазіргі Қазығұрт ауданында дүниеге келген. Ат жалын тартып, ерге қонған кезінен-ақ елге танымал болып, ағайынның ынтымағы мен бірлігін ойлап, жазықсызға араша, әлсізге пана бола білді. Тегі кедей, сауаты шала болса да ол кісінің өмірлік тәжірибесі терең болған, малды бағып, өсіруді жетік білген.

1928 жылы конфискациядан жиналған алғашқы бірнеше отар қойды Қазығұрт тауының етегіне айдап келіп, аға шопан ретінде белсенді еңбек етіп, «Күйік» кеңшарын құруға атсалысқан.

1931-1932 жылдағы ашаршылық кезінде ол өкімет өкілі Войниченкомен бірге ел аралап, ашыққан әр отбасына қолма-қол азық түлік таратып, Қазығұрттың шығысындағы «Жалпақсудан» Құркелестің Дарбазасына дейінгі, теріскейіндегі Әнгіратадан Бақыршыға дейінгі аумақта қоныстанған елдің жұттан аман қалуына қажырлы қайрат көрсетіп, өзінің парасаттылығымен, елжандылығы, ерен азаматтығымен танылған.

Тағдырына түскен қасірет пен қиындықтарды жеңе білген ел еңсесін көтеріп, шаруашылықтың да жағдайын түзей бастайды. 1939 жылы еңбегі жанып, ферма басқарушысы болып жүргенде Мәскеу қаласына бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне мал апарып, жүлдемен оралып, «Күйік» кеңшарының атын бүкіл одаққа танытты.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда майдандағы ерлікке елдегі еңбек пен қолдау көрсету мақсатында қарттардың, әйелдер мен жасөспірімдердің басын біріктіріп, жаңа «Амангелді» мал фермасын құру тапсырылады. Бұл тапсырманы да ол өзінің іскерлігі мен зор беделінің арқасында абыроймен орындап, биік көрсеткіштерге жеткізеді. Сонымен қатар, 1944 жылы маусым айында «Ұлы



Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесім болсын» - деп, өзінің жинақтаған жеке қаражатына бір ұшақ жасауға мемлекетке қайтарымсыз 500 мың рубль тапсырды. Атамның осы отаншыл іс-әрекетін Жоғарғы Қолбасшысы И.В.Сталин ерекше бағалап, өзінің алғысын 5 мамыр 1944 жылы арнайы алғыс телеграммасын жолдайды.

1947 жылы күзде Қыдыр ата артта қалған «Сталин» атындағы ферманы басқаруға жіберілді. Келген бойда ол мал шаруашылығымен қатар, қасиетті Ақбурадан арық тартқызып, су жеткізіп, егін өнімін арттырды. Асар ұйымдастырып, бастауыш мектептің ғимаратын тұрғызды. Бойындағы өмірлік кәсіби тәжірибесін, ақыл-кеңестерін мұра етіп, өзінің замандастарына және жас мамандарға бере білді.

Атамның қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, «Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен, сондай-ақ басқа да наградалармен және Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесінің Грамоталарымен марапатталды.

«Күйік» кеңшары ірі қой шаруашылығына айналды. Көп жылдар бойы ғылыми-селекциялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Австралиядан меринос қошқарлары әкелініп, нәтижесінде «Оңтүстік Қазақстан мериносы» – биязы жүн мен ет өндіру бағытындағы жаңа асыл тұқым шығарылып, шаруашылықтың даңқы әлемге таралды.

2008 жылы Қыдыр Мәмбетұлының Ұлы Отан соғысындағы жеңіске және шаруашылықтың дамуына қосқан үлесі ескеріліп, жергілікті тұрғындардың ұсынысы бойынша, бұрын өзі басқарған «Сталин ферма» елді мекеніне оның аты беріліп, қазір «Қыдыр Мәмбетұлы» ауылы атанды.

Ә. КӘРІМ,
Қазақстан Республикасы
прокуратурасының ардагері,
әділет генерал-майоры



МАЙДАН ДАЛАСЫНА ЖӘНЕ МАЙДАН ДАЛАСЫНАН ЖЕТКЕН ХАТТАР



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ХАТТАРЫ

Биыл жеңістің 80 жылдығы. Бұл оңай келген жоқ. Айталық, екінші дүниежүзілік соғыстың алдында республикамызда 6,2 миллион халық өмір сүріп жатты. Осылардың ішінен соғыс жылдары 1 196 164 адам қан майданға аттанса, еңбек армиясына 700 мың қазақстандық жіберілді. Академик Манаш Қозыбаев 1993 жылы 8 мамыр күнгі «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған мақаласында: «Еліміз көлемінде екінші дүниежүзілік соғыс жылдары 1,9 млн адам соғыс және еңбек майданынан табылды» деп жазады.

Соғыс басталған 1941 жылдың алғашқы жарты жылында елімізден 200 мың адам фронтқа аттанса, келесі 1942 жылы 632 134 жауынгер майдан шебінен табылыпты. Осы жылдары Қазақстанның ауыл-селолық жерлерінде тек соғысқа жарамсыз қарт адамдар мен әйел, бала-шаға ғана қалды. Осы жылдарға тән архивтік құжаттарда: «қазақ ауылдарында соғыстың алғашқы жылдары солдатқа жарамды адамдар түгел майданға аттанды» деген дерек бар.

Осы орайда айтпағымыз, осындай ел басына күн туған алмағайып заманда Қазақстан халқы майданға аттанған боздақтарына арнап 1943 жылдың басында Хат жолдайды. Бұл Хатқа: Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің Секретары Жұмабай Шаяхметов, Қазақстан К (б) П Орталық Комитетінің секретарі Николай Скворцов, КСРО орденді халық әртісі, Қазақ КСР Жоғарғы Советінің депутаты Күләш Байсейтова, жазушы Сәбит Мұқанов, халық ақыны Естай Беркінбаев, Қазақ КСР Халық Комиссарлары Советінің председателі Нұртас Оңдасынов, Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының председателі Әбдісәмет Қазақбаев, КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалы президиумының орденді председателі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, геология-минералогия ғылымдарының докторы Қаныш Сәтбаев, Ақтөбе облысының орденді атақты тарышысы Шығанақ Берсиев бастаған барлығы 2 631 506 адам қол қойыпты. Хаттың толық мәтіні «Правда» газетіне жарияланып, оның қазақша нұсқасы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1943 жылғы 7 ақпан күнгі санында жарық көріпті.

* * *

Адамзат тарихындағы аса үлкен қырғын екінші дүниежүзілік соғыс тарихынан кейінгі ұрпаққа мұра болып жеткен осы бір Хатта соғыс уақытының зар күйі мен қиын күндердегі халықтың жеңіске деген ынтасы баяндалады. Хат:

– Қазақстанның ардақты ұлдары! Құрметті балаларымыз, ерлеріміз бен туысқандарымыз! – деп басталып ары қарай: «Бұл хатты сендерге жүздеген жыл тар кезең, тайғақ асудан сансыз азаппен өтіп, бақытқа жеткен барлық халқың жазып отыр. Сондықтан, көзбен ғана емес, көкірекпен, еліңді, жеріңді сүйетін жүрекпен оқыңдар, туысқандар. Соғыстың қатал тағдыры қайда апарса, сол жерде оқыңдар, бұл Хатты!

Мұз теңізінің аралдарында, Карельяның гранитті шыңдарында, Кавказдың қар бүркенген тауларында, Смоленщинаның қалың ормандарында, Украинаның бұйратты белестерінде, қысқасы, қасықтай қандарыңды, қадірлі жандарыңды аямай қорғап жүрген қасиетті отанның қай бұрышында бұл хатты алсаңдар да, көз алдарыңа туған жерлерің Қазақстанды елестетіңдер» деп толғапты.

Одан кейін хатта қазақ халқы талай тар жол, тайғақ кешуді бастан өткергені хақында баяндалып, бірақ қазақ өмір сүруге құштар халық, оған күші де мол, еркі де зор. Бақытқа жету үмітін сан ғасыр сарғая көтергенде, оның белі талған жоқ. Сол іздеген бақытына қазақ халқы басқа да бауырлас халықтармен білек біріктіру арқылы жеткені турасында тебірене жазылыпты. Сонымен қатар, ежелден еркіндікке құштар халық неміс фашизмі сияқты қара ниетті жау жағаға жармасып, еркін елге бұрынғыдай құлдық қамытын қайтадан кигізіп, қайтадан азаптау, тағы да тұншықтырмақшы.

– Сондықтан, - дейді хатта: – Қазақстанның ардақты ұлдары! Жауды ол тілегіне жеткізбейтіндеріңе мұндағы туысқандарың – біз қалтқысыз сенеміз. Сендердің аттарыңды мақтана атап, күндіз естен, түнде түстен шығармаймыз. Майдан өлкесінде әрқашан көк жиектен көтерілген күнге қараңдар да, туған жерлеріңді еске алыңдар. Селеуі теңіздей тербелген Арқаның адырлы кең далаларын, алтын бұлағы сорғалаған Алтайдың асқар жоталарын, ақбас Алатаудың жеміске безенген сай-салаларын, соншалық кең, туған жерлеріндегі аталарыңның қасиетті қабірлерін, туған-өскен үйлеріңді көз алдарыңа келтіріңдер. Соларды жауға таптатпаймыз деп ант етіңдер!

Ардақты ұлдарымыз, туысқандарымыз! Қырыңдар жауды! Атқан оғың, сілтеген найзаң мүлт кетпесін! Жер алам деп келген немістер жер жастансын! Біздің жер – жаудың көрі болсын! Сендерді туған елің, – қазақ халқы атаңның мынадай нақылымен тәрбиелеген:





Бақыт, дәулет орнаса, ырыс қонады,
Ынтымағы еліңнің дұрыс болады.
Ұлың жауынгер болады,
Қызың қырағы болады,
Ағайын қоғам болады.
Бірі оған болса,
Бірі бұған болады.

Топтанып жау қашырады, - деп осы нақылда айтылған бақыт сыпаттарының бәрі де бүгінгі елімізде түп-түгел емес пе? - деп пафосқа толы үндеу тастайды.

* * *

Жалпы бұл хат расын айтқанда майдандағы жауынгерлерге рух сыйлағаны анық. Әсіресе, Ленинград қаласы үшін болған алапат шайқаста қала көшелерінде жыр алыбы Жамбыл Жабаев атамыздың «Ленинградтық өрендерім!» атты толғауы әрбір үйдің қабырғасында ілулі тұрды.

Хатта осы оқиға туралы былай деп баяндапты: «Жамбылдың данышпан сөздері түн ішінде Ленинград баспаханаларында басылып болып, таңертең көше біткенге ілініп те қалды. Әйелдер тоқтай қалып оқып, жылап жіберетін еді. Майданға кетіп бара жатқан еркектер ақын сөзін қойны-қонышына тығып әкетеді екен.

Қаласы қамауда тұрған жұртқа данышпан ақынның аузымен бүкіл байтақ ұлы ел «Біз сендермен біргеміз», деді.

Біздің елде өз отанын сүюдің берік негізі – халықтар арасындағы мызғымас берік достықта. Осы күні біздің қазақ Ленинградтың зәулім сарайларына қарап, мол сулы Нева мен Солтүстіктің мүлгіп мұнартқан қалың орманына қарап, не тіпті, сонау Қиыр Шығыстың шоқыларына қарап: «Бұл – менің жерім, бұл – менің отаным. Ағайын, туған, көршілер, менің не барым сендердікі, сендердің не бары менікі» – деп әбден айта алады».

* * *

Хаттың мазмұны құрғақ ұран, жалаң сезімдерге құрылмай, арасында бұрынғы өткен батыр

бабаларымыздың ерлік істері жайлы да баяндауды құп көріпті. Хатта: - Қазақтың ардақты ұлдары, - дейді. – Бұдан 500 жыл бұрын жасаған қазақтың атақты батыры Орақұлы Қарасайдың ерлік оқиғасы сендерді ерлік істерге және жеңіске шақырады. Елін, жерін басып алуға келе жатқан жауға қарсы аттанғанда, кейбір қорқақтар «қашайық» деп үрейленгенде 15 жастағы Қарасай батыр былай деп толғапты:

Астымдағы көк бұйра ат,
Қанатым менің болсын деп,
Қымбатқа алып мінгенім,
Үстімдегі көк сауыт.
Кебінім менің болсын деп,
Үстіме алып кигенмін.
Солқылдаған ақ найза,
Басыма сайғақ болсын деп,
Оң қарыма ілгенмін.
Мен анамнан туған күн,
Өлерімді білгенмін.
Не қылғаным қайтқаным,

Жанды құрбан айтқанмын... – деп, жаудан жасқанбаған Қарасай батыр өлемін деп емес, өлтіремін, жеңемін деп аттанған емес пе еді? Ол соңына ерген топқа:

Төсегіме төрт кісі,
Жастығыма бес кісі,
Қылышыма қырық кісі,
Найзамның ұшы жүз кісі,
Мылтығыма мың кісі,
Мың сан болсын, мың болмай,
Осынша қырмай, басылман.
Кеудеден кетер жан үшін,
Жерге тамар қан үшін,





Бойымды жаудан жасырман – демеп пе еді!

Бұл жалғыз Қарасай батырдың ғана сөзі мен ісі емес, Қарасайдан 200 жыл бұрын жасаған «ел қамын жеген Едіге» батырдан бастап, халық батыры Аманкелді Имановқа дейінгі барлық қазақ батырларының сөзі мен ісі осы болатын...

* * *

Батыр аталарың «жаным – арымның садағасы» дейтін. Советтер Союзының Геройлары – Қосаев, Есболатов, Қожабергенов, Сеңгірбаев батырлардың үлгісі мен асқан ерлік істері, майдандағы қазақ жасы, – сендерге, «саны көп деп сескенбе, қаруы көп деп тайсалма!» дейтін аталарыңнан қалған мұра.

Тұтқынға түскен бір фашист былай депті: «Біз шабуылға көшіп едік. Бір қоңыр түсті жауынгерлер бізге қарсы ұмтылды. Олардың аянбай ұмтылып, қасарып алысқандары сонша, біз шыдай алмадық. Бізге бір үрей пайда болды да, кейін шегіндік. Кейін бізбен жағаласқандар қазақтар екенін айтты. Бұл дүниеде мұндайда қорқа білмес ер ел барлығын біз бұрын білмейтін едік».

Я, фашистер бұрын білмейтін, бірақ, енді мерген көздің қалай көздеп, қалт етпес қолдың қалай атарын, қазақтың кім екенін жақсы білетін болды олар. 227 фашисті жалғыз қырған дала қырғиы сержант Әбдібековтың, гвардия подполковнигі Момышұлы мен Советтер Союзының Геройы Мәлік Ғабдуллиннің аттарын естігенде, жаудың төбе шашы тік тұрып, зәресі ұшады. Бұл екеуі жауынгерлерді соңдарына ертіп алып, немістік қаратүнек қалың қолының ортасын қақ жарып өтіп, 17 күн жүріп, өз бөлімдеріне қосылған. Үсті-бастары арандай қаруланған үш фашистпен жалғыз алысқан жауынгер Расуловты да атай аламыз. Ол жараланған бойы алыс салып, тұтқынға түспей, қоршауға алған үш немістің бірін атып өлтіріп, біреуін жарып өлтіріп, енді біреуін жанбасқа ала көтеріп алып өзенге тастап жіберген.

Біз бұл арада арғы аталары құралайды көзіненататын, темір шынжырды жіптей үзетін қазақ балаларының бүгін жауды қалай ұрып жүргендіктерінің талай үлгісін келтіре алар едік.

Орта ғасырдың оқымысты жиһанкезі Карпини қазақ даласын көргеннен кейін күнделік дәптеріне сақтандыру сияқты мынадай бір нәрсе жазған: «Бұл даланың халқы жау көрсе бассалады, садақтан оқ жаудырады, қырып болмай тынбайды. Мұны жұрт біліп қойсын». Мұны немістер де ұмытпасын! Бостандығын ерекше сүйетін қазақ халқының батыр ұлдары отанына тиген жауды құртпай тынбайды.

* * *

Қымбатты жауынгерлер! Сендер жаумен алысып жатырсыңдар. Өз күштеріне еркін сенесіңдер. Бірақ, арқаларыңды тірегендерің ұлы отандарың екені – күштеріңді үстеп, еселей берсін.

Сарыарқа деп аталатын сол жердің таулары мен далаларынан жерде қандай металл болса, соның бәрі түгел табылады.

Шымкент қорғасын заводынан үлкен завод Еуропада жоқ. Қарағанды көмір қоры қазір КСРО-да екінші орын алады. Оның көмірі отанымыздың ондаған заводтарын жемдеп тұр. Қатерлі кезең, мынау ұлы соғыс тұсында Қазақстан не барын майданға беріп жатыр. Бұл сырды Жамбыл қарт былай деп жырлайды:

– Қаратау тола қорғасын,
Көкшетауда қалың мал.
Алтайым жатыр алтын жал.
Қаптағандай күміспен
Шымкентте өскен мақталар.
Қарасам көзім жетпейді
Толқыған шексіз егінге.
Балығы тайдай тулаған
Көлдеріңде, теңізде.
Күні, түн поезд ағылған,
Тиелген қара көмірге.
Өзендей тасып мұнайым
Ағады сыймай өңірге.
Ас пен оғым жетеді
Залым жауды жеңуге.

* * *

Сирек кездесетін металдардың Қазақстан жерінен шығып жатқандарын танктің бронінде, зеңбіректің мойнында, пулемет пен мылтықтың өңешінде, соғыс кемелері мен самолеттердің денелерінен көресің.





Бұл соғыс – мотор соғысы. Бензиннің жақсы түрлерін, әуе кемесінің моторларына керекті жақсы майларды біздің Ембі мұнайы беріп отыр. Қазақстанда мұнайлы жер жарты миллион шаршы километрлік көлемде деп есептеледі. Еділдің сағаларынан басталады да Үстірттің қызыл қырқасына дейін барады. Каспийдің жағасынан басталады да, сыртқа барып тіреледі. Бұл жердің астында жатқан сұйық алтынның есебі жоқ. Жүз мыңдаған тонна мұнайды Ембі осы күні-ақ беріп отыр.

* * *

Мұндағы ата-ана, аға-іні, апа-қарындастарың да босағада қол қусырып, құр мұңайып, құр қобалжып, босқа отырған жоқ. Олар жаппай соғыс білімін үйренуде, олар заводтарда, шахталарда, егіс үстінде. Олар бұрынғы сендердің істеріңді істеп, орындарыңды ойсыратпай жүр. Ешбір станокты аңыратып жетім қалдырған жоқ. Бір трактор, я бір соқа қалған жоқ далада.

Қазақтың ұл-қыздары аянбай, талмай, ерінбей, жалықпай сол майданда жүр. Жәкен Мұқанов та шахтерлермен жарысқа түсіп, забойда жүр. Ол ерекше еңбегі үшін орден де алды.

Кеудесінде Ленин ордені жарқырайтын Шығанақ Берсиев төрт ұлын майданға жөнелтіп, өзі дамылсыз еңбегінің арқасында бір гектар жерден 1200 пұт тары алып отыр. Өздерің білесіңдер, бұл күнге дейін жер бұлай мейірленген емес қой. Лениногор руднигіндегі бұрғышы Хайдиннің бір сменада берген рудасын революциядан бұрын Риддердің бар рудниктері бір күнде бере алмайтын еді.

Иіріліп жатқан алтын мая астықтар, аппақ күріш, ақмамық мақта, майдандағы жас, сендер үшін, біздің жеңіс үшін!

* * *

Есепсіз мал қысқы жайлауда семіріп жатыр. Жамбыл облысындағы бір ғана «Мойынқұм» жайлауында жарты миллион мал жайылады. Соңғы бес жылдың ішінде малдың саны бұрынғыдан үш есе артты. Соғыстан бергі уақыттың ішінде үш миллионнан артық мал қосылды. Ет, май, жүн, тері заттарын біздің Қазақстан барған сайын үдете беріп отыр. Қызыл кавалерияға әрі берік, әрі жүйрік аттарымызды жіберіп жатырмыз.

Алыстағы елдерің сендердің майдандағы ерліктеріне осылай жауап беріп отыр. Жауға тиіп жатқан тас шоқпарды осылай қос қолдап бірге сілтесіп жатырмыз.

Қазақ әйелі қашаннан да батыр ерінің жан жолдасы, сенімді серігі болатын.

Қазақтың әйелдері сыбанып жіберіп Қарағандының шахталарына түсті, комбайн тізгінін қолдарына алды, өріс толы төрт түлікке де өздері бас, өздері көз. Әйелдер бригадаларының еңбекте ерлікпен озып алған қызыл тулары желбірейді.

Жауынгер! Туған анаң, сүйген жарың, қара көзді қарындастарыңның айнымас аманатын ұмытпа:

Жеңіп қайтсаң жауыңды,
Анаңның жарық күні – сен.
Жеңе алмасаң жауыңды,
Жер жастанғыр қорқақтың
Тумай кеткір бірі – сен!

* * *

Біз, қазақ елі, қоқақтық дегенді білген емеспіз. Егер де орталарыңнан қорқақ шықса, беттескен жаудың алдында босаңдық етсе, ондайларға туған ел қарғысын ғана арнайды. Туған анасы теріс батасын береді, сүйген жары теріс айналады. Қорқақ – өз баласы мен өз анасының, өз жарының жендеті. Оның сыбағасы өлім ғана.

Қазақ ұлы! Жаудың есін жидырмаңдар! Аямай соғыңдар жауды, соңғы демдерің тоқталғанша, тамшы қандарың қалғанша соғыңдар! Қолдан қуат, буыннан әл кеткенше соғыңдар, дұшпанды! Жеңілу қорлығынан алысып өлген артық!

Қуаныш пен рахатты күштілер ғана әкеле алады. Осы күш біздің бойымызда, осы күш біздің армиямызда.

Қазақстан ұлдары! Майданнан ылғи жақсы, ылғи қуанышты хабар келеді. Кавказ тауларының қияларында, Еділ бойында, Дон далаларында, Ленинград жанында жауға үстей-үстей ауыр соққылар беріп жатыр.

* * *

Майдандағы қазақ жауынгерлері! Сендердің талай асқан ерліктеріңді естігенде, төбеміз көкке тие мақтандық. Сендердің ерліктерің, жауға жасаған шабуылдарың, туған елдерің Қазақстанды бір көтеріп тастады. Халық майданға таңдаулы ұлдарын жібергенін қуанышпен мақтан етеді.

Бірақ бұл соңғы айқас емес екенін де жақсы білеміз. Шойнаңдаған жаралы айуан әлі де арпалысады, оған қайтадан бас көтертпеу үшін бір емес, мың соққы беруіміз керек! Жау басына жасын болып





түсіңдер! Барлық ашумен, кетпес кекпен қаһарлана соғыңдар!

Сіздердің майдандағы шабуылдарыңа біз елдегі ерлік еңбектерімізбен жауап береміз. Майданға қарай ағылған поездар жүрісін тездете түседі. Шахтадан шыққан көмір мен металл арта береді. Жүздеген өндірістер планнан тыс миллиондаған сомдық өнім беруде. Қызыл тулы Ескене мұнай промыселы жақында тәулік программасын екі жарым есе артық орындады. Бұл Ембі мұнайшыларында бұрын болмағанды. «Майқайың» алтын кендерінде қымбатты металл өткен айлармен салыстырғанда екі есе артық өндірілді. Отан қорғау заводтары Қызыл Армия үшін қару жарақ пен оқ-дәріні күн сайын планнан тыс беруде.

Қазақстанның колхозшылары Тамбов колхозшыларының патриоттық үлгісімен «Қазақстан колхозшысы» деген жойқын бір танк колонналарын жасау қорына 371 миллион сом қаржы берді, әлі жинап жатыр.

* * *

Қымбатты жауынгерлер! Сендерге жәрдем үшін жүздеген, мыңдаған колхозшылар, колхозшы әйелдер барлық тапқан-таянғандарын түгел беруде. Сіздер бұл сияқты тамаша адамдарды жақсы білулерің қажет. Олар: Бөкенбаев Оразбай, Қаратал ауданындағы «Қызыл бұлақ» колхозының председателі, ол танк колоннасын жасау қорына 300 000 сом берді. Меңдіқара ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының председателі Қозыбаев – 190 000 сом берді. Обаған ауданындағы «Коммунистер советі» колхозының трактористі Байжанов Сафи – 170 000 сом берді, Теңіз ауданындағы Карл Маркс атындағы колхоздың председателі Қадиша Исқақова – 175.000 сом берді. Шаян ауданындағы «Ақбастау» колхозының председателі Беласарова – 167 000 сом берді. Шаян ауданындағы «Ақтас» колхозының председателі Оңдасынова Бектай – 166.000 сом берді, Түркістан ауданындағы «Бірлік» колхозының председателі Жүсіпов Әбдікәрім – 165.000 сом берді.

Қызыл армия үшін күн сайын колхозшылардан, колхозшы әйелдерден мың пұттан астық, ет, май, тағы сондай ауыл шаруашылық азық-түліктері үздіксіз құйылуда. Ұзамай-ақ, мыңдаған алып танктердің арасынан өздеріңнің ата-ана, әйелдерің мен апа-қарындастарыңның қаржыларына жасаған танктерді көресіңдер.

Қазақстанның байтақ даласын жайқалған егінге толтыруға серт береміз, бауырлар. Түгін тартсаң, майы шыққан төрт түлікке толтыруға серт береміз, бауырлар. Қарағандының көмірі мен Ембінің

мұнайын майдан қанша тілесе, сонша береміз. «Қасарысқан жауыңа, қанды көбік жұтқызу» үшін қанша қорғасын, қанша мыс керек болса, сонша береміз.

* * *

Жеңістің ұлы күні жақындап келеді. Фашизмнің өлімін жақындату үшін бар күшті қос-қабаттай жұмсаңдар. Сағынған аналарың мен жас жарларың, үйдегі жас бөбектерің сол күнді асыға күтеді. Қуанған жүректер бірге соғар, қуанған көздер бірге жылар күнді күтеді. Үлкен бақыт күні біздің елдің үстінде. Барлық әлем, бар адамзат сендердің ерліктеріне бас иіп, мадақтап, босанған дүние демін еркін бір ала алатын болады.

Сол күндерде біздің жер бұдан да бетер құлпырар, ел тұрмысы қайта жайнап, сәулетті өмір қайта орнар. Көңіл күйі көкке өрлер, бауырлар!

Тапжылмас табанды, қайыспас қайсар болыңдар. Туысқан орыс, грузин, украин, қырғыз, беларус, өзбек ерлерімен, ұлы совет елінің барлық халықтарымен қол ұстаса, жұп жазбай бірге қимылдаңдар!

Отан ұстатқан ерлік туларын қор етпеңдер! Бұл тулар жауынгерлік ардың, еліңе біткен ерліктің, атаңнан қалған даңқтың белгісі.

Біздің барлық жүйе тамырларымыз тек қана жауға деген кекпен соғатын болсын.

Жауынгер! Қолыңа берген қаруды жұмсай біл. Украина мен Белоруссиядағы, Дон мен Балтықтағы бауырларыңды жаудан тез айырып алуға асық. Сол үшін ұмтыл! Көз жасын булап еңіреген аналар мен балалар даусын сен естимісің? Сәулетті, сәнді қалаларыңды жау аяусыз өртеп жатқанын көремісің? Қасиетті жеріңді дұшпанға әлі де таптатамысың?

Қазақ халқының әрі атақты батыры, әрі атақты ақыны Махамбет Өтемісұлы бұдан жүз жыл бұрын жауынгерлердің міндеті – «қасарысқан жауына, қанды көбік жұтқызу!» – деген болатын.

Басқыншылардың сазайын аяусыз тартқыз! Сескенбе, қорықпа өлімнен! Жауынгер үшін – өлім жоқ! Біз жеңуге тиіспіз! Біз жеңеміз!

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ
Qazaqstan tarihy порталы





МАЙДАН ДАЛАСЫНАН ЖЕТКЕН ХАТТАР

Өткен ғасырдың қырқыншы жылдары күллі әлемді шарпыған екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаны және кеңестік қызыл армияның жеңіске жеткеніне 80 жыл. «Егемен Қазақстан» газетінің 1993 жылғы 8 мамыр күнгі санында жариялаған академик Манаш Қозыбаевтың мақаласында, осы бір қан майданға республикамыздан 1 196 164 адам қатысса, осылардың 400 мыңға жуығы туған топырағына қайта оралмады депті.

Бақандай төрт жылға созылған қан майдан кезінде фронтқа аттанған қазақ жауынгерлері соғыс шебінен артында қалған ел-жұртына, туған-туысына, халқына жалынды жауынгерлік сәлемдерін хат арқылы жолдайды. Осы хаттардың бір сыпырасы республикалық басылым «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланып, оны күллі ел оқиды. Осы хаттардың көбі «Ел үшін, бақытты өмір үшін құрбан болсам, арманым жоқ» деп аяқталыпты.

«Кешегі күн, болашақ тарих» дегендей жеңістің 80 жылдық даталы тойы қарсаңында портал майдан шебінен жолдаған хаттармен таныстырмақпыз. Өйткені бұлар жай бір хаттар емес, қазақ тарихында орны зор тұлғалардың қолтаңбасы қалған жәдігерлер.

ҚАһАРМАН БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ХАТЫ

«Соғыс адамдарды азайтады, бірақ батырларды көбейтеді» деп, атақты ұшқыш, Совет Одағының үш дүркін батыры Александр Покрышкин айтқандай, екінші дүниежүзілік соғыста ерлігімен танылып, есімі әйгіленген қазақ батыры сол тұста Солтүстік-Батыс майданы гвардия атқыштар полк командирінің орынбасары – капитан Бауыржан Момышұлы, майдан даласынан туған халқына және Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретары Скворцов жолдасқа сәлемхат жолдапты. Бұл хаттың мәтіні «Социалистік Қазақстан» газетінің 1942 жылғы 1 сәуір күнгі санына жарияланған екен.

Батыр атамыз осы сәлемхатын: «1942 жылғы 4 январьда Қазақстан делегациясының председателі, КК(б)П Орталық Комитеттің қызметкері Қабылбаев жолдас менімен әңгімелескенде, біздің дивизияны толықтыратын әскерлерді іріктеп алуға сізді айрықша қатынасып отырғаныңызды айтты. Бұл әңгімеден бірнеше күн өткеннен кейін бізді толықтыруға жаңа күштер келді. Мен оларға ерекше көңіл

бөліп, жаңа келген жауынгерлерді бөлімшелерге таратуға қатынастым. Жасыратыны жоқ, бұлар ол кезде маған ұнамады. Стройда болмаған, икемділігі кем, өздері өте жас, алғашқы ұрыста-ақ қояннның көжегіндей жан-жаққа қашып кете ме деп ойладым. Қысқасы, жаңа келген жауынгерлермен бірінші ұрысқа шыққанға дейін мен ішімнен қауіптеніп жүрдім. Оларды даярлауға бізге тек бір апта уақыт берілді. Бұл уақыттың ішінде біз олармен әбден түсінісуге үлгере алмадық, ұйымдастыру мәселелерін үнемі асығыс шешіп отырдық. Бізге өте қиын, жауапты жауынгерлік міндет жүктелді. Солтүстік-Батыстың ызғарлы қысы жағдайында қырық градус аязда жолсыз ережелермен ұзақ жол жүріп, қиын жорық жасауға, майданды бұзып өтуге, гитлершілердің тонаушы армиясын тұтас армиялық топтарын бөліп алып, Қызыл Армияның басқа бөлімдерімен бірге күш қосып, оккупанттарды қоршап, құртуға тура келді» деп бастаған екен.

Баукеңнің хатында майданға соғыс салуға келген қазақ жігіттерінің жауынгерлік икемділігі нашар екені айтылыпты. Осы арқылы Қазақстан билігіне фронтқа жіберген солдаттарды арнайы дайындықтан өткізіп, шынықтырып барып, соғысқа салуды ұсынады. Өйткені, дайындықсыз келген ауыл адамдары жан беріп, жан алысқан шайқаста шыдас беруі екіталай. Тіпті, өзінің қорғаныс шебін тастап, қаша жөнелуі әбден мүмкін. Мұндай жағдай туындаса, хат иесі Бауыржан Момышұлы айтқандай, абыройсыздыққа тап болып, қазақ халқының атағына дақ салары хақ.

Ары қарай батырдың хатын жүйелеп түсіндірер болсақ, майдан шебіне табан тіреген қазақтар тез ысылыпты. Құлағының түбінен оқ ысқырып, зеңбіректен атылған мина дүниені төңкеріп күрс-күрс жарылып жатқан жағдайда жаны бар пенде ширамай қайтпек.

Жаңа келген жауынгерлер жолсыз жермен шеру тартып, күртік қарды кеше отырып, дұшпанның жерден және әуеден жаудырған оғы астында, 200 шақырым ілгері басқан екен. Нәтижесінде, 62 деревняны фашистердің тепкісінен азат етумен қатар, екі мың жаудың көзін жойыпты.

«Біздің бөлімше дұшпаннан 125 автомат, 13 танк, 16 зеңбірек пен миномет, көп оқ-дәрі, азық-түлік, соғыс жабдығын және басқа көп қару-жарақ қолға түсірді. Бұл кескілескен қатты ұрыстарда Қазақстанның ұлдары неміс оккупанттарға қарсы қалай күресіп, оларды қалай рақымсыз күйрету керек екенін тағы да айқын көрсетті. Өздерінің сүйікті социалистік отанына, өздерінің халқына, шын берілгендіктің үлгісін көрсетті. Біз Қызыл Армияның шын жауынгеріне, совет патриотына лайықты асқан ерлікпен, жан аямай соғыстық, батырлықтың, жүректіліктің үлгісін көрсеттік – дивизияның





командованиесі біздің жауынгерлік қимылдарымызға осындай баға берді. Мен талай ұрыстарға қатысқан командирмін, сондықтан біздің жауынгерлердің командирлер мен саяси қызметкерлердің командованиеден ондай зор баға алуға лайықты жауынгерлік қимылдарын өз көзіммен көрдім. Сіздер жіберген жас жауынгерлер менің алғашқы қауіптенгенімдей болмай шықты, олар негізінде өздерін жақсы ұстап, ерлік, жүректілік, батырлық көрсетті. Жас жауынгерлер асқан күшті жігермен, жас қырандардай тайынбай ұрысқа ұмтылды» деп жазады батыр атамыз өзінің хатында.

Одан кейін батыр Баукең өз қолымен жазған хат мәтінінің ортасын ойып «Жарайсың, жігіттер, жарайсың, қазақ ұлдары» деп тақырып қойып, ұрыста ерлік көрсеткен жауынгерлердің іс-әрекетін тәпіштеп баяндайды. Атап айтқанда, майданға жаңа келген жас жауынгерлер – Лениногорск жұмысшысы Батталов Жұмажан, Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданындағы Сталин колхозынан Егенбердиев Жалынбек екеуі ерекше ерлік көрсетіп, үкіметтің наградасына ұсынылғаны жайлы баяндайды.

«Әсіресе, Лениногорск жұмысшысы гвардеец қызыл әскер Төлеген Тоқтаров үздік ерлік көрсетті. Ол ұрыстардың бірінде батыр өліммен қаза тапты. Біз Төлегенді үкіметтің ең жоғары наградына – Ленин ордені мен Советтер Союзының Геройы атағын беруге ұсындық» депті Бауыржан батыр.

Жоғарыдағы ұсыныс командавение тарапынан қолдау тауып, 1943 жылы 30 қаңтар күні КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен қазақ азаматы Тоқтаровқа «Совет Одағының Батыры» атағы берілгенін білеміз. Осы орайда, бұл іске Б.Момышұлының қатысы барын көпшілік қауым біле бермейді.

Баукең сәлемхатының соңын: «Басқа жауынгерлердің жауынгерлік, ерлік істері туралы жазуға уақыт жоқ, бірақ мәңгі өшпейтін атаққа ие болған 28 геройлар сияқты басқа жауынгерлердің де ерліктері біздің полктың даңқты тарихынан көрнекті орын алды. Қысқасынан айтқанда, Қазақстан бізге тамаша гвардеец жауынгерлер бергені үшін алғыс айтамыз» деп аяқтапты.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИННІҢ ХАТЫ

Биыл туғанына 110 жыл (15 қараша) толғалы отырған майдангер – ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллинде майдан даласынан

1942 жылы шілде айының басында майдандас серігі жауынгер – фельдшер Ермеков Ербатырдың ерлік ісін баяндап тыл еңбекшілеріне хат жолдаған екен. Бұл үшбу сәлем «Социалистік Қазақстан» газетінің 1942 жылғы 5 шілде күнгі санына жарияланыпты.

Бұл тұста Мәлік Ғабдуллин әлі батыр атағын алмаған кезі. Ол Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия құрамындағы әскери бөлімде саяси жетекші (политрук) қызметін атқарып жүрген екен. Осы жазған хатынан алты айдан кейін, Мәлік ағамыз Новгород облысына қарасты Холм қаласы үшін болған ұрыста көрсеткен ерлігі үшін 1943 жылы 30 қаңтар күні «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілгенін білеміз.

Енді батыр ағамыз жазған хатқа қайта оралсақ, тақырыбы «Әрі дәрігер, әрі жауынгер» деп қойылыпты. Мақала бас кейіпкері жоғарыда айтқанымыздай күллі жауынгерлер «дядя Боря» атап кеткен фельшер Ербатыр Ермеков. Бұл кісі 1916 жылы туып, Ресейдің Приморье өлкесінде 1938 жылы шілде-тамыз айларында болған «Хасан көлі» қақтығысына қатысып, «За победу над Японией» медалымен наградталған адам екен.

Мәлік аға өзінің мақаласын: «Ербатыр жауынгерлермен бірге бірнеше рет атакаға шыққан, көк найзаны көлденең ұстап жапон самурайларына жол бермеген. Шабуыл үстінде жауынгерлерге айбынды міндетті түсіндіріп, жаралы жолдастарына қамқорлық жасап, жәрдем көрсетіп отырған. «Дядя Боря» деген ат оған сол кезде қойылған. Ұлы Отан соғысы басталып, совет жастары майданға аттанғанда Ербатыр да майданға шықты. Полковник Капров жолдас бастаған әскери бөліміне алынды, батальонның санитар взводына командир болып тағайындалды. Ербатыр тек жаралыларға жәрдем көрсету міндетін атқарып қойған жоқ. Ол, қолына қару алып, шабуылға талай рет бірге шығып жүрді. Ербатыр әрі дәрігерлік, әрі жауынгерлік міндетті қабат атқарып жүр» деп бастапты.

* * *

Ары қарай батыр атамыздың хатын жүйелеп түсіндірер болсақ, желтоқсан айының алтысы. Мәскеу маңы. Фашистер ел астанасының іргесіне төніп келеді. Таң ағарып атып келеді. Аспан толған әскери ұшақ, жер қайысқан танк, зеңбірек ұнғысынан атылған снарядтар астаң-кестең жарылып жатыр. Яғни Мәскеу үшін шайқас осылай басталыпты.

Кеңес жауынгерлері шабуылға шықта. Қолдарында бесатар, жосып барады. Соның бірі санитарлар



взводының командирі – Ербатыр Ермеков. Жараланған жауынгерлерге көмек көрсетумен қатар, он шақты фрицтің көзін жойыпты.

* * *

Бір күні түс кезінде, жаудың жеті ұшағы кеңес жауынгерлері бекінген деревняны бомбалайды, бірнеше үй өртеніп кетті. Ең шеткі үйде санпункт екен. Онда жиырма шақты жаралы бар. Олар:

– Дядя Боря тез кет! Біз онсызда жаралымыз, сен аман қал! – дегенде Ерекең ердің сөзін сөйлеп: «Өлсек, бірге өлеміз саспаңдар» деген екен. Бұлардың бақытына қарай санпункт тұрған үй аман қалады.

«Жау өзінің қашу жолында деревняларды, селоларды өртеп кетіп бара жатыр. Жаралыларға жылы жай керек. Егер батальон бір жерде 4-5 күн тоқтайтын болса, дядя Боря жылы үй жасап алады. Ал, аз күн тоқтайтын болса, палаткадан үй жасап, екі жерден темір пеш орнатады. Мұның бәрі ағаш үйден жылылығы артық болмаса, кем болмайды... Ербатыр күн сайын 10-15 хат алып тұрады. Оған көбінесе госпитальдарда емделіп жатқан жігіттер жазады. Бәрі де алғыс айтып: «Дядя Боря, көп жаса!» деседі. Иван Дмитриевич Пашнин деген сержант былай деп жазады: «Дядя Боря! Сізге айтар алғысымда шек жоқ. Қалшылдаған қысқы аяз үстінде мен жаралы болдым, бірақ сіздің көңіл бөлуіңіздің арқасында жазылып келем. Жақында сауығып шығам. Қайтадан өз полкіме барып, бәріміз қайтадан жауды қиратамыз!» дейді. Дядя Боряның жауынгерлік еңбегі бағаланды, ол наградқа Қызыл Ту орденін алды» деп мақала аяқталыпты.

ҒАЛЫМ КӘРІМ МЫҢБАЕВТЫҢ ХАТЫ

Бұл жолғы хат иесі – Ленинград халық ополчениесінің жауынгері, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, Ленин атындағы Ғылым Академиясының докторанты Кәрім Мыңбаев екен. Бұл кісі ол тұста Ленинград қаласында бүкілодақтық өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқып жатыпты. Қала тұрғындарымен бірге қаланы жаудан қорғау ісіне бір кісідей ат салысқан екен. Кейін бұл кісі қоғам қайраткері, биология ғылымдарының докторы атанып, еліміздің ауыл шаруашылығының дамуына зор үлес қосты. Бір өкінерлік дүние – таланты ғалым 1948 жылы 42 жасында өмірден өткені.

Кәрім Мыңбаев елмен бірге Ленинград блокадасын құрысып жүріп, әрбір үйдің бұрышына ілінген, сол арқылы қала халқына рух сыйлаған қазақ ақыны Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім!» («Ленинградцы, дети мой!») жырын оқып, ол жырдың қара халыққа қаншалықты әсер бергеніне куә болып, Жамбыл ақынға хат жазыпты. Бұл хат «Жамбыл ақынға» деген тақырыппен «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылғы 7 қараша күнгі мерекелік санына жарияланыпты.

«Ленинградшыларға арнап жазған жалынды өлеңіңізді, сүйген жүрекпен қабыл алып, отанымыздың бұлбұлы жүз жастағы Жамбыл ата, сізге алып Ленин қаласынан жауынгерлік сәлемімді жолдаймын. Бостандықты сүйген қазақ халқының ұлы мен қазір жасақталған жауынгерлер қатарында жүрмін. Мен сүйген отан үшін, бақытты өмір үшін, соңғы тынысым біткенше күресетініме Жәке сізді, қазақстандықтарды жауынгерлік сертпен сендіремін.

Ардақты Жәке! Өзіңнің жай оғындай өлеңіңмен бүкіл қазақ халқын, бүкіл қазақстандықтарды адам баласының қас жауы – герман фашизмін талқандауға жұмылдыра жігерлендірдіңіз. Сіздің жауынгерлік жалынды өлеңіңізді айта жүріп, қазақстандық достар, сұмырай фашистерді тез жеңіп шығары сөзсіз» делініпті хатта.



КОМИССАР ӘБІҚЕН ТӘТИЕВТІҢ ХАТЫ

Жауынгер Тәтиев – 1915 жылы Қарқаралы уезі, Темірші болысы, Қызыл Арай ауылында дүниеге келіпті. 1937 жылы Кеңес армиясы қатарына шақырылып, бір жылдық әскери мектепті бітіреді. 1941 жылдың күзінде батальон комиссары Ә.Тәтиевтің әскери бөлімі алғаш майданға кіріп, Ленинградты қорғауға қатысады. Соғыста жараланып, елге оралған соң аудандық деңгейде лауазымды қызметтер атқара жүріп 1998 жылы 83 жасында қайтыс болған екен.

Комиссар майданда қан кешіп жүріп, туған халқына һәм тыл еңбеккерлеріне арнап хат жолдапты. Ол хатында: «Мен өзімді бақытты әрі абыройлымын деп санаймын. Өйткені мен тұңғыш рет қолыма қару алып, революцияның бесігі Ленин қаласын жаудан сақтауға аттанатын болдым. Жүрек соққан үстіне соғады. Жігер тасып, қайрат шеңберіне симады. «Майданға тезірек жетсек екен» деген тілекке де жеттік. Біз кемеңгер Ленин қаласын сақтауға төсімізді төсеп майданға кірдік. Таң ата бастағаннан соғыс кешке дейін созылды. Ақырында фашистер біздің тегеурінді тепкімізге төтеп бере алмады. Бекінген деревнясын тастап, шегіне бастады. Бірақ бізден қашып құтыла алмады. Қырылған үстіне қырылды.



Олар «бастан құлақ садақа» дегендей, қару-жарағын тастай қашты. Дегенмен жүздеген өлік табанымыздың астында жатты. Сөйтіп, біздің тұңғыш сапарымыз фашист бандиттерінің бір бөлімін күл-талқандаумен бітті. Аш өңешіне арақ құйып алған немістің мас солдаттары тәлтіректеп келіп оққа ұшып жатыр. Біз жауды жеңетінімізге сөз жоқ. Жеңеміз де!» деп жазыпты.

ЖАУЫНГЕР ОСПАН БАЙЗАҚОВТЫҢ ХАТЫ

Бұл реткі хат иесі – Оспан Байзақов, 1920 жылы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы Байқадам ауылында туыпты. Басқадай мәлімет кездестірмедік. Төменде жазған хатында қай жерде соғысып жүргені һәм қандай жауынгерлік міндет жүктегені хақында айтылмаған. Соған қарағанда қатардағы қарапайым жауынгер болған тәрізді.

Бұл жауынгер хатын: «Қымбатты ата, ардақты аналар! Мені өсірдіңдер, оқыттыңдар, тәрбиеледіңдер! Мен өмірден соққы көргенім жоқ. Еркін, ержүрек батыр болып өстім. Таудан қайтпас жүрегім, тасты ұнтақтайтын қайратым бар. Ол отанның маған берген сыйлығы. Буыным бекіп, бұғанам қатып, ер жеткен дер кезімде Отан соғысына аттандым. Ол – азаматтық борышым. Сол борышымды ақтайтынымды сіздерге айтып, сіздерге жауынгерлік серт беремін» деп нағыз бұрынғының батырларынша бастап, соңында тыл еңбеккерлеріне былай деп: «Ал сіздер де әскерше қимылдап еңбек майданын қыздыра түсіңіздер! Дандайсыған жауды жоқ ету үшін: көмір, темір, мұнай керек екен. Біздің Қазақстан ол жағынан бай екенін жақсы білемін. Жұмысшы туысқандар, соғыңдар балғаны! Соққан балғаларыңның дүмпуін аңдасын танктар! Қайлаларыңды қаттырақ соғыңдар, көмір таулары көбейсін. Майданда жеңу үшін көмір керек. Әсіресе мұнай!

Сіздерден тағы бір өтініш, астыққа сақ болыңдар! Бір дән жер де қалдырмаңдар. Дән жоқ жерде аштық бар, аштық бар жерде өлім бар. Оны біз немістердің солдаттарынан көріп отырмыз. Бір шайнам нан үшін жанын беріп ұмтылады. Оққа ұшып өледі. Әсіресе сіздер Осоавиахим жұмысына көңіл бөліңдер! Соғыс өнерін үйреніңдер! Мылтық атуды, граната лақтыруды білмеген бір де адам қалмасын. Менің айтарым осы» деп үндеу тастай аяқтапты.

Автор: Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ
Қазақстан тарихы.кз сайтынан

XX ғасырдағы ең қасіретті, қантөгіс соғысты суреттейтін ресми құжаттардан басқа, соғыс тарихын зерттеу дереккөзі болып табылатын құжаттардың бірі - жеке адамдардың, майданнан тылға, тылдан майданға жазған хаттары.

Олардың ішінен бөліп-жарып айтатын болсақ, "Қазақстан Ұлы Отан соғысы (1941-1945) жылдары" деп аталатын архив қорында Совет Одағы батырлары мен қатардағы жа-уынгерлерден келіп түскен хаттар, тылда "Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін" деп, күндіз-түні тынбай еңбек еткен колхозшылар мен жұмысшы коллективтерінің майдангер жауынгерлерге жазған хаттары мен үндеулері жинақталған.

Ұлы Отан соғысы кезінде жазылған хаттардың топтамасы болып табылатын бұл архив қорының жинақталу тарихының өзі қызықты. Сонау 1943 жылдың өзінде, соғыс аренасында шешуші шайқастар жүріп жатқан кезде, республикамыздың архив қызметкерлері майдан хаттарын жинақтау жұмысын бастайды. Осы жұмыс нәтижесінде 1944-1945 жылдары майдангер хаттарының жинағы жарық көреді. Бұл қадамның өзі майдангер хаттарына берілген зор бағаның дәлелі болып табылады.







ПИСЬМО КАЗАХСКОГО НАРОДА ЗОВЕТ К НОВЫМ ПОДВИГАМ

18. Письмо красноармейцев и командиров артиллерийского расчета к народной артистке СССР орденоносцу Байсеитовой Куляш.

Прочитав письмо казахского народа фронтовикам-казахам, мы, красноармейцы и командиры артиллерийского расчета, еще с большей ненавистью будем громить ненавистного врага...

Ваши письма еще раз подтверждают братство казахского и русского народов. Мы, фронтовики-артиллеристы, знаем, что казахский народ трудится в тылу и отдает все свои силы Красной Армии для обеспечения быстрейшей победы над коварным врагом. Работники искусства, в том числе и Вы, отдают также этому все свои силы и знания. В любых условиях и обстановке обслуживают передовые позиции фронта концертами, постановками.

Наш артиллерийский расчет под командованием орденоносца тов. Разливанова заслужил звание снайперского расчета. В дни, когда враг пошел в атаку на наше орудие, мы беспощадно расстреливали в упор наступающих фашистов и уничтожали боевую технику врага.

Наш расчет уничтожил 310 человек немецких солдат и офицеров. Разбил 16 пулеметных точек, 6 минометов с прислугой врага. Уничтожил впрах 10 блиндажей, 4 дзота, два наблюдательных пункта с группой фашистских офицеров и ряд других огневых средств противника.

Мы, артиллеристы, заверяем Вас, что и в дальнейшем будем беспощадны к врагу. У нас в расчетах много сынов казахского народа, они вместе с нами беспощадно убивают ненавистных фашистских извергов.

Мы заверяем казахский народ, что в дальнейшем еще прочнее укрепим братство и дружбу с казахским народом. Ваши сыны — казахи идут в ногу с нами на

87



© Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Орталық мемлекеттік архиві қорларынан

Мектеп дәптерінің беттеріне, кейде газет қиындыларының шетіне сиямен, не қаламмен жазылған бұл хаттардың қай-қайсысы болмасын адам жанын тебірентпей қоймайды. Бірінде дұшпанға деген ашу-ыза суреттелсе, ал енді бірінде туған еліне, жеріне, жарына деген сағыныш көрініс тапқан.

Сарғыш тарта бастаған майдангер хаттарын оқи бастасаң, көз алдыңа еріксіз, қантөгіс шайқастардан дамылдаған "үзіліс" кезінде хат жазып, не болмаса туған жерден келген хат-хабарды оқып отырған жауынгер бейнесі елестейді.

Майдангерлердің жеке басына байланысты жазылған, жүрек түбінен сыр шерткен хаттардың біріне тоқталсақ деймін.

Сыздықбеков А.
5 шілде 1944 жыл

Мария!

Бүгінгі айлы жарық түн, жымың қағып, әсерін аймаққа шашып тұр. Мұндай түндер майдан өмірінде сирек кездесетін түн. Бұндай әсемді, қоңыр желді түнде дүниенің бәрі де өзінің қалпынан анағұрлым әсем көрінеді. Ал өзіңді күндегіден өзгеріп кеткендей сезінесің, ұйқың келмейді. Я жеңіс күндерінің біртіндеп таянып келе жатқаны ма, болмаса ойыңа өмірдің қызығына қолым қашан жетеді деген ызың-ызың ойлардың түйдектеліп келіп жатқаны ма, әйтеуір ұйқым келетін емес.

Міне, мен осы жағдайдың үстінде отырмын, ұйқының келуін осы кішкене хатты саған жазумен тоспақшымын.

Әрине, бұл өмір сүрудің хаты, жастарды өз мақсаттарына жеткізудің хаты. Біздер сияқтылардың ой-ұйқысын бөлетін хат.

Ал, Марияш! Мен ұйықтадым. Бұл ұйқы мен үшін өте тәтті және бағалы, өйткені оның алдында осы хатты саған жаздым. Қазір де мен өзіңмен бірге отырғандаймын. Осының бейнесін тіршілік болса өзіңмен бір күні толық суреттермін.

Үй-ішіңе сәлем жолда! Хат жазып тұр.

Біз әлі өмірден алатын еншімізді алған жоқпыз. Оны алатын күн алда жатыр. Осыны есіңе сақта.

Ақмұқан. Полевая почта 22245-А.

"Алматы қаласы. Қазақ радиокомитетіне" деп жазылған, ол кезде Киров көшесінің бойында





орналасқан Қазақ радиокомитетіне үшбұрышты хаттар майдан алқабынан көп-көптен түсіп жататын. Олардың ішінде туған-туысқаннан қол үзіп қалған, не жастайынан жетімдіктің зардабын көрген жауынгерлердің радиодан хабар беру арқылы жаңа жора-жолдас, жар табу мақсатында жазған хаттары да кездеседі.

Енді осы хаттардан үзінді келтірейік.

1945 жылдың 23 ақпаны.

Майданнан хат.

Алыста жатқан Қазақстанның астанасы Алматы қаласына сәлем!

Мен Батыс Қазақстан облысы, Ақтөбе қаласынан боламын. Аты жөнім Жақашев Айтбай.

Соғысқа дейін темір жолында кезекші қызметін атқарғанмын. Қазір әскер қатарындамын. Бүгін біз фашистердің ордасы Берлин қаласынан 50-70 шақырым жерде тұрмыз. 1944 жылдың аяғына дейін сүйген қыздан, ата-анамнан хат-хабар алып тұрушы едім. Біраз болды, хат-хабар үзілді. Анам о дүниелік болды, сүйген қызым басқа адам тауыпты. Қазір жалғыздыққа да үйреніп барамын.

Тегінде соғыс адамды қатты өзгертеді екен. Қан-төгіс майданда, дұшпанды қолмен өлтіргенде жүрегің бүлк етпейді. Ауылда жүргенде өлім, залал туралы ойланбаушы едім.

Ендігі менің өтінішім, Сіздермен танысу, Сіздердің көмегіңіз арқылы жаңа жора-жолдас, жар табу.

Егерде майданнан аман қайтсам, астанамыз Алматы қаласына барамын.

Өздеріңіз күнде естіп жүрген боларсыздар, жеңіс күні де алыста емес. Қадірлі жолдастарым, аман-есен, қол ұстасып кездескенше қош-сау болыңыздар.

Сәлеммен Жақашев Айтпай.

Менің адресім: Полевая почта 21089.

Қазақ радиокомитетіне.

Мен 1934-1940 жылдар аралығында балалар үйінде тәрбиелендім. 1942-1943 жылдың ортасына дейін колхозда жұмыс істедім. Одан соң әскерге шақырылдым. Финляндия, Шығыс майдандарындағы шайқасқа қатыстым.

Қазір Польша территориясында тұрмыз.

Туған-туысым болмағандықтан ешкіммен хат-хабар алыса алмаймын. Қасыңдағы майдандас жолдастарың хат алып жатқанда өзіңді жабырқау сезінеді екенсің. Қазақ радиокомитетінен сұрайтыным, радио арқылы менің адресімді берсеңіздер екен. Мүмкін, менімен хат жазысатын жолдастар табармын.

Сәлеммен Мадалиев Абраим. Полевая почта 33547.

Қазақ радиокомитетінің қызметкерлері осындай өтініш, жәрдем сұрап жазған жауынгерлерге барынша көмек көрсеткені белгілі. Әр апта сайын берілетін "Майдангер хаттарына шолу" деген радиобағдарламаны халық асыға күтетін.

"Қазақстан Ұлы Отан соғысы (1941-1945) жылдары" атты құжаттар топтамасында майданда жүрген жауынгерлердің туған Қазақстанында болып жатқан жаңалықтардан қол үзбей, ел тынысынан хабар, жаңалық сұрастырып жазған хаттары да кездеседі. Мысалы, мына бір хат гвардия кіші лейтенанты Байдаулетов Жұматайдан келіп түскен екен:

Иваново қаласы.

30 қараша 1944 ж.







© Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Орталық мемлекеттік архиві қорларынан

Әңгіменіздің арқауы болып отырған құжаттар майдан мен тылда фашизмге қарсы бірдей күрескен қазақстандықтардың ерлігі мен табандылығының ескерткіші болып қалғандай.

Бір жағынан, уақыт өте, қағазы сарғыш тарта бастаған бұл хаттардан әр түрлі тағдыр, әр түрлі ойлардың көрінісінен сыр тартқандай боламыз.

Ұлы жеңіс күніне жеткізген ер жауынгерлеріміздің, тылда еңбек еткен ерен еңбекшілеріміздің даңқы ешқашан ұмытылмақ емес.

Архив қызметкерлерінің ең бірінші кезектегі міндеттерінің бірі - сол күндердің белгісі болып қалған майдангер хаттарын сақтау, оларды болашақ ұрпаққа жеткізу.

Өткеннен сабақ ал деген сөз бар. Болашақ ұрпақ та құны жоқ осы деректерді өз кезегінде дәріптеп, оларды бағалай алады деген үміттеміз.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Орталық мемлекеттік архивінің қызметкерлері бүгінгі таңда соғыс жылдары архив саласында қызмет атқарған әріптестерінің келелі ісін жалғап, "Қазақстан Ұлы Отан соғысы (1941-1945) жылдары" атты құжаттар топтамасын толықтыру мақсатында жұмыс атқаруда.

Осы мақсатта құрметті оқырмандардан отбасы архивтерінде аталарыңыз және апаларыңыздың соғыс жылдары майданда, не болмаса тылда, еңбек алқабында түскен суреттері, жазған хаттары болса, олардың түпнұсқасын, мүмкіндік болған жағдайда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Орталық мемлекеттік архивіне мәңгілік сақтауға өткізулеріңізді сұраймыз.

Архивтің мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 39 үй. E-mail: cga_rk@mail.ru. Телефон нөмірлері: 272-03-77, 272-02-48.

Автор: Г. М. Қаратаева - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Орталық мемлекеттік архивінің ғылыми-ақпарат жұмысы және ғылыми-анықтамалық аппараты бөлімінің меңгерушісі



ЖОЛДА ЖАЗЫЛҒАН ХАТ

Мама!

Біз сендер көргеннен кейін, бізді составтардың арасында сағат үшке дейін тұрғызып, сағат үште қайтып сендердің шығарып салған жерге алып келіп, сағат алтыға дейін сол жерде ұстады. Сағат алтыда Терістікке қарай жөнелдік, сағат тоғызда Келеске (Көктерекке) келдік. Бұдан басқа сөз жоқ.

Еділе 17/09-1942 жыл





Жолдан хат. 12/IX 1942 жыл

Жолда жүргенімізге үш күн болды. Кеше азанда Қызыл-Ордаға келген едік. Алдыңғы күні кешкісін Түркістанда едік. Жолымыздың барлығы мидай дала, жынғыл, жантақ, қамыс, үйрек, бүркіт. Бұл жақта тапа нан 5 сом екен, хат жазайын десем сөз таба алмаймын. Хош аман болыңдар. (аттарыңды атасам сиям жетпейді.

12.10.1942 жыл жолда жазылған.







Жолдан хат. 15/IX 1942 жыл.

Жол жүргенімізге бүгін бес күн. Әлі біз Қазақстанның шетінен шыққан жоқпыз. Жолымызда біз үш рет ыстық тамақ іштік. Қызылорда, Қазалинск, Шалқар, Аральскіде нанның бір буханкасы қырық сом екен. Күнде бізге бір колбаса, 600 граммдай нан, жарым балық береді. Жүрген жолдарымыздың бәрі де теп-тегіс жер. Қарап жүрсен жыңғыл мен мидай дала, не болмаса құмның үстінде өскен жантақ, не түйе керуенін жетектеп бара жатқан кимешек киген қазақ әйел. Алдағы бөтен қол сермеп қалған қазақтар. Бүгін азанда тұрып қарасам, ойлы-қырлы жерге келіппіз. Эшелонымыз Қызылордаға шейін түзу жүріп, одан соң әр остановкада солдаттар тоқтай бастады. Сүйтіп Шалқарға дейін жүріп, қайтадан түзу жүре бастады. Қазір түзу жүріп бара жатыр. Балдардың тәртібі жөнделе бастады. Ақшамнан жүз он сомын шығындадым, сонда алып жегенім қымыз, сүт, қауын, дарбыз. Менен басқа балалардың нандары таусылды. Мен нанның құр өзін жесем екі күнге жетеді. Бұл жерде күн өте ыстық екен, қашан салқын жерге жетер екенбіз? Жүрісіміз жақсы болса, ертең кешке Ақтөбеге жетеміз. Біздің баратын жеріміз Киев екен (рас екенін, өтірік екенін білмеймін). Қай жаққа бара жатқанымызды анық білмеймін. Туысқандардың барлығына тегіс жауынгерлік сәлем.

Едіге 15/ IX 1942ж









Жолдан хат 17/IX 1942 жыл

Бүгін біз жолда болғанымызға бір апта болды. Кеше түнде Ақтөбеге келіп, қазірге дейін тұрмыз. Он алтыншы күннің Ембадан кейін желдетіп суыта бастады. Бұл жерде суық екен. Бүгін азанда мен Ақтөбенің базарынан 75 сомға үш килодай нан алдым. Бұл жердің бағасы Ташкенттегідей. Бұдан басқа сөз жоқ. Менің жауынгерлік сәлемімді Айым. Әшір апа, Қанипа, Зәкір, Тұрғынбек, Жаңылай апам, Шарапат апам, Сара, Гулзада, Ескендір, Болат, Роза, Мадина, Мұрат, Абдырашид, Шекер және басқа да туысқандарға, әсіресе Еркінге айтыңдар. Ең қымбатты мамама жалындаған сәлем.

Едіге.



Жолдан хат 19/IX-1942 ж.

Бүгін біз поезға мінгенімізге он күн болды. Бүгін Қазақстанның жерін бітіріп, Россияның жеріне түстік. Түстен кейін Оралдан өттік. Демек Азиядан Европаға өттік. Қазір Чкалов (Орынбордамыз). Бұл жерде біз ыстық ішеміз. Ақтөбеден бері жазы суық екен. Ақтөбеде біз бір сутка жаттық. Менің өзімнің денім сау. Үй іштерің қалай. Осы хат арқылы менен Айым, Болат, Ескендір, Роза, Гүлзада, Сара, Зәкір, Қанипа, Асия апам, Шарпат апам, Жаңыл апам, Абдурашид, Айша апам және басқа да туысқандарға сәлем. Баратын жеріміз белгісіз, ендігі хатта белгілі болады.

«Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихиның мемлекеттік архиві» қорынан







МАЙДАН ӘЗІЛДЕРІ



«ТӘНКИСТ»

Дәрмен деген кісі қайныларымен үнемі әзілдесіп жүреді екен.

Бір күні олар:

- Сен осы соғысқа қатыстым, неміс-фашистермен талай қанды шайқасқа түстім дейсің. Теледидардан екі күннің бірінде соғыс туралы кино көрсетеді, содан сені көре алмай-ақ қойдық қой, — деп қалжыңдап сұрақ, қойыпты.

Сонда Дәрмен:

- Сол киноның ішінде тәңкі көрдіңдер ме? — депті.

- Ия, ия, көрдік, — десіпті қайнылары.

- Ой, маймылдар, мен өзім соғыста тәнкист болғанмын, соның ішінде отырсам, қайтып көресіңдер, - деп әзіл сөзбен жеңіп кеткен екен.

ҰМЫТШАҚ

Соғыс ардагері бірде ауыл жастарымен кездесуде өзінің майдан жорықтары туралы естелік айтып жатса керек.

- Біз ұрысты Москва түбінен бастап, жауды тықсыра қудық. Ай сайын алға жылжып, бір қаладан соң бір қаланы азат етумен болдық. Содан Венгрияны, одан соң Белоруссияны жау қолынан босаттық, - дей бергенде, бір оқушы тұрып:

- Көке, Беларуссия Венгрияның бергі жағында емес пе? — деп сұрақ қойыпты.

Сонда майдангер саспастан:

- Соғыс болған соң кейде ондай-ондай болып тұрады. Беларуссияны ұмытып кетіп кейін қайтып оралып азат еткенбіз, — деп әңгімесін жалғастыра беріпті.

ГОСПИТАЛЬДА

Ауыл арасындағы бір жиында әңгіме-дүкен соғыс жайында өрбіген екен. Әркім өз басынан кешкен оқиғаларды әңгімелеп отырады. Сонда өзінің жараланып, далалық госпитальға қалай түскенін әңгімелеп жатқан майдангер былай деген екен:

Украина майданында сапта жүргенімде қатты жарақаттанып, госпитальға түстім. Ертеңіне есімді жиып, жан-жағымдағы жаралыларға қарасам, тұла бойың түршігер көріністен шошисың. Бір жауынгердің қолы кесілген, екіншісінің аяғы жоқ, үшінші біреулері басынан жараланған, - дей келе, қыза-қыза:

- Кейбірінің кеудесі жоқ, — деп жібергенін аңғармай қалыпты.

Тындап отырған жұрт сенер-сенбесін білмей ду күліпті.

«ҚОЛМА-ҚОЛ АЙҚАС»

Соғыстағы хикаяларын майын тамыза айта беретін, кейде қосып жіберетін, әзіл сөзбен тұздықтап отыруды жақсы көретін майдангер әңгімені былай өрбітті:

- Анда-санда немістермен қоян-қолтық айқаска түсетінбіз. Ондай кездегі менің әдетім штык-пышағы бар мылтығымды алға қарай созып, жүгіре беретінмін. Егер неміске қадалса белгілі, былқ, ете калады. Лақтырып жіберем де, тағы да жүгіре берем.

Бір күні осындай шайқаста винтовкаммен үш-төрт фашисті лақтырып жіберіп, тағы да алға ұмтылғанымда, мылтық пышағы кірш ете қалды. Көтерейін десем шамам келетін емес. Маған не болған деп басымды көтеріп қарасам, екі неміс бірден ілініп қалған екен, - деп тындап отырғандарды күлкіге қарық қылыпты.





ҚАУІПТІ ЖАУ - ЖИЕНБЕТТЕР

Соғысқа қатысқан созақтық бір қария естелік айтып тұрып:

- Бірде немістерді қолға түсірдік. Тергей келгенде ішінен біреуі тіл білетін болып шықты. Комбат одан:

- Сендер Совет Армиясынан қорықпайсыңдар ма? – деп сұрады.

- Бәрінен емес, кейбіреулерін қорқамыз, - деді неміс.

- Олар кімдер? - деп бәріміз ентелей қалдық.

- Гитлердің мынандай бұйрығы бар, Совет Армиясы ішінде қазақ деген халықтың жауынгерлері бар. Біз үшін ең қауіпті солар, әуелі соларды құртыңдар, әсіресе жиенбеттерді деген, - депті.

Ел аузынан жинаған,
Дінтайұлы Тұмартай.



МАЙДАНДАҒЫ ӘНДЕР



МАЙДАНДАҒЫ ӘНДЕР

ЖАС ҚАЗАҚ

(Р. Елебаевтың әні)

Қар жамылған кең дала қанға бөгіп,
Күркіреді сұр аспан өлім төгіп.
Жас қазақ,
Мұрттай ұшты уралап.
Жанын қиып кете алмай жас өмірден,
Асқақтаған арманға өрмелеген
Жас қазақ,
Жатты көзі от жайнап.

КЕСТЕЛІ ОРАМАЛ

(А. Лекеров)

Кестелі ақ жібек орамал
Алыстан жолдаған сүйген жар.
Жауынгер жар, есіне ал,
Деп жазған оюлап хаты бар.

Жарым, Жаным,
Аманатың есімде.
Сағындым сені,
Сүйемін сені,

Көремін күнде түсімде,
Есіңе ал, сүйіктім, ерке таң.
Қол қысып, қоштасып аттанған,
Еске алар еріксіз жүрегім.

Минутта сені ойлап сағынған.
Бетіме тигенде орамал,
Сүйгендей сүйкімді сүйген жар.
Ләззатты өмір, сағынған көңіл
Татқандай бейне тәтті бал.

АХ, САМАРА ҚАЛАСЫ

Орамалым батар-батпас
Қалқып қана ағады.
Сүйген жарым сүйер-сүймес,
Уақыт өтіп барады.

Ах, самара, жас қала,
Барамын сөнгелі,
Жұбатшы сен мені.

Өстім еркін, гүлдендім мен
Он жетіге келгенше.
Он жетіде махаббат
Кыз сорлыны жеңгенше.

Сорлы ақ қайың, саған орын
Тимепті өзен жарынан.
Жарым десең, жаралама
Сақта мені, жалынам.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘНІ

(қазақ вальсі музыкасына лайықталған)

Қай жерде отыр екен бота көзім,
Жайнатып мөлдіреген қара көзің.
Армансыз бұл дүниеден өтер едім,
Жеңіспен аман қайтар келсе кезім.

Қайырмасы:
Сағынғанда сені,
Ойлаймысың мені?
Мөлдіреген көзің,
Балдай тәтті сөзің,
Айналайын,
Сәулетайым,
Сәулем, сәулем, сәулем.
Ғашық жарым —
Қалқатайым.

Шоқ болып қуанышпен келер едім,
Келбетті айдай жүзін көрер едім.
Мәңгілік адал ниет жан-жарымды
Армансыз құшақ жайып өтер едім.





СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР

(С. Мауленов)

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып Ана тұр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын Ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кешікпей жарым келер деп,
Төрінен сайлап орынды.
Батысқа қарай елеңдеп
Ару жүр тосып жолыңды.
Көтерді бәрін ауырдың
Азамат болып арды ақтар.
Көрдің бе жарын арудың
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кетерде солдат жарының
Ішінде қалған ана жүр,
Көкемді айтпай танырмын,
Деп бір сәби бала жүр.

Қайырылмай қалай кетерсің,
Хабарсыз қалай ол тоқтар?
Көрдің бе оның көкесін,
Соғыстан қайтқан солдаттар?
Қаралы қағаз жіберіп,
Қаншама қайғы салды оқтар.
Қарады үнсіз түнеріп,
Соғыстан қайтқан солдаттар.



СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТТАРЫ

ОНЫҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ ДЕ ӘСКЕРГЕ БАРУДАН ҚАШҚАН ЕМЕС!



Ұлы Отан соғысының ардагері Ахмеджан Анартаев 1926 жылы 10 қарашада Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылында өмірге келген. Жастық шағы аштық пен жоқшылықтың ауыр жылдарына тура келген ол он сегізге толғанда елге ес болар ересектің бәрі соғысқа кеткен уақыт еді. Азаматы майданға кеткен үйлердің «Пәленшежаным» ақсақ не шолақ болса да аман-есен келсе екен деп Құдайға жылап жүрген кезі еді. Сол көппен бірге Жеңіс қашан жетер екен деп таң атыратын жеткіншек кәмелетке толған күні-ақ әскерге шақырылады.

«Әкем Анартай мен анам Бибіробаның тұңғышы едім. Ауылда қара жұмысшы болып жүрген кезімде Сайрам аудандық әскери комиссариатынан шақыру қағазы келді. Сөйтіп 1944 жылдың 5 мамырында әскерге алындым» дейді атамыз.

Ол осылай бір топ жерлестерімен бірге Семей қаласына барып, сол жерде үш ай дайындықтан өтеді.

«Үш айдан кейін майданға аттандық. Жаздың соңғы айлары болғанымен, қара суықтың ызғары сезілетін. Вагонның іші азынап тұрады. Отарбаның екпінінен ескен жел тұла бойыңды қалтыратып жібереді. Ортаға темір пеш орнатып, от жағамыз. Оның да жылу беріп жатқаны шамалы» деп еске алады қария сол күндерді.

Семейден аттанған солдаттар Польшада «ат ауыстырады». Сөйтіп, Германияның шекарасына кәдімгі тауар артатын жүк пойызымен кіріпті.

«Одан әрі түнделетіп, қалың орманның ішімен жаяу-жалпылап, бір ізбен жүріп отырып, әлдебір алаңқайға маңдай тіредік. Ерніміз кезеріп, сұмдық шөлдегеніміз есімде қалыпты. Сол жерде жиырма күн окоп қазып, бекініс салдық. Бір ғажабы, окопты сәл терең қазсаң іші шүлпілдеп суға толып кететін.

Алғашқы шайқас, жаумен арпалыс сол маңда болды» дейді ардагер.

Әйткенмен, Ахмеджан ата соғыстағы қан-қасап туралы айтуға аса құлықты емес. Жастық шағын жалмаған алапат күндер енді ешқашан қайталанбасын, еш елде соғыс болмасын деп тілеп отырады. Қария Ұлы Жеңісті осы жерде қарсы алған. Командирлері бұларды сапқа тұрғызып, «соғыс бітті, біз жеңдік» деп хабарлағанда жауынгерлер бас киімдерін аспанға атып қуанғандарын, бет-жүздерін қуаныштың ыстық жасы жуып кеткенін аса тебіреніспен еске алады.

Жеңістің хабарын естіген соң, әлбетте, «енді үйге қайтамыз» деген ойдың болғаны анық. Ол алдында әлі жылдарға созылатын әскери өмірдің барын білмеген еді.

Бірер күннен соң оларды тағы да тік көтеріп, әлдеқайда алып жөнеледі. «Жол-жөнекей тұтқынға түскен немістер иықтары салбырап қасымыздан өтіп жатады. Жеңілген елдің жауынгерлері әрине, еңсесі түсіп, беймәлім тағдырына бойсұнып бара жатты. Ал, бізді бір арықтың бойына алып келді де, қолымызға бір кесек сабын ұстатты. Сол арыққа шомылып, моншаға түскендей бір жасап қалдық. Содан кейін тағы да жаяулатып жол жүріп, Чехословакияға келдік» дейді Ахмеджан Анартаев. Атамыздың нағыз әскери қызметі Полоцк деген қалада өтеді.

«Сонда әуе десантшыларының полкінде қызмет еттім. Бізді парашютпен секіруге үйретті. «Ил-2» ұшағымен бұлттан асырып алып шығады да, мың шақырымдық биіктен тастайды. Мұрты енді тебіндеген бозбала кезіміз ғой, алғашында қорқынышымыз болды. Әйтсе де, жүре келе бойың үйреніп, жүрегің қатаяды екен. Әуеден секіртумен қатар бізді мергендікке де баулыды. Дүрбілі мылтықпен нысана көздеп ататын едік» дейді кейіпкеріміз.

Атамыз сол кеткеннен елге алты жылдан соң, 1950 жылы бір-ақ оралады. Бұл соғыстан кейінгі ел экономикасының белін көтере алмай жатқан кезі еді. Қаруын ораққа, күрек-кетпенге, өгіз арбаның шылбырына, трактор мен машинаның руліне ауыстырады.

«Ауылда жұмыс күші жетпейді. Майдангер ағаларымыздың аман қайтқаны жаралы, жарымжан. Еңбек майданының қызу ортасында әлі де әйелдер мен буыны қатпаған балалар жүр екен. Осындай ахуалды көріп отырып, бей-жай қалу мүмкін емес еді» дейді қария.

Ахмеджан ата әңгіме арасында жастық шағы өткен, әскери қызмет атқарған жерін бір көріп қайтқысы келетінін айтып қалды.

«Мені олардың асфальт төселген тақтайдай тегіс жолдары таң қалдырып еді» дейді. Жүз жастағы





қарияны соғыс жүріп өткен елдің сексен жыл бұрынғы жолдары таң қалдырса, ол кісіні тыңдап отырған біз қазіргі бейбіт өмірдегі ақылы жолдар үшін ұялып отырдық.

Келер жылы ғасырды бағындырғалы отырған ақсақал тоғыз баласынан 50 немере, 85 шөбере көріп, 18 шөпшегінің қолынан май жалаған. Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен және мерейтойлық сегіз медальмен марапатталған.

«Бүгінгі жастар әскерге барудан қашпауы керек. Ұлан байтақ Отанымызды өзіміз қорғамасақ, кім қорғайды? Отанын қорғау әрбір ер азаматтың қасиетті борышы болуы тиіс. Өзімнің кіндігімнен тараған ұлдарымның барлығы әскери борышын өтеп қайтты» дейді ғасыр құрдасы.

Пернебай САПАР,
«Оңтүстік Қазақстан».





ҚАЗЫҒҰРТТЫҢ ҚОС АРДАГЕРІ

Еліміздің тарихындағы Кеңес заманы кезінде «Ұлы Отан» соғысы деп айдарланған Екінші дүниежүзілік соғыстың тәмамдалғанына биыл 80 жыл. Фашистік Германия құлап, 1945 жылы Жеңіс күні жарияланды. Биыл бұл ұлық мереке біздің елде де биік дәрежеде атап өтілмек. «Ұлы Жеңіске – 80 жыл!» деп ұрандап, салтанат құрып, шеру тартып, мемлекеттің әскери күш-қуатын әспеттеу де қажет іс. Әрине.

Десе де, бұл күннің ең алдымен халықтың өткенін еске алып, қан қасап соғыстың ауыр зардаптары мен елдің басынан кешірген түнек жылдарды ойша салмақтайтын, жүз мыңдаған құрбандарды аза тұтатын ең қадірлі күн екенін естен шығармағанымыз жөн. Жеңісті мерекелеумен қатар еске алу күні. Жалпы адамзат үшін өткенін еске алудан асқан қадірлі де салмақты не болуы мүмкін?

Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына орай Түркістан облысына қарасты аудандарды аралап, соғыс және тыл ардагерлерімен кездесіп, сұқбат құрып, әңгімелерін тыңдадық. Естігенімізден түйгеніміз мол болды. Бейбітшіліктің қадірін балалық шағы соғыста өткен адамнан артық ешкім түсінбес. Ашық аспанның қадірін бомба жарылып, отбасынан айырылған адамнан артық ешкім ұқпас. Мұны әсіресе бейбіт күннің өзінде салтанатты әскери шеруге дайындалып жатқан елорда тұрғындары түсіне түскендей. Солардың бірі С.Нұртаза дейтін әлеуметтік желі пайдаланушысы «Бүгін Астананың аспанында тікұшақтар мен әскери ұшақтар (шеруге) жаттығу жасап, ары-бері ұшты. Үй дірілдеп, терезелер селкілдеп кеткенде балалардың көзін көрсеңдер... Сол кезде Палестина мен Украинадағы балаларды ойлап кеттім. Таза ұрланған, өлтірілген балалық шақ қой...» деп жазыпты.

Бұл жазба бізді де ойландырды.

Бүгінде ел ішінде қанды соғысты көзімен көрген «Ұлы Отан» соғысының ардагерлері санаулы ғана. Түркістан облысында 8 майдангер болса, соның екеуі Қазығұрт ауданында екен. Өмір жасы жүзге жеткен қазыналы қарттар ортамызда бейбітшіліктің құнын ұғындырып жүр. Бұл майдангерлердің өмірі тарих үшін де, біз үшін де құнды сабақ.

Қазығұрттық қос қарияның бірі 102 жасқа жетсе, екіншісі жүзге таяп қалыпты. Әкімбай Жұмабаев 1923 жылғы, 102-де, ал, Анарбай Мырзахметов 1926 дүниеге келген, амандық болса, келер жылы 100-ге толады.

СТАЛИНГРАД ТҮБІНДЕГІ ҰРЫСТА БАРЛАУШЫ БОЛҒАН



Сонымен, Қазығұрт ауданына сапарымыз Тұрбат қыстағынан басталды. Бұл ауылдың тау жақ бетіндегі Ақпарақ өзенінің аңғарынан орын тепкен бүгінде Өндіріс деп аталатын елде Әкімбай Жұмабаев деген соғыс ардагері тұрады. Ардагер тұратын үйдің кіреберіс қақпасына «мұнда соғыс ардагері тұрады» деген тақтайша ілулі тұр. Бізді ақсақалдың ұлы Зұлпықар аға күтіп алып, ішке қарай жол бастады.

Майдангердің құлағы ауыр, естуі қиындау екен. Құлағына жақындап, дауыстап сөйлеуге тура келді. Соның өзінде бірді түсініп, бірді түсінбей қалып отырдық. Мұны аңғарған қызы Кәрәмәт біздің әңгіме тыңдауға келгенімізді жеткізіп, «тілшілік» етті. Әкесіне қарап отырғанына 15 жылдай болыпты. Біздің «айқайымызға» кей сәтте аңтарыла қарап қалып отырған қария, қызының сөзін бірден ұғып, ыңғайға көне кетті.

– Ата, өмір жолыңыз туралы айтып берсеңіз. Сіздің қатарластарыңыздың жастық шағы қалай өтті? Соғысқа өздеріңіз сұрандыңыздар ма?

– Мен Әкімбай Жұмабайұлы 1923 жылы осы Өндіріс ауылында дүниеге келіппін. Ол кезде ауылымыз Ақпарақ деп аталатын. Біздің балалық шағымыз қиын кезеңдерге тап келді ғой. Бала кезімізде ашаршылық заман болды. Ол заман әсіресе балаларға қиын болды. Аштықтан көптеген қатарластарым қоғадай жапырылды. Соның ішінен санаулы ғана бала аман қалып, ел қатарына қосылдық. Есіміз кіріп, бозбала атана сала еңбекке араласып, колхоздың қара тірлігін атқардық. Дұрыстап сауат та аша алмадық. Әйтеуір қара танидық. Сол әріп танығанымыз кейінгі өмірімізге сәуле түсірді, жолымызды ашты.

Ал, 1941 жылы соғыс басталған кезде мен 18 жасқа енді шыққан едім. Бастапқыда колхоз шаруасына етене араласып жүргесін бе, шаруашылыққа қажет деп санаса керек ол жылы әскерге шақырмады.



Келесі 1942 жылы қатарластарымнан қалмайын деп өзім өтініп, майданға аттандым. Ол кезде немістер тоқтаусыз жылжи отырып Доннан өтіп, ентелей Еділге жақындап қалған. Әскерге алған бізді Еділ өзеніне жақын тұрған Башқұртстанға апарып, дайындықтан өткізді. Қалың орман ішінде әскери бұйрықтарға бой үйретіп, жаттығып жаттық.

– Майданға алғаш қосылған кезіңіз есіңізде ме?

– Сол 1942 жылы алғаш рет майданға кіріп, Сталинград түбіндегі ұрысқа қосылдық. Жаңа ғана дайындықтан өткен 18-19 жасар жігіттер жауынгерлер қатарын толықтырып, қан-қасап соғыс ошағының тап ортасына түстік. Біздің полк 122-ші атқыштар полкі (шамасы, Сталинградтың оңтүстік-батысынан ұрысқа кіру туралы бұйрық алған 41-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамындағы 122-ші атқыштар полкі сияқты. С.Д.) деп аталды. Менің орысшам өзге ортаазиялық құрдастарыма қарағанда тәуір болғасын, әрі шалт қимылдайтын тәуекелшілдігім мен қырағылымды бағалаған болар, барлаушылар қатарына қосты. Сталинград ұрысын тарихтан оқыған боларсыңдар, 1942 жылдың шілдесінен бастап, 1943 жылдың ақпанына дейін ұласты ғой. Біз ұрыстың басынан бастап, шілде айынан бастап Сталинградтың түбіне жайғастық. 17-ші шілде күні немістің ұшақтары бас көтертпестен төпелей бомбалап кетеді. Оған артилериясы қосылады. Оқтар былай да, былай да ызыңдай ұшады. Шілденің іші еді, сондай қарша бораған оқтың астында барлаушылар тобымен барлауға шығатынбыз. Снарядтар түскен жерін опырып, ана жерде де, мына жерде де бұрқ етіп жарылады. Миыңды айналдырып, құлағыңды шыңылдата тұндырып жібереді. Басыңды ұстай жата қаласың. Еңбектеп қана жылжисың. Жау шебінен хабар жеткіздік. Сол еңбектеген қан майдандағы жолымызда қаншама қарулас жолдастарымыз қаза тапты, Еділдің суына кетті.

Сталинград түбінде 1943 жылдың қысы еді. Біздің әскер басымдыққа ие бола бастаған кез ғой. Кезекті барлауға шықтық. Сол кезде жараландым. Үйілдей ұшып келген снаряд анадай жерге түсті де, әлемді қап-қара түнек басып кеткендей болды. Топырақтар қардың қиыршығы сияқты ұшты. Аспан айналып кеткендей. Жарылған снарядтың бір жарықшағы мына аяғымның етін жыртып өтіп, сүйекке қадалыпты. Содан есім бірде бар, бірде жоқ, санитарлық батальон ішінде ес жидым. Соғысқа жарамсыз деп елге қайтарды. Сөйтіп басымыз аман қалды. Бастың амандығы үшін аяқтың жараланғаны түк емес қой, шырақтарым.

– Елге келгеннен кейінгі еңбек жолыңызды да айта отырсаңыз.

– Елге 1943 жылы келдік. Елге келгесін колхоздың шаруасына араластық. Кетпен шаптық, атқа жегіп соқа салдық. Шаруашылықта жұмыс істейтін ер азамат аз, өңшең қыз-келіншек, кемпірлер. Соларға бас-көз болып, бригадир болдық. Бригадирлігім соғыстан кейін де жалғасты. 1943 жылдан 1950-ші жылдарға дейін бригадир болыппын. Тек «Өндіріс» колхозында ғана емес, «Таң», «Ақ егіс», «Тұрбат» колхоздарында еңбек еттік, елдің дамуына еңбегіміз сіңді.

Қазір шүкір, еліміз бейбіт қой. Осы күннің қадірін біліңдер.

– Кеудеңізге тағынған медальдеріңіз жайында тоқталсаңыз. Қайсысын қай жерде алғаныңыз есіңізде ме?

– Мына кеудеме тағылған орден-медальдерді соғысқа қатысқаным үшін алдым. Оның ішінде II дәрежелі «Отан» орденінің орны ерекше. Оған қоса «Германияны жеңгені үшін», сол сияқты «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30, 40, 50 жыл» мерекелік медальдері, Жеңістің 60, 70 жылдық мерекелік медальдері, «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалі, облыстың, ауданның әкімдерінен және Волгоград облысы губернаторының берген алғыс хаттары бар.

Құдайға шүкір деп отырамын, жұбайым Шырайгүл екеуміз 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірдік. Бүгінде солардан 22 немере, 45 шөбере сүйіп отыр екенбіз. Бергеніне шүкір!









СОҒЫСТАН ҚАЛҒАН ЕСТЕЛІКТЕРІН ОТҚА ЖАҚҚАН ҚАРИЯ



Келесі кейіпкеріміз – Анарбай Мырзахметов деген ақсақал болды. Анарбай ақсақал бүгінде Қазығұрт ауданының Қарабау ауыл әкімшілігіне қарасты Сынтас ауылында тұрады. Қарияның жүріп-тұруынан бөлек, сөзін жеткізуге келінінің еңбегі зор екен. Құлағының естуі жақсы, сөйлеуі де түсінікті. Тек, соғыс жайлы естелік айтқысы келмесе керек деп түйдік, шешіле сөйлемеді. Ішінара ғана өмірбаянының кейбір тұстары туралы тілге тиек етті.

Қарияның сөзге сараңдығын соғыстың қалдырған жанды жейтін естеліктерімен түсіндірген дұрыс шығар. Біздің бұл ойымызды келіні айтқан түсініктеме қуаттай түсетіндей.

– Атамыз «Соғыстан аман келдік, бұдан былай соғыс дегеннің аты да заты да құрысын, оны еске салатын барлық нәрсе құрысын!» деп барлық құжаттары мен фотосуреттерін отқа жағыпты. Ол уақытта құжатқа деген соншалық қажеттілік болмаған ғой, зейнетақысының өзін құжатсыз-ақ бере беретін. Енді сол құжаттардың көшірмесін болса да тапсақ деп жан-жақтан сұрастырып, іздедік. Архивтен де шықпады, -дейді келіні. Маған ақсақал майданнан оралған құжаттар мен жәдігерлерді ғана емес, ойындағы естеліктерді де қоса жойған сияқты көрінді.

– Ата, өмір жолыңыз, майданға аттанған кезіңіз, бастан өткерген жайттарыңызды бөлісе отырыңызшы. Есіңізде бар ма? Жастардың әскерге өздері сұранып аттануының сыры неде?

– Мен Анарбай Мырзахметов 1926 жылдың 17 желтоқсанында сол кездегі Жартытөбе (қазіргі Қарабау) ауылдық округі, «Жаңатұрмыс» колхозында (қазіргі Сынтас ауылы) дүниеге келіппін. Жас кезімізден еңбекпен өстік. Колхоздың кетпенін шаптық.

Мына өмірбаянымда (қолына ұстап отырған парағын көрсетіп) 1944 жылы соғысқа өз еркімен сұранып аттанған дейді ғой. Еее, ол кезде 17 жаста едім, 18-ге тола қоймасақ та ел қатарлы қару ұстауды жөн көрдік. Жас едік қой. Соғыстың ауыртпалығын біле қоймаған балаң шақ. Ол кезде қару ұстау – әр жігіттің борышы саналушы еді.

Әскери комиссариат бізді бірден соғысқа апармады. Алдымен Семейдің жанындағы орман ішінде дайындады. Кәдімгі әскери дайындық, курс дейміз ғой. Дайындықтан соң бізді 1-ші «Белорусь» майданына тастады. Ол кезде біздің әскер күш алып, немістерді тырқырата қуып шекарадан асырып тастаған уақыт еді. Польшаның астанасы Варшаваны азат етуге қатыстық. Маған тапсырылған қару қол пулемет еді. Кәдімгі Мәншүк Мәметованың атын шығарған «Максим» пулеметі бар емес пе? Сондай пулемет. Суытып-суытып атпасаң, өзің жанып кетесің.

Польша мен Германияның арасындағы Одер, Эльба өзендерін кешіп өттік. Магдебург, Берлин қалаларын алуға қатыстым. Жеңісті Берлиннің түбіндегі Эльба өзені жағасында қарсы алдық. Естелік көп қой, соның ішінде біздің әскердің Берлинді алғаннан кейінгі немістің мал-мүлкін алып қалуға тырысқан әрекеттері ұмытылмастай болып есте қалыпты.

– Елге оралдыңыз? Соғыстан кейін қандай еңбекке араластыңыз?

– Жеңіс жарияланып, соғыс аяқталды деген 1945 жылдан кейін де біздің әскери бөлім Германия жерінде әскери қызметте қала бердік. 1945-1947 жылдары сонда әскери десанттық құрам ішінде болдым. Кеңес әскерінің бейбітшілік миссиясын атқардық. Одан кейін 1947-1950 жылдары Ресейдің Иванов қаласында Әуе десант әскері (ВДВ) құрамында әскери борышымды өтедім.

Елге 1950 жылы оралдым. Ауылда автокөлік жүргізушісі болып еңбек еттім. 1987 жылы зейнеткерлікке шыққанмын. Жарым екеуміз 10 ұл-қыз тәрбиелеп, олардан 47 немере, 5 шөбере сүйіп отырған жайымыз бар.

– Ата, жаңа келініңіз көптеген орден-медальдеріңізді жоғалтып алыпты, одан қалғанын елге келгесін тағы отқа тастады дейді. Одан басқа қандай медальдеріңіз бар?

– Менде медаль қалмады ғой. Көбі майданда қалды. Бұл жарықтықты мақтана көрсеткім келмейді. Мынау тұрғаны «Берлинді алғаны үшін», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» және басқа да мерекелік медальдер. Әр жылдары аудан мен облыстың әкімдері алғыс хат тапсырып кететіні тағы бар. Бары осы.

– Басқа алып-қосарыңыз бар ма? Есіңізде не қалды?

– Еее, не есте қалды дейсің, қарағым? Естен шығып кетті ғой бәрі... Еліміз аман болсын!

Қос ақсақалдың тілегі де, батасы да бір. Елдің амандығы. Құдай осы тыныштығымызды көп көрмесін, кім не демесін, кім қалай сөкпесін, бейбітшілікке жететін ештеңе жоқ бұл өмірде. XX ғасырда қазақ онсыз да аз қырылған жоқ, алда бейбітшілігіміз бейбітшілікке ұласа бергей, дейді.

Әңгімелескен С.Дүйсебайұлы






ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА



Мырзахмет ЖЫЛЫСБАЕВ,
соғыс ардагері, оқу-ағарту ісінің үздігі:

«ҒАБДУЛЛИН СОНШАМА ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАМАҒАНДА ҚАРАҢҒЫ ҚАЛПЫМДА ӨТЕР ЕДІМ»

XX ғасырдың ең үлкен қайғы-қасіреті, адамзат тарихындағы ең сұрапыл кезең саналған екінші дүниежүзілік соғысқа Түркістан облысы Созақ ауданынан 6 мыңға тарта азамат аттанған екен. Майдан даласынан елге аман оралғандардың ішінен бүгінде көзі тірі қалған жалғыз ардагер Мырзахмет Жылысбаев қана. Қан майданда от пен су кешіп, бейбіт күнде оқу ағарту ісіне зор үлес қосқан соғыстың соңғы сарбазы биыл 100 жасқа толып отыр. Көпті көрген қарияның есту қабілетінің нашарлағаны болмаса қимылы ширақ, санасы сергек. Есте көп нәрсе бар, айтылатын тарих та көп деген ол, кәріліктің жеңгені, кейде-кейде күнде көріп жүрген адамымды танымай қалатынным да бар деп ағынан жарылды.

- Мидың шаршағаны қазір бәрін айтып отырамын да, бір-екі сағаттан кейін бәрін ұмытып қаламын. Әй, сен кім едің деп сұраймын.

- Соғысты ше? Соғысқа қашан аттандыңыз. Өзіңізді колхоздағы сауаты жоқ ересектерді хат танытып жүрген жеріңізден бір түнде майданға алып кеткен екен?

- Бәрін басынан айтайын. 1942 жылы 7 сыныпты үздік аяқтадым. Ол кезде әрі қарай оқиын дегеніммен ауылда орта мектеп жоқ еді. Соғыстың уақыты. Бас көтерер ер азаматтың бәрі майданға кеткен. Шал-кемпір, қатын-қалаш пен бала-шаға ғана. Амалсыз еңбекке араластым. Жер жырттық, егін салдық, әйтеуір ауылда не жұмыс бар, бәріне жегіліп кете беретінбіз. Ол уақытта елдің дені сауатсыз болатын. Бригадіріміздің өзі есеп-қисапты білмейді. Жұмысшылардың еңбеккүнін мен жазамын. 1943 жылы

ауылда бастауыш мектеп ашылды. Мектеп деген аты ғана. Кәдімгі киіз үй. Маңдайшасына қызыл мата байлап қойғанбыз. Сол жерде екі ауыссыммен бала оқытамын. Сондай күндердің бірінде шақырту келді де, әскерге кеттік.

- Әскерге алуға жасыңыз жетіп тұр ма еді? Қай жерден аттандыңыз?

- Соғысқа 1944 жылы алындым. Жасым 18-де еді. Ресей жеріндегі бұрынғы Орынбор, кейіннен Чкалов деп атады ғой, соның маңында әскери полигон бар екен. Сол жерге алып барды. Екі ай соғыс тәсілдеріне жаттықтырды. Азаннан кешке дейін тарс-тұрс еткен саптық жүріс. Дамыл жоқ. Сілікпеміз шығады. Сонда да соғысуды қызық көріп жүреміз. Ол кезде теледидар жоқ. Соғыс туралы әркім әркімнен естіген әңгіміміз ғана бар.

Екі айдан соң тобымызды екіге бөлді. Біразын майданға аттандырды. Жартысын Жапонияға жөнелтті. Мен Белорусия фронтына бардым. №92 автоатқыштар полкына қосылдым. Соғыста алдыңғы шеп, кейінгі шеп деген болады. Жаумен тікелей арпалысатын алдыңғы шеп. Ал одан кейінгі шеп соларға қару жарақ, оқ-дәрі, киім-кешек, ас-ауқат жеткізіп береді. Жараланғандарды госпитальға жеткіземіз. Өлгендерін көмеміз. Алдыңғы шепте мерт болғандардың орнын толықтыратын да біздің тобымыз. Бізге жүктелген міндет – сол. Одан бөлек, жаудың тұтқынға түскендері болса сұрақ-жауап алуға апарамыз.

Немістер соғысқа қатты дайындалған екен. Азық түлікті жинап тастаған. Жаяу жүргендері кем. Қатардағы солдаттарының өзі «Урал» мотоциклімен жүреді. Бірақ адамдары қысқа, аязға өте төзімсіз. Жеңілуіне сол да себеп болған сияқты.

- Соғыс деген өліммен бетпе-бет келу ғой. Неге сендіңіз, не үміттендірді?

- Өлімнен қорыққан жоқпыз. Оны ойлайтын мұрша да болған жоқ. Соғысып жатқанда анам есіме түсіп кететін. Күнде «Анашым, уайымдамаңыз, амандығымды тілеңіз» деп ойша тілдесетінмін. Шешемнің де тілегі осы болған. Аман-сау оралуыма да осы байланыс себеп болған шығар.

- Соғыс кезінде ерекше есіңізде қалған оқиғалар болды ма?

- Өзім қатысқан екі оқиғаны айтайын. Біз барған кезде бұрынғыдай емес, немістердің арыны бәсеңдеп, беті қайтып қалған. Бұрынғыдай кескілескен шайқас жоқ. Жаудың шегініп, ұрыс сап жүрген шағы. Бірде түн ішінде, аты есімде қалмапты, бір селоны жаудан азат етуге кірістік. Ауыл тұрғындарының бірі шеткері үйдің шатырында немістер пулеметпен тығылып отырғанын байқап қалған екен. Солардан сақ





болуымызды ескертті. Бізге жоғарыдан оларды қалайда тірідей қолға түсіру керек деген бұйрық берілді. Қоршап алдық. Олар да сезді. Пулеметтен оқты қарша боратты. Қару қолданайын десек, тірідей апаруымыз керек, содан насоспен су шашып жүріп, 4-5- уін қолға түсірдік. Бұл бірінші оқиға. Екіншісі, кеңес әскері азат еткен тағы бір село үшін талай адам жанын берді. Немістер де қырылды. Бізді де жусатып салды. Енді өлгендерді көму керек. Төңірек орман. Бізде жарыған техника жоқ. Американың үсті ашық автокөлігі бар еді. Соны орман ішіне жасырып, сыртын жапырақпен жауып, жараланған сарбаздарды сонда жатқыздық. Немістің барлауы күшті. Соның бәрін байқап отыр екен. Әлден уақытта үстіүстіне бомба тастап, быт шыт қылды. Жаралының бәрі қырылып қалды. Осы екі оқиға есімде қалып қойыпты.

- Жеңісті қай жерде қарсы алдыңыздар?

- Жеңістің хабарын Одер өзенінің бойында естідік. Қорыққан мен қуанған бірдей екен ғой. Солдаттардың бірі қуаныштан көздеріне жас алып жатса, енді бірі бас киімін аспанға лақтырып, бірбірімен құшақтасып мәре-сәре болды. Жеңіс, елге жеңіспен ораламыз деп қуанды. Бірақ бізді елге қайтара қоймады. Әскери бөлімге қайта жинады. Баяғы рота, полк, батальондарда сарбаздарының жартысынан көбі жоқ. Селдіреп қалған. Оларды қайта жасақтады, толықтырды. Мені әскери күзет бөліміне жіберді. Содан 6 жыл әскерде болдым. Өйткені әскерге алынғандардың ең кенжесі біз болдық. Бізден кейін шақыра қоятын елде де адам қалмаған. Оның үстіне, соғыста болған уақытына, жасына қарап, ересектерді қайтарып отырды да, біздер қала бердік. Әскери бөлімде жаман болғаным жоқ. Ротаның іс-қағаздарын реттейтін хатшы болдым. Одан батальон командирінің саяси мәселелер жөніндегі орынбасарының аға іс жүргізушісі жұмысын атқардым. Кейін құпия бөлімде іс жүргізуші болдым. Әскерден 1950 жылы босап, елге келдім.

-Мұғалімдікті жалғастырдыңыз ба?

- Иә. Алғашқыда Созақта Ленин атындағы орта мектепке әскери дайындық пәнінен сабақ бердім. Мұғалім жетпейтін кез, кейін 5-6 кластарға химия, биологиядан сабақ беруге тура келді. Жоғары білім алсам деген арманым бар. Оқуға барайын десем, орта мектепті бітірмегенмін, қабылдамайды. Елдің дені сауатсыз кез. Аудан бойынша жалғыз ғана орта мектеп бар. Сауат ашқандарының өзінің білімі мен сияқты жеті-ақ кластық. Осыны ескерген Оқу министрлігі кешкі мектеп ашты. Бір айлық курс болатын. Сол жерден емтихан тапсырып, орта білім алып шықтық. Оқу іздеп Алматыға бардым. Ойым заңгер

немесе тарихшы болу. Хрущевтің заманында коммунизм орнайды, әркім қабілетіне қарай жұмыс істеп-,заңсыздық болмайды, бәрі тегін ішіп-жейді деген қағида болатын. Олай болса, сот пен прокуратура болмайды. Бәрі тарап кетсе далада қалармын деп, педагогикалық институтты жағаладым. Үміткер көп. Бір орынға 10 адамнан келеді. Білетіндер бұл факультетке түсе алмайсың, одан да жаңадан ашылған химия биология факультетіне түсу оңай, кейін реті келсе ауысып аларсың деп кеңес берді. Солардың айтуымен сол факультетке құжат өткізіп, 4 сабақтан емтихан тапсырдым. Физика мен химиядан үштік баға алып, конкурстан өтпей қалдым. Әскерде хатшы болғаным бар, қайдан көмек сұраудың жөн-жобасын білемін. Оқу министріне арыз жаздым. Олар сіздің арызыңызды ҚазПИ-дің ректоры Мәлік Ғабдуллинге жібереміз, сол кісі шешеді деп жауап қатты. Бұл кезде жоғары оқу орындарына қабылдау емтиханы да, конкурсы да бітіп кеткен. Оқуға қабылдау мерзімі аяқталып қойған. Сонда да ауылға қайтпадым. Студент атанудан күдерімді үзбей жүрген осындай бір шақта, ректораттан шақырту келді. Барсам, кабинетте ректор Мәлік Ғабдуллин партия ұйымының хатшысы екеуі отыр екен. Әңгімемді тыңдап болды да, қайтеміз дегендей бір-біріне иек қақты. Өзі жетім екен. Жалғыз шешесі бар. Майдангер. Көмектесу керек деп оқуға сырттай қабылдады. Бір-екі сабағына қатысып ем, маған сырттай оқытудың білім сапасы ұнамады. Сөйтіп мені күндізгі бөлімге ауыстыр деп Ғабдуллинге қайта бардым. Жарайды деді. Бірақ жатақхана мен стипендия бере алмайтынын айтты. Амал жоқтықтан, мақұл дедім. Ол кезде жасым 24-те. Курстастарым 16-17-гі бозабала мен бойжеткендер. Тіл табысу, сіңісу қиын болды. Бұл жолы деканға бардым. Әйел адам еді. Мейірімділік танытып, қайта емтихан тапсыруға арыз жаз, ректорға жіберемін деді. Қағазды алып, қол қойдыру үшін Ғабдулинге қайта бардым. Степендия, жатақханасыз оқи алмайтынымды айттым. Бұрыннан да жағдайымнан хабары бар ректор арызыма қарсы емеспін деп қол қойып берді. Қайта емтихан тапсырып, екі пәннен де 4 алдым. Қуанышым қойныма сыймай хабарымды айтайын деп ауылға қайттым.

Оқуға баратын уақыт келді. Шешем мені жетектеп, қарайласып қалар деген үмітпен Төрткүлде тұратын сіңлісінің үйіне барды. Олар қайбір жарып отыр, ешнәрсе бере алмады. Содан Шымкентке көлікпен қауын артып бара жатқан ауылдастарына ілесіп, шаһарға келдім. Базарға тоқтадық. Кемпір мен шал қауынды түсіре бастады. Көлігіне тегін мініп келгем, ұялағанымнан мен де көмектестім. Қауын тасып жүріп байқамаған екенмін, бір қарасам чемоданым жоқ. Құжаттарымның бәрі соның ішінде. Ұрлап кетіпті. Сол күйі таппадық.





ОҚУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ ДЕГЕН АТАҚТЫ ЕҢ БІРІНШІ БОЛЫП АУДАНДА МЕН АЛДЫМ

- Ауылға қайттыңыз ба?

- Жоқ. Алған бетімнен қайтпадым. Алматыға келген соң тағы Мәлік ағаға бардым. Аздап ақша берді. Бірге оқитын жігіттердің киімін ауыстырып киіп жүріп оқып кеттім. Ол кезде студентерді күзге салым мақта теруге апарады. Айлап жатып жұмыс істейміз, онымызға азын-аулақ еңбекақы да береді. Бұрын мақта термек түгіл оның қандай дақыл екенін білмейтінмін. Жинап үйрендім. Қиындығына қарамай, жұрт қайтса да қайтпай мақта теріп, әжептәуір ақша таптым. Тәшкеннің базарына барып киімімді бүтіндедім. Сабақ басталды. Сенбі, жексенбі қатарластарым киноға, биге кетеді. Мен Пушкин кітапханасынан шықпаймын. Институтты жақсы оқып, бітірдім. Ұстаздарым диплом алған соң шетелдегі қазақ мектептеріне мұғалім болудың реті келіп тұр, сол жаққа барсаң жалақысы да жоғары, жағдайың түзелер еді деп ұсыныс айтты. Ондай мектептер Қытай, Ресей, Монғолияда бар болатын. Бармадым. Жалғыз шешемді тастап қайда барам?! Бар ойым - ауылға қайту. Созақтан Науаи деген өзбек мектебі ғана мұғалім керек деп сұраныс жіберген екен. Сонда келдім. Көп жұмыс істемедім, аудандағы жалғыз орта мектептен шақырту алып, жұмысқа кірістім. Жасымның ересектігі бар, тәжірибем бар жұмысқа бірден кірісіп кеттім. Ол кезде балаларды тамақтандыру үшін орта мектептің жанынан қосымша шаруашылық ұйымдастыратын. Қоян, тауық асыраймыз. Сол шаруашылыққа жетекші болдым. Еңбекақы сұраған жоқпын. Демалысқа шықпадым. Жоғары клас оқушыларынан бригада жасақтадым. Екі жылдан соң сол мектепке директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары етті. Білім ұясының ғимараты екі жерде орналасқан. Біреуі ескі орнында, екіншісі жаңа ғимаратта. Жалғыз орынбасармын. Мұғалімнің көпшілігі әйел. Бала-шағасы ауырып қалады. Сабақ үзілмес үшін солардың орнын ауыстыруым керек. Кешкі 6-дан кейін кешкі мектепке барып сабақ өтемін, Жұмыс өте ауыр болды. Осы еңбегімді ескерген болу керек, ауданда оқу ісінің үздігі деген атақты ең бірінші болып мен алдым. Барлығы төрт адам алдық. Оның ішінде білім бөлімінің басшысы, кәсіподақ және ауданның идеология жөніндегі орынбасары бар.

- Басқа жұмысқа шақырмады ма?

- Райкомға бірнеше рет нұсқаушы бол деп жұмысқа шақырды. Атағы дардай болғанымен айлығы

мардымсыз. Қолымда шешеммен бірге нағашы атам мен апам бар. Соның бәрін бағуым керек. Әйелім жұмыс істемейді. Осының бәрін ескеріп бармадым, білім саласында қалдым. Кейін тағы екі мектепті орта мектепке айналдырдым. Соның ішінде Қайнардағы мектеп ауылдан қашық болды. Екі орта 25 шақырым жер. Бастауыш мектепті алдымен жетіжылдық, кейін орта мектеп еттім. Совхоз, колхоз басшыларымен өте жақсы болдым. Бірақ жол әбден қажытты. Содан өз ауылыма қатардағы мұғалім болып барайын деп сұрандым. Ауылдағы мектепті 7 жылдық, кейін орта мектеп еттім. Сөйтіп 46 жыл педагогикалық стажбен, үздіксіз 24 жыл мектеп директоры болып, зейнеткерлікке шықтым. Жас кезде бейнетті көп көрдім, енді міне, зейнетін көріп жатырмын. Қазір атақ-абыройдан кенде емеспін. Ауданның құрметті азаматымын. Жаман болған жоқпын. Өзім жалқы едім. 12 презентті болдым. 15 мамыр туған күнім. 100 жасқа келіп, 100-ші шөберемнің дүниеге келуін күтіп жүрмін.

- Мәлік Ғабдуллиннің талай жақсылығын көріпсіз. Қандай адам ретінде есіңізде қалды?

- Терең ойлы адам еді. Ол кісі соншама жақсылық жасамағанда мен қараңғы қалпымда өтер ме едім. Басты адами қасиеттері - адамды құрметтейтін. Мен ғана емес, мен сияқты тағдыры бар талай жанға көмегі тиді. Парасатты адам болатын. Оның адамгершілігін шәкірттеріме үлгі еттім. Өзім де әлі күнге алғыс айтумен келемін.

Ғани ҚАЛМАХАНОВ.




ЖЫЛ
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ ЖӘНЕ
ЕҢБЕК АРДАГЕРІ,
ОҚО ЕҢБЕК СІҢІРГЕН МЕДАЛЫНЫҢ ИЕГЕРІ,
ҰСТАЗ ЖОЛЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ
«ЕЛ АЗАМАТЫ" МЕДАЛЫНІҢ ИЕГЕРІ,
СОЗАҚ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ,
ЫЛЫСБАЕВ МЫРЗА
100 ЖАСТА




90 жас
мерейтойыңызбен
Қазақстан Республикасы
Оңтүстік Қазақстан облысы
Созақ аудандық
мәслихаты





Эрмохан ИШХОНОВ,
соғыс ардагері:



«ӘСКЕРИ ДАҒДЫНЫ АРМИЯДА ЕМЕС, СОҒЫСТА ҮЙРЕНДІК»

Екінші дүниежүзілік соғыс. Осы бір атың өшкір алапат соғысты әлемдік тарихтан бөлшектеп, «Ұлы Отан соғысы» деп әлі де атап келеміз. Бұл атау – Кеңес заманынан қалған мұралардың бірі екені даусыз. Тарихшыларымыз осы «Ұлы Отан» дейтін айқындауышы бар атаудан бас тартып, дүниежүзі тарихымен бірге «Екінші дүниежүзілік соғыс» деп аталатын жалпы тақырыппен еліміздің академиялық тарихына ендіріп жібергенмен, әлі де одан толық арылған жоқпыз. Қанша дегенмен, бір кездері ортақ тарихымыз бен идеологиямыз түбірден біріктіріп тұрғасын Тәуелсіз еліміздің жылнамасынан алыстата алмай тұр. Бәлкім, «Ұлы Отан соғысы» дейтін кеңестік атаудан сол соғысты көзімен көрген аталарымыздың қатары толық кеткен соң ғана объективті атауы санамызға сіңер? Қазірше, сол баяғы ел құлағына сіңіп кеткен атауды пайдалана тұратын секілдіміз. Жасы үлкенді сыйлап, олардың көңіліне қарайлайтын қазақы тәрбиеміз бәрібір шорт кесіп, бірден өзгерте салуға жіберте қоймасы тағы бар.

Соғысты көзімен көрген ардагерлер демекші, бүгінде Түркістан облысында саны саусақпен санарлық қана ардагерлеріміз қалыпты. Оңтүстік өлкеміздің санаулы соғыс ардагерлерінің есігін қағып, біршамасімен тілдесудің реті түсті. Германия әскері КСРО аумағына басып кірген уақытта жап-жас бозбала болып әскер қатарына алынған жігіттердің бүгінде көзі тірі жеткендерінің алды қазір жүз жасты еңсеріп қалды. Соның бірі, бүгінде 102 жасқа толып, шөбере-шөпшек сүйіп, ұрпағының ортасында отырған Эрмохан Ишхонов ақсақал. Аты-жөні өзі туған Тәшкен облысы болғасын өзбекше жазылып кеткенмен, қазақ, Сіргелінің Айтбозымы екенін айтады. Ермахан атай сөйлегенде аздап ентігіп қалатыны болмаса, әлі де тың, бақуат екен. Әңгімесін тыңдап, батасын алу бұйырды.

«ӘСКЕРИ ҚАРУ-ЖАРАҚТАР, АВТОМАТ ТА, МЫЛТЫҚ ТА ЖОҚ, АҒАШТАН ЖАСАЛҒАН МАКЕТТЕРМЕН ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТКІЗІП, ҮЙРЕТЕДІ»

– Ермахан ата, майданға қай кезде аттанып едіңіз? Арнайы әскери дайындықтан өттіңіздер ме?

– Мен 1923 жылы осындай көктемнің күнінде туған екенмін. Бірақ құжатыма 1-ші қаңтар деп жазылыпты. Туған жерім – қазіргі Тәшкен облысы, Зәңгіата ауданы ол кезде Калинин деп аталушы еді, сол маңайда екен, Назарбек дейтін ауылдық кеңес. Ол кезде Тәшкеннің айналасының бәрі қалың қазақ тұтаса отырушы еді ғой. Кейін Өзбекстанның астанасы болғасын өзбектердің қатары көбейіп, соғыстан кейінгі жылдары ғана қыстағымыз өзбекше болды.

1942 жылдың 4-ші мамырында әскерден шақыру келді, 5-ші мамыр күні қызыл вагонда болдық. Біз соғысқа аттанған кезде біздің қыстақтан шыққан азаматтардың бәрі де қазақтар еді. Сол бір күнде Калинин (қазіргі Зәңгіата), Тәшкен, Орджоникидзе (қазіргі Қыбырай) аудандарының жігіттерін вагонға артты, солдатқа жіберді. Түнгі сағат 2-ден жүріп кеттік те, бірнеше күн сартылдап Куйбышев (қазіргі Самара) шаһарына барғанда бір-ақ тоқтадық. Өзі кең дария Еділдің бойындағы қала екен, сол жерде 4 сағаттай аялдадық. Немістердің ұшақтары мазалаған екен. Біршама уақыттан кейін түнделетін тағы жол тарттық. Қараңғыда Мәскеу түбіндегі қалың орман ішіне апарып тастады. Сол орманда 11-ші мамырға дейін жаттық. «Ложиииись!» дейді, апыр-топыр жатамыз. Немістің ұшақтары ұшады екен, оны біз білмейміз, 18-19 жасар балаң жігіттер ғой. Сөйтіп, әскери бұйрықтарға бой үйретіп, 3 ай сол орманда жаттық. Әскери қару-жарақтар, автомат та, мылтық та жоқ, ағаштан жасалған макеттермен оқу-жаттығу өткізіп, үйретеді.

– Алғаш ұрысқа араласқан кезіңіз есіңізде ме?

– Содан үш айдан соң 15-ші тамыз күні басқа мекен-жайдағы орман ішіне апарып, әскери киім берді. Оған дейін азаматтық киіммен жүрдік. Қолымызға бесатар мылтық берді, әскер болдық. Арамызда орыстың балалары бар еді, орысша ұғатындардан курсант етіп басқарушылар жасады. Рота-рота, взвод-взвод етіп топтарға бөлді, 12 адамнан бөлімше командирін тағайындады дегендей.

Сөйтіп, орманнан шықтық, жүріп отырып, Воронеж облысында Дөң дария (Дон өзенін қария осылай атады) дейді екен, үлкен өзен бар, сол жақтан шықтық. Вокзалының бір шетінде жаттық. Ортамызда аудармашылар болды, әскерде қазақ, қырғыз, өзбегі, тәжігі бар, орысша ұқпайтындар көп қой. «Түнде-





летіп атакаға шығамыз» деп түсіндіреді. «Атака» дегенінің не екенін білмейміз. Қараңғы түсе сағат 10-11-лер шамасында команда берілді. Кеттік. Ура-уралап. Әр кез-әр кезде айғайлап бұйрық берген дауыстар шығады. Кейін білдік қой, «Вперед! На запад!» дейді екен. Қараңғыда батысың қайсы, шығысың қайсы, шамалаудың өзі қиын. Сөйтіп, немістерді қудық. Воронеждің маңында Новый Оскол, Старый Оскол деген жерлер бар екен, сол жерлерді қолға алдық. Одан кейін таң ата әскерді тік тұрғызған команда беріліп, тағы «Вперед! На запад!» дейтін бұйрық берілді. Бұл жолы шығыс пен батысты шамалап алдық. Немісті тағы қудық. Біздің қатарымыз көп еді. Неміске де жан керек екен, «уралап» жердің үстіаспан асты жаңғырғанда рухтана түседі екенсің. Старый Осколдан тік көтеріліп, Борисоглебское дейтін мекенге жеттік. Сонда 1943 жылдың 11-12-ші мамырға дейін қорғаныста жаттық. Немістер де шабуылдайды, біз де «уралап» алға ұмтыламыз, итжығыспен үш ай жаттық.

Сол қорғаныста жатқан уақыт ішінде, 1943 жылдың 12 қаңтар күні түнде болу керек, немістер жағынан дыбыс күшейткіш құрылғымен біз жаққа қарай орысшалап «Түркістандықтар, біз жаққа өтіңдер!» деп хабарлап жатты. Біз жақтан да командирлер келіп, көбейіп кетті. Әскердегі қазағы, өзбегі, қырғызы бар, бәріне қуат беріп, қолпаштап қояды. Қатарымызға толықтырулар болып, жастар келіп жатты.

Сол қаңтарда қатты ұрыс болды. Снаряд сартылдай соққанда қара топырақ пен ақ қар араласып, аласапыран болып кетеді екен. Қасымда жатқан серігімді де көрмей кетесің, қатты соққан борандай болды. 1943 жылдың 11, не 12 қаңтар күні еді, сол есімізде.

«КИЕВТІҢ ТҮБІНДЕ БІР РЕТ, БАТЫС УКРАИНАДА ЕКІНШІ РЕТ ЖАРАЛАНДЫМ»

– Басқа есіңізде қандай жайттар қалды? Командирлердің орысша түсінбейтін жауынгерлерге көзқарасы қалай болды?

– Сөйтіп, орыс жерінен асып, украиндардың Харковь деген облыс жеріне өттік. Әр рота, әр батальон, полктың өз бағыты болады. Қисық кетсең, аяқастынан қауіп туады. Мылтық оқтаулы, гранатаң дайын тұр. Басқасын былай қойғанда, қиыс бассаң, қасыңдағы солдат өзіңнің жазаңды береді.

Харковь түбінде бір деревняны алдық. Сол жерде ғой, кескілескен ұрыс болды. Бөлімше командирі еңбектей келіп, ескертіп кетеді. «Өздеріңді сақтаңдар, ықтият болыңдар, бастарыңды көтермеңдер»

деп. Командирлердің былай қайта-қайта ескертіп тұруының себебі, біз бұрын әскер қатарында болмадық, бізді үйден алып кеп соғысқа салып жіберді ғой. Берілетін әскери бұйрықтардың көбін түсінбей жатамыз. Қаншама қаруластарымыздың сол әскери дағдының болмауы себебінен басын оқ тесіп кетті, қол-аяғын снаряд жұлды, қаза тапты, жараланды. Әскери дағдыны армияда емес, соғыста үйрендік. Әскери командирлердің жанашырлығы, азаматтығы сол, жауып тұрған оқтың астында еңбектеп келіп, жеке-жеке түсіндіріп кетеді. «Қарныңды көтере берме! Пәс бол! Еңбекте! Басыңды көтере берме! Оқ жұлып кетеді! Бұқ!» деп айтып кетеді. Ой, азамат! Сондай командирлер болды. Мен жасымның жүзден асып, ұзақ жас жасап жатсам, сол командирлерге борыштармын.

Харковьтен кейін Киев қаласы болды. Украинаның астанасы. Киевке жақындағанда алдыңғы ұрыстарға қарағанда біршама жеңілдей бастады. Біз жаяумыз. Жаяу әскер созыла шұбап ілбіміз. Ал, алдымызда бір шақырым-жарты шақырым шамасында танкистер, артилериямыз бар жүріп отырады. Біздің әрқайсымызда қару-жарағымыз, мешөк-мешөк азық-түлігіміз бар, қарлы-батпақты жолмен жаяу жылжимыз. Суық. Оңай емес. Киевке кірген 8-9 күн ішінде мен жараланып қалдым. Етіме кірген жарықшақтар мазаны алды. Немістер Киевті бермеудің бар амалын істеді, бар күшін салды. Оқты жаңбырша жаудырып тұр. «Бермеймін» дейді. Бірақ, ол 1943 жылы біздің Кеңес әскері күшейіп алған кез, «Катюша» деген қару шыққан. Бір атылғанда 16 снаряд атылып, жаудың учаскесіне түскенде шаршы пішінді аумақты алып, орып түсіреді. Шахматтағы ат фигурасы сияқты қалаған жерін жайпайды. Айналдырып жібереді. Сырттай қарап тұрсаң, түк неміс қалмағандай елестетесің. Немістің жанын қоймады. Олар да үйреніп алған, атасына нәлеттер.

– Жарадар болдым дедіңіз ғой, ауыр болды ма?

– Киевте жараландым дедім ғой. Қырық бес күннен көбірек госпитальде жаттым. Маған тиген жарықшақ құдайдың құдіретімен «шаршап келген» жарықшақ екен (күліп қояды). Жарылған снарядтың жарықшақтары бытырап, әлдебір кедергілерге тиіп, ұшқан жылдамдығы азайып, үдеуі басылып, «ашуы» қайтып қалған бір бөлшегі екен да. Оған да шүкір. Егер, жақын жерден тигенде, мына сүйекті майдалап тастар еді. Санитарлық бөлімде жатып, емделіп жақсарып шығып, майданға қайта кірдім. Өзімнің ротама қосылдым.

Киевті алған соң, Украинаның батысындағы облыстарды азат еттік. Батыс Украина деген жердің тұрғындары Кеңес әскерінен гөрі, немістерге бүйрегі бұрады екен. Ол біздің біздің әрекетімізге





қиындық туғызды. Одан ары Польша, Чехословакияға бардық. Польшаны алуымыз қиын болмады, бір пәсте алдық. Чехословакияның астанасы Прага қаласын азат еттік. Ол күні 7 мамыр еді. Ал, 8 мамыр күні бізді командиріміз «Направление в Берлин!» деп Берлинге бағыттады. Ол кезде орысшаны түсініп қалғанбыз. Сол 8-ші мамыр күні Германияға өтіп, Берлинге жақындап қалдық. Батыс Украина, Польша, Чехословакия, бұлардың арасы жақын екен. Содан 8-ші мамыр күні Берлиннің шетіне іліктік. Ал, 9-шы мамыр күні фашистік Германия тізе бүкті. Құдайдың құдіреті, Берлиннің Гитлердің жүретін аймағына біздің армия кіріп барған екен. Біздің дивизиямыз 107-ші атқыштар дывизиясы деп аталды, оның ішіндегі 522-ші атқыштар полкі, 1-ші батальон, 4-ші ротасында болдым.

Киевтің түбінде бір рет жараландым дедім ғой. Екінші рет Батыс Украинада тағы бір жарадар болдым. Немістің «Рама» деген ұшағы болады, сол атасына нәлеті бомба тастап кетіп, талай жерді талқандады ғой. Соның бір жарықшағы мені де жаралады.

БАСТЫ МАРАПАТ – БАСТЫҢ АМАНДЫҒЫ

– Көрсеткен ерліктеріңіз және олардың ішінде ескеріліп, марапатталған сәттеріңіз болды ма?

– Қолымызда мылтық, жанымызда граната бар. Басқа бөтен кісімен жолығуға болмайды, сөйлесу жоқ. Жаяу жүріп келе жатып, бұл қай деревня, қандай аудан, жердің аты не деп сұрастыру жоқ. Тек, әскери бұйрықтарды орындау кезінде ғана елді мекендердің аттары есте қалады. «Вперед!», «За Родину!», «За Отечеству!», «За матерей!», «Только вперед!» дейтін бұйрықтармен алға ұмтылдық. Былайша айтқанда, Мәскеу түбінен бастап, Берлинге дейін жаяу өттік.

Мен жаяу атқыштар әскерінде болдым. Үш айлық сержанттық курс бітірдім. Бөлімше командиріне дейін жоғарыладым. Менің әскери шенім – аға сержант. Менің туған жерім – Тәшкен маңындағы Зәңгіатаның Назарбек деген ауыл ғой. Хат жазғанда сол мекен-жайды көрсететінмін. Содан командирлердің есінде қалып кетіпті. Орыста да Назар деген есім бар екен ғой, соған ұқсатып, менің де лақап атым «Назар» болып кетті. Командирлерім сенім білдіріп, тапсырма бергенде тап-тұйнақтай етіп орындап келсем, «ай маладес, Назар!» деп мақтап, арқамнан қағып қоюшы еді. Пулемет те, миномет те, танкке қарсы қару бар, оны да үйреніп алғанмын, ата беремін. Үш айлық курста оқыдық. Біз, ортаазиялықтар сол арқа қаққанның өзіне разы болдық, ал орыстар біз қатарлы орындаған

тапсырмаларына медальдар тағынып қалатын. Жауынгерлік тапсырмаларды орындауға барарда да фамилиямды емес, «Назар» деген лақап атымды атап шақырады. Солай танылдық.

Кеңес Одағының Батыс майданы түгесіліп, Жапония жақтағы соғыс өрті сөне қоймаған еді. Сол 1945 жылдың маусым айында бізді Қиыр Шығысқа апарды. Алайда, біз Жапониямен соғысқа кірмедік. Біз барып, даярланғанша, Жапония жеңіліске ұшырап, аяқталып қапты.

Одан кейін біздің әскери бөлімді Өзбекстанға, Самарқанның жанындағы Кәттәқорған деген жерге ауыстырды. Одан 1946 жылы Әндіжанда, Қырғызстанның Ош облысында әскери қызметте болдық. Сөйтіп әскери қызметімді толық атқарып, 1948 жылы үйге қайттым.

Десе де, марапаттардан кенде емеспін. Ұлы Отан соғысының қатысушысы деген куәлігім бар. Үшінші дәрежелі «Қызыл жұлдыз» орденін алдым. Одан бұрын сол «Қызыл жұлдыз» орденінің екінші дәрежелісін де алған едім. Соғыс кезінде жер бауырлай еңбектеп, көкірегіңді сыдыра жүресің ғой. Қанша ордень-медалімді майдан даласында қалдырдым. Соғыс берді, соғыс алды. «Бастан құлақ садақа» дейді ғой. Қазір келіп «қандай орденің бар?» деп сұрайтын жорналшылар көп. Атақ-даңқыңды сұрайды. Ал, соғыс кезінде бүгін бар болсаң, бір сәтте жоқ боласың. Қаншама қарулас, майдандас мықты азамат-жолдастар қаза тапты. Олардан менің қай жерім артық? Аман келгеніме шүкірлік. Соғыстың маған берген басты марапаты – амандығым болды. Одан басқа да Жеңістің мерейтойлық медальдері, Украинаны, Польшаны, Праганы азат еткенім үшін берілген медальдерім болған. Олар да қай жерде қалғанын білмеймін. Бүгінде I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «КСРО Гвардиясы», «1941-1945 ж. Отан соғысы» ордендерім, «Украинаның азат етілгеніне 50 жыл», «Мінсіз қызметі үшін», «Ерлігі үшін» және басқа да 20-дан астам медалім бар.

Басты марапат – бастың амандығы. Шүкір, соның арқасында жеті баланың әкесі болдым. Бүгінде олардан 33 немере, 49 шөбере, 6 шөпшек сүйіп, немеренің қуанышына бөленіп, шөберелерінің қолынан су ішіп отырған жайым бар. Жаратушыға мың да бір шүкір.

Біз көрген апаттарды, азаптарды ешкімнің басына салмасын. Еліміз аман болсын! Менің жасыма жете беріңдер!

– Әумин! Айтқаныңыз келсін! Бақуатты болыңыз!

Әңгімелескен
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ




СЕРТИФИКАТ
1 000 000
ТЕҢГЕ





Қалмен МҰРАТҰЛЫ,
майдангер:



«ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖАҚСЫ, АЛ АДАЛ ӨМІР СҮРІП, АБЫРОЙЛЫ БОЛҒАН БӘРІНЕН ДЕ ЖАҚСЫ»

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалы ұсынған дерекке сүйенсек, бүгінгі таңда облыс аумағында Ұлы Отан соғысына қатысқан 8 майдангер бар. Биыл жүз жасқа толып отырған Қалмен Мұратұлы – сол санаулы көзі тірі соғыс ардагерлерінің бірі.

Ордабасы ауданына қарасты Бадам ауылында тұратын қарияны арнайы құттықтап бардық. Өмірінің 35 жылын Арыс пен Бадам аралығындағы темір жол бойында өткізген, ғасырмен құрдас ақсақал ширақ екен, өзі алдымыздан шығып амандық сұрасты. Өзі еркін жүріп-тұрғанымен қоймай, суретке түсердің алдында үлкен келіні Қызжібекке «Әй келін, кәстөмімнің қыртысын жазып, түймесін қадап бер» деп бұйрық беріп жатты...

Бүгінде Қалмен ата – мәуелі бәйтерекке айналған тау тұлға. Өзінен тараған 6 ұл, 2 қызынан 35 немере, 72 шөбере сүйіп отыр. Темір жолда еңбек етіп, зейнетке шыққан үлкен ұлы Жақыпқа дейін Қалмен атамыз бен Ұмсын анамыздың 8 перзенті шетінеп кеткен екен. Ақсақалдың айтуынша, Арыс төңірегіндегі айтулы әулие Ақын Жақыптың кесенесіне түнеп, Құдайдан тілеп жүріп, кейінгі 8 перзентін құшағына басқан. 16 құрсақ көтерген Ұмсын анамыз 1995 жылы жол апатынан қайтыс болыпты.

Үлкен отбасын асырап, ұл-қызын жетілдіру үшін Қалмен атамыз аянып қалмапты. Алдымен Арыс вагон депосында, кейіннен Бөген станциясындағы мекемелерде 1984 жылға дейін тер төгеді. Қызығы сол, биыл зейнетке шыққанына да тұп-тура 40 жыл толып отыр екен.

1942 жылы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде 8-класты бітірген бозбала Қалмен әскер қатарына шақырылады. Әуелі Семейдегі Аягөз қаласында командирлік курста 6 ай оқып, сержанттық шен алады. Сол жылдың желтоқсан айынан бастап 1943 жылдың қазан айына дейін Аягөз маңындағы Сергиополь қалашығында жауынгерлерді соғысқа даярлау, оқу-жаттығу курсынан өткізумен айналысады. Ал қараша айында бірінші Беларусь майданында соғысқа қатысады. Кейіннен Витебск қаласының маңында болған кескілескен шайқаста жараланып, госпитальға түседі.

«Біз Беларусь фронтына келгенде Ржев сияқты қалаларды немістер басып алған екен. Жаяу әскер болсақ та жауды шегіндірдік. Мен майданда минометпен жүретінмін. 1944 жылдың ақпан айында соғыс алаңында екі жерден жараландым. Бір оқ білезік буыныма тиіп, ал екінші оқ сұқ саусағымды жұлып кетті. Дзержинский қаласындағы эвакуациялық госпитальде 2 айға жуық жатып, дәрігерлердің №336 шешіммен «II топтағы мүгедек» атанып елге қайттық. Қырық жыл теміржолда тер төгіп еңбек еттік, бала-шаға өсірдік. Құдайдың осы күнді көрсеткеніне мың да бір шүкіршілік етемін», – дейді жүз жасты еңсерген қарт майдангер.

Бөген ауылында тұрып жатқан қарияның кенже ұлы Батыр Қалменұлының өзі 56 жасқа аяқ басқан. Әскерилендірілген теміржол күзетінде қызмет ететін ол жұбайы Манзура екеуі бес баласы мен қарт әкелерінің күтімін жасап келеді. 8-сыныпта оқитын немересі Көркем газет-журнал, қызықты кітап оқып береді екен. «Ел аман, халық тыныш болсын! Жүз жасаған жақсы, ал адал өмір сүріп, абыройлы болған бәрінен де жақсы, шырақтарым» деп қоштасты бізбен абыз ақсақал.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
«Қазақстан теміржолшысы» газетінің
Түркістан облысы бойынша меншікті тілшісі.




ЖЕҢІС
ҒАСЫР ЖАСАҒАН
ҒАЖАП ҒҰМЫР





ЖЕТІСАЙДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ АРДАГЕР



Бұрынырақта, біздің жас кезімізде Жеңіс күні мерекесі қандай керемет өтуші еді. Ұлы Отан соғысы ардагерлері бір-бірін мерекемен құттықтап, өзара әзіл айтысып, кеуделеріндегі орден-медальдары жарқырап жүруші еді. Басшылық қызметте істеген біздер олардың осынау жыл айналып келетін ұлық мерекесін барынша қызықты, көңілді өткізуге атсалысып, ерліктерін өскелең ұрпаққа үлгі етіп, сырласулар, ашық-жарқын әңгімелесулер ұйымдастырушы едік. Өмір талабы солай ғой, соңғы бірер жылда ардагерлердің қатары тым сиреп қалды. Енді міне, Ұлы Жеңістің 80 жылдығын көру Жетісай ауданы бойынша жалғыз ардагердің ғана маңдайына жазылыпты.

Биыл 100 жасқа толып отырған Попков Петр Кузьмич 1925 жылы 20 маусымда Башқұртстанның Максимов ауылында дүниеге келген. Кәмелет жасқа толған соң өз еркімен кеңес әскерінің қатарына алынып, 1943 жылы майданға аттанады. Үшінші Украина майданында 73-гвардиялық дивизияның 105-полкі сапында жауға қарсы соғысқан. Польша, Чехословакия, Югославия, Молдавия, Румыния, Венгрия, Болгарияны азат етуге қатысқан. Соғыс аяқталғаннан кейін Киевте құрылыс батальонында жұмыс істеп, қираған қаланы қалпына келтіруге атсалысады. 1950 жылы әскерден оралып, Галина Евсеевнамен отау құрады. Башқұртстанда тұрған олар тың жерлерді игеру науқанында дәм-тұз бұйырып, Жетісайға келеді. Ленин атындағы кеңшарда трактор жүргізушісі болып, Мырзашөл аймағының өркендеуіне өз үлесін қосады. Кейін мақта зауытында өрт сөндіруші болып жүріп, еңбек демалысына шығады. Бүгінде ортаншы қызы Надежда Петровнаның қолында тұрады. Үлкен қызы Татьяна Новосибирскіде болса, кенже қызы Наталья Өзбекстанда. Жүз жасқа жақындап қалған ол әлі де ширақ, әлі күнге дейін әскердегі қолбасшылары мен достарының аты-жөндерін жатқа айтып отырады. Тәртіпті командир, үлгілі артиллерияшы бола білген ол бірнеше медальдармен бірге «Қызыл Жұлдыз» орденімен де марапатталған.

Оразбек ШЫРШЫҚБАЕВ,
еңбек ардагері,
Жетісай ауданы.



ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ҚАһАРМАН



Бір ғасырды артқа тастап, жүз жастың төріне көтеріліп отырған абыз ақсақал, қазыналы қария, Ұлы Отан соғысының ардагері, Түлкібас ауданының Құрметті азаматы Мұраталы Төлепбергенұлы биыл жүзінші көктемін қарсы алғалы отыр. Қарт майдангер 1925 жылы 20 мамырда Түлкібас ауданының Жаскешу ауылында дүниеге келген.

Саналы ғұмыры туған жерінде өткен қарттың балалық шағы мен жастық кезеңі оңай бола қойған жоқ. Қабырғасы қайыспай жатып, жоғары жақтан ұйымдастырылған ауылдарды күштеп ірілендіруді, отызыншы жылдардағы қолдан жасалған ашаршылықты, сол кезеңдердегі көздері ашық оқыған азаматтардың жазықсыздан жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырауын көзімен көрді. Одан әрі сұм соғыстың басталуы... Иә, мұның бәрі жас жігіттің көз алдында өткені ақиқат. Бұл сұрапыл соғысқа Төлепберген әулетінен ағайынды бес жігіттің аттанғанын бүгінде біреулер білсе, біреулер білмес... 18 жасқа толар-толмасында соғысқа аттанған бозбала Брест қамалы үшін соғысқан, Беларусь, Польша, Варшаваны жаудан азат еткен даңқты сарбаз.

Мұраталы Төлепбергенұлы Дрезден қаласынан бастап, талай қиян-кескі шайқастарды бастан өткеріп, елге Ұлы Жеңістің қызыл жалауын желбіретіп қайтты. Қан майдан шебінде жан аямай, ерлік көрсеткені үшін «Ұлы Отан соғысы», «Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарымен марапатталған.

Міне, осынау қатал тағдырдың бәрінен сүрінбей өткен қазыналы қарияның бүгінде өзінен тараған ұрпағының қызығын көріп отырған жағдайы бар. Туған жерінің көркеюі жолында бар күш жігерін аямаған соғыс және еңбек ардагері Жданов, «Красная звезда» колхоздарында есепші, ферма меңгеруші, бригадир болып ұзақ жылдар еңбек етті. Зейнетке шыққан соң да қарап отырмай, Жаскешу ауылдық округі ардагерлер кенесіне басшылық жасады. Қарт майдангердің, ауылшаруашылық саласы майталманының





Отан алдындағы ерен еңбегі «Ұлы Жеңістің 20, 30, 40, 50, 60,70 жылдығы», «Оңтүстік Қазақстан облысына сіңірген еңбегі үшін» медалдарымен, ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен, облыс, аудан әкімдерінің Алғыс хаттарымен, мақтау қағаздарымен марапатталған.

– Шүкіршілік дейміз, қазір Тәуелсіз елміз. Халықтың жағдайы жаман емес. Олардың әл-ауқатын көтеруге әрекет жасалып жатыр. Жастар елін сүймейді деп айтуға болмайды. Қазір әлемдік бәсекеге ілесіп, нарықтың заңдылықтарына бейімделетін заман. Ел азаматтары білімді, отансүйгіш болуы керек. Ендігі кезекте, басшы қызметтегі азаматтар халқына адал қызмет етіп, жастарды тәрбиелеуге, жұмысқа, білімге ынталандыруға жұмыс істеуі тиіс. Біз сонау қиын-қыстау кезеңде ұжымшарда еңбек еттік. Егін ектік, мал өсірдік. Халықты асырауға жағдай жасадық. Ендігі кезек – жас ұрпақта. Отандастарым білімді болып, еліміз алдыңғы қатарлардан көріне берсін, – деді ардагер.

Жүз жастағы абыз ақсақал, соғыс және еңбек ардагері Мұраталы Төлепбергенұлының деніне саулық, отбасына амандық және өзінен тараған ұрпағының қызығын көре беруіне тілектеспіз.

СОҒЫСҚА БАРАТЫН АДАМДА ПАТРИОТТЫҚ ЖІГЕР БОЛУЫ КЕРЕК



Облыстағы бүгінде көзі тірі сегіз соғыс ардагерінің бірі, Кентау қаласында тұратын Бадан Төребаев ата 1926 жылы 13 қарашада дүниеге келген. Ол 1944 жылы 15 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Сауран ауданы, Майдантал ауылынан әскерге шақырылады. Ол осылайша 18-ге енді толғанында 4 ай дайындықтан өтіп, Одердегі ұрысқа кіреді, сосын Потсдамды азат етуге қатысады. Жорық жолы Беларусь майданында басталған жауынгер Берлинді қоршау операциясының да бел ортасында болған. Қазақ сарбазының сол соғыстағы батырлығы мен көрсеткен ерлігі ескеріліп, жауынгерлік наградаға ұсынылған.

«Соғысқа баратын адамда патриоттық жігер болуы керек. Қорықпадық демейміз, жауды тізе бүктіруді ғана ойладық. Біздің бойымызда отаншылдық сезім күшті болды. Ұрыс даласында жауды жеңуге бар күшімізді салдық. Қасық қанымыз қалғанша Отанды қорғаймыз деген антымызға адал болдық» дейді Бадан ақсақал.

Бадан Төребаев 1945 жылдың 19 қаңтарынан 9 сәуіріне дейін 277-атқыштар полкінің құрамында болған. Содан мамыр айына дейін Берлинді қоршау операциясына қатысып, ерлікпен шайқасты. Осылайша жорық жолы Берлинге дейін жалғасқан жауынгер жанқиярлық ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, 2 рет «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Соғысқа 1945 жылы кіргендердің елге бірден қайтпағаны белгілі. Рейхстагқа Жеңіс туы тігілгенмен, Бадан ата да елге бірден қайта қоймады. Норвегия шекарасында болып, елге 1950 жылы бір-ақ оралады. 1951 жылы Кентаудағы «Мырғалымсай» кенішіне жұмысқа орналасады. 1954-1972 жылдары комбинаттың тұрғын үй-коммуналдық қызметінде ағаш ұстасы, ал, 1972 жылы кенішке қарасты транспорттық бригадада жұмыс істеді. 1982 жылы зейнеткерлікке шықты. Ұзақ жылғы еңбегі еленген ақсақал «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Бадан ақсақал зейнеткерлікке шыққан соң «елге ораламын, ауылда тұрамын» деп, туған жері Майданталға қоныс аударады. Майдантал – Қаратаудың етегіндегі табиғаты тамылжыған, ауасы таза бір керемет мекен. Кіндік қаны тамған жерде қария «мен зейнеткермін, ардагермін» деп кеуде қағып, ешкімді де мазалаған емес. Ауылға барып үй тұрғызып, төрт түлікті көбейтіп, шаруасын дөңгелетіп, ел тыныштығын тілеп, көп қатарлы өмір сүрді, 2 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірді. Олардан 16 немере, 42 шөбере, 3 шөпшек сүйген саялы бәйтеректей отағасы болды. Ұл-қыздарын адал болуға, кісінің ала жібін аттамай, маңдай термен таза еңбектенуге, «дүниеге кірпіш болып қаланып», өз орындарын табуға тәрбиеледі.

Ардагер ақсақал бүгінде үлкен ұлының қолында тұрады.

– Енеміз дүниеден өткен соң атамызды қолымызға алдық. Атаны бүкіл қала, ауыл-аймақ жақсы біледі, құрметтейді. Қалалық әкімдіктің әлеуметтік сала қызметкерлері, қоғамдық даму басқармасы қызметкерлері, Amanat партиясының өкілдері ай сайын, әр мереке сайын атамыздың хал-жағдайын біліп, көңілін аулап отырса, қалалық емхана дәрігерлері жиі-жиі хабарласып денсаулығын бақылап отыр. Құдай қаласа, келер жылы жүзге аяқ басатын атамыз әлі де ширақ, шүкір, денсаулығы жақсы. Біз атамызды мақтан етеміз, – дейді батырдың келіні Айжан Төребаева.

...Кентау қалалық ардагерлер ұйымының мәліметінше, бүгінде қалада жалпы 10300 зейнеткер бар екен. Қалалық ардагерлер ұйымының 5449 мүшесінің 396-сы тыл ардагерлері. Олардың ең жасының өзі 87-де. Екінші дүниежүзілік соғысы ардагерлері жесірлерінің саны – 16. Осылардың арасында сұрапыл соғысты көзбен көрген жалғыз куәгер – ғасырмен құрдас Бадан Төребаев қана. Кентаулықтар батыр ата Бадан ақсақалды Алла қаласа Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған парадқа қатысады деп күтуде.

Әтіргүл ТӘШІМ,
журналист




SAMSUNG
32
K5500







АРХИВТІ АҚТАРҒАНДА



1-ші Беларусь майданы 48-ші армиясының 96-шы атқыштар дивизиясы. 332-ші атқыштар полкі барлау бөлімінің командирі, сержант Сейтқасым Әшіров



1944 жыл сол жақта тұрған Имансары Белгібаев, оң жақта ажал оғынан арашалаған Тасқара Сейтқазин. 1944 жыл



1944 жыл туысы әрі бауыры Несіпбай Накиповпен кездесу сәті



Маханбетов Турды. 1942 жыл.

Смерть немецким окупантам.

П и с ь м о с ф р о н т а.

Дорогая Гульсэ Мухамбетовна.

Военный Совет и политический отдел от всего сердца поздравляет Вас с Новым 1943 годом и желает Вам новых успехов в Вашем труде на помощь фронту.

Счастливо сообщить, что Ваш любимый муж, Турды Мухамбетов завоевал славу знатного минометчика Красной Армии.

Турды Мухамбетов- отважный, незнающий страха воин. Он беспощаден к фашистским людоедам, сеющим смерть и разорение на нашей земле.

Вместе с своевыми друзьями, огнём миномёта Ваш муж уничтожил около 100 ненавистных немецких извергов. честь и слава ему. Бойцы любят и уважают товарища Мухамбетова.

Расскажите о своевых делах Вашего мужа всем его родным и землякам. Пусть его пример воодушевит их на новые трудовые подвиги во имя нашей скорой и окончательной победы над гитлеровскими мерзавцами.

Желаем Вам долгих лет жизни дорогая Гульсэ Мухамбетовна. Крепко жмём Вашу руку.

КОМАНДУЮЩИЙ ВОЙСКАМИ АРМИИ
ГЕНЕРАЛ- ЛЕЙТЕНАНТ
/Сухомлин/

ЧЛЕН ВОЕННОГО СОВЕТА
ГЕНЕРАЛ- МАЙОР
/Холостов/.

Начальник политотдела Армии
п о л к о в н и к /А.Катиков/.

Копия. Верно. Каратасского
Р.В.К. майор /Калдыбеков/.

с. Ленинское
13 марта 1962 года.



Тәжібаев Амал 1941 жыл



Мейірбай Омбаев



Мейірбай Омбаев



Танк экипажының атқышы
Имансары Белгібаев
1942 жыл



Үмбетов Икамхан
1943 жыл



Үмбетов Икамхан 1943 жыл







ОҢТҮСТІККАЗАҚСТАНДЫҚ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ



ОҢТҮСТІККАЗАҚСТАНДЫҚ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ

1934 жылы 16 сәуірде КСРО Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен Кеңес Одағының Батыры атағы белгіленді. Бұл атақпен алғаш рет сол 1934 жылы 20 сәуірде «Челюскин» пароходының жолаушылары мен экипажын қиын жағдайдан құтқарған полярлық ұшқыштар Анатолий Ляпидевский (№ 1 «Алтын жұлдыз» медалі), Сигизмунд Леваневский, Василий Молоков, Николай Каманин, Маврикий Слепнев, Михаил Водопьянов, Иван Доронин марапатталды.

Кеңес Одағының батыры атанған майдангерлердің ішінде 500 қазақстандық бар. Олардың 52-сі оңтүстіккқазақстандық. Екінші дүниежүзілік соғыстың архивтерде ашылмай жатқан құжаттар бар екенін ескерсек, бұл мәліметтердің алдағы уақытта әлі де өзгеруі әбден мүмкін. Биылғы Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекесінде қазақтың қаһарман ұлдарының тізімі Кемел Тоқаевтың есімімен толықты. Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа ерекше сый жасады. Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі архивінен алынған Қазақстан Президентінің әкесі, гвардия сержанты Кемел Тоқаевты марапаттау парағын табыстады. Құжатқа сәйкес, ол Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған. Алайда бұл атақ берілмеген.

ӘБДІӘЛИЕВ ҚАРАҚОЗЫ (ҚАРАҚОЛА)

(1903 – 22.10.1943 ж.ж.)



Қарақозы Әбдіәлиев 1903 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратас ауданында туған. Ұлты - қазақ. Мектепті бітіріп, Ленгір ауданының «Талды-бұлақ» колхозында есепші болып еңбек жолын бастаған. 1940 жылы Қарақозы Коммунистік партия қатарына кіреді. Көп ұзамай ұжымшар коммунистері оны партия ұйымының хатшысы етіп сайлайды.

Қ.Әбдіәлиев ауылдастары арасында алғашқылардың бірі болып майданға аттанады. Ол қатардағы жауынгерден лейтенант шеніне дейінгі әскери өмір жолынан өтті. Майданда 126-атқыштар дивизиясының құрамында шайқасты.

Елімізге қатерлі қауіп төнген кезде ұжымшар коммунистерінің басшысы Қ.Әбдіәлиев Отан қорғаушылар қатарына қосылды. Соғыстың бастапқы кезіндегі жеңіліске ұшырау күйіндіріп, жауынгер достарынан мезгілсіз айырылуы – оның жүрегінде ашу-ыза кернетіп, кек алуға ұмтылдырды. Шегініп, бір елді мекеннен соң екіншісін жауға тастап кетуге мәжбүр болғанына қарамастан офицер-коммунист жеңіп шығатынына сенді.

Қ.Әбдіәлиев соғыстың ауыр жағдайында өзінің жауынгерлік шеберлігін жетілдіре берді. Днепр үшін болған тарихи шайқастан кейін қызыл әскер газеті оны «Батырлардың батыры» деп атады.

Ер жүрек совет жауынгері лейтенант Әбдіәлиев өліп бара жатса да жеңістің жаршысы болып, жауып тұрған оқтың арасымен жауға қарсы ұмтылады.

Мелитополь қаласы үшін болған ұрыста Әбдіәлиев өз взводымен дұшпан бекінісіне шабуыл жасап, 17 үйді жаудан босатты, фашистердің оқ жаудырып тұрған 23 ұясын, 60-тан астам жау сарбазын өлтірді. Көше бойындағы жекпе-жек шайқаста сол қолынан жараланғанына қарамастан, Әбдәлиев қаптап келе жатқан жау танкілеріне пулеметтен оқ жаудырды, тұтанғыш гранаталар лақтырып, олардың бірнешеуін істен шығарды. 20-дай автоматшыны өлтірді. Осы ұрыста Әбдіәлиев қол созым жерден жау танкісіне гранат лақтырып, қаһармандықпен қаза тапты.

1943 жылы 1 қарашада бөлімше командирі лейтенант Әбдіәлиев Қарақозыға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Батыр Мелитополь қаласының оңтүстік шетінде жерленген.

ӘБДІЖАППАРОВ САДЫҚ

(1925-2004 ж.ж.)



1925 жылы, Оңтүстік Қазақстан облысының Шаян (қазіргі Бәйдібек) ауданындағы Жүзімдік ауылында туған. Балалық шағы да осы арада өтті. Садық 1939 жылы Ташкент қаласында орталау мектепті бітірді. Кейін біраз уақыт теміржолда кондуктор болып істеп, кіндік қаны тамған ауылы «Қызыл арық» ұжымшарына қайтып оралып, 1943 жылы өз еркімен майданға аттанады. 71-гвардияшыл атқыштар дивизиясының жас жауынгері Ленин комсомолы қатарына кіреді.

1944 жылдың 24 маусымында қызыл әскер Әбдіжаппаров қызмет етіп жүрген взвод Беларусь өзенінің оң жағы үшін таң алакеуімде шешуші ұрыс бастауға Батыс Двинаға ымырт түсе жетті.

Қараңғыда ракеталар зулап атылып, мүлгіген орман үстінде жаудың бомбалаушы ұшақтары гүрілдейді. Садық майданның мұндай қатерлі түніне әбден үйренген еді. Бұл түнгі тыныштықтың қаншалықты алдамшы екенін ол жақсы білетін-ді. Орманның үстіне жарық түсіп, көмір болып күйіп қалған ағаштар мен буалдыр өзен үстінде таң белгі берісімен біздің жауынгерлер Стрелка поселкесіне бекініп алған жауға шабуыл жасады.

Қызыл әскер Әбдіжаппаров дұшпанның толассыз оқ жаудыруына қарамастан поселкеге батыл басып кіріп, жаудың екі солдаты мен бір офицерін қолға түсіреді. Оларды конвойға табыс етіп, дұшпанның станокті пулеметінің тұтқасын ұстай алып, өзеннің батыс жағына үздіксіз оқ жаудырады. Сөйтіп кеңес әскерінің батыс Двинадан өтуін қамтамасыз етеді.

Кейін пулеметін арқалап өзеннен өтіп жау әскеріне тыл жағынан оқ жаудырады. Немістер тылдарына тұтас рота келіп қалған екен деп абыржып, бытырай жөнеледі. Біздің жауынгерлеріміз осы

жағдайды пайдаланып, фашистер есін жиғанша екі ротаны бірдей өзеннің оң жағасына өткізіп, шабуылға шықты.

Осы ұрыста гвардияшы қызыл әскер Әбдіжаппаров жалғыз өзі дұшпанның 30 солдатын мерт қылып, Бещенковичи деген жердегі шіркеуге орнатқан жау пулеметінің үнін өшірді. Осы ұрыстан кейін көп ұзамай оның кеудесінде Батырдың жұлдызы жарқырады.

1944 жылдың 26 шілдесінде Қазақстан Коммунистік партиясы Шаян аудандық комитетіне мынадай хабар келді. «Бөлім командованиесі Сіздерді жерлестеріңізге Совет Одағының Батыры деген жоғары награда берілуіне байланысты құттықтайды және біздің бөлімдегі тұңғыш Совет Одағының Батырын тәрбиелегендеріңіз үшін алғыс айтады. Сонымен бірге командование батырды өсіріп тәрбиелеген ата-анасына алғыс айтады» делінген хабарламада.

Соғыстан кейін Садық Әбдіжаппаров Шымкентте жұмыс істеді, кейін қызмет бабымен Өскеменде тұрды.

Бүгінде Бәйдібек ауданының орталығы Шаяндағы орта мектептің біріне және бір көшеге батырдың аты берілген.



ӘБДІБЕКОВ ТӨЛЕУҒАЛИ НАСЫРХАНҰЛЫ

(1916-1944 ж.ж.)



1916 жылы Семей облысы, Жарма ауданында туған. Туыстарының шақыруымен оның отбасы 1932 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданына көшіп келеді.

Әбдібеков Төлеуғали осы жерден әскер қатарына шақырылып, Ресейдің қиыр шығысындағы Хабаровск аймағына жіберіледі. Әскер қатарында жүргенде ол нағыз мерген деп танылып, аймақтық сайыстарға қатысып, шеберлігін шыңдайды. Әскер қатарында азаматтық борышын атқарып елге оралғанда совхозда мақта өсіретін бригаданы басқарады. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, генерал-майор Панфилов атындағы 8-ші гвардиялық дивизияның құрамына қосылады. Ол кезде дивизия Калинин майданында қорғаныс ұрыстарын жүргізіп жатқан. Төлеуғалидің аңшы екенін білген 1077-ші полктың қолбасшылығы оны мергендер қатарына қосады. Төлеуғали алғашқы күндерден бастап ұрыстарға қатысып, мергендік өнері шыңдала түседі. Маңызды биіктік үшін бір аптадай ұрыс кезінде мерген жігіт жаудың 19 адамын өлтіреді. Биіктікті біздің әскерлер басып алса да, бірақ жау шабуылға шығады. Төлеуғали жасырынған окопқа 25 неміс солдаты мен офицері шабуыл жасайды. Ұрыс барысында жаудың 23 адамы қаза болып, екеуі ғана қашып үлгереді. Төлеуғали жолдастарына көмекке келіп, тағы да 12 адамды мерт қылады. Батырдың бұл ерлігі туралы майдандық газетке мақала шығып, оның есімі бүкіл Калинин майданына жайылады.

Холм қаласы үшін болған шайқастың алғашқы күнінде Төлеуғали 17 жаудың көзін жояды. Ал екінші күні істен шыққан танкіге жасырынып, 58 жауды мерт қылады. Үшінші күні неміс әскерлері шабуылға шыққанда мергеннің есебіне тағы да қаза болған жаудың 29 солдаты қосылады. Осы оқиғаға байланысты 3-ші екпінді армияның Әскери кеңесі батырға құттықтау хатын жібереді. 1942 жылдың 18 қыркүйегінде шыққан 8-ші гвардиялық дивизиясының «За Родину» деп аталатын жауынгерлік газетінде батырдың ерлігі туралы жазылып, оның берген мынадай анты келтірілді: «Пока видят мои глаза и руки крепко держат винтовку, не будет житья фашистам».

Төлеуғали мерген 1942 жылдың 12 мамыры мен 1944 жылдың 22 ақпанының аралығында жаудың 395 солдаты мен офицерінің және 20-дан астам мергенінің көзін жойды. Қарамағындағы ондаған мергендерді дайындап үлгереді. Көп ұзамай батыр Ресейдің Псков облысының Новосокольничев ауданының Насва стансасындағы ұрыста қаза тауып, осы маңда жерленеді. Кейін сол ауданның Монаково деревнясының қасындағы әскери бейітке қайта жерленген. Төлеуғали Әбдібеков Ленин, Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.

ӘЛІМБЕТОВ АБЫЛАЙ

(1921-1973)



Абылай Әлімбетов 1921 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылып, Құмсайдағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Орта мектепті бітіргеннен кейін Әлімбетов балалар үйінде тәрбиеші болып қалады.

1938 жылы комсомол қатарына кіреді. Соғыс басталысымен-ақ, майданға алғашқылардың бірі болып аттанады. 69-шы Қызыл Тулы Севск атқыштар дивизиясының құрамында шайқасады.

Соғыс кезінде Абылай әрқашан жауынгерлік борышты орындау, ерлік пен тапқырлық үлгісін көрсетіп отырды. Брянск пен Украина үшін болған ұрыстарда алғы шепте болды. Десна өзенінен өткен кезде взводының жауынгерлерімен бірге жаудың плацдармын басып алып, қорғаныстағы фашистерді талқандауға барын салды. Абылай Әлімбетов Днепрден өткенде айрықша көзге түсті. Немістер алып өзеннің биік оң жақ жарқабағын «Шығыс қамалына» айналдырып, «Советтер ешқашан да Днепрден өте алмайды» деп жариялады. Бұл жерден сол жағалау алақанға салғандай көрінетін-ді. Пулеметтің, миномет пен артилерияның атыс жүйесі Днепрдің алқымы кең су бетін тұтас жауып жатқандай. Бірақ, Совет Армиясы гитлершіл командование ойының талқанын шығарды. 1943 жылдың қазанында кеңес үкіметінің сан мыңдаған солдаты мен офицері жаны мен қанын аямай қайыққа, салға мініп, басқа да мүмкіншіліктерді пайдаланып, асқан ерлікпен Днепрдің көп жерінен ойдағыдай өтіп, су бөгетін де, Украин өзенінің оң жақ жағалауын да алды.

Абылай Әлімбетов бөлімшесі бірінші болып оң жағалауға шықты. Дұшпан траншеясында жекпе-жек шайқас басталды. Қызу шайқас кезінде Абылай 17 неміс солдатын сұлатып салды. Жаудың беті қайтып, немістер кейін шегінді. 1943 жылдың 30 қазанында сержант Абылай Әлімбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Бұған қоса, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі табысталды.

Жерлестерінің ерлігі жөнінде білген Оңтүстік Қазақстанның еңбеккерлері «Батыр Әлімбетов» бронепоезын жасап шығаруға қаржы жинауды ұйымдастырды. Жеңістен кейін Абылай Әлімбетов Қызылордада ДОСААФ-тың облыстық комитетінің председателі болып істеді.

ӘШІРОВ СЕЙІТҚАСЫМ

(7.11.1924 — 30.06.2004 ж.ж.)



Сейітқасым Әшіров 1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданы, «Қоғам» ауылында дүниеге келген. Жетіжылдық мектепті бітірген соң Сейітқасым ұжымшарда жұмыс істейді. Қаз МУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) заң факультетін, Самарқанд Ауыл шаруашылығы институтын бітірген.

С.Әшіров 1942 жылдан Қызыл Армия қатарына шақырылып, Самарқан қаласындағы мергендердің 3 айлық курсынан өтті. 2-ші Беларусь майданы, 96-шы атқыштар дивизиясы, 331-ші полк құрамында барлаушы, взвод командирінің орынбасары, взвод командирі, аға сержант шенімен көптеген шайқастарға қатысты. Барлаушы Сейітқасым Белоруссия, Польшаны азат ету үшін болған ұрыстарда және неміс фашистерін өз үңгірінде талқандау кезінде көзге түседі.

1944 жыл. Бобрумск-Бароановичи бағытында шабуылдаудың ауыр ұрыстары жүріп жатты. 331-атқыштар полкінің барлаушылар бөлімшесінің командирі аға сержант С.Әшіровтің жауынгерлік өмірінің кейбір эпизодтары мынадай. Бірде ол қайткенде «тіл» алып келу жөнінде тапсырма алады. Түнде барлаушы екі жауынгер досымен бірге дыбыс білдірмей неміс әскерлерінің шебіне өтеді. Дұшпанның елді пунктіне батылдықпен тап береді. Кескілескен қоян-қолтық шайқаспен екі неміс сарбазын тұтқынға алып, шабуыл операциясының табысты болуын қамтамасыз еткен бағалы мәліметтер әкеледі.

Беларусь жерінде ержүрек барлаушы 1944 жылдың 25 маусымнан 14 шілдесі аралығында бірнеше рет жау әскері орналасқан жерге 3-5 шақырымға дейін еніп, жауға тұтқиылдан тап беріп, диверсиялар ұйымдастырып, немістердің үрейін ұшырып отырды. Мұның өзі біздің бөлімдеріміздің ойдағыдай шабуыл жасауына жәрдемін тигізді.

1944 жылдың 3 шілдесінде Заболотье деревнясының маңында Сейітқасым мен екі барлаушы немістің миномет батареясына жасырынып барып, кенеттен шабуыл жасап, гранат пен пулеметтен оқ атып, немістің расчетын жойып, жаудың үрейін ұшырады. Оларды деревнядан айдап шығып, ондаған шақырым жерге қуып тастады.

Осы ұрыста Сейітқасым Әшіров айрықша тапқырлық көрсетті. Ол оқ-дәрісі таусылған сәтте фашистің қолындағы винтовкасын жұлып алады да немістерге өздерінің қаруымен қарсы шығады. Ержүрек барлаушы осы жолы он бір солдат пен бір офицерді тұтқынға алады. Ал, ол басқарған барлаушы тобы барлығы алты миномет, екі тягачты, төрт автомашина мен жеті тұтқынды қолға түсіреді. Мұның өзі С.Әшіров қызмет атқарған полктің жауынгерлік қимылының табысты болуын қамтамасыз етті.

Осы ерлігі үшін 1945 жылдың 24 наурызында С.Әшіровқа Совет Одағының Батыры атағы беріледі. Жауынгерлік ерлігі үшін ол Ленин, Қызыл Ту, «Қызыл Жұлдыз», I дәрежелі Отан соғысы, III дәрежелі Даңқ ордендерімен, көптеген медальдармен наградталды.

Майдангер соғыстан кейін Шәуілдір ауданы партия комитетінде нұсқаушы (1946-51ж.ж), Қызылқұм ауданы халық сотында судья, Шардара ауданы Шардара кеңшарында бас зоотехник, директордың орынбасары, директоры қызметтерін атқарды (1951-64 ж.ж.).

2004 жылы 30 шілдеде Шардара ауданы, Шардара кеңшарында дүние салды.

Отырар, Шардара аудандарында батырдың атын иеленген мектептер бар.



БЕРДНИКОВ НИКОЛАЙ АНИФИМОВИЧ

(1913-1983 ж.ж.)

1913 жылы Алтай өңірінде туған. Ауыл мектебін тәмәмдағаннан соң ол колхозда еңбек етеді. 1941 жылы Қызыл Армия сапына шақырту алып, фронтқа жөнелтіледі. Аға сержант шеніндегі сарбаз 328-артиллериялық полк құрамындағы 150-ші атқыштар бөлімінде соғысады. 1945 жылдың сәуір айында Николай Бердников жау атқыштарының 20 бекінісін жойып, өз құрамымен Рейхстагқа қарай алғашқылардың бірі болып шабуылға шығады. Осы шайқаста контузия алғанына қарамастан ол Жеңіс жолында табандылықпен жаумен алысады. Осы ерлігі үшін 1946 жылы КСРО Жоғары Кеңесінің Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атанады. Майдангер соғыс аяқталған соң, Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара ауданында еңбек еткен.



БРЕУСОВ СТЕПАН ТИХОНОВИЧ

(1904-1964 ж.ж.)



Степан Тихонович Бреусов 1904 жылы Шымкент облысы, Түлкібас ауданының Высокое (қазіргі Шақпақ баба) селосында туады. 1929 жылы селодағы белсенділермен бірге «Начало» ауыл шаруашылық артелін ұйымдастырады. Қызыл Армия қатарына алынады. Майданда кіші лейтенант С.Т.Бреусовқа 344-ші атқыштар дивизиясының взводын басқаруды тапсырады. Батыс Двинадан С.Т.Бреусов взводы алдыңғылардың бірі болып өзеннен өтті.

1944 жылдың 23 маусымында С.Т.Бреусовтың взводы деревняда бекініп алған фашистерге қарсы бірінші болып шабуылға шықты. Жау қалай болса солай, бірақ жанталаса оқ атты. Бір сәт біздің солдаттарымыз сасып қалғандай болған. Осы сәтте Степан Тихонович: Алға, алға, гвардияшылар!-деп жауынгерлерді жігерлендіріп, батылдықпен шабуылға бастап кетті.

Взвод дұшпанның траншеясына басып кіріп, гранаттар лақтырып, 3 станокты пулеметін, кемінде 20 неміс солдаты мен офицерін өлтіреді. Бреусовтың өзі жаудың пулемет ұясына гранат лақтырып үнін өшірді, немістің екі солдатын қолға түсірді.

Ұрыстың ең қызу кезінде командир взводының бүйір жағынан жаудың зеңбірегі оқ атып жатқанын байқап қалды. Шұғыл шешім қабылдап, шабуыл жасап, расчетымен бірге жойып жіберді. Деревня жаудан азат етілді. Шегінген дұшпанды өкшелеп қуып келе жатып, Степан Тихонович жаудың автомашинасын істен шығарды да, тағы екі неміс солдатын қолға түсіреді.

Бір күннен кейін Батыс Двинаның жағасына жетті. Степан Тихонович қайыққа бірінші болып мініп, жауынгерлеріне сенім берді. Дұшпанның оқ жаудыруына қарамастан командирінің батылдығы мен жүректілігіне сүйсінген жауынгерлер өзеннің арғы жағасына өтеді. Взвод жағаға шығысымен біздің жаяу әскерлеріміздің өзеннен өтуіне кедергі болып тұрған дұшпанның атыс ұяларына мылтық пен пулеметтен оқ жаудырды. Немістер де қарап жатқан жоқ, атып жатыр. Бұқпантайлап отыра беруге болмайды, командирдің өзі алға ұмтылып, жауынгерлерді жаумен бетпе-бет шайқасқа бастап шықты. Осылай қарсы шабуыл тойтарылды. Дұшпан атыс шебінен қуылды. Совет жауынгерлері дұшпанның станокты екі пулеметі мен 45 миллиметрлік зеңбірегінің үнін өшіріп, 23 неміс солдаты мен офицерін жойды. С.Т.Бреусовтың өзі бес неміс солдатын өлтіріп, бір офицерін қолға түсірді. Осы ұрыста көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін Степан Тихонович Бреусов Совет Одағының Батыры деген жоғары атаққа ие болды.

С.Т.Бреусов 1964 жылы қайтыс болды. Оның туған селосы Высокоедағы мектеп бүгінде Бреусовтың есімімен аталады.

ВИШНЕВЕЦКИЙ ВЛАДИМИР МИХАЙЛОВИЧ

(1900-1981 ж.ж.)



1900 жылы Украинаның Харьков облысында туған. Азаматтық соғысқа қатысқан ол 1928 жылы Жамбыл облысы Жуалы ауданындағы Қазақ ауылдық кеңесінде ауыл кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарады. 1941 жылы әскерге шақыртылып, Сталинград және Курс шайқастарына қатысқан. 60-шы гвардиялық кавалерияның полк құрамында болған сарбаз Днепрге бағыт алған тұстағы Лопатино елді мекені тұсындағы соғыстарда батылдығымен көзге түседі. Днепр өзенінен алғашқылардың сапында арғы жағалауға өтіп, жаудың үш атқыштар ұясын тас-талқан етіп, жиырмаға жуық сарбазын қолға түсіреді. Ал, Вялье мен Галки деревнясын жаудан азат етуде жеке өзі екі танкіні қиратып, бір өздігінен жүретін атыс қаруын істен шығарады.

Әскери тапсырмаларды бұлжытпай орындағаны және соғыстағы қаһармандық әрекеті үшін Владимир Вишневецкийге 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Соғыстан кейін ол Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының кеңшарында жұмыс істеген.

ГРИНЬКО ИВАН УСТИНОВИЧ

(1922-1989 ж.ж.)



Иван Устинович Гринько 1922 жылы қазанда Ақтөбе облысының Жұрын ауданындағы Кузнецовка селосында шаруа семьясында туған. 1934 жылы Гриньконың ата-аналары Шымкент облысының Майское селосына көшеді. 1939 жылы Иван Устинович осындағы құрылыс техникумында оқиды. 1940 жылдың тамызында жас жігітті Қызыл Армия қатарына шақырады. Орынбор ұшқыштар училищесін бітірген И.У.Гринько 1942 жылдың қыркүйегінде майданға аттанады.

«Сталинград, Оңтүстік және Солтүстік Кавказ, Қырым және 2-Прибалтика майданы. Әуедегі шабуылмен өткен 22 ай. Бұл аға лейтенант Гриньконың ержүрек батыр шабуылшы ұшқыш екенін көрсетті. Ол күш-жігерін, өмірін аямай гитлершілерді батылдықпен талқандап, жауға қарсы ұшқан сайын ерлік пен батырлық көрсетті»-деп жазды 190-шабуылшы авиаполктің командирі майор Бахтин біздің жерлесімізді Алтын Жұлдыз наградасына ұсынғанда.

Ұшқыш өзінің жауынгерлік жолын Сталинград аспанынан бастады. Ол жаудың әскері қоршауға алған ауданға 12 рет ұшып барып, әр ұшқан сайын командованиенің тапсырмасын ойдағыдай орындап шығатын. Мұнан кейін Ростов, Новочеркасск, Шахты, Матвеев Қорғаны түбіндегі кескілескен ұрыстарға қатысты. Оның басқаруындағы «ИЛ-2» шабуылшы ұшағы жауынгерлік дабыл бойынша аспанға 22 рет шығып, жаудың атыс құралдарын, техникасы мен адамдарын жоюға ұшып баратын совет ұшақтарының тобын басқарды.

Кубань мен Тамань түбектеріндегі ұрыстар кезінде аға лейтенант Гринько өзіне қарасты ұшақтар тобымен 21 рет аман-есен оралды. Бомбы тастап шабуыл жасаудың шебері болған Гринькоға ауа райы жағдайы да, дұшпан тарапынан бораған оқ та кедергі бола алмады.

1944 жылдың мамырында ұшқыш И.У. Гриньконы 2-Прибалтика майданына жібереді.

Ұлы Отан соғысы кезінде И.У.Гринько жауға қарсы 129 рет әуеге көтеріліп, оның дәл шабуыл жасап соққы беруі нәтижесінде дұшпанның 16 танкісі, 97 автомашинасы, 21 зенит ұясы, 19 дала зеңбірегі жойылды. Жүк тиелген, адам отырған баржасы суға батырылды, 7 темір жол вагоны өртеніп, оқ-дәрі сақталған 2 қоймасы жарылды, 100-ден астам гитлершіл солдат пен офицер өлтірілді. Осындай ерлігі үшін оған 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

ГРИЦЫНИН КОНСТАНТИН ДАНИЛОВИЧ

(1905-1943 ж.ж.)



Константин Данилович Грицынин 1905 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түлкібас ауданының Ванновка (қазіргі Тұрар Рысқұлов) селосында туған.

1942 жылдың қаңтарында өз еркімен майданға аттанды. 16-шы гвардияшы Чернигов дивизиясының құрамында соғысады. 1943 жылы Украинаны азат ету үшін болған ұрыста қаза табады. К.Д.Грицынинге 1944 жылдың 15 қаңтарында қайтыс болғаннан кейін Совет Одағының Батыры атағы берілді.

1943 жылғы қыркүйектің аяғында Днепр үшін шайқастар болып жатқан кезде бөлімшелер арасындағы байланысты қамтамасыз ететін Константин Данилович Грицыниннің есімі атты әскер бөлімінде кеңінен мәлім болды.

Байланысшы-ефрейтор алғашқылардың бірі болып өзеннен өтіп, арғы жағалауға шыққан эскадрон мен полк штабының телефон байланысын су асты арқылы тез жөнге келтірді. Плацдармға бекініп алған атты әскерлер шабуылды үдете түсті. К.Д.Грицынин үш тәулік бойы он шақырым қашықтықтағы эскадрондардың бөлім штабымен байланысын үздіксіз қамтамасыз етіп отырды.

30 қыркүйекте Галки хуторы үшін ұрыста ефрейтор Грицынин дұшпанның себелеп тұрған оғы астында өз полкінің соққы беретін басты бағытындағы байланысты қамтамасыз етіп, жауынгерлік қимылдардың табысты болуына көмектесті.

Ұрыстың бір кезінде жаудың өздігінен жүретін зеңбірегі тура оның алдынан шықты. Совет солдаты мен болат құрсанған қаһарлы аждаһа бетпе-бет кездесіп қалды. Бірақ байланысшы-жауынгер үрейленбеді. Константин Данилович ұшып тұрып, гранатты өздігінен жүретін зеңбіректің шынжыр

табанына тастады, зеңбірек кілт тоқтап, жана бастады. Алып техникамен бетпе-бет ұрыс осылайша кеңес сарбазының жеңісімен аяқталды.

Осы шайқаста К.Д.Грицынин екі аяғынан жараланды. Бірақ соған қарамастан ұрыс даласынан кетпей, телефон байланысының дұрыс болуына көмектесті. Қазақстандық солдат қансырап жатса да өзін емес, шабуылға шыққан бөлімдердің жеңісін ойлады.

Чернигов жеріндегі Репки поселкасы онша үлкен емес. Оның орталығында Мәдениет үйінің жанында қастерлі орын бар, осы жерге келгенде адамдар жүрісін саябырлатып, бас киімін алады. Бұл жерде Отанымызды азат ету ұрыстарында қаза тапқан жауынгерлердің бауырластар зираты бар. Ескерткіштегі жазулардың ішінде тоғызыншы болып Совет Одағының Батыры Константин Данилович Грицынинің есімі тұр. Репкидағы көшелердің бірі оның есімімен аталады.

Оның жерлестері де батыр ұлдың есімін әлі күнге қастерлеп, қадірлейді. Ванновка (Тұрар Рысқұлов) селосында К.Д.Грицынин тұрған көше оның есімімен аталады.



ГРУШКО ВАСИЛИЙ СЕМЕНОВИЧ

(1923-1979 ж.ж.)



Василий Семенович Грушко 1923 жылы Қостанай облысындағы Урицкий ауданының Великий Подол селосында туады. Оның отбасы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ленгір ауданының Галкино селосындағы «Новый строй» колхозына көшіп барғанда Василий бес жаста еді. Вася Грушко жеті жылдық мектепті бітіріп, өз колхозында жұмыс істейді. Осында ол 1939 жылы ВЛКСМ қатарына алынады.

Комсомол мүшесі В.Грушко 1942 жылдың қазанында майданға аттанады, 75-гвардияшы Қызыл Тулы Бахмачи атқыштар дивизиясының құрамында шайқасады.

1942 жылдың желтоқсан айында жерлестері әкесі мен баласын – Грушко Семен Алексеевич пен Грушко Василий Семеновичті майданға шығарып салды. Әкесі қырықта, баласы он сегізде еді. Баласы ұялыңқырап тұрып, әкесіне былай деді:

– Әке, мені жас екен деп қарама, мен сізді ұятқа қалдырмаймын.

Осы сөзін ол іс жүзінде дәлелдеді. 1943 жылғы ауыр шабуыл ұрыстарында жас барлаушы Вася Грушконың жауынгерлік шеберлігі шыңдалып, мінезі қалыптасты. Ол талай рет жау қорғанысының алдыңғы шебіне барып, дұшпанның орналасуы және күштері жөнінде командованиеге бағалы мәліметтер жеткізіп отырды. Барлаушының жаудың орналасқан позициясына осылай бір барлау жасап, ақпар жеткізуі бөлімнің аз шығынмен Сумы қаласына басып кіруіне көмектесті. Бұл әрекеті үшін Василийге «Ерлігі үшін» медалі берілді.

Сөйтіп, Кеңес Армиясының бөлімдері Днепрге жетті. Өзеннің оң жақ бетіндегі жағдайды барлап, полктің өзеннен өтуіне ең қолайлы жер табу қажет болды. Аса маңызды жауынгерлік тапсырманы орындауға кімді жібереміз деген сұрақ туғанда таңдау бірден Василий Грушко мен оның жолдастарына түседі.

Днепрдің төменгі ағысының арнасы кең. Оның оң жағасы биік жар. Солдаттар шұңқырлардың ішінде, бұталардың арасында жасырынып жатып, қарсы беттегі қимыл-әрекеттерді шыдамдылықпен көздерін айырмай бақылап отырды.

Міне, жау тұрған жаға. Барлаушылар етпеттеп еңбектей алға қарай жылжып келеді. Бірнеше сағат өткеннен кейін рация арқылы командованиеге дұшпанның қорғану құрылыстарының, атыс ұяларының және әскерлерінің шоғырланған жерінің дәл координаты хабарланды.

Таң түріле берген уақыттағы тыныштықты артиллериядан атылған снарядтың гүрсілі бұзды. Совет батареяларынан атылған снаряд жауға жай оғындай тиді.

Артиллерияның оқ жаудыруын пайдаланып, Кеңес әскерлері Днепрдің оң жақ жағалауына қиындықсыз өтті. Өзеннен ойдағыдай өтуге Василий Грушконың барлаушылар взводы көп көмегін тигізді.

Ерекше тапсырманы ойдағыдай орындағаны үшін 1943 жылдың 17 қазанында В.С.Грушкоға Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Батырдың Алтын Жұлдызын оған Кремльде М.И.Калинин тапсырды.



ГУСЕВ ВАСИЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ

(01.03.1925 - 21.09.1989 ж.ж.)



Василий Васильевич 1925 жылы Саратов облысының Водгорянко селосында туған. 1935 жылы Гусевтердің семьясы Оңтүстік Қазақстан облысының «Мақтаарал» совхозына көшіп келеді. Соғыс басталғанда ол тракторшы болып жұмыс істеп жүреді. 1943 жылдың ақпанында Қызыл Армия қатарына шақырылып, 69-шы механикаландырылған бригаданың құрамында шайқасады.

Василий Гусевтің әскери өмірі запастағы бөлімшеде басталды. Майданға аттанарда үйіне соқты.

– Сақтанып жүр, - деп анасы ақылын айтты.

– Батыр болып қайт, - деп тілектестік білдірді бірінші дүние-жүзілік соғыстың солдаты болған ағасы.

Совет Армиясының тегеурінді шабуылынан неміс әскері 1943 жылдың күзіне таман Днепрден ары қарай шегінді. Василий Гусев қызмет атқаратын полк штабына өзеннің оң жақ жағалауына өту керек деген бұйрық түсті. 37 атқыш бір ғана пулеметті алып, түнде балықшының шағын қайығына отырып, арғы жағаға өтті. Ұрысты өздері бастап, дұшпанның назарын аударып, батальонның өзеннен аман өтуін қамтамасыз етті.

Таңертең Зарубенцы, келесі күні түнде Григоровка селосы алынды. Бұл пулеметші жауынгер Василий Гусевтің алғашқы ұрысы, жауынгерлік шыңдалуы еді. Ол өзінің ержүрек екенін көрсетті. Табандылығымен ерекше көзге түскен жас жауынгер Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды.

Бірнеше күннен кейін Киев үшін болған ұрыстарда батальон Червонный орманынан немістерді қуып шығу керек деген бұйрық алды. Кескілескен жекпе-жек ұрыс басталып кетті. Фашистердің күші шабуылға шыққандарға қарағанда анағұрлым басым еді. Ұрыс даласы бірнеше рет қолдан-қолға көшіп отырды. Бірақ совет жауынгерлерінің жауға деген өшпенділігі жеңіске жеткізді. Жау әскері шегінді. Бұл ұрыста пулеметші Василий Гусевтің дәл тигізген оғынан дұшпанның көптеген солдаты жер жастанды.

Осы кескілескен ауыр ұрыс жөнінде наградтау парағында сараң тілмен былай деп жазылған:

«214,9-биіктік үшін болған ұрыста Гусев пулеметтен оқ жаудырып, жаудың шабуылына тойтарыс берді. Немістің 25 солдатын жойды. Ол Совет Одағының Батыры деген атаққа лайықты».

1943 жылдың 17 қарашасында қазақстандық жас жігіт небәрі 18 жасында Алтын Жұлдыздың кавалері атанды.

1943 жылдың желтоқсанында Василий Гусев жараланып, госпитальге түсті. 1944 жылдың 3 мамырында запастағы 41-артиллерия полкіне, онан кейін Ашхабадтағы жаяу әскер училищесіне оқуға жіберілді.

ЖОЛДАСОВ ЛЕСБЕК БАЙЫМБЕТҰЛЫ

(1920-1980 ж.ж.)



Лесбек Жолдасов 1920 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданындағы Қызыләскер ауылында туған. Әкесінен ерте айырылған. Орта мектепті бітірген соң көп өтпей Қызыл Армия қатарына алынды. Қызыл Тулы 316-шы атқыштар дивизиясы құрамында Сумы, Белгород, Орел қалалары маңында, Дунай жағалауындағы ұрыстарға қатысты.

Лесбек Жолдасов 1942 жылы Украин майданында жаумен алғашқы рет бетпе-бет кездеседі. Кескілескен ұрыс... Солардың бірінде жас жауынгер жараланып, контузия алады. Емделіп шыққан соң «тылда қаласың ба, майданға аттанасың ба» дегенде, ол ойланбастан майданды қалайды.

... 1944 жылғы желтоқсан. Советтік шекара кейінде қалды. Венгрия жері, Дунай өзенінде ұрыс жүріп жатыр. Дивизия командова-ниесі Л.Жолдасовқа бірінші болып Дунайдан өтіп, бекініп, қалған бөлімдердің өзеннен өтуін қамтамасыз ететін плацдармдарды кеңейту ісін тапсырады.

18 адамнан құралған шағын топ Л.Жолдасовтың басқаруымен тапсырманы орындауға кіріседі. Түн ортасына таман жауынгерлер өзеннен өтіп, таң атысымен жаудың қысымын тойтарады.

Жау әскері жанталасып 16 рет қарсы шабуыл жасайды. Жау күшінің басым екені көрініп-ақ тұрды. Қалай болғанда да төтеп беру керек деген бұйрық бар. Жауынгерлер бар күш-жігерін жұмсап, ұлтарақтай жерді ерлікпен қорғайды. Көмекке қосымша күш келген кезде Лесбек екінші рет жараланған еді. Ол тәулік бойы шайқасып, дамыл тапқан жоқ. Жау шабуылына тойтарыс бере отырып, 60 солдат пен офицерді сұлатты. Қазақ халқының батыр ұлы Дунай өзенінің оң жағалауындағы шағын плацдармды қолдан шығармады. Ол өзіне Совет Одағының Батыры атағы берілгені туралы госпитальде жатқанда естіді.

Лесбек Байымбетұлы Жолдасов Шымкент облысының сол кездегі Шардара ауданына қарасты Қызыләскер селосында орта мектептің директоры болып қызмет істеді.



ЖУКОВ ПЕТР КОНСТАНТИНОВИЧ

(01.07.1914 - 06.03.1967)



П.К.Жуков 1914 жылы туған. Соғыстың алдында отбасымен Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданында тұрған. 1937 жылы Армия қатарына алынады. Майданға 1941 жылғы маусым айында араласады. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы ұрыстарда үш рет жараланған.

Қызыл Армияның 1943 жылы жаз, күз айларында неміс армиясының «Оңтүстік» тобына қарсы жылдам қимыл жасауы, Украинаның аса ірі аудандарын азат етуі кеңес әскерінің Тамань түбегінде шабуылға шығуына жақсы жағдай жасады. 1943 жылы қазанда Солтүстік Кавказ майданының әскерлері Таманьды түгел азат етіп, Керчь түбегінде десант операциясын әзірлеуге кірісті.

1 қарашаға қараған түні 318-ші атқыштар двизиясының бөлімдері Керчь бұғазынан өтіп, Эльтиген ауданына орналасады (Керчьтің оңтүстік жағы). Үсті-үстіне үдей соққан жел мен жаудың жанталаса қарсыласуы жағаға шығуды қиындатып, десантшы кемелердің бір бөлігі кейін қайтуға мәжбүр болады, ал жағаға шығып үлгерген бөлімшелер дұшпанға батыл шабуыл жасады.

Түбекке бірінші болып гвардия капитаны П.К.Жуков басқарған батальон шықты. Оларға немістің екі дзоты мен миналанған даласы, сым бөгеттері айтарлықтай кедергі келтірді. Командирдің шебер басшылық жасауы арқасында батальон ілгері жылжып, дұшпанның бірнеше теңіз батареясын қолға түсіріп, екі жүздей солдаты мен офицерін жойды.

Фашистер бірнеше рет қарсы шабуылға шыққанымен, нәтижесіз болды. Десантшылар күші басым жаумен екі тәуліктен аса ұрыс жүргізді. Батальонның қарсы алдындағы дөңнің үстіне орналасқан жаудың ауыр пулеметі дамылсыз оқ боратып тұрды. Түнде гвардия капитаны Жуков жиырма жауынгермен батыл шабуылға шығып, жауды талқандап, төбені алды. Батальон командирі үнемі жауынгерлік сапта болып, бөлімшелердің бар күшін шебер ұйымдастырды. Өзі ісімен де, сөзімен де жауынгерлерді рухтандырып отырды.

Петр Константинович Жуковқа Совет Одағының Батыры атағы осы ерліктері үшін берілді. Сондай-ақ II дәрежелі Отан соғысы орденімен наградталды.

ЖУРБА ИВАН МАКАРОВИЧ

(1915-1962 ж.ж.)



Журба Қостанай облысының Каменнобелоярское қыстағында 1915 жылы 13 қыркүйекте дүниеге келген. 1922 жылы әке-шешесімен бірге Қызылордаға көшіп келеді, балалық шағын осында өткізеді. 1931 жылы мектепті мақтау грамотасымен бітіріп, кейін жол қатынасы техникумын, одан соң 1941 жылы Қызылорда педагогикалық институтының тарих факультетін үздік бітіреді. Соғыс басталар алдында Әндіжан қаласындағы әскери комиссариатынан 1941 жылы шақырылып, майданға жіберілген.

Кіші лейтенант И.М.Журба неміс басқыншыларына қарсы соғыста ерекше ерлік пен батылдық, тапқырлық танытты.

Иван Макаровичтің жауынгерлері Киев-Житомир тас жолын басып алды, Юрьевка қыстағы үшін ұрыста ол алты жауынгермен дұшпанның жүк автокөліктерін талқандап, жүзден астам фашистің көзін жойды, Трилис қыстағында өздерінен төрт есе көп солдаты бар фашистік бөлімшенің тас-талқанын шығарды.

И.М.Журбаға осындай жауынгерлік ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 3 маусымдағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін И.М.Журба Қызылорда қаласында жұмыс істеді. Ленин, Қызыл Ту ордендерімен марапатталады. Журба 1962 жылы 12 шілдеде 47 жасында қайтыс болды. Қызылорданың үлкен көшелерінің бірі батыр атымен аталады.



ИБРАГИМОВ ТЕМІРБЕК

(1922-1943 ж.ж.)



Темірбек Ибрагимов 1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір (қазіргі Отырар) ауданында туған. Әкесі ерте өліп, шешесі үш баламен қалады. Ол бала шағынан-ақ ауылдағы ауыр еңбекке ерте араласып, «Отырар» колхозында «Екпінді колхозшы» атанған. 1941 жылы желтоқсанда жігерлі жас Темірбек Қызыл Армия қатарына шақырылып, Ташкент қаласында әскери оқу-жаттығудан өтеді.

Орыстың ұлы өзені Волга бойында, Сталинград түбінде қазақстандық жас солдат Темірбек Ибрагимов алғашқы жауынгерлік сыннан өтті. Кескілескен ұрыста шынығып, қаһарман жауынгер болды. Темірбек қызмет атқарған 69-шы Қызыл Тулы Сева атқыштар дивизиясы 1943 жылы қазанның орта кезінде Днепрге жетті.

Темірбек Ибрагимов бар бір топ жауынгерге оң жағаға өтіп, плацдармды басып алып, оны ірі бөлімшелер келіп жеткенше қолдан шығармау туралы бұйрық берілді. Жауынгерлер 15 қазанға қараған түні ескі қайыққа отырып, арғы жағаға жүзіп кетті. Немістер әлденені байқап қалып, қарудың барлық түрінен өзенге оқ жаудырды. Қайық суға бата бастады, оққа ұшқандар мен жаралы болғандарды ағыс үйіріп әкетіп жатты. Тірі қалғандар оң жағалауға жетіп, жалма-жан жау траншеясына шабуыл жасап, жекпе-жек ұрыс басталды. Немістер қысымға төтеп бере алмай, траншеяның бірінші шебі алынды. Немістер қайта шабуылға шығып, қайта шегінді. Осы жағдай үш рет қайталанды. Бұл ұрыста Темірбектің өзі кемінде он немісті жайратты, бірақ шегінбеді. Дұшпанның қарсы шабуылдарының барлығы тойтарылды.

Жараланып, әбден қалжыраса да жауға берілмеген бір топ совет солдаттары Днепрдің оң жағалауындағы плацдармды әскердің негізгі бөлімдері келіп жеткенше қолдан шығармады. Темірбек осы ұрыста ерлікпен қаза тапты.

Днепрден өткенде көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін 1943 жылы 30 қазанда Темірбек Ибрагимовке Совет Одағының Батыры атағы беріледі

Темірбек Ибрагимов жауынгер халықтың ұлы екенін көрсетті. Бүгінгі таңда Отырар ауыл әкімшілігіндегі орта мектеп Кеңес Одағының Батыры Темірбек Ибрагимовтың атымен аталады. Мектептің алдында қазақтың қайсар ұлына қойылған ескерткіш тұр.

ИСАХАНОВ БЕРГЕН
(1922-1971 ж.ж.)



Берген Исаханов 1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданында туған. Қазақ, КПСС мүшесі, «Красная нива» ұжымшарында мақташылар бригадасын басқарды. 1943 жылы ақпанда өз тілегімен майданға аттанып, Қызыл Тулы 69-шы Сева атқыштар дивизиясы қатарында болды. Днепр өзенінен өтерде ерекше ерлігімен көзге түсті.

Гомель алынды. 69-шы атқыштар дивизиясының жауынгерлері ұрыспен Днепрге жетті. Дамылдау кездерінің бірінде атқыштар бөлімшесінің командирі сержант Исаханов жауынгерлерге армия саяси бөлімінің жаңа ғана алынған насихаттық парақшаларын үлестіріп берді. Онда былай делінген еді:

«Жауынгер! Сенің алдыңда, Днепрдің арғы бетінде, қанқұйлы жау өзіміздің совет жерін әлі де таптауда, совет адамдарын өлтіріп, оларға қорлық көрсетуде, ғажайып Украинаның қалалары мен селоларын өртеп, ұл-қыздарын құлдыққа айдауда. Днепрдің оң жағалауынан олардың сені көмекке шақырған үні естіліп тұр. Қызыл Армияның жауынгері, сенің әйелің, қарындасың, сүйген қызың немесе сенімен қатар соғысып, соғыс күндерінің барлық тауқыметін бірге тартқан жолдасыңның әйелі мен қарындасы шақырып тұр.

Тездет, жауынгер! Оң жағалаудағы Украинаны құлдықтан құтқар! Тездет, жауынгер, Днепрдің арғы бетіне жет! Днепрден өтуге қай минутта болса да әзір бол!»

Рота Днепрден өтуге бұйрықты 1943 жылдың 15 қазанға қараған түні алды. Десантшылар тобында Б.Исахановтың бөлімшесі де бар еді.

Қайықтың жағаға жетуін күтпей-ақ, Берген: «Еріңдер соңымнан, жолдастар!» деп суға қарғып түсіп, жағаға бірінші болып шықты. Автоматтан жүре атқылап, сәл кідіріп, гранат лақтырды да, бірінші болып траншеяға қарғып түсті. Біздің даңқты жерлесіміз өз ерлігімен жауынгерлерді алға бастап, бетпе-бет ұрыста фашист солдаттарынан траншеяларды азат етті. Ұлтарақтай жер үшін жан алысып, жан беріскен ұрыстар жүріп жатты. Исаханов бастаған батырлар ерлікпен шайқасып, төніп келе жатқан жауды өздеріне жақындата түсіп, оқтың астына алды. Жау шабуылы тойтарылды.

Гитлершілер келесі күні де қарап жатпады. Тірі қалған десантшыларға қарсы танкілерін қаптатып жіберді. Күші басым жаумен ұрыс ұзаққа бармады. Исаханов жауынгерлерімен жаудың үш танкісін қиратты, қалған танктер кейін қашты. Осы уақыттарда біздің барлық негізгі бөлімшелеріміз Днепрдің оң жағалауына өтіп үлгерді.

1943 жылы 30 қазанда Б.Исахановқа Совет Одағының Батыры атағы берілді. Елге жеңіспен оралған ол Шымкент (Оңтүстік Қазақстан) облысының Бөген ауданындағы Ермоловка селосында тұрып, еңбек етті.

ЕСЕТОВ РАСУЛ

(1924-2009 ж.ж.)



Расул Есетовтың ұлты - қазақ, ол 1924 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында туған. 1943 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылады. Үйренушілер полкінде даярлық курсынан өткен Расул Есетов 1944 жылы 138-атқыштар дивизиясының бөлімше командирі ретінде ұрыс майданындағы армияға келді.

Елімізді жаудан тазартқан Совет Армиясы енді дұшпанды Отанымыздан тысқары жерде соққылап жатты. Ашынған жау жанталаса қарсылық көрсетіп, бар мүмкіндікті пайдаланып бақты.

Қатарында Расул Есетов бар рота 1944 жылғы қазанның бас кезінде дұшпанды аты жоқ биіктіктегі позициясынан қуып шығуға бұйрық алды.

Рота алуға тиісті болған биіктік доттармен, дзоттармен, барлық жағынан бекітілген траншеялармен, миналармен және электр тогы жүргізілген сым қоршаумен мықтап нығайтылған болатын. Рота еңбектеп шабуыл жасуға ыңғайлы алғы шепке шықты. Бірақ жауынгерлер лап қойған кезде жау пулеметтен атқылап, біздің жаяу әскерлерді жер бауырлап жатуға мәжбүр етті. Осы сәтте Расул Есетовтың қайсар батырлығының пайдасы тиді. Жауып тұрған оқтың астымен дотқа еңбектеп жетті де, танкіге қарсы қолданылатын гранатамен жау пулеметінің үнін өшірді.

Біздің жаяу әскерлер тыныштық сәтін пайдаланып, жау траншеясына басып кіріп, жекпе-жек ұрыс бастады. Немістер блиндажға тығылды. Есетов бұл жерде де көзге түсті. Доттың түтін шығатын мұржасына жетіп, оған гранат лақтырды. Жарылыстан блиндаждың есігі айқара ашылып, совет жауынгерлері лап қойып ішке кірді. Немістердің тоғыз сарбазы тұтқынға алынып, қалғандары жер жастанды.

Траншеяны жаудан тазартып жүрген Есетов мұқият жасырып қойған темір бетонды жаппаны көріп қалды, жау одан оқ боратып жатыр екен. Расул жаңағы әдісін тағы қайталады. Жаппаның төбесіне шығып, түтін мұржасынан ішке қарай бірнеше граната тастады. Доттың ішіндегі фашистердің үні өшіп, естерінен танып қалды. Дұшпанның 24 солдаты қолдарын көтеріп, бекіністен шықты. Жарылыстан жаудың 5 солдаты сол жерде тіл тартпай кетті.

Р.Есетов пен оның тобының батыл қимылы арқасында шабуыл жасап келе жатқан жаяу әскерге жол ашылды. Биіктік алынып, қолға көп олжа түсті. Есетовтың өзі осы ұрыста немістің 33 солдатын тұтқынға алды. Жау дотын талқандаушы қаһарман атанған Есетовтың даңқы полкке, тіпті бүкіл дивизияға тарады.

1944 жылғы 11 қазанда немістер қорғанысының алғы шебін барлау жөніндегі бұйрықты орындап жүрген Есетовтың бөлімшесіне дұшпан доттан, пулеметтен оқ атты. Бірақ бұл жолы да командир шебер маневр жасап, дотқа жақындады да, қол гранаттарын лақтырды. Ол жау бекінісіне басып кіріп, автоматпен дұшпанның 15 солдатын сұлатып салды. Осы ұрыста Есетовтың бөлімшесі жаудың 50 солдаты мен офицерін өлтіріп, 37 миллиметрлік зеңбірегін, екі станокты пулеметін, танкіге қарсы ататын екі мылтығын, бір огнеметін, 40 винтовкасы мен оқ-дәрі қоймасын қолға түсірді.

Осы ерлігі үшін 1945 жылғы 24 наурызда Расул Есетовқа Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Зарыға күткен жеңіс күні де келді. Расул Есетов Отанның таңдаулы ұлдары қатарында Москвадағы тарихи Жеңіс парадына қатысты. Содан кейін ол Совет армиясы қатарында тағы екі жыл болып, өзінің жауынгерлік мол тәжірибесін жас жауынгерлерге үйретті.

1947 жылы Есетов әскер қатарынан қайтып, туған қаласына келді. Сонда тұрып, сонда қызмет істеді.



ИСМАЙЫЛОВ САДЫҚ

(1911-1974 ж.ж.)



Садық Смайылов 1911 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс ауданында туған. Ұлты - қазақ. Сегіз жасында әке-шешесінен жетім қалған ол бірнеше жыл бай-кулактарда жалшылықта жүреді. 1930 жылы жеті класты бітірген соң Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға түседі. Ауыр сырқат жас жігітті оқуды тастап кетуге мәжбүр етті. Науқасынан жазылған соң ол Арыста балалар үйінде тәрбиеші болып істеді.

1933 жылдан 1935 жылға дейін Қызыл Армия қатарында болды. 1942 жылы Садық Смайылов майданға келіп, №492-танкіге қарсы жойқын артиллерия полкінің қатарында шайқасты.

Мелитополь, Украинаның оңтүстігіндегі осы шағын қала үшін 1943 жылдың күзінде қатты ұрыс болды. Біздің бөлімдер оған басып кіріп, шет аймағына бекініп алды. Жау жаңа күш, көп танк әкеліп, ұрысқа қосты. Қаланың көшелерінде кескілескен соғыс болды. Сол соғыста танкіге қарсы зеңбіректі басқарған біздің жерлесіміз ерекше көзге түсті.

... Көше бойымен жер-көкті күркіретіп қаһарлы «жолбарыстар» келеді. Бронды үш жалмауыз шынжыр табандары шақырлап Садық Смайыловтың расчеты зеңбірегімен паналаған үйге қарай бет алды. Аға сержант батыл шешім қабылдады. Танктерді ілгері өткізіп жіберіп, ту сыртынан соқпақ болды. Олар зеңбіректі бұзылған үйге қарай алып келді. Міне, танктер зеңбірекпен қатарласты, оның қатарынан өтіп те кетті.

– Атыңдар! Бірінші «жолбарыс» жана бастады.

– Атыңдар! Екінші танк те өртенді. Үшінші танкке де оқ тиіп, тұрған жерінде шыркөбелек айналып кетті. Осы кезде жау автоматшылары расчетқа қарай лап қойды. Аға сержант пен тірі қалған екі

жауынгер жекпе-жек ұрысқа кірісті. Бес неміс жер жастанып, қалғандары қаша жөнелді. Жау шабуылынан түк те шықпады.

Садық Смайловтың зеңбірегі шепті қорғап қалды. Ұлы Отан соғысында Садық Смайыловтың расчеты көптеген шайқастарға қатысты, бірақ соның бірі өмір бойына ұмытылмай есте қалды. Тап осы шайқас оны кейінгі ұрпаққа мәңгі қаһарман етіп қалдырды.

1943 жылғы 1 қарашада КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының Жарлығы бойынша немістің күшті бекініс шебін бұзып өтіп, Мелитопольді азат ету жөніндегі қолбасшылықтың жауынгерлік тапсырмасын орындау үстінде көрсеткен ерлігі үшін ол Совет Одағының Батыры деген жоғары атаққа ие болды. Жауынгерлік ерлігі үшін Қызыл Ту және I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен наградталды.

Мелитополь үшін болған ұрысқа С.Смайылов моральдық зор әзірлікпен келді. Ол бұл кезде кемеліне келген, шыныққан, өмірден көп тәжірибе алған жауынгер болатын. Сталинград түбіндегі ұрыста Садық партияға мүше болды, жолдастары оны ротаның партия жетекшісі, полктың партбюро мүшесі етіп сайлады.

Ержүрек жауынгер басқарған зеңбірек талай рет жақыннан дәл көздеп неміс танктері мен автомашиналарын жойды. Ол жаудың жеті танкін, өздігінен жүретін екі «фердинанд» зеңбірегін және 300-ден астам солдаты мен офицерін жойды.

Батыр соғысты Берлинде аяқтады. Елге оралған соң Шымкент (Оңтүстік Қазақстан) облысының Сарыағаш ауданында тұрды, сонда қызмет істеді.



ИЛЬЯСОВ НАҒИ

(1920-1987 ж.ж.)



Наги Илиясов Қызылорда облысы Тереңөзек ауданында дүниеге келген.

Ұлты - қазақ. 1929-1936 жылы Арыс және Ташкенттегі балалар үйінде тәрбиеленген. 1936-1939 жылы Орта Азия Мемлекеттік университетінде оқыды. 1939-1941 жылы Ташкент маңы Жоғары Шыршық ауданындағы мектепте мұғалім болды. Кеңес әскері қатарына 1942 жылдың қаңтарында шақырылып, 2-Украина майданына қарасты 46-армия 99-атқыштар дивизиясының 473-артиллерия полкі 2-дивизионы құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан. Элиста, Ростов, Донбасс, Киев, Житомир қалаларын азат етуге катысты. Будапешт қаласын (Венгрия) азат етуде корсеткен ерлігі үшін Ілиясовқа КСРО Жоғары Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі коса тапсырылды. Даңқты батыр 1945 жылы Мәскеуде Кызыл Алаңда өткен Жеңіс шеруіне қатысты. Наги Илиясов соғыстан кейінгі жылдары Қызылорда облысы коми-теттерінде хатшы қызмет атқарды. 1950-1952 жылы Алматыдағы Жоғары партия мектебінде оқыды. 1952-1956 жылы Шымкент облысы (қазіргі Түркістан облысы) Түлкібас ауданы партия комитетінің хатшысы, облыстық партия комитетінің білім меңгерушісі болып ел игілі үшін аянбай еңбек етті.

Бүгінгі таңда Қызылорда облысындағы бұрынғы «Қазақ ССР-нің 50 жылдығы» кеңшары қазір Наги Илиясовтің есімімен аталады.

КАВЕШНИКОВ ДМИТРИЙ СТЕПАНОВИЧ

(1918-1998 ж.ж.)



Дмитрий Степанович Кавешников 1918 жылы фельдшер отбасында туған. Ол балалық және мектептегі шағын Оңтүстік Қазақстан облысының Жуалы (қазір Жамбыл облысының құрамында) ауданындағы Евгеньевка селосында өткізді. Дмитрий Степановичтің еңбек жолы да осында басталды.

Керчь бұғазынан өтіп, Қырымдағы плацдармды алу үшін болған ұрыста көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін 1339-атқыштар полкінің штаб бастығы, гвардия майоры Дмитрий Степанович Кавешниковқа КСРО Жоғарғы Советі Президиумының 1943 жылғы 17 қарашадағы Жарлығы бойынша Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстың аяқ кезінде подполковник Кавешников Москва әскери академияларының бірін бітірді.

1944 жылғы наурызда ұлына жазған хатын «Қымбатты Дмитрий!» деп бастаған Домна Федоровна Кавешникова Ұлының осындай ерлік жасағанын естіген менің жасымдағы әйелдің қуанышын айтып жеткізу қиын. Менің бар аналық мақтанышым өзіңсің! Осынша жасқа келгенше өзіңді, менің ақиық сұңқарымды мәпелеп өсірген еңбегім зая кетпеген екен...» деп өзінің зор тебіренісін және мақтанышын жеткізген екен.

25 жасында-ақ Дмитрий Кавешников қырандай алғыр, жаужүрек болды. Новороссийскіні азат ету үшін болған ұрыста ол талантты әрі тәжірибелі командир екенін көрсете білді. 1943 жылғы 10 қыркүйекте оның полкы Цемесск шығанағының оң жағасындағы электростанция ауданында плацдармда мықтап орнықты. Полктың қимылы операцияның ойдағыдай аяқталуына көп әсер етті.

Қырымдағы неміс армиясын тырп еткізбей, жауды Мелитополь түбінде ауыр ұрыстар жүргізіп



жатқан 4-Украин майданы әскерлеріне қарсы күреске пайдалануға мүмкіндік бермеу үшін, КСРО Қарулы Күштері жоғары командованиесінің Бас ставкасы 12 қазанда Солтүстік Кавказ майданына Керчь түбегінде плацдарм алатын десанттың ірі операциясын әзірлеуге бұйрық берді. Новороссийск азат етілгеннен кейін майор Кавешников Керчьтегі десанттық операцияға қатысты. 1943 жылғы 1 қарашаға қараған түні 1339-полк 318-атқыштар дивизиясы құрамында Керчь бұғазынан өтіп, Эльтиген ауданында (Керчьтің оңтүстігінде) дұшпанға тұтқиылдан тап берді. Дұшпанның артиллерия-миномет оғының астымен жағадағы бекініс бөгеттерінен өткен бөлімше маңызды биіктікті алып, плацдармда мықтап бекінді.

1 қараша күні таң алдында дұшпан десантшыларға екі жаяу әскер дивизиясының танкімен күшейтілген бөлімдерін жіберді.

Полк командирі десантшылардың екінші тобына қарасты бөлімшелерге қолбасшылық жасады. Майор Кавешников басшылықты өз қолына алып, бөлімшелердің күшін дұрыс орналастыра білді, тек бірінші күннің өзінде дұшпанның жиырмаға жуық шабуылын тойтарды.

Осы шайқаста майор Кавешников Қырымды азат етудің Батыры атанды.

КЕРДАНЬ ФЕДОР КИРИЛЛОВИЧ
(1925-2002)



Он сегіз жасар комсомол Федор Кердань 1943 жылғы наурызда Оңтүстік Қазақстан облысының Жуалы аудандық (қазір Жамбыл облысының құрамында) әскери комиссариаты арқылы Совет Армиясы қатарына шақырылды.

1945 жылғы наурыздың бас кезінде совет әскерлері чехтың Моравска-Острава қаласы маңында гитлершілерге қарсы жойқын шабуылды ұрыстар жүргізіп жатты, олар қаланы фашистер Прагаға баратын барлық жолды қорғайтын қуатты қорғаныс торабына айналдырды. Көктемгі лайсаң жол, тұман мен жабысқақ қар шабуыл қарқынын бәсеңдетіп, артиллерияның дәл көздеп атуына кедергі жасады, тіпті ормандағы шағын аэродромдардан самолеттер де көтеріле алмай қойды. 1945 жылғы сәуірдің бас кезінде құрамында Бас командованиенің резервіндегі 1672-танкіге қарсы аттанатын истребительдік артиллериялық Қызыл Тулы Станиславск полкі көмекке жіберілген болатын. Осы даңқты полктің құрамында Оңтүстік Қазақстаннан келген 20 жасар кіші сержант Федор Кердань мен Рақымжан Тоқатаев ұмытылмас ерлік жасады.

...Ұрыс таң алдында басталды. Артиллерия оғының гүрсілі көктемдегі күркіреген күндей болды. Күндізгі сағат екілер шамасында ұрыс даласындағы біздің әскерлердің жағдайы ауырлап кетті. Фашистер жаңа күш төгіп, біздің бірнеше атыс ұямызды жойды. Гитлершілердің танкілері мен бронетранспортерлер колоннасы солдаттарымен деревняға беттеді. Дәл осы кезде тасада тұрған Тоқатаев пен Керданьнің зеңбірегі атыс бастады. Тұтқиылдан дәл соққы берілді. Бірінші снарядтан-ақ колоннаның ортасында келе жатқан «жолбарысты» қатардан шығарды, іле-шала колоннаның соңында келе жатқан алып машинаның талқаны шықты. Жау танктері тау ішіндегі миы шыққан жолда мелшиіп тұрды да қалды, одан соң жанып жатқан танктерді орағытып өтуге тырысып, абыр-сабыр әбігерге түсті. Жағдайды дұрыс бағамдай алмай жөн-жобасыз атқылай берді, бірақ олардың бұл әрекетінен ештеңе шыққан жоқ...

Арықша келген бірі орыс, бірі қазақ екі жігіт үстеріндегі мақта күртелерін қар үстіне лақтырып тастап, ысып кеткен зеңбірек жанында шапшаң қимылдап, бір снарядтан соң екіншісін жауға шебіне қарай жөнелтіп жатыр. Тағы да үш танк, екі бронотранспортер жалын құшты. Батырлардың төбесінен оқ борап кетті, жақын келіп жарылған снаряд жалыны денелерін шарпып өтті, бірақ олар күші басым жаумен соғыса берді. Ақыры жеңіп шықты! Осы ұрыста Федор Кердань мен Рақымжан Тоқатаев жаудың 9 танкі мен төрт бронетранспортерін жойды. Отанымыз бұл ерлікті лайықты бағалады. Коммунист Тоқатаев пен комсомол Кердань 1945 жылғы 29 маусымда Совет Одағының Батыры атағын алды.

ҚАУЫНБАЕВ (ҚАУЫМБАЕВ) ТОҒАНБАЙ

(1923-2014 ж.ж.)



Тоғанбай Қауынбаев 1923 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданында туды. 1939 жылы, жеті жылдық мектепті бітірген соң, «Шымқорған» кеңшарына жұмысқа орналасып, социалистік мал шаруашылығының озаты атанды. Комсомол Қауынбаев алғаш рет жауға қарсы ұрысқа 69-атқыштар дивизиясының қатардағы жауынгері болып қатысты. Ұлы Отан соғысының аяғында ол офицер шенін алды. Барлаушылық өнерді меңгерген жас патриот Днепр үшін болған тарихи ұрыста ерекше көзге түсті.

Днепр! Осы өзенге байланысты көптеген жайлар совет солдатының жадында сақтаулы. 1943 жылғы 15 қазан күні араларында Тоғанбай Қауынбаев бар бір топ барлаушы дұшпанның жаңбырдай жауған оғының астымен Днепрдің батыс жағалауына бірінші болып өтті.

Барлаушылар жау оғының толастауын күтті. Қараңғы түнде немістер оларды көре алмады. Беталды оқты боратып атқылай берді. Біраздан соң олар жер бауырлап, траншеялардың алғы шебіне беттеді. Жолда сым бөгеттерін қырқып тастап, тар жолдағы миналарды заласыздандырды.

Одан әрі Тоғанбай жалғыз өзі еңбектеп кетті. Алға ұмтыла түскен ол сипалап жүріп алдында құлама жар барын аңғарды, ол – дұшпанның оқ ататын қорғаныс окоптары екен. Төменде неміс солдаты тұр. Қауынбаев әбжіл қимылдап жаудың иығына қаршығадай қона түсті, екі қолын артына қайырып, белбеумен байлап, өз адамдарына сүйреп әкелді. Тұтқын қолға осылай түсті.

Фашистердің есін жиғызбай, оларды винтовка және автомат найзасымен түйреп, дүмбісімен ұрып, совет барлаушылары траншеялардың алдыңғы жағын жаудан тазартты. Осы ұрыста сержант Қауынбаев 10 фашисті жайратты.

Дұшпан үш қайтара қарсылық жасады. Бірақ батырлардың шағын тобы бұл шабуылдың бәрін тойтара білді. Көп ұзамай оларға дивизияның десантшылар отряды көмекке келіп жетті.

Фашистердің көңілін өздеріне аударып, кейінде келе жатқан жауынгер жолдастарының Днепрден аман өтуіне көмектесу керек деген сезім барлаушылардың күшін еселей арттырды. Сөйтіп, олар өздері бағындырып алған шепті десантшылар келіп жеткенше ұстап тұрды.

1944 жылғы көктемде төңірек шешек атып, гүлдер бүр жара бастаған тұста Қызылқұм даласына қуанышты хабар келді. Оны «Шымқорған» кеңшарының қаракөл қойын өсіретін шопандары отардан-отарға таратты. Бұл олардың әріптесі Совет Одағының Батыры атағын алып, туған жерге аман оралғаны туралы қуанышты хабар еді!

Қымбатты қонақтың келуі құрметіне аудан орталығы Шардарада көп кісі жиналған митинг болды. Шығып сөйлеушілер батыр жауынгерді құттықтай келіп, жеңіс жолында аянбай еңбек етеміз деп міндеттеме қабылдады.

Совет Одағының Батыры Т.Қауынбаев Москвада өткізілген Жеңіс парадына қатысты.

Батыр «Шардара» кеңшарында гидротехник болып көп жылдар бойы еңбек етті. Жасы келген соң Шымкент қаласына қоныс аударып, 2014 жылы бақилық болды.



КУЗЬМИН ВАЛЕНТИН СЕРГЕЕВИЧ

(1921-1953 ж.ж.)



Валентин Кузьмин Ресейдің Орлов облысы Спаск селосында туған. Орта мектепті бітірген жылы оны әскери борыш өтеуге шақырады. 1942 жылы Тамбовтағы әскери-авиациялық мектепте оқып, ұшқыш болып шығады. Ол соғысқа 1943 жылдан бастап қатысты. Аға лейтенант шенінде Валентин Кузьмин 949-атқыштар авиаполкы құрамындағы эскадрилияға басшылық етеді. Ол соғыс жылдарында әскери тапсырманы орындау үшін 115 рет әуеге көтерілген. Жаудың әскери техникасы мен солдаттары шоғырланған, аса маңызды саналған нысандарын ұшақтан атқылап, жауды орасан шығынға батырған ерлік істерімен көзге түседі. Ол бір өзі немістердің үш ұшағын атып түсіреді. Шайқастардағы ерлігі мен батылдығы үшін ол 1945 жылы Кеңес Одағының Батыры атанады. Кузьмин екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан соң да әскери қызметтен қол үзген жоқ. Әскери әуе академиясын бітіріп, Кеңес әскери сапында болады. Ержүрек сарбаз 1953 жылы әуе апатынан қаза тапқан. Оның денесі Шымкент қаласына жерленген.

МАМҰТОВ ХАСАН

(1922-1994 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Көксәйек ауылында 1922 жылы 12 ақпанда туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, пулеметші, гвардия лейтенанты. Ұлты - қазақ. Кеңес әскері қатарына 1942 жылы алынып, Ұлы Отан соғысы жылдары І-Беларусь майданы 3-армияның 120-гвардиялық дивизиясындағы 336-гвардиялық атқыштар полкі құрамында Сталинград шайқасына, Днепр үшін және Берлинді алу ұрыстарына қатысқан.

Жаудан жасқанбайтын жас өрен Днепрден өту кезіндегі ұрыста (1943 жылдың күзі) асқан батылдық пен ерлік көрсетті. Шайқас кезінде Мамұтов траншеяға бірінші болып жетіп, жаумен қоян-қолтық айқасқа түскен. Жаужүрек жауынгер қол пулеметімен жаудың 30-ға жуық әскерін, 2 офицерін жойған. Асқан ерлігі үшін Мамұтовқа КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Мамұтов Хасан соғыстан кейін Шымкент қорғасын зауытында еңбек етті. Кейін Алматы қаласына қоныс аударды. Туған ауданындағы бір мектепке аты беріліп, Рогачев қаласының Құрметті азаматы атанды. 2005 жылы 6 қазанда осы қаладағы Теңіз жаяу әскері құрамасы құрметіне арналған «Батырлар аллеясында» батырға бюст орнатылған. Ленин, Октябрь Революциясы, І дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Ерлігі үшін», тағы басқа да жауынгерлік медальдармен марапатталған.

МИННИБАЕВ ГУМЕР ХАЗИНУРОВИЧ

(1923-1999 ж.ж.)



Майдангер 1923 жылы Башқұрт АКСР-і, Урзайбаш деревнясында туған. Ұлты – башқұрт. Ол орта мектепті бітіргеннен соң геология техникумында, аэроклубта оқыды. 1938 жылы Миннибаев отбасы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ащысай кентіне көшіп келді. Ол 1941 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, авиациялық училищесіне жіберілді. 1942 жылдың қыркүйегінен 974-Севастополь авиация полкінің құрамында ұрысқа қатысты. Ұшқыш Миннибаев Сталинград, Севастополь түбіндегі әуе шайқастарында және Балтық жағалауын азат ету кезінде асқан ерлік көрсетті. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында 3-ші Балтық маңы майданы 14-ші авиация әскері 7-ші шабуылдау авиация корпусы 89-шы шабуылдау авиация дивизиясы 947-ші Севастополь авиация полкі эскадрилья командирінің орынбасары болды. Аға лейтенант Гумер Миннибаев 1944 жылдың қазанында Ил-2 ұшағымен 121 рет жауынгерлік тапсырманы орындау үшін көкке көтерілген. Әскери тапсырманы мүлтіксіз орындағаны және соғыстағы ерліктері үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілген.

Соғыстан кейін Гумер Миннибаев Шымкент қаласында, Шымкент облысындағы Тұрлан геофизикалық экспедициясында бөлім бастығы болып қызметтер атқарды.

МОЛДАБАЕВ ЕРЕЖЕПБАЙ

(1925-1944 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қалалық әкімдігіне қарасты Қатынкөпір елді мекенінде 1925 жылы туылған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, қатардағы жауынгер. Ұлты - қазақ. Соғыс қарсаңында кеңшарда мұрап болып жұмыс істеген. 1943 жылы өз еркімен майданға аттанып, 1-Украина майданындағы 3-гвардиялық армиясы 389-атқыштар дивизиясының 545-атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

1944 жылы 30 шілдеде шағын топпен Висла өзенінен өтіп, плацдармды басып алуға қатысты. Дұшпан қатты қарсыласты. Топ екі тәулік бойы жаудың сансыз шабуылын тойтарды. Польшаның Сандомир қаласының түбінде болған осы ұрыстарда Е.Молдабаевқа көрсеткен ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралақасы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сондай-ақ ол Ленин орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

МОМЫШҰЛЫ БАУЫРЖАН

(1910-1982 ж.ж.)



Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында дүниеге келген. 1921 жылы Аса ауылындағы интернатқа оқуға қабылданып, 1924 жылдан бастап оқуын Шымкент қаласындағы жеті жылдық мектепте жалғастырады. Ол Құрманбек Сағындықов және Әбділда Тәжібаевпен мектеп қабырғасында бірге білім алған.

Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. Батыс майданындағы 16 армияның 316-атқыштар дивизиясындағы 1073 атқыштар полкінің және батальон командирі болды. Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста 27 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері Вермахтың Мәскеу бағытында екінші мәрте жасаған жорығы кезінде аға лейтенант Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матронино деревнясының жанында Волоколамск тас жолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді. Білікті комбаттың басшылығы арқасында 3 күн бойы фашистер шабуылын тойтарып, батальон үлкен шығынсыз, ұрысқа қабілетті жағдайда қоршаудан шығады.

1990 жылы 30 желтоқсанында Президенттің жарлығымен Бауыржан Момышұлының отбасына Кеңес Одағының Батыры атағы және Ленин ордені табысталды.

Бауыржан Момышұлы — әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы, баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет тілдеріне аударылды. Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналасып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді.

МОРДВИНЦЕВ СЕРГЕЙ АНИСИМОВИЧ

(1900-1963 ж.ж.)



Сергей Мордвинцев 1900 жылы 27 наурызда Ресейдің Самара облысында туған. Небәрі 4 кластық қана білімі бар бозбала 1918-1922 жылдар аралығында Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтейді. Әскерден соң ол Өзбек КСР Самарқан облысына қоныс аударады. Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, оны 1941 жылы әскерге қайта шақыртады. Кіші лейтенат курсын оқып бітірген ол 125-атқыштар полкы, 6-дивизиясы сапында Украин майданында шайқасады.

1944 жылы Мордвинцев жетекшілік ететін топ ең алғашқылардың бірі болып Тиса өзенін кесіп өтеді. Киш-кере елді мекенін жаудан азат етуде кескілескен ұрыстарға қатысады. Взвод плацдармды ұстап тұру, азат ету шайқастарында асқан ерлік көрсетеді. Сергей Мордвинцевтің өзі Трансентмиклош станциясы үшін болған ұрыста батырлығымен көзге түседі. Осы ерлігі үшін оған 1945 жылы Кеңес Отағының Батыры атағы беріледі. Сондай-ақ II дәрежелі Отан соғысы ордені және Қызыл жұлдызбен марапатталған. Соғыстан аман оралған майдангер өмірінің соңына дейін Шымкент қаласында өмір сүрген.

НИЖУРИН ФИЛИПП ТРОФИМОВИЧ

(1913-1945 ж.ж.)



Соғысқа дейін Мақтаарал ауданының «Политотдел» ұжымшарында еңбек етті. Әскерге шақырылғанға дейін есепші болып жұмыс істеген. 1941 жылы маусымда Қостанай ГВК-нен жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының қатарына шақырылды.

1945 жылдың қаңтарына қарай гвардия аға сержанты Филипп Нижурин 1-ші Украина майданының 52-ші армиясының 214-ші атқыштар дивизиясының 302-ші жеке барлау ротасының атшабар взводын басқарды. Майданда Қызылтулы 214-атқыштар дивизиясының 309-жеке барлаушылар ротасының командирі болып Висла өзенінен Одер өзеніне дейін жорық жолдарымен жүріп өтті. Силезиядағы шайқастарда ерекше көзге түсті. 1945 жылы 25 қаңтарда Нижурин взводы Ланге селосы (қазіргі Лэг, Вроцлавтың оңтүстік-шығысында) ауданындағы Одерге бірінші болып жетіп, өткелдерде барлау жүргізді, содан кейін ол батыс жағалауға өтіп, плацдармды басып алып, негізгі күштерге дейін ұстап тұрды. Нижурин Федор Трофимович 1945 жылы 3 наурызда Силезияда қаза тапты. Оттендорф ауылында (қазіргі Оцице, Польша, Болеславец қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 9 шақырым жерде) жерленген. 1993 жылғы деректер бойынша, ол Ноогруд-Бобрзански қаласынан Заган қаласының зиратына қайта жерленген.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 10 сәуірдегі Жарлығымен гвардия аға сержанты Филипп Нижуринге қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры жоғары атағы берілді. Қайтыс болғаннан кейін Ленин орденімен марапатталды.

Жұбайы Нижурина Агриппина Ивановна соғыс жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы, Пахта-Арал ауданы, Славянка ауылында тұрған.

НҰРЛЫБАЕВ ЖОЛДЫБАЙ

(1922-1945 ж.ж.)



1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында туған. Қызыл армия қатарына 1941 жылы шақырылды.

Жолдыбай Нұрлыбаев Ұлы Отан соғысының - Сталинград, Оңтүстік, 3 және 4-Украин, 1-Белорус секілді көптеген майдандарында ұрысқа қатысты. 1945 жылдың қантарының басында капитан Нұрлыбаевтың батареясы шабуылдаушы жаяу әскердің жауынгерлік сапында бола отырып, гитлершілердің поляк жеріндегі Скорневице мекеніне бекініп алған атыс ұясы жүйесіне күйрете соққы берді. Тура көздеп атқан артиллеристер бес пулемет ұясын, екі дзотты және ірі калибрлі пулеметті қиратып салған.

Коло қаласын алу кезінде капитан Нұрлыбаевтың батареясы тағы да көзге түсті. Біздің бөлімдер бұл жерде күшті қарсылыққа кездескен-ді. Ал Жолдыбайдың батареясы атқыштар батальонына қосылды. Батальон маневр жасап айналып өтіп, қалаға басқа тұстан кіруге, сөйтіп жаудың басты соққы бермек бағытының назарын басқа жаққа аударуға бұйрық алғанды. Командованиенің бұл жоспары ойдағыдай іске асты. Осы шайқаста артиллеристер кереметтей ерлік пен тамаша тапқырлық көрсетті. Олар гитлершілерді түйрей атып, ойламаған жерден соққы беріп, естерін жиғызбай тастады. Соның нәтижесінде біздің бөлімдер болмашы ғана шығынға ұшырап, жауды қаладан куып шықты. Вильчин қаласы ауданында батарея марш жасап келе жатып, 65 фашистен құралған топқа қарсы кезікті. Артиллеристер бірден шайқас бастап, жаудың бүкіл тобын баудай түсірді. Вонгровец үшін болған шайқастарда батарея жаяу әскердің ізінше қалаға кірді де, көшедегі ұрыстарда танкіге қарсы ататын екі зеңбіректі талқандап, біздің танктерімізге жол ашып берді. Кеңес әскерлері жау жеріне аяқ басты. Ұлы Жеңіс күні де жақындай түсті. Бірақ осы бір қуанышты күнді жауынгерлердің бәрі бірдей көре алмады. Капитан Жолдыбай Нұрлыбаев та ол күнге жете алмай кетті. Лукацк Крейц қаласының іргесінде кескілескен шайқас қызды. Нұрлыбаевтың артиллеристері жаудың миномет батареясын талқандап, қоян-қолтық ұрыста елудей гитлершінің көзін жойды. Осы ұрыста қазақ халқының ай-бынды ұлы Жолдыбай Нұрлыбаев ерлікпен қаза тапты. Кеңес Одағының Батыры Жолдыбай Нұрлыбаевқа кіндік қаны тамған жерінде оған ескерткіш қойылған. Мақтаарал ауданында батырдың есімімен аталатын ауылдық округ бар, А.Қалыбеков ауылдық округінде бюсті орнатылған және №15 мектеп батыр ұлдың есімімен аталады.

ОБУХОВСКИЙ АНАТОЛИЙ РОМАНОВИЧ

(1925-1997 ж.ж.)

Анатолий Романович Обуховский 1925 жылы Житомир қаласында туған. Соғыс және еңбек ардагері. 1943 ж. Оңтүстік Қазақстан әскери комиссариатынан Қызыл Армия қатарына шақырылды. Украинаны азат ету барысында көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атанған. Соғыстан кейін Житомир қаласында тұрып еңбек етті. Ленин, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған. Житомир қаласының құрметті азаматы.



ОГОРОДНИКОВ НИКОЛАЙ ИВАНОВИЧ

(1919-1994 ж.ж.)



Огородников Николай Иванович 1919 жылы Ресейдің Удмурт АКСР-де туған. Соғысқа дейін Кемерово облысында тұрып, ұжымшарда жұмыс істеген. Қызыл Армия қатарына 1939 жылы алынды. Кіші лейтенанттар курсын бітірген.

Орталық майданның 8-атқыштар дивизиясының 151-полкының минометшілер ротасы аға лейтенант Огородниковтың басқаруымен Днепрдің Навозы селосы тұсынан өтіп жау бекінісін басып алып, көмек келгенше ұстап тұрды. Бұл 1943 жыл болатын. Екі миномет және пулеметпен қаруланған атқыштар тобы жаудың себелеп тұрған оғы астында Днепр өзенінің арғы жағалауына аман өтіп, жаудың плацдармы, олар бекінген позицияларды тас-талқан етті. Осы ерлігі үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1945-60 жылдары майор Огородников Ішкі істер министрлігінде қызмет атқарды. 1960 жылы запасқа шығып, Ленгер қаласында тұрды. Ленин, I және II дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, медальдармен марапатталған.



ОКОРОКОВ МАТВЕЙ ПЕТРОВИЧ

(1915-1945 ж.ж.)



Ресейдің Липецк облысы, Становой ауданы, Ламское селосында 1915 жылы туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, взвод командирі, лейтенант. Ұлты - орыс. Кеңес әскері қатарында 1936-38 жылдары әскери борышын өтеген. 1941 жылы Шымкент педагогикалық училищесін бітіріп, Сарыағаш ауданында мектепте мұғалім болған. 1942 жылы майданға шақырылып, танк училищесіне оқуға жіберілді. Оны аяқтағаннан кейін Брянск майданындағы 3-гвардиялық танк армиясының 15-танк корпусы 88-гвардиялық танк бригадасы құрамында Ұлы Отан соғысына қатысты.

Алғашқы шайқасты Орел қаласы маңында бастады. 1943 жылғы 19-23 шілде аралығындағы Новая жизнь және Москва елді мекендері үшін болған шайқастарда Т-34 танкісімен 3 рет шабуылға шығып, жаудың 3 бронды танкісін қиратып, 50 әскерін сұлатып салды.

Неплюева деревнясы (Ресей, Орлов облысы, Заголощенск ауданы) маңында болған кескілескен шайқаста Окороковтың танкісі бірінші болып дұшпан шебін бұзып-жарып кірді. Жау танкіні қиратқан кезде ержүрек командир жауды гранатамен, пулеметпен атқылап, қоршауды жаяу бұзып өтті. Окороковқа осы ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1943 жылғы 23 қыркүйектегі Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сарыағаш ауданындағы бір мектепке есімі беріліп, Окороковқа ескерткіш орнатылған. Ленин, I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

ОҢТАЕВ БЕЙСЕН СЕЙІТҰЛЫ

(1922-1991 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауылында 1922 жылы 3 мамырда туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, барлаушы, қатардағы жауынгер. Ұлты - қазақ. Ата-анасынан жастай жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленген. Соғыс қарсаңында Шымкент ауылшаруашылығы техникумын бітіріп, Отырар, Мақтаарал аудандарында жерді суландыру жүйесінде жұмыс істеген. Кеңес әскері қатарына 1942 жылдың қаңтарында шақырылып, Орталық майдандағы 65-армияның 69-атқыштар дивизиясы 120-полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Шабуылдардың бірінде бекінген жау жаяу әскерге бас көтертпеді. Бейсен Оңтаев бастаған 13 жауынгер жер бауырлап жау траншеясына жетті. 10 танкіні қалқалаған 200-ден астам жау әскері аз ғана топқа қарсы ұмтылды. Ал барлаушылар 4 танкіні талқандап, 80-нен астам жау әскерін жойды.

1943 жылғы 15 қазанда Радуль деревнясы (Украина, Чернигов облысы, Репки ауданы) маңында Днепрден өту кезінде көрсеткен ерлігі үшін Б.Оңтаевқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1943 жылғы 30 қазандағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Бейсен Сейітұлы соғыстан кейін Шымкент педагогикалық институтын бітіріп, мектеп директоры қызметінде болды. Туған ауылына, сонымен қатар орта мектепке Бейсен Оңтаев есімі берілген. Ленин, І-дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, медальдарымен марапатталған.

ПАХОМОВ ДМИТРИЙ ФЕДОРОВИЧ

(1920-1945 ж.ж.)



Пахомов Дмитрий Федорович 1920 жылы Ресейдің Новосибирь облысында туған. Соғыс басталмай тұрып оның отбасы Оңтүстік Қазақстан облысы Жуалы ауданына көшіп келген еді. 1942 жылы қазан айында әскер қатарына алынып, 1943 жылы маусымнан бастап соғысқа қатысты. Қаһарман танкист Пахомов Ұлы Отан соғысында өшпес даңққа бөленді. 1-және 2-Украина, кейінірек 1-Беларусь майдандарында шайқасқан ол танкімен мың жарым шақырым ұрыс даласын басып өтіп, 51 танк шабуылына қатысқан.

1945 жылды 16 қаңтарында Дмитрий Пахомов өз экипажымен Сохачев теміржол станциясына шабуыл жасайды. Сөйтіп жау эшелонының жолын кесіп, қасындағы майдандастары қарумен паравозды жарып жібереді. Дәл сол күні олардың танк экипажы қарсыластың тағы бір эшелонының жолын бөгеп, жеңіске қарай жол бастайды. Осы ерлігі үшін Дмитрий Пахомов Кеңес Отадығының батыры атанады.

1945 жылғы 27 ақпанда болған үлкен шайқаста Пахомов қатты жараланып, госпитальда қаза тапты. Денесі Штутгард қаласы маңындағы бауырластар зиратына жерленді.

ПШЕНИЧНЫХ АНДРЕЙ ПЕТРОВИЧ

(1914-1992 ж.ж.)



Пшеничных Андрей 1914 жылы Ресейдің Воронеж облысы Нижный Икорец селосында туған. Мектептің тек бастауыш сыныбын ғана бітірген ол ержете келе Свобода қаласындағы паравоз депосында отжағушы және металл құюшы болып жұмыс істейді. Әскери-теңіз флотында әскери борышын өтеген. Ол екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда әскерге қайта шақыртылады. Теңізші Андрей Пшеничных Солтүстік флотының айрықша маңыздағы 181-барлаушылардың тобына қабылданады.

А. П. Пшеничных 1944 жылы Печенген шығанағында жау батареясының күл-талқанын шығарып, кеңестік десанттар мінген катерлерге жол ашады. Осы шайқастағы жанқиярлық ерлігі үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Ол өмірінің соңына дейін Шымкент қаласында өмір сүріп, 1992 жылы қайтыс болды.

РАҚЫМОВ САБЫР ОМАРҰЛЫ

(1902-1945 ж.ж.)



Ұлтымыздың даңқы перзенті Сабыр Омарұлы Рақымов 1902 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Көкібел ауылында туған.

Әкесі ерте қайтыс болып, жас қалған Сабырды шешесі (өзбек қызы) Өзбекстанға алып кеткен. 1922 жылы әскер қатарына шақырылған. Бакудегі әскери училищені бітірісімен ол Самарқан қаласындағы атты әскерлер дивизиясында взвод, эскадрон командирі болады. 1925-27 жылдары Орта Азияда (Қарақұмда) Кеңес өкіметіне қарсы шыққандарға қарсы күрестегі ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен марапатталған. 1941 жылға дейін түрлі әскери мекемелерде қызмет істеді. Соғыс басталғанда полк, кейін дивизия қолбасшысы болды. 1941 жылы шілдеде жау қоршауын бұзып шыққан батылдығы үшін 2-рет Қызыл Ту орденімен марапатталып, полковник шенін алды. Оның дивизиясы Дондағы Ростовта, Кавказ-да ұрыс жүргізді. 1943 жылы Мәскеудегі Бас штаб академиясына оқуға жіберілді. Академияны бітірген соң Белоруссияны, Польшаны азат етуге қатысты.

Соғыс жылдары ол басқарған дивизияның жауынгерлік туына 2 Қызыл Ту, Суворов және Кутузов ордендері тағылды. Рақымов Ленин, 4 рет Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, 2-дәрежелі Суворов ордендерімен, медальдармен марапатталған. Ол жөнінде «Генерал Рақымов» атты көркем фильм түсірілді. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Көкібел ауылындағы орта мектеп Сабыр Рақымов есімімен аталады. Польша Республикасының бір траулері генерал Рақымов есімімен аталады. Қазіргі уақытта Шымкент қаласында Тәуке хан көшесінің бойындағы Жеңіс саябағында ескерткіші орнатылған.

РЕДЬКО АЛЕКСЕЙ НИКОЛАЕВИЧ

(1924-1943 ж.ж.)



Алексей Редько 1924 жылы 18 ақпанда дүниеге келген. Туған жері Ресейдің Орынбор облысы Екатеринославка селосы. Жетіжылдық мектепті бітірген ол шаруашылықта трактор жүргізушісі болып еңбек еткен.

1942 жылы әскерге шақыртылып, Түркістандағы пулеметшілер училищесін оқып бітіреді. Сол жылдың қазан айынан бастап орталық фронттың 69 атқыштар дивизиясы құрамындағы взводқа командирлік жасайды. Ол 1943 жылдың 15 қазаны күні Чернигов облысы Репкин ауданы Радуль елді мекені тұсында Днепр өзенінен алғашқылардың бірі болып арғы жағалауға өтеді. Кескілескен ұрыста жаудың бірнеше атыс ошағын талқандап, өзі де мерт болады. Днепр жағалауындағы плацдармды ұстап тұрғаны үшін оған қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Кіші лейтенант Алексей Редько сондай-ақ Ленин орденімен де марапатталған.

РЕШЕТНИК ИВАН СЕМЕНОВИЧ

(1924-1968 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында 1924 жылы 10 қазанда туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, взвод командирі, лейтенант. Украин ұлтының өкілі. Кеңес әскері қатарына 1942 жылы шақырылған. Түркістандағы пулеметшілер училищесін 1943 жылы бітіргеннен кейін Воронеж майданындағы 40-армиясының 309-атқыштар дивизиясындағы 957-атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысты.

Кеңес әскері майданда шабуылды өрістете отырып, Днепрге жетті. Украинаның Киев облысы, Кагарлық ауданына қарасты Балыко-Шучинка селосының маңында өзеннен өту операциясын жекелеген топтар мен шағын бөлімшелер бастады. 1943 жылғы 24 қыркүйекке қараған түні лейтенант И.Решетник бораған жау оғының астында өзінің пулемет взводын бастап Днепрден өтті. Осы ерлігі үшін И.Решетникке КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1943 жылғы 23 қазандағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ол соғыстан кейін де әскери қызметін жалғастырды. 1967 жылы подполковник И.Решетник запасқа шықты. Ставрополь өлкесінің Лермонтов қаласында жұмыс істеді. Ленин, «Қызыл Жұлдыз» орденерімен, медальдарымен марапатталған. 1968 жылы 14 желтоқсанда Ставрополь өлкесінде қайтыс болды.

РУСТАМОВ ТАШТЕМІР

(1906-1943 ж.ж.)

Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылында 1906 жылы туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, қатардағы жауынгер. Ұлты - өзбек. 1942 жылдан Батыс майданындағы 5-армияның 312-атқыштар дивизиясы 1083-атқыштар полкіндегі 6-атқыштар ротасының құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Смоленск облысы, Дорогобуж ауданындағы Борисовка деревнясы үшін болған ұрыста асқан ерлік пен батырлық көрсетті. Ол жаудың 19 әскері мен офицерін, 4 атыс ұясын жойды. Пулемет ұясын өз кеудесімен қалқалап жатып, жарып жіберді. Сөйтіп, 1943 жылы 12 тамызда ерлікпен қаза тапты. Т.Рустамовқа осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 жылғы 3 маусымдағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



РЫБАЛҚО ИВАН ИГНАТЬЕВИЧ

(1923-2000 ж.ж.)



Иван Игнатьевич Рыбалко 1923 жылы 25 мамыр күні Башқұрт АССР-нің Надеждино селосында дүниеге келген. Соғысқа дейін геологиялық барлау өндірісінде токарь, совхозда жұмысшы болып еңбек еткен. Ол әскер қатарына 1943 жылы алынған. Қатардағы жауынгер Иван Рыбалко Днепр өзені мен Украинаның Зарубницы Черкассы облысы үшін болған шайқаста ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. 21 қыркүйек күні түнде пулеметімен жаудың 20 сарбазын сұлатып, өз әскеріміздің еш кедергісіз жау шебіне өтуіне жол ашты. Осы ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атанды.

РЫСБЕКОВ ҚҰРМАНБАЙ (ҚҰРБАНТАЙ)

(1922-1943 ж.ж.)



1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Фрунзе ауданында туған. Шорнақ мектебінің тарих және география пәндерінің мұғалімі, комсомол мүшесі Рысбеков 1942 жылы көктемде өзі сұранып майданға аттанды. «Атқыштар взводының командирі Рысбеков – Отанының асқан батыр патриоты. Ол Днепр өзенінің оң жағалауын алу үшін болған ұрыста ерлік пен батырлық көрсетті». Бұл батырға берілген жауынгерлік мінездемедегі сөздер. Мұны Құрманбай қызмет атқарған бөлімнің командирі жазған.

1943 жылы күзде Совет Армиясы жаудың қарсылығын тойтарып, жедел қимылмен Днепр жағасына жетеді. Үлкен өзен тосқауылынан өту оңай болмады. Днепр үшін болған ұрыста сан мыңдаған жауынгер мен командирлердің ішінде Құрманбай Рысбеков взводымен ерекше көзге түсті. 1943 жылғы 6 қазанда оған Днепрден бірінші болып өтіп, оң жағалаудағы Керамика аймағын алу міндеті жүктелді. Взвод жауынгерлері көмекші құралды пайдаланып, төпеп тұрған оқтың астымен оң жағалауға шығып, ұрысқа кірісті.

Қиян-кескі шайқаста Рысбековтің автоматшылары немістердің бір ротасын түгелдей жойып жіберді. Құрманбай шабуыл жасаушылардың алдыңғы қатарында шайқасты, бір өзі 15 жау әскерін жайратты. Позиция алынды, жауынгерлік тапсырма абыроймен орындалды.

42-атқыштар полкі атқыштар взводының командирі Құрманбай Рысбеков Днепр, Украина үшін болған ұрыстардағы ерлігі үшін Алтын Жұлдыз алды.

САДЫҚОВ БОТАБАЙ

(1916-1992 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Сайрам ауылында 1916 жылы 23 ақпанда туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, гвардия аға сержанты, пулемет расчетінің командирі. Ұлты - өзбек. Кеңес әскері қатарына 1939 жылы Сайрам аудандық әскери комиссариатынан шақыртылған. 1941 жылдың қазанынан Орталық майдандағы 60-армияның 1-гвардиялық артиллерия дивизиясының 3-гвардиялық жеңіл артиллерия бригадасындағы 167-гвардиялық жеңіл артиллерия полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Ботабай Садықов полктегі ең таңдаулы артилеристердің бірі саналды. Ол дұшпанның 13 танкісі, 5 батареясы, 23 дзоты мен блиндажын қиратып, жүздеген жаяу әскерін жер жастандырған.

1943 жылы 7 қазанда Днепрден (Украина, Киев облысы, Чернобль ауданы, Губин селосы маңында) өту кезінде ерлік көрсетіп, жаудың 8 пулемет ұясын, 3 зеңбірегін, миномет батареясын жойды.

Ботабай Садықовқа осы қаһармандығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі төралақасының 1943 жылғы 17 қазандағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Ол соғыстан кейін кіндік қаны тамған жерінде еңбек етті. Туған ауылындағы орта мектепке Б.Садықовтың есімі берілген. Ленин, Қызыл Ту, 1 және 2-дәрежелі Отан соғысы орденделерімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

СВИНАРЧУК НИКОЛАЙ ДАВЫДОВИЧ

(1920-1983 ж.ж.)

Свинарчук Николай Давыдович Өзбекстан Республикасының Гүлістан қаласында туған. Мектепті аяқтағаннан соң теміржолда еңбек еткен. Әскер қатарына 1942 жылы шақырту алады. 415-атқыштар полкы құрамында взвод командирінің көмекшісі болған ол Польшаны азат ету кезінде ерекше батылдығымен көпке үлгі болды. Оның взводы 1944 жылы Бяла-Подляск қаласы маңында Кшна өзенін кешіп өту кезінде жағалаудағы плацдармды ұстап тұру үшін жанқиярлықпен шайқасты. Кеңес әскері Свинарчуктың жетекшілігімен жаудың қорғаныс шебін басып алып, жауды тықсыра қуды. Ал Бохукалы деревнясы үшін шайқаста оның тобы жаудың 8 шабуылына тойтарыс беріп, 1 БТР мен 3 автокөлігін талқандап қиратты. Сондай-ақ немістің 150 солдаты мен офицерін мерт етті. Осы ерлігі үшін оған Кеңес Одағының батыры атағы берілген. Соғыс аяқталғаннан соң Николай Свинарчук Оңтүстік Қазақстан облысы Леңгір қаласында өмір сүріп, еңбек етті.



СОПЛЯКОВ МИХАИЛ ИГНАТЬЕВИЧ

(1914-1995 ж.ж.)

Михаил Сопляков 1914 жылы туған. Жетіжілдық мектепті бітіріп, Воронежде жұмыс істеген. Әскери борышын өтеп келген жылы оны соғысқа қайта шақыртады. Сол жылы Гомельдегі пулеметшілер училищесін бітіреді. Аға лейтенант шеніндегі сарбаз 24-гвардиялық механикаландырылған бригадасы батальон командирінің орынбасары болады. Ол 1943 жылы Кеңес әскері Днепрден өту кезінде айырықша ерлігімен көзге түсті. Украинаның Домантово және Городище елді мекендерін жаудан азат етуде кескілескен ұрыстарға қатысты. Командирсіз қалған өзге ротаға да басшылық жасап, жаудың бетін қайтарды. Осы ерлігі оны Кеңес Одағының Батыры атандырды.



СҮЛЕЙМЕНОВ ЖОЛДАС

(1921-1993 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Жаңақұрылыс ауылында 1922 жылы 1 мамырда туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, барлаушы, қаңтардағы жауынгер. Ұлты - қазақ. 1942 жылдың қаңтарынан орталық майдандағы 65-армияның 69 атқыш-тар дивизиясындағы 120-атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Алғашқы ұрыс жолын Сталинград шайқасынан бастады. Араларында Жолдас Сүлейменов бар барлаушылар тобы кезекті бір тапсырманы орындау барысында жау батальонының штаб бастығын, құнды деректері бар құжаттарын қолға түсірген. Сонымен қатар, Ж.Сүлейменов Курск иінінде болған ұрыстарға, Белгородты азат етуге де қатысты.

1943 жылы 15 қазанға қараған түні Днепр өзені (Украина, Чернигов облысы, Репки ауданы, Радуль кентінің маңы) үшін болған ұрыста Сүлейменов басқарған барлаушылар жаудың 300-ден астам әскерін жойып, 8 зеңбірегін, 3 минометін, 60 әскерін қолға түсірген. Осы ерлігі үшін Жолдас Сүлейменовке КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1943 жылғы 30 қазандағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1946 жылы әскер қатарынан запасқа шығып, Отырар, кейіннен Сарыағаш ауданында тұрды. Алматыдағы заң мектебін 1951 жылы бітіріп, тергеуші, мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі қызметтерін атқарған. Ленин, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдарымен марапатталған.

СЫПАТАЕВ ҚАРСЫБАЙ

(1918-1942 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Қостөбе ауылында 1918 жылы 15 сәуірде туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, миномет нысанашысы. Ұлты - қазақ. Кеңес әскері қатарына 1942 жылы алынып, Оңтүстік майдандағы 4-атты әскер корпусының 61-атты әскер дивизиясындағы 13-жеке атты артиллерия дивизионы құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Сталинград шайқасында Қ.Сыпатаев асқан ерлік пен батырлық көрсетті. «Красный герой» ұжымшарының маңында болған ұрыста жаудың бір взводқа жуық жаяу әскерін жойып жіберді. Шарнумовский елді мекені түбінде Сыпатаевтың миномет расчеті 36 танкімен айқасқа түсті. Техника жағынан басым жау қорғаныс шебін бұзуға ұмтылды. Шайқас барысында қасындағы миномет расчеттері істен шығып, Қ.Сыпатаев қолында қалған жалғыз минасымен танкінің астына құлады. Қ.Сыпатаевқа осы жасаған ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1943 жылғы 17 сәуірдегі Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Туған ауылы мен Шымкенттегі №7 орта мектепке Қ.Сыпатаев есімі беріліп, ескерткіш қойылған. Ленин орденімен марапатталған.

ТАСҚҰЛОВ ҚАЛЫБАЙ

(1922-1989 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, Асықата кентінде 1922 жылы 15 тамызда туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, барлаушы. Қазақ. 1942 жылдың қаңтарынан 65-армияның 69-атқыштар дивизиясындағы 120-атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

1943 жылы 15 қазанда Днепр өзенінен (Украина, Чернигов облысы, Репки ауданы, Радуль кентінің маңы) алғашқы өткен десантшы-жауынгерлер тобының құрамында көрсеткен ерлігі үшін Тасқұловқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 жылғы 30 қазандағы жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол 1944 жылы кіші лейтенанттар курсын бітірді. Соғыстан кейін туған ауылында еңбек етті. Кейіннен Өзбекстан Республикасы, Ташкент облысы, Бостандық ауданы, Шақшам селосында тұрды. Ленин, I дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, медаль-дармен марапатталған.

ҮСЕНОВ АБДОЛЛА

(1924-1943 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласында 1924 жылы туған. Ұлты - қазақ. Соғысқа дейін Түркістан вагон жөндеу депосында цех механигі болып жұмыс істеген. Кеңес әскері қатарынаа 1942 жылы шақырылып, 1-Украина майданындағы 60-армияның 112-атқыштар дивизиясында 159-жеке саперлер бата-льоны құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Абдолла Үсенов 1943 жылы 7 желтоқсанда Украинадағы Нивки селосын жаудан азат ету кезіндегі шайқаста асқан ерлік көрсетіп, жаудың 8 танкісіне қарсы шығып, ерлікпен қаза тапты. А.Үсеновке осындай жанқиярлық ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқа-сының 1944 жылғы 25 тамыздағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Туған жерінде Үсеновтің атындағы мектеп, көше бар. Ленин орденімен марапатталған.

ХАҚИМОВ АЛИМ

(1919-2003 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысында 1919 жылы 12 мамырда туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, майор, батальон командирі. Ұлты - тәжік. Кеңес әскері қатарына 1939 жылы шақырылып, 1941 жылы Ленинград Әскери-саяси училищесін бітірді. 1942 жылдың наурызынан 1-Беларусь майданындағы 47-армияның 143-атқыштар дивизиясындағы 487-атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Соғыстың шешуші кезеңінде, 1945 жылғы 16 қаңтарда Хакимовтың батальоны Висла өзенінен (Польша, Хотомув қаласынан оңтүстік батысқа қарай 8 шақырым жердегі Ломна елді мекені маңында) өтіп, плацдармды басып алды әрі 12 сағат бойы жаудың 15 рет қарсы шабуылына тойтарыс берді. Фашистік әскердің 4 танкісі, 120 адамы жойылып, 30 әскері мен 4 офицері тұтқынға алынды. Хакимовке осы көрсеткен ерлігі үшін 1945 жылғы 27 ақпанда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Алим Хакимов 1950 жылы запасқа шығып, Ташкент қаласында жауапты қызметтер атқарды. Ленин, 2 мәрте Қызыл Ту, Александр Невский, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

ХҰСАНОВ ЗИЯМАТ ОСМАНҰЛЫ

(1921-1986 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Сайрам ауылында 18.1.1986 жылы туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, гвардия сержанты. Ұлты - өзбек. Ташкент педагогикалық техникумын 1940 жылы бітірген ол Кеңес әскері қатарына 1940 жылдың қазанында шақырылған. Соғыс басталған жылы Ташкент авиация училищесіне жіберілді. 1942 жылдың мамырынан Оңтүстік-Батыс майданындағы 57-армияның 78-гвардиялық атқыштар дивизиясындағы 228-гвардиялық атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Ол Смоленск түбінде алғашқы ұрысқа түсіп, Курск иініндегі шайқасты басынан кешті. Полк Белгород қаласының солтүстік-шығысындағы Дальние пески деревнясы (Ресей, Белгород облысы) жанындағы бекіністерді алып жатыр. Осы бөлікте жаудың іріктелген бөлімдері гвардияшыларға қарсы шабуылға шықты. Биіктікке орналасқан Хұсанов бүкіл полктің алғы шебінде жаумен шайқасқа түсті. Оның ерлігі туралы хабар бүкіл дивизияға тарады. Осындай жанкешті қаһармандығы үшін Хұсановқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Бірақ ауыр жараланған Хұсанов тұтқынға түсіп, 1944 жылдың қаңтарында Юголавиядағы «Түркістан легионы» бөлімшелерінің бірінде азапты күндерін өткізді. Ол 1944 жылы 15 мамырда тұтқыннан қашып шығып, Югославия және Болгария партизандары қатарына қосылды.

Зиямет Хұсанов соғыстан кейін Сайрам ауданындағы бір мектепте мұғалім болды. Болгария мемлекетінің Құрметті азаматы атағын алған. Ленин, 1-дәрежелі Отан соғыс ордендерімен, медальдармен марапатталған. Болгарияның Халық батыры (1975 жылы берілген), Қазақстанның және Өзбекстанның еңбек сіңірген мұғалімі.

ЧУНТОНОВ НИҚОЛАЙ ГРИГОРЬЕВИЧ

(1922-1977 ж.ж.)

1922 жылы Қазан қаласында туған. Мектепті аяқтағаннан соң Шымкент қаласындағы зауытта слесарь болып еңбек етеді. Соғысқа осы арада шақырылып, жанқиярлық ерлігі үшін 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Оған Николай Чунтоновтың жаудың ондаған әскерін жер жастандырып, қарулы күштерін жойған ерлік ісі негіз болды. Соғыстан кейін Мәскеу қаласында қызмет еткен.



ШЕВЦОВ ПЁТР ФЁДОРОВИЧ

(1912-1944 ж.ж.)



1912 жылы Өзбекстанның Бұқара қаласында туылған. 1920 жылы оның отбасы Түлкібас бекетіне көшіп келеді. Ол екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін финдерге қарсы ұрысқа қатысып, орден, медальдармен марапатталған.

Петр Шевцов Ұлты Отан соғысында әскери әуе күштері сапында жауға қарсы соғысты. Шығыс және Солтүстік-Шығыс майданындағы 57-авиадивизияның ұшу техникасы инспекторы болды. Ол 1943 жылға дейін әскери тапсырманы орындау үшін 168 рет әуеге көтеріліп, әуедегі 23 шайқасқа қатысқан. Ерлік істері үшін Кеңес Одағының батыры атанады.

ЮЛДАШЕВ ФАЙЗУЛЛА

(1912-1991 ж.ж.)



Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласында 1912 жылы 15 қыркүйекте туған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, лейтенант. Ұлты - өзбек. Самарқан педагогикалық техникумын және Ташкент мұғалімдер институтын бітіріп, Бұқара облысында мұғалім, мектеп директоры қызметтерін атқарған. Кеңес әскері қатарына 1942 жылдың маусымында шақырылып, сол жылдың қазан айынан Воронеж майданына қарасты 38-армияның 180-атқыштар дивизиясындағы 42-атқыштар полкі құрамында Ұлы Отан соғысына қатысқан.

1943 жылғы 27 қыркүйекте аға сержант Юлдашев алғашқы десантшылар құрамында Киев облысы, Вышгород ауданы, Новые Петровцы селосы маңында Днепрдің оң жағалауына өтіп, қолма-қол ұрыста басып алған плацдармды ұстап қалу үшін өз бөлімшесімен бірге қаһармандықпен шайқасты. Осы шайқастағы ерлігі үшін Юлдашевқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1943 жылғы 29 қазандағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ол 1944 жылы кіші лейтенанттар курсын бітірді. 1945 жылы запасқа шығып, 1948 жылы Өзбекстан Коммунистік партиясының жоғары мектебін бітірді. 1980-90 жылдары Өзбекстанның Наманган облысы, Наманган ауданы, Ирвадан ауылында тұрды. Құрметті демалысқа шыққанға дейін орта мектептің директоры қызметінде болды. Ирвадан ауылында жерленген. Ленин, I дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, медальдарымен марапатталған.





ДАҢҚ ОРДЕНІНІҢ КАВАЛЕРЛЕРІ

ДАҢҚ ОРДЕНІНІҢ ҚАВАЛЕРЛЕРІ



Даңқ — КСРО әскери ордені, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1943 жылғы 8 қарашадағы "I, II және III дәрежелі Даңқ ордендерін тағайындау туралы" Жарлығымен бекітілген. Орденмен қатардағы әскери қызметшілер, сержанттар мен старшиналар марапатталады.

Даңқ ордені үш дәрежеден тұрады: I, II және III дәрежелер. Орденнің ең жоғары дәрежесі - I дәреже. Марапаттар ретімен жүзеге асырылады: алдымен үшінші, содан кейін екінші, ең соңында бірінші дәреже.

БЕЗДЕЛЕВ ВИКТОР ВАСИЛЬЕВИЧ

(1919-1974 ж.ж.)



1919 жылы Ресейдің Нижнегород облысында туған. Әскер қатарына 1939 жылы шақырылған. Соғысқа 282 жеке сапер батальонның құрамында взвод командирі болып Сталинград шайқасына, Донбасс, Ростов қалаларын азат етуге қатысқан. Днепр өзенінен өтерде батырлық көрсетіп «Даңқ» орденінің толық иегері атанды. Соғыс біткен соң Шымкент қаласына келіп, цемент зауытында еңбек етті. Осы қалада 1974 жылы 3 қаңтарда қайтыс болды.



БЛАГОВ ПАВЕЛ СТЕПАНОВИЧ

(1917-1982 ж.ж.)

1917 жылы Ордабасы ауданында Қараспан ауылында туған. 1938 жылы Қызыл армия қатарына шақырылып, фин соғысына қатысқан. 1944 жылдың ақпанында Благов пулеметімен неміс әскері бар автокөлік пен қару-жарақ тиелген эшолонды аткылып, өртеп жіберген. Осы ерлігі үшін «Даңқ» орденінің толық иегері атанды. Майдангер өмірінің соңына дейін Ордасы ауданында өмір сүріп, Қараспан ауылында 1982 жылы қайтыс болды.



БИШОВЕЦ ИВАН НИКИТОВИЧ

(1920-1989 ж.ж.)



1920 жылы Украинаның Чернигов облысында туған. Қиыр Шығыста әскери борышын өтеп жүргенде соғыс басталып, 1942 жылдың мамыр айында Батыс майданда ұрысқа кірген. Парашютші-десантшы болып Суворов орденді Қызылтулы Смоленск 199-атқыштар дивизиясында соғысты.

Соғыстан кейін Шымкент қаласында бұрғышы, бұрғылау мастері болып еңбек еткен. «Даңқ» орденінің толық иегері.



ВЕЛИЧКО АЛЕКСАНДР ИВАНОВИЧ

(1925-2019 ж.ж.)

1925 жылы Арыс ауданының Бадам станциясында туған. Әскерге сол арадан шақырылып, Украин майданындағы ұрыстарға қатысты. Әскерге 1943 жылы Арыс аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1, 2, 3-Украин майдандарында ұрыстарға қатысты. Ленин орденді, Суворов орденді Қызылтулы 15-Харьков гвардия-шыл атқыштар дивизиясында қызмет атқарды. «Даңқ» орденінің толық иегері.

ҚАЛТАЕВ ҚАРАБАЙ

(1923-2012 ж.ж.)



1923 жылы Сайрам ауданының Ақтас ауылында туған. Шымкент темір жол училищесін бітіріп, слесарь-автоматшы болып жұмыс істеп жүрген Қарабай Қалтаев 1942 жылдың қыркүйек айында майданға аттанды. Ивановск облысы, Тейково қаласындағы әуе десанты дивизиясына қабылданды. Онда екі айлық әскери дайындықтан өтеді. Кривой-Рог ауданында шайқасқан 15-ші гвардияшы атқыштар Харьков дивизиясының 20-шы гвардияшы танкіге қарсы дивизионының құрамында соғысты. Ингула, Ингульец өзендеріндегі соғыстарда Қарабай Қалтаев станокты пулемет пен 25-30-ға тарта немістің көзін жойды. Осы ерлігі үшін қатардағы Қ. Қалтаев III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды. Сол кезде ҚОКП қатарына қабылданады.

Қарабайға Молдавия, Польша аумақтарындағы көптеген отты жолдардан өтуге тура келеді. 1945 жылы 27 қаңтарда Холбендорф ауданындағы соғыста сержант Қалтаев екі танкіні және екі қауіпті қаруды, екі қол пулеметін қиратып, 25 немістің көзін жояды. Ерлігі мен төзімділігі үшін II дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

Соғыстан кейін елге оралып, ішкі істер органдарында қызмет атқарған. «Даңқ» орденінің толық иегері. 2012 жылы Шымкент қаласында қайтыс болды.



КУЛЬКОВ НИКОЛАЙ ИВАНОВИЧ

(1923-1968 ж.ж.)

1923 жылы Ресейдің Ульянов облысында туған. 1936 жылы отбасымен Шымкентке көшіп келіп, осындағы мақта-мата комбинатында қызмет істеген. «Даңқ» орденінің толық иегері.





ПОТАПОВ АЛЕКСАНДР СЕМЕНОВИЧ

(1910-1961 ж.ж)

Потапов Александр Семенович 1910 жылы Ресейдің Горький қаласында дүниеге келген. «Даңқ» орденінің толық иегері. Соғыс басталмай тұрып, отбасымен Түркістан станциясына көшіп келген. Осы жерден 1942 жылдары армияға шақырылған. 276-Темрюк атқыштар дивизиясының 871-атқыштар полкінің 76-ММ зеңбірегінің нысана көздеушісі, кейін командирі болып, Оңтүстік-батыс, Солтүстік Кавказ, 1- және 4-Украин майдандарында шайқасты. Соғыстан кейін өзінің туған қаласы Горькийге оралып, машина жасау зауытында еңбек етті.

САДЫҚОВ БАЙЫРБЕК САДЫҚҰЛЫ

(1920-1991 ж.ж.)



«Даңқ» орденінің толық иегері. Еңбек жолын Түлкібас орман шаруашылығында орманшы болып бастаған. 1940 жылдары армия қатарына шақырылған. 1941 жылдары 27 маусымда ұрысқа кіріп, Батыс, Сталинград, Оңтүстік-Батыс, 3-Украина, 1-Белорус майдандарында шайқасқан. 1946 жылдары тамыз айында елге оралып, бұрынғы мамандығы бойынша орман шаруашылығын басқарды. «КСРО Орман шаруашылығы министрлігінің социалистік жарысының үздігі» құрметті белгісімен, «Мемлекеттік орман қорғау қызметінде 10 және 20 жыл мінсіз қызмет» медалімен марапатталған.

«ХАЛЫҚ ҚАһАРМАНЫ» АТАҒЫН АЛҒАН МАЙДАНГЕРЛЕР

1993 жылы белгіленген бұл атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. Бұл атаққа ие болған адамдарға айырықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз және « Отан» ордені қоса тапсырылады. Қазірге дейін бұл мәртебелі атаққа ие болғандар саны 29. Әрине алғашқы жылдары оған Отан үшін от кешкендер, қазақ елінің қарулы күштерін қалыптастыру жолында еңбек еткен әскери адамдар ғана емес, ғылым,өнер, медицина саласындағы да айырықша қолтаңбасы бар адамдар ие болғаны белгілі. Олардың арасында оңтүстікқазақстандық 2 майдангер бар. Сонымен біз білетін және есімдерін көпшілік біле бермейтін қаһармандар кімдер? Олар:



Мәулен ҚАЛМЫРЗАЕВ



Төлеуғали ӘБДІБЕКОВ



МАЙДАНГЕР – СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ



МАЙДАНГЕР - СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ

Социалистік Еңбек Ері - шаруашылық пен мәдени құрылыстағы аса үздік жетістіктері үшін еңбекте ерекше көзге түсіп, өздерінің аса үздік жаңашыл қызметтерімен қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға, халық шаруашылығын өрге бастыруға, ғылым мен техниканы дамытуға, КСРО-ның күш-қуатын нығайтып, даңқын шығаруға ат салысқандарға берілген. Бұл атақ КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1938 жылғы 27 желтоқсанындағы Жарлығымен бекітілген.

АЙТХОДЖАЕВ МАМЫТ

(1905-1983 ж.ж.)

Мамыт Айтходжаев 1905 жылы Шымкент облысы Түркістан ауданы Жүйнек ауылында дүниеге келген. 1939 жылдан бастап КОКП мүшесі болды.

Ол 1929 жылы «Коммуна» шаруашылығына алғаш болып қабылданып, өмірінің соңына дейін колхозға адал еңбек етті. 1939 жылға дейін жүргізуші, қойма меңгерушісі, ал, 1940 жылы сол шаруашылықты басқарды. Бейбіт елді Ұлы Отан соғысы бұзып, Мамыт соғысқа аттанды. Соғыстан аман есен оралғаннан кейін, туған жеріндегі жылқы фермасында меңгеруші болып жұмыс істеді. Жылқы өсіру ісінде өзінің зоотехникалық және ветеринарлық қабілетін дәлелдеп, ол салада да адал еңбек етті.

Сол жылдары фермадағы мал көбірек төлдеп, нәтиже көрсетіп, жұмыс бұрынғыға қарағанда әлдеқайда қарқынды жүргізілді. Әсіресе 1947 жылы фермада оң нәтижелер көп болып, 89 жылқыдан 89 құлын туылды.

Еселі еңбегі үшін КСРО Жоғары Президиум кеңесінің шешімімен 1948 жылдың 23 маусымында Мамыт Айтходжаевқа «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. Одан бөлек, «Ленин» медалімен, Қызыл Жұлдызбен де марапатталды.

АЛДЫБАЕВ ОРАЗҒАЛИ АЛДЫБАЙҰЛЫ

(1920-1998 ж.ж.)



1920 жылы 18 маусымда Ақтөбе облысы Байғанин ауданының №2 ауылында дүниеге келген. Отбасы 1932 жылы Мақтарал ауданына көшіп келген. Өз кезеңіне лайықты жеті жылдық білім ала отырып, О.Алдыбаев ұстаздық мамандықты қалады. 1941 жылы Түркістан педучилищесін аяқтаған. 1942-1946 ж.ж. Қызыл Армия қатарында болып, Сталинград, Курск шайқастарына қатысқан. Соғыс жылдары қатардағы жауынгерден капитан дәрежесіне өсіп, зенит артиллериясының командирі болып, ерлікпен шайқасқан. Көрсеткен ерліктері үшін Қызыл жұлдыз және Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды. 1946-1958 ж.ж. партия, кеңес қызметінде болды. 1958-1986 ж.ж. Мақтарал ауданы «Алғабас» ұжымшар басқармасының төрағасы қызметін атқарып, ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда үлкен жетістіктерге жеткен.

О.Алдыбаев ұжымшарды басқарған жылдары өзінің ұйымдастырушылық, басшылық қабілетін айқын көрсете отырып, өзгелерге үлгі бола білген. Ауданда мақта шаруашылығын дамытуда «Алғабас» ұжымшары озық технологияларды, ғылыми жетістіктерді ендіруде озат тәжірибе мектебіне айналды. Ауданда алғашқылар қатарында ауылшаруашылығы дақылдарын машинамен жаңбырлатып суару, арам шөптерге қарсы улы химикаттар қолдану, ауыспалы егіс жүйесін ендіру, қос түренді соқамен жер жырту, мақта өнімін машинамен толық теру технологиясын енгізген.

1960-1965 ж.ж. жерді мелиорациялау үшін тік дренаждар салу және оны пайдалануды жолға қойды. Мелиорациялау және озық технологияларды енгізу нәтижесінде жердің құнарлылығы артып, ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігі көбейді. Ұжымшарға 1974 жылы Қазақ КСР ауылшаруашылығы министрлігінің бұйрығымен «Жоғарғы мәдениетті егін шаруашылығы» деген атақ берілді. Жыл сайын «Алғабас» ұжымшарында өндірістің әртүрлі салалары бойынша аудандық, облыстық, республикалық семинар, кеңестер өткізіліп тұрды. Әсіресе, ұжымшар 9-бесжылдықта ерен табыстарға жетті. Мақтаның орташа өнімділігі бес жылдықта әр гектарына 41,5 центнерді құрады. Ұжымшар мақта дайындау жөнінен 9-бесжылдықтың



жоспарын небәрі 3 жылда орындап шықты. Жиналған мақта өнімінің 90 пайыздан астамы машинамен теріліп, жоғары, бірінші сортқа тапсырылды. Мемлекеттік жоспарды 10 жұмыс күнінің ішінде артығымен орындап шықты. Ауылшаруашылығын дамытудағы қажырлы еңбектері ескеріліп 1972 жылы 13 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының жарлығымен О.Алдыбаевқа Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп және екінші рет «Ленин» орденімен марапатталды.

1976 жылы мақтаның әр гектарынан 43,8, ескі жоңышқадан 250, жаңа жоңышқадан 110, дәндік жүгеріден 120 центнер өнім алуға қол жеткізілді. Осы жоғарғы көрсеткіштері үшін «Алғабас» ұжымшары 1976 жылы Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, ҚОКП Орталық комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесінің және бүкілодақтық кәсіподақ ұйымының ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды. Сол сияқты әр жылдары аудандық, облыстық социалистік жарыстардың тұрақты жеңімпазы атанып жүрді.

«Алғабас» ұжымшары бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмелеріне қатысып, алтын және күміс медальдармен марапатталды. Осы жеткен жетістіктері үшін О.Алдыбаев Бүкілодақтық колхоздар кеңесінің мүшесі болып сайланды және «Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығына еңбегі сіңген қайраткер» атағы берілді.

О.Алдыбаев басшылық еткен жылдары ұжымның әлеуметтік-мәдени, тұрмыстық жағдайы жақсарды. Атап айтқанда, 1974 жылы 540 орындық типтік жаңа жобадағы мектеп, 1978 жылы 100 орындық балалар бақшасы және 1982 жылы 400 орындық мәдениет үйі салынып, іске қосылды. Сонымен қатар, монша, сауда үйі, аурухана, сол сияқты саяжай, стадион салынып, көшелерге асфальт төселді. 1985 жылы Ұлы жеңістің 40 жылдығына орай, Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға мемориалды ескерткіш орнатылды. Халық таза ауыз сумен толық қамтамасыз етілді. Телефон, газ жүйелерін әкелуге ат салысты. Әсіресе, 1970 жылдан бастап колхозшыларға тұрғын үй салу қарқынды жүргізіле бастады. 200-ден астам колхозшы жаңа қонысқа көшті.

О.Алдыбаев ауданның, облыстың қоғамдық жұмыстарына белсене қатысты. Аудандық және облыстық партия комитеттерінің мүшесі, кеңестерінің депутаты болып бірнеше рет сайланды. О.Алдыбаевтың ұзақ жылғы жемісті еңбегі ескеріле отырып, 1986 жылы одақтық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты. Қай салада, қай шаруашылықта болмасын, ел экономикасын, халықтың әл-ауқатын өсіруге, Мақтарал ауданының жан-жақты дамуына өз үлесін қоса білді. «Алғабас» ұжымшарының дақандары осы кезеңде мақта шикізатын өндіруден өңірде жоғарғы көрсеткіштерге жетіп, экономикасын нығайтты. Аудан экономикасының дамуына қосқан зор үлестері үшін Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

Бүкіл ғұмырын елі, халқы үшін аянбай еңбек етуге жұмсаған О.Алдыбаев 1998 жылы 3 маусымда қайтыс болды.

АРХАБАЕВ ҚҰДАС

(1902-1980 ж.ж.)

Құдас Архабаев 1902 жылы Шымкент облысы Түркістан ауданы Шаға ауылында дүниеге келген. 1928 жылға дейін байлардың қолында шопан болды. 1928-1941 жылдары тоқыма және тау-кен өнеркәсібінде жұмыс істеді. 1942-1945 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Демобилизациядан кейін 1957 жылға дейін «Үш-Төбе» колхозында аға шопан, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1957 жылы Созақ ауданындағы «Жарты төбе» кеңшарында жұмысшы, кейін аға шопан болып еңбек етті.

Коммунист Құдас Архабаев «Жартытөбе» қаракөл шаруашылығы кеңшары құрылған күннен бастап сонда еңбек етті. Ол жыл сайын ең жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізді.

Еңбектегі жетістіктері үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Оның есімі Қазақ КСР-нің Алтын Құрмет кітабына жазылды.

1963 жылдан бері Созақ ауданында аға шопан Құдас Архабаевтың озат тәжірибе мектебі жұмыс істеп, оның жұмыс әдістерін жас қой өсірушілер оқып жүрді.

Өз ісінің шебері 1965 жылы ерекше көзге түсті. 100 саулықтан 208 қозы алып, қаракөл терілерінің барлығы дерлік бірінші сортты болды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1966 жылғы 22 наурыздағы Жарлығымен Құдас Архабаевқа «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.

Қазақстан Компартиясы Шымкент облыстық комитетінің мүшесі, бірнеше рет еңбекшілер депутаттары аудандық, ауылдық Кеңестерінің депутаты болып сайланды.



БАБИН МИХАИЛ ИВАНҰЛЫ

(1918-1992 ж.ж.)



Михаил Бабин 1918 жылы Новгород облысы, Демьянский ауданы, Воталино ауылында дүниеге келген. 1975 жылы КОКП мүшесі болды.

1936-1938 жылдары Новгород, Днепропетровск облыстарындағы мектептерде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеді. 1938-1949 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1949 жылдан бастап Шымкент облысындағы партиялық жұмыстарға араласады. 1965-1976 жылдары Қазақстан Компартиясы Сайрам аудандық комитетінің бірінші хатшысы болды. 1976 жылы Шымкент қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы ретінде қызмет етті. 1978 жылы зейнеткерлікке шықты, бірақ Сайрам партиясының партия комиссиясының төрағасы қызметін жалғастырды.

Сайрам аудандық партия ұйымының жетекшілігімен аудан еңбеккерлері сегізінші және тоғызыншы бесжылдықтардағы социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындап, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен дайындауды ұлғайту жолындағы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің Бүкілодақтық социалистік жарысында бірнеше рет жеңімпаз атанды. Облыс 1973 жылы халық шаруашылығы жоспарын орындауда ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, орташа есеппен гектарынан 25,5 центнерден астық жинап, жоспар 17 пайызға артық орындалды.

Астық, шитті мақта, көкөніс, жеміс-жидек, жүзім, бақша дақылдары мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жоспарын асыра орындаған Сайрам ауданы социалистік жарыстың жеңімпазы атанды, ол үшін Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің, Еңбекшілер депутаттары облыстық Кеңесінің және облыстық кәсіподақ кеңесінің, КОКП Орталық комитетінің, аудандық кәсіподақ комитетінің, аудандық кәсіподақ комитетінің құрмет грамоталарымен марапатталған.

БАЙЖАНОВ САРЛЫБЕК ДОСЖАНҰЛЫ

(1912-1986 ж.ж.)



Сарлыбек Байжанов 1912 жылы Түркістан станциясында дүниеге келген. 1931-1932 жылдары локомотив машинисінің көмекшісі болып жұмыс істеген. Одан кейін Ташкент темір жол көлігі институтында оқып, оны бітіргеннен кейін сол институтта сабақ берген.

1940-1946 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1946-1960 жылдары Түркістан стансасында локомотив депосы бастығының орынбасары, кейін Қазақ темір жолы Арыс бөлімшесінің бас инженері, бастығы қызметтерін атқарды. 1960 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін Қазақ темір жолы бастығының бірінші орынбасары болды.

Коммунист Сарлыбек Байжановтың барлық еңбек қызметі темір-жол көлігімен байланысты болды. Мықты маман, жақсы ұйымдастырушы жылжымалы құрамды пайдалануды ұтымды жетілдіруге, механикаландыруды арттыруға және теміржолшылардың еңбек жағдайын жақсартуға үлкен үлес қосты. Оның басшылығымен магистральдық желінің ең үлкен торабы Арыс стансасында пойыздарды құрастырудың тиімді әдісі іске асып, прогрессивті жұмыс технологиясы енгізіліп, соның арқасында 1950-1958 жылдар аралығында біріктірілген бригадалардың еңбек өнімділігі 42 пайызға артып, өңделген транзиттік вагонның тұрып қалуы 96 миллионнан астам вагонға қысқартылды.

Сарлыбек Байжановтың тынымсыз, жемісті еңбегі үкімет тарапынан жоғары бағаға ие болды. Осылайша КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1959 жылғы 1 тамыздағы Жарлығымен «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.

Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлік ерліктері үшін Қызыл Жұлдыз орденімен, бірқатар медальмен марапатталды. Сондай-ақ, Сарлыбек Байжанов «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасына ие болып, Қазақ КСР Автомобиль жолдары кәсіподағы президиумының мүшесі атанған.

БӨРІБЕКОВ ДІНӘСІЛБЕК



1915 жылы Талды-Қорған облысы, Ақсу ауданы Қызыл-Ту колхозында кедей-шаруа отбасында туған. 1929-1932ж.ж. ФЗС мектебі жанындағы балалар үйінде оқыған. 1932-1936ж.ж. Балхаш мемлекеттік балық тресті ФЗУ мектебінің оқушысы, балық заводында экспедитор, өзен көлігі қызметкерлері кәсіподағының нұсқаушысы (пос. Бүрлітөбе Талдықорған обл.). 1936-1939ж.ж. Қазақ Коммунистік институтының журналистика факультетінің студенті (Алматы). 1939 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық «Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі (Петропавловск).1939 жылы БК(б)П мүшесі. 1939-1940 жылдары Кеңес әскер қатарына шақырылған, 275 полк мектебінің курсанты (Бузулук қ.). 1940-1945ж.ж. әскери-саяси училищесінің курсанты (Куйбышев қ.), 1941-1943ж.ж. «Красный боец» газетінің жауапты хатшысы, саяси жетекші, әскери комиссар, партия бюросының жауапты хатшысы (Пемза қ.). 1943-1944 жылдары Ленин атындағы әскери-саяси академиясының тыңдаушысы (Москва). 1945-1946 жылдары ҚК(б)П ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы (Алматы). 1946-1950ж.ж. партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің жауапты ұйымдастырушысы.1950-1951 жылдары Көкшетау облыстық ҚК(б)П комитетінің хатшысы, бюро мүшесі. 1951-1952 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық ҚК(б)П комитетінің үгіт және насихат жөніндегі хатшысы, пленум және бюро мүшесі.

1944 жылы екі рет «Қызыл Жұлдыз», 1945 жылы «Отан соғысының II дәрежелі», «Қызыл Ту» орденерімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен, 1935 жылы «Қазақ ССР-не XV жыл» белгісімен марапатталған.

ОМАРОВ ИРМЕТ

Сырдария облысы Черняев уезінің Черняев қаласында 1914 жылы туған, өзбек. 1940 жылдан КП(б) мүшесі, педагогикалық институттың тіл және әдебиет факультетін бітірген (Ташкент қ.).

1930-1933 жылдары Кіші Орта мектептің мұғалімі (Ташкент қ.). 1933-1934 жылдары облыстық «Пахта Зарбдары» газетінің (Шымкент қ.) редакциясының жауапты шығарушысы. 1934-1937 жылдары Калинин атындағы Кіші Орта мектептің мұғалімі, оқу бөлімінің меңгерушісі (Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы, Сайрам ауылы). 1937-1941 жылдары оқытушы, педагогикалық училищенің оқу бөлімінің меңгерушісі (Шымкент қ.). 1941-1942 жылдары Шымкент қалалық, Оңтүстік Қазақстан облыстық КП(б)К комитеттерінің дәріскері, 1942-1946 жылдары Ұлы Отан соғысы майдандарында полк парторгы. 1946-1948 жылдары КП(б)К Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің лекторы, 1948-1950 жылдары КП(б)К Шымкент қалалық, Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеттерінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, 1950-1953 жылдары КП(б)К (Оңтүстік Қазақстан облысы) Сайрам аудандық комитетінің 1 хатшысы. 1953 жылғы 28 наурыздан 1954 жылғы 15 наурызға дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық еңбек депутаттары Кеңесінің Атқарушы комитетінің төрағасы. 1954-1957 жылдары-Түркістан аудандық КП(б)К комитетінің (Оңтүстік Қазақстан облысы) 1-ші хатшысы. 1957-1961 жылдары КП(б)К (Оңтүстік Қазақстан облысы) Арал аудандық комитетінің 1-хатшысы. 1961-1964 жылдары А.Навои атындағы №16 орта мектебінің директоры (Шымкент қ.). 1964-1970 жылдары Шымкент қалалық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің III, IV, V сайланған депутаты, ҚКП тексеру комиссиясының мүшесі (V, VI съездер), ҚКП ОК мүшесі (VIII, IX съездер), ҚКП Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің мүшесі (1948-1961). Қызыл Жұлдыз (1943), II дәрежелі Отан соғысы (1944), Еңбек Қызыл Ту (1957) ордендерімен, Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін (1945) медалімен, КСРО Қарулы күштерінің екі мерейтойлық медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасы, Оңтүстік Қазақстан облыстық кеңесінің атқару комитетінің грамоталарымен марапатталған.





ПОПОВ АНАТОЛИЙ СЕРГЕЕВИЧ



1920 жылы 25 қазанда Курган облысы Курган қаласы жұмысшы отбасында туған. 1929-1939ж.ж. Семей қаласындағы орта мектебінде оқыды. 1939 жылдың қыркүйек айынан желтоқсан айына дейін Томск индустриалық институтының студенті, 1939-1942ж.ж. Кеңес әскер қатарында қызмет еткен. 1942-1943 жылдары «Алтайзолото» трестінің қарулы күзетінің бастығы (Семей). 1943-1948ж.ж. Донецк индустриалық институтының студенті. 1948-1949 жылдары Қырғыз ССР Ош облысы Қызыл-Қия қаласындағы шахта құрылысы басқармасының механикалық жөндеу цехының бастығы. 1949-1951ж.ж. Чимкент облысы, Ленгір қаласындағы шахта құрылысы басқармасының механикалық бөлімінің бас механигі. 1951-1954ж.ж. №2 шахтасы «Ленгеруголь» трестінің бас механигі, 1954-1955 жылдары бас механигі. 1955-1956 жылдары Ленгір қалалық партия комитетінің хатшысы. 1956-1960ж.ж. Чимкент облыстық партия комитетінің өнеркәсіп және көлік бөлімінің меңгерушісі. 1960-1962 жылдары Чимкент қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы. 1962-1963 жылдары Чимкент облыстық партия комитетінің ауылшаруашылығы жөнінен хатшысы. 1963-1964 жылдары КОКП ОК партиялық-мемлекеттік бақылау комитетінің және территория бойынша Министрлер Кеңесінің төрағасы (Чимкент). 1964-1973ж.ж. Чимкент облыстық партия комитетінің өнеркәсіп, көлік және құрылыс жөніндегі хатшысы. 1973-1977ж.ж. Чимкент облыстық партия комитетінің екінші хатшысы. 1977 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің кәсіби-техникалық білім бойынша мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары (Алматы). 1975 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің, облыстық кеңесінің депутаты, Чимкент облыстық, қалалық партия комитетінің мүшесі. 1976 жылы Қазақстан Орталық комитетінің мүшелігіне кандидат. 1977 жылы Чимкент облыстық еңбекшілер депутаттары Кеңесінің депутаты.

«Құрмет Белгісі»(1958), үш рет «Еңбек Қызыл Ту» (1966), «I дәрежелі Отан соғысы»(1966), «Құрмет Белгісі»(1976) ордендерімен; «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысына 20 жыл»(1965), «Ерен еңбегі үшін, В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне 50 жыл» медальдарымен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған.

ТӨЛЕНДИЕВ НЫҒЫМЕТ



1922 жылы 11 қарашада Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданында “Қаракемер” ауылында шаруа отбасында дүниеге келген.1938 жылы комсомол мүшесі, 1943 жылы 290-ші атқыштар дивизиясының парткомиссиясының шешімімен партияға қабылданды. 1937 жылы қыркүйек - 1940 шілде айының аралығында Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданындағы, Турген селосында Турген атындағы пед училищеде оқып, 1940 жылдын қыркүйегінен 1941 жылдын тамыз айына дейін Ақши ауылында бастауыш мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. 1941 жылдың қазан айының аяғында, Фрунзе қаласындағы Фрунзе атындағы жаяу әскері училищесінің курсанты болып жүріп, Батыс майданның 40-шы атқыштар бригадасында жауынгер болып жүріп,жаумен шайқаста қатты жараланып 1942 жылдың ақпан айына дейін Резань қаласында әскери госпитальде емделеді.

1944 жылы Архангельскі әскери округінде жауынгерлік 203-ші авиация атқыштар бөлімшесінде мастер, парторг қызметін қоса атқарады. 1945 жылы қазан айында елге оралды. Сөйтіп екі жылдық заң мектебін бітірді. 1948-1955 жылдар аралығында Алматы облысының Қаскелең ауданнында Халық судиясы, әділет министрлігінде ревизор қызметін атқарды. 1955-1962 жылдар аралығында Гурьев қаласында облыстық соттың төрағасы, 1962-1985 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы, облыстық әділет басқармасының бастығы болып қызмет атқарады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Жазушылықпен ертеден айналысып келе жатқан оның “ Ар туралы аңыз” , “ Терезедегі таңба”, “ Айсыз түн операциясы” , “ Әділет атымен” деген кітаптары жарық көрді. Үш томдық Естелік кітап, Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахымов туралы деректі повест жазды.

Ұлы Отан соғысының 2 топтағы мүгедегі. Н.Төлендиев 1 дәрежелі “ Отан соғысы” орденімен, 9 медальмен марапатталған. Сот, әділет қызметіндегі еңбегі үшін ол “Еңбек қызыл ту” орденімен Жоғары Кеңес Президиумының Құрмет Грамотасымен наградталған.



ТІЛЕУБЕРГЕНОВ ИДРИС



2 қыркүйек 1920 жылы Чимкент облысы, Түркістан ауданы, Күш-Ата ауылында кедей-шаруа отбасында туған. Қазақ. 1933-1935ж. балалар үйінде тәрбиеленген. 1935-1939ж.ж. Жамбыл педагогикалық училищесінің студенті. 1939 маусым айынан желтоқсан айына дейін Оңтүстік Қазақстан облысы Пахта-Арал ауданы Славянка селосында бастауыш мектебінің мұғалімі болған. 1944 жылдан КОКП мүшесі. 1939-1946 ж.ж. Батыс арнайы әскери округінде 13 атқыштар дивизиясының 296 атқыштар командирі, Одесса әскери округінде ұшқыштар әскери әуе мектебінің курсанты, Орал әскери округінде Ленинград әуе техникалық курсының курсанты, Оңтүстік және Украина майдандарының авиациялық механигі. 1946-1948 жылдары Түркістан аудандық партия комитеті хатшы көмекшісі (Түркістан қ.). 1948-1950 жылдары Түркістан аудандық партия комитеті партия кабинетінің меңгерушісі. 1950-1953ж.ж. Тұрлан геофизикалық экспедициясының саяси бөлімі бастығының орынбасары. 1953-1956ж.ж. республикалық партия мектебінің тыңдаушысы (Алматы). 1956-1957 жылдары Түркістан аудандық еңбекші депутаттары Кеңесінің депутаттарының атқару кеңесі төрағасының орынбасары. 1957-1959 жылдары Түркістан аудандық партия комитетінің екінші хатшысы. 1959-1962ж.ж. Кентау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы. 1962 жылдың мамыр айынан маусым айына дейін Оңтүстік Қазақстан облысы аймақтық паритя комиетінің партия органдар бөлімінің меңгерушісінің орынбасары. 1962-1964 жылдары Оңтүстік Қазақстан аймақтық мәдениет басқармасының бастығы. 1964-1965 жылдары Оңтүстік Қазақстан халық шаруашылығы кеңесінің іс жүргізу бөлімінің бастығы. 1965-1966 жылдары Ақсай полиометалл комбинатының оқу-курстық комбинатының бастығы (Кентау қ.). 1966-1974ж.ж. Кентау қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы. 1974-1982ж.ж. Чимкент облыстық партия комитетінің үгіт және насихат жөніндегі хатшысы. 1983-1987ж.ж. Чимкент облыстық халық депутаттар кеңесі атқару комитетінің архив бөлімінің меңгерушісі.

1966 жылдан Чимкент облыстық партия комитетінің мүшесі. 1971 жылы Чимкент облыстық халық депутаттар кеңесінің депутаты. «Құрмет белгісі», «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» (1971) ордендерімен; «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысы кезінде Германияны жеңгені үшін», «В.И.Лениннің туылғанына 100 жыл» (1970), медальдарымен» марапатталған.

ШІЛТЕРХАНОВ ӘДЫХАН



1925 жы 24 шілдеде Оңтүстік Казақстан облысы, қазіргі Ордабасы ауданының ”Төрткүл” ауылында туылған. 1934-1940 жылдары Шымкент қорғасын заводындағы қазіргі Жамбыл атындағы мектепте, 1940-1942 жылдары осы қаладағы (қазіргі Спатаев) №7 орта мектепте оқып,1942 оқу жылының екінші жартысын Георгиевка орта мектебінде аяқтады. Ал еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған.

1943-1944 жылдары даңқты Панфилов атындағы 8-гвардиалық дивизияның құрамында екінші дүниежүзілік соғысына қатысып, елге ауыр жараланып оралды.

1961 жылы Алматы ауыл шаруашылық институтын бітірді. Мамандығы бойынша ғалым-агроном. 1945-1969 жылдар арасында қазіргі Ордабасы, Бәйдібек ауданында мұғалім, Бәйдібек аудандық комсомол комитетінде хатшы, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, аудандық газетте бөлім меңгерушісі, совхоздың бас агрономы, Красная-нива ұжымшарында партия комитетінің хатшысы,одан кейін сол ұжымшардың төрағасы қызметтерін атқарды. Партияның жолдауымен Отырар ауданына ауысып, 1969-1981 жылдары ”Арыс” ұжымшарының директоры, 1981-1985 жылдары аудандық тұрмыстық қажетті өтеу комбинатының директоры болып, жемісті еңбек етті.

1985 жылы зейнеткерлікке шығып,шығармашылықпен айналысқан Ә.Шілтерханов қазақ әдебиетінің кей саласына зерттеулер жүргізіп, прозада көркем туындылар берді.”Үш бәйтерек”, ”Ақжалдың ақыры”, ”Аталы сөздер”, ”Саттар Ерубаев”,” Ата қоныс” атты кітаптары жарық көрді.2000 жылы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Бұдан өзге Әдіһам Шілтерханов еңбектері оннан астам ұжымдық жинақтарға енген.Оның таза қазақы мақамда шырайлы тілде жазылған, тағылымдық, ғибраттық мәні зор шығармаларының әдебиетімізде орны ерекше. Ол Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Отырар ауданының Құрметті азаматы.

Ә.Шілтерханов Қазақ КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен,1 дәрежелі Отан Соғысы орденімен,соғыста және еңбектегі ерен еңбектері үшін 14 медальмен марапатталған.



ЮСУПОВ ИСМАИЛ



1914 жылы Верный қаласында дүниеге келген. Ұйғыр. 1931-1934ж.ж. Алматы қаласындағы ауылшаруашылық техникумының студенті. 1935 жылы Ленинград қаласындағы агроном дәрежесін көтеру үшін екі жылдық жоғары курсына түсіп, 1937 жылы бітіріп шықты. 1934-1940ж.ж. Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласындағы МТС агрономы, Түркістан қаласындағы аудандық жер бөлімінің аға агрономы, МТС директоры. 1940 жылы КОКП мүшелігіне өтті. 1940 жылы Чимкент қаласындағы облыстық жер бөлім бастығының орынбасары, облыстық су шаруашылығының бастығы.1941-1943 жылдары әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысы кезінде Батыс, Ленинград, Орталық фронттарында атқыштар дивизиясының саяси жетекшісі, десанттық батальонның комиссары, атқыштар полкінің насихаттаушысы. 1943 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич аудандық К(б)П комитетінің бірінші хатшысы, 1944-1945 жылдары Чимкент облыстық К(б)П комитетінің үшінші хатшысы. 1945-1946 жылдары Қазақ ССР су шаруашылығының халық комиссары, 1946-1951ж.ж. Қазақ ССР су шаруашылығының министрі болып тағайындалды. 1951-1954 Москва қаласындағы Жоғары партия мектебінде тыңдаушы. 1954-1955 жылдары Қостанай облыстық партия комитетінің екінші хатшысы. 1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы міндеттерін атқарды.

Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюро мүшесі, Қазақстан ОК партия комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланған.

І дәрежелі Ұлы Отан соғысының ордені, «Қызыл Ту» «Еңбек Қызыл Ту» екі рет, «Ленин» ордендерімен, «Еңбек ерекшілігі үшін», «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысы кезінде Германияны жеңгені үшін», «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысы кезінде ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

НЮРНБЕРГ ТРИБУНАЛЫ

Қазіргі алмағайып кезеңде кейбір елдерде соғысқұмарлық пиғыл байқалуда. Күш көрсету, қару кезену, көрші мемлекеттердің ішкі ісіне жосықсыз араласу, жерін тартып алу белең ала бастады. Тағылық террор етек жаюда. Нюрнберг процесі, Нюрнберг үкімі осы халықтың тыныштығын бұзғысы және адамзатты соғысқа бастағысы келетіндерге төніп тұрған дамокловтық алдаспан! Ендеше Нюрнберг сотын олардың назарына мықтап салған жөн.

Әлемнің отыздан астам мемлекетін қамтыған II дүниежүзілік соғысты бастаушы фашистік Германия күйрей жеңілгеннен кейін олардың басшыларын жауапқа тарту үшін 1945 жылы тамызда халықаралық әскери трибунал құрылды. Бірақ, бұған дейін де тұтқындалуға тиістілердің тізімі түзіліп, бірқатар соғысқұмар абақтыға отырғызылған.

1945 жылы 20 сәуірде Гитлерді туған күнімен құттықтап келуші әскерилер оны Берлиннен қоршауға ала бастаған Кеңес әскеріне генерал Штайнердің жаңадан құрылған СС әскери тобы соққы береді деп сеніп, сонда қала береді. Ал, оның серіктері Берлинді тастап кетіп жатты. 20 сәуір түнінде Гитлердің саяси мұрагері Герман Геринг (1893-1946) Германияның оңтүстігіне, бүкіл қауіпсіздік-жазалаушы қызмет басшысы Генрих Гиммлер (1900-1945) солтүстікке қашты. Герман Геринг-әскери-әуе күштерінің қолбасшысы, қалалар мен селоларды жермен-жексен етіп бомбалаған. Ал, Генрих Гиммлер концлагерь, крематорийлер ашып, миллиондаған адамды тірідей өртеп, аштан қырған, газбен улап, атқан.

Гитлер сенген Штайнердің СС әскери тобы Кеңес әскеріне қарсы тұра алмады. Берлин мықтап қоршалды. Берлиннен Гитлердің енді шыға алмасын білген Геринг 23 сәуірде оған жеделхат жіберіп, билікті өзіне беруін сұрайды. Гитлер 24 сәуірде оны қамауға алғызады. Гиммлер де фюрер болуды ойлап, одақтастар әскерінің қолбасшысы Эйзенхауерге сөз салып, Батыстағы барлық неміс әскерін одақтастарға тұтқынға түсіріп бермек болады. Гитлер Гиммлерді өзіне опасыздық жасаушы, сатқын деп жариялайды. 30 сәуірде Германия әскери-теңіз флотының қолбасшысы Карл Дениц (1891-1980)





Берлиннен, Гитлердің кеңесшісі әрі хатшысы Мартин Борманнан (1900-1945) «Фюрер өзінің мирасқоры етіп Герингтің орнына Сізді тағайындады» деген радиограмма алып, дереу үкімет жасақтайды. Карл Дениц соғыста қарсы жасақтын әскери ғана емес, жолаушылар, сауда, жүк кемелерін де атқылауға бұйрық беріп, мыңдаған бейбіт адамды балыққа жем қылған. Канцлерліктен үміті үзілген Гиммлер оған келіп: «Маған мемлекеттің екінші басшысы болуға рұқсат етіңіз» деп өтінеді. Бірақ, бұл ұсынысы қабылданбай, енді далада қалған ол мұртын қырып тастап, бір көзін шүберекпен таңып алып, Хицингер деген атқа толтырылған жалған куәлікпен көшедегі босқындарға қосылады. Сөйтіп, 21 мамырда ағылшын әскерилеріне сезік тудырып алады.

Хицингер-Гиммлер ұсынған куәліктің соншалықты таза, жаңа әрі қол тимеген кіршіксіздігі патрульдерге күмәнді көрініп, оның иесін тұтқындайды. Бірақ, Гиммлер екенін білмей азаматтық орындарға, олар босқындарды уақытша орналастыратын лагерьге өткізеді. Ұзақ жасырына алмайтынына көзі жеткен Гиммлер лагерь басшысына өзінің кім екенін айтып, Эйзенхауэрмен жолықтыруды талап етеді. Бірақ оған дереу тінту жүргізіліп, қалтасынан аса күшті у - цианды калий табылады. Ертеңіне қайта тінту жүргізіліп, ауыз қуысын тексереді. Екінші ампула енді ешкімге керек емес болып қалғанына анық көзі жетіп, ампуланы тістеп сындырғанда бірден сеспей катады...

Ал, Карл Деництің үкіметі 22 күн өмір сүрді. Үкімет Германияның ағылшын әскері қарауындағы аймақта тұрып, гитлерлік доктринаны қолдамаған болып көрінуге тырысып бақты: сот орындарына гитлеризмнің әскери қылмысын тексеруге Борманды, Геббельсті тұтқындауға рұқсат берді. Жоғары командирлік жедел штабының бастығы, Норвегия, тағы басқа мемлекеттерді басып алу жоспарын түзуші, әскери тұтқындарды - еврей, ағылшын, кеңес офицерлерін аяусыз атып тастаушы жендет Альфред Йодль (1890-1946) бастаған әскерилерге Францияның солтүстік-шығысындағы Реймс қаласында Германияның сөзсіз тізе бүгетіндігі туралы 1945 жылы 7 мамырда Батыс державаларымен актіге қол қойғызады. КСРО бұл актіні қабылдамайды. Германияны талқандауда КСРО-ның орны зор болғандығы ескертіліп, сөзсіз тізе бүгу актісіне Кеңес Одағы өкілі алдында қол қою талап етілді.

Бұл талап Берлинде, уақыт Мәскеуде 9 мамырды көрсете бастаған кезде Бас штаб бастығы фельдмаршал Вильгельм Кейтельдің (1882-1946) қол қоюымен орындалды. В.Кейтель «Барбаросса» жоспарының негізгі авторы II Дүниежүзілік соғыстың басталуы — Польшаға шабуыл жасауға себеп болған германиялық авантюраны ұйымдастырушы, кеңес әскери тұтқындарын, әсіресе, саяси

қызметкерлердің жаппай көзін жою туралы бұйрық беруші (1941ж. шілде). Ол тура осы жерден түрмеге апарылды.

Ал, Деництің айла-шарғысы нәтиже бере қойған жоқ. 22 мамырда ол Йодль, тағы басқалар одақтастараралық комиссияға шақырылады. Бесінші күні КСРО, АҚШ, Англия, Франция өкілдері келіп, Дениц үкіметін тұтқындау туралы шешімді оқып, Деницті, Йодльді, тағы басқаларын қамауға алады.

Фашистік Германияның соғысқұмар өзге басшылары да көртышқан сияқты іннен-інге тығылып, із жасырып-ақ бақты. Гиммлердің қызылкөз қандыбалақ орынбасары Эрнест Кальтруннер (1903-1946) сәуірдің соңына қарай Германияның түстігіне келіп, госпитальға жатады. Оның қанішерлігіне бір мысал, 1942 жылдың күзінде Маутхаузен концлагерінде 15 тұтқынды сапқа тұрғызып қойып, сол жерде олардың бесеуін желкеден атқызып, бесеуін дарға асқызып, бесеуін газбен улап өлтірген. Госпитальда ол аты-жөнін өзгертіп, бет-жүзіне пластикалық ота жасатпақ болады. Бірақ, өзін танып қойса тұтқындайды деп қорқып, қашып шығады да, Альпі тауындағы қиранды үйде тығылып жатады. Алайда, іле американдық барлаушылар да келіп қалады...

Елдерді елдестіруші емес, жауластырушы, II дүниежүзілік соғыстың басталуына күш-қайратын аямай жұмсаушы, арандатушы, сыртқы істер министрі Йоахим Риббентроп жасырын түрде Гамбург қаласына келіп, осындағы Англия әскери басқармасы кеңсесінің қарсысындағы жұпыны үйдің бесінші қабатынан пәтер жалдап тұрады. Ол ілгеріде Гамбургте шарап саудасымен айналысқан, осында сол кездегі серіктесі жолығып, өзін жасыруды өтінеді. Компаньоны ойланып қалады, алайда, баласы тездетіп полицияға телефон соғады...

Шығыстағы басып алынған аумақтар ісі министрі, Орал тауына дейінгі аймақты немістендіру үшін жергілікті тұрғындарды қырып-жойдырушы Альфред Розенберг (11893-1946) соғыстың соңына қарай Деництің жанында жүреді. Ол - Балтық жағалауы елінің тумасы. Петербургте, Мәскеуде оқыған. Тұтқындалудан жасырынып, аяғынан мертіккен болып, госпитальда жатып, тұла бойын дәкемен шандып, адам танымастай болып алады. Дегенмен, қолға түседі.

Бұрынғы рейхканцлер «Еңбек майданының» басшысы Роберт Лей (1890-1945) басып алынған елдердің тұрғындарын Германияға күштеп әкелуге басшылық етті. Күшпен жұмысқа жегілгендер аштық пен аурудан мыңдап қырылды. Бұл үшін енді жауап беруге тура келетінін білген Лей із жасырып,





Альпі тауының бір шатқалындағы иесіз үйді паналайды. Доктор Эрнест Достельмайер дегеннің атына толтырылған жалған куәлігі болады. Сақал-шашты қаулатады. Жергілікті тұрғындар оның іздеудегі Лей екенін сезіп, іздеуші командаға сезіктерін айтады...

Гитлерге соғыс-теңіз флотын құрып беруші, 1935-1943 жылдардағы флот колбасшысы Эрих Редердің (1876-1960) Германияның соғыста жеңілетініне көзі анық жетті. Сөйтіп, әскери қылмыскер ретінде жауапқа тартылудан құтылу үшін 1943 жылы отставкаға шығып, Берлин маңында көз алдап, науқастанып жатады. Алайда, оның отставкаға дейінгі қылмысын ұмыт қалдыру мүмкін емес-ті, адмирал 1945 жылы абақтыға жабылды...

Польша мен Нидерланды халқын қанға тоғытушы, Голландияның гаулайтері Артур Зейс-Инкварт 3 мамырда Деницке жолығып, одан көмек болмайтынын біліп, Швецияға шығып кетпек болады. Шекарадағы атыс кезінде жанындағылар оққа ұшып, өзі 7 мамырда қолға түседі...

Гитлердің партия бойынша орынбасары Рудольф Гесс (1894-1987) Египетте туған. Германияға бозбала шағында келіп, I дүниежүзілік соғыста Гитлермен полктас болады. Ұшақ айдауды меңгеріп, Герингпен бірге бейбіт халықты бомбалайды. 1923 жылы үкіметті құлату үшін төңкеріс жасамақшы болып, түрмеге түсіп, Гитлермен бірге отырады. Ол жақсы стенографшы болған. Абақтыда Гитлердің «Менің соғысым» (Mein Kamph) стенографиялайды. Гесс - Германияның фашистік ішкі-сыртқы саясатын түзуші. Ол бір мезгілде бірнеше мемлекетпен соғыс жүргізуге қарсы болады. 1941 жылы Англияға ұшып кетеді. Бір тарихшылар Англиямен бітім жасасып, барлық күшті КСРО-ға қарсы бағыттамақ болды дейді, енді біреулері ол Германияның жеңілетінін, сол кезде сот болатынын біліп, содан қашты дейді. Гесс Англиядан 1945 жылы Германияға әкелініп, тергеуге алынды. Ол тергеуде, сотта өзін ақылынан алжасқан етіп көрсетеді. Эксперттер мұны «алдау, симуляция» деп санайды.

Ғылымды милитаризациялық бағытқа бұрушы, оқу орындарында фашистік-ұлтшылдық идеяны насихаттаушы ғалым және оқу министрі Руст Бернгард (1883-1945) тұтқындалудан қашып, тығылып жүріп, әділ жазадан құтылмасын білген соң өзін-өзі атады... Басып алған мемлекеттерден әкелінген тұтқындарды Германияда күшпен жұмысқа салып, кәсіпорындарға, тағы басқа орындарға бөліп-сатып беруші және олардың аштық пен аурудан жұмысқа тезірек жарамсыздануына, бұларды жұмыс күшінің жаңа тобымен алмастыру арқылы ұрлықы пайда табуға ынталы, құлсатар Фриц Заукель (1894-1946) сол құлдарша киініп, француз құлдары тобымен Францияға өтіп кетпек болған кезінде тұтқындалады.

Халықаралық әскери трибунал Германияның Нюрнберг қаласында 1945 жылдың 20 қарашасында жұмысын бастады. Трибуналда одақтас 4 мемлекеттен 8 судья, КСРО атынан И.Никитченко мен А.Волчков судьялық етті. КСРО-нын бас айыптаушысы Украинаның сол жылдардағы Бас прокуроры Р.Руденко болды. Трибуналға ағылшын лорды Д.Лоренс төрағалық етті. Сотталушылар қатарында алдыңғы жазбада аталғандармен бірге мыналар отырды:жендет ішкі істер министрі Вильгельм Фрик (1877-1946); әділет министрі, Польшаның губернаторы, «поляктар мен еврейлерден турама ет жасаймын» деп олардың қанын судай ағызған Ганс Франк (1900-1946); антисемитизмнің барып тұрған жүгенсіз жаршысы, редактор Юлиус Штрейхер; Гитлердің қаржыны, экономиканы соғыстық бағытқа бұрушы кеңесшісі Яльмар Шахт (1877-1970); қару-жарақ министрі Альберт Шпеер (1905-1981); рейхсбанк президенті Вальтер Функ (1890-1960); Венаның қасапшысы, фашистік жастар ұйымын құрушы Бальдур Бенедикт фон Ширах (1907-1974); Гитлерді билікке келтіруші, 1932-34 ж. канцлер, Түркиядағы елші Франц Папен (1879-1969); портфельсіз министр, агрессиялық соғыстың тендессіз демеушісі Константин Нейрат (1873-1956); радиохабарларын тарату кызметінің басшысы Ганс Фриче (1900-1953).

Сотталушылардың қылмыстары: 75 миллионнан астам (онын ішінде КСРО-да 27 млн., Кытайда - 20 млн., Германияда - 9,3 млн., Польшада - 6 млн., Индонезияда - 4 млн., Жапонияда - 2,7 млн., Югославияда - 1,7., Үндістанда - 1 млн., Румынияда - 850 мың, Францияда - 600 мың, Италияда - 454 мың, Англияда - 450 мың, АҚШ-та 418 мың) адам қазасына ұшыратқан II дүниежүзілік соғысты бастау; миллиондаған адамды тірідей өртеу, газбен тұншықтыру, ату, асу; адамның ішін жарып, майын алып, сабын жасау, терісін іреп, одан абажур, сөмке, биялай тігу...

Фашистердің жантүршігерлік қылмысы жөнінде қаншама құжаттар жарияланды. Кітап жазылып, кино түсірілді. Сондықтан қылмыстық істерді тізбелеп жатпай, қылмыскерлерге белгіленген жазаны ғана айтайық. Айтпақшы, басып алған елдерден Германияға күштеп әкелініп, жұмысқа жегілген 2 миллион адамның тұрмыстық жадайдың жоқтығынан, аурудан, аштықтан қазаға ұшырауына тікелей кінәлі екендігі тергеу барысында анықталғанда, «Еңбек майданының» басшысы Лей түрмеде, камерадағы әжетхана кеспегіне асылып өлді.

Трибуналда айыптау, сұрау, жауап беру, ақтау... бәрі-бәрі 1946 1 қыркүйегінде аяқталып, 1-29 қыркүйек аралығында үкім дайындалды.Ол 30 қыркүйекте судьялардың кезектесуімен күні бойы және





1 қазанда түске дейін оқылды. Түстен кейін 14 сағат 50 минутта сот өзінің соңғы 403-інші мәжілісіне кірісті. Енді сотталушылардың әрбіріне жеке тағайындалған жаза оқылды. Оны трибунал төрағасы Лоренстің өзі оқыды. Үкімді қолына алғандар артқы есік ашылып, қараңғылау дәліз-тесіктен жап-жарық мәжіліс залына Геринг кіргізілді. Екі жағында екі айдауыл, кешегі дәурені өткен. Толық, майлы дене солған. Қызара бөртіп тұратын бет-жүзі суалып, бозарып кеткен. Үкімді есту үшін құлаққап киді де: «Дарға асу арқылы өлім жазасы!» дегенді естісімен оны жұлып алды. Судьяға жалынышпен қарап, тізесі бүгіліп, қисая беріп, құлай жаздады. Айдауылдар ұстап, әлгінде залға кіргендегі қараңғы тесік-дәлізге алып кетті...

Гесс әкелінді. Ол сол сәтте де қылжақбас болып көрінуге тырысты. Құлаққапты киюден бас тартты. Залдың төбесіне, терезесіне қарайды, отырғандарды шолып, күлімсірейді. Оның мұндай қылығына бүкіл сот процесі барысында судьялардың көзі үйренген, сондықтан Гесстің «есуастығына» назар аударыла қойылған жоқ: «Өмір бойы абақтыда отыру!».

Қараңғы тесік-дәлізден Риббентроп шықты. Өзін тендессіз дипломат санайтын ол мүсәпір кейіпке түскен. Белі бүгілген, тәлтіректеп әрең жүреді, көздерінен қорқыныш байқалып-ақ тұр. Қолына қағаз толы портфель ұстап алған.Бірақ, енді оған портфель де, қағаз да керек емес: «Дарға асу!...»

Залға Кейтель әкелінді. Тұтқынға түсіп қалған әскери саяси қызметкерлерді, еврейлерді, сотсыз, әркім өз бетінше көзін жоюға ерік беріп, ол үшін жауапқа тартуға тыйым салатын. Қазір бұрынғы өктемдігінен айырылған. Өзіне қандай жаза белгіленгенін сезіп, сескенгендей: саусақтары дірілдейді, кірпіктері тоқтаусыз жыпылықтайды, қараторы жүзі бозарып кеткен: «Дарға асу арқылы өлім жазасы!»...

Орал тауына дейінгі жерді немістендіру үшін аймақ тұрғындарының жартысын қырып, жартысын құлға айналдыру саясатын жүргізуші Розенберг әлгіндей үкімді естігенде құлап барып түрегелді... Поляктардан турама ет жасаушы Франк судьяларға жалына қарайды, құлдық ұрғандай екі алақанын көкірегіне қойған: «Дарға асу!.. Басып алынған елдердің тұрғындарын Германияға күштеп әкеліп, жұмысқа қосып, құлдық жағдайда ұстап, мың-мыңдап қырғынға ұшыратушы Заукель өзіне «Дарға асу»!..» деген үкім айтылғанда, үріккен аттай шалт қимылдап, бір бүйірлеп кетті...

Нюрнбергте, т.б. қалаларда еврейлерді ойрандауды ұйымдастырушы, неміс халқын еврейлерді, басқа да ұлттарды жойып жіберуге шақыруды кәсіп еткен редактор Штрейхер де момын, жуас кейіпке

енген. Бірақ судьялар онын екіжүзділікке салынып тұрғанын біледі: «Дарға асу арқылы өлім жазасы»!...»

Әскери Йодль өзіне дарға асу жазасы берілмейді деп ойласа керек, мойнына арқан салынатынын естігенде, құлаққапты жұлып тастап, судьяларға ащы сөздер айтып жіберді де аяғын ауыр басып, қараңғы дәлізге беттеді (Ағылшын тілінен орысшаланып, 2003ж. Минскіде басылып шыққан Ричард Оуверидің «Геринг» деген кітабында Йодль «1953г.полностью оправдан» деп көрсетіліпті)...

Міне, Вальтер Функ. Концлагерьлердің өлі де, тірі де тұтқындарының алтын тістерін жұлғызып, империялық банке салушы, соғысты қаржыландырушы ол өлім жазасының ғана берілетінін білгендей, үнсіз, қимылсыз. Кенет құлаққаптан: «өмір бойы абақтыда отыру!» деген сөз естілді. Күтпеген үкім. Ол алғашқыда аң-таң қалды, содан соң қалбалақтап, қатты абдырап, жылап жібергендей болды, судьяларға белін бүгіп, тазым етуге әрекеттенді...

Польшаны, Нидерландияны қанға бөктірген Зейсс-Инкварт «Дарға асу арқылы өлімін» өзі жасаған қылмыстарға лайықты жаза екенін мойындағандай: үкімді басы салбырай тыңдап, сол күйінде әкетілді...

Ішкі істер министрі Фрик әкелінді. Министр заңға жетік қой «Дарға асу арқылы өлім» жазасын әділ жаза деп бағалағандай, үкім оқылғанда судьяға басын иіп койды...

Кальтенбруннер «дарға асу» жазасын қыл арқан нақ қазір мойнына түсіп қылқындырғандай ауыр тыныстап, мойнын қысқан тұзақты босатқысы келгендей қос қолымен желкесін сығымдап тыңдады...

Борман сырттай өлім жазасына кесілді.

Гесс, Редер және Функ өмір бойы абақтыда отыруға сотталды. Ширах пен Шпеердің әрқайсысы - 20, Нейрат - 15, Дениц - 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды. Папен, Шахт және Фриче ақталып, тура сот залынан еркіндікке жіберілді.

Халықаралық әскери трибунал - Нюрнберг прооцесі 1946 жылдың 1 казанында 15 сағат 40 минутта өзінің жұмысын аяқтады.

Сотталғандар кешірім беруді сұрап, Одақтастардың Германия бойынша Бақылау Кеңесіне өтініш жасады. Ол 1946 ж. қазан айының 9-10 күндерінде қаралып, қабылданбады. Мұны түрме бастығы, АКШ полковнигі Эндрюс 15 қазанда хабарлады. Енді үкім кідіріссіз орындалу тиіс болатын. Оны атқару американдық сержант Вуддқа тапсырылды. Орта бойлы, дембелшең, жалпақ бетті ол





тапсырманы ықыласпен қабылдады. Үкім - дарға асу 1946 жылдың 15 қазанынан 16 қазанға қараған түнде - 00, 55 сағатта орындала бастады. Түрме ауласына 3 дар ағашы орнатылды, оның біреуіне қылмыскер асылып тұрғанда, екіншісіне басқа қылмыскерді асып жатты, үшіншісі артық дар болатын.

Жазалау алаңына бірінші Риббентроп әкелінді. Зәресі ұшқаны соншалық, жүре алмай, айдауылдар оны сүйреп жеткізді. Есімін әрең атады. Басына қара қалпақ кигізіліп, мойнына арқан салынды. Пастор дұға оқыды. Енді бір сәтте тендессіз дипломат санаған, келіссөздерді зеңбірек оғымен жүргізген, 75 миллионнан астам адамның қазасына әкеп соқтырған басқыншылық соғыстың жаршысы болған Риббентроп дар ағашында салбырап тұрды...

Сержант Вудд әлемдік билікті күшпен тартып алуды мақсат еткен неміс фашистерінің жендет басшыларына арналған үкімді бір жарым сағат ішінде орындап үлгерді. Олардың денесі-фашист-ұлтшылдардың ордасы болған Мюнхенге апарылып, өртеліп, күлін аспанға шашып жіберді.

Фашистік Германияның Гитлерден кейінгі басшысы саналған Геринг үкім орындалудан 2 сағат 10 минут бұрын камерада калий уын ішіп өлді. У ампуласын қайдан, қалай алғаны әлі күнге дейін белгісіз... Ұзақ мерзімге бостандықтарынан айырылған 7 қылмыскер: Ширах, Редер, Дениц, Шпеер, Нейрат, Функ, Гесс-Батыс Германия аумағындағы «Шпандау» түрмесіне отырғызылды (Осы жазылған тәртіппен Ширах №1 нөмірімен таңбаланды. Гесске ең соңғы -№7 нөмірі тиеді. Ол бұған қатты ренжіп, өзіне №1 нөмірдің берілуін талап еткен екен). Айта кетейік, Дениц «Шпандауда» 10 жыл отырып, жазалау мерзімін толық өтеп шықты. 80 жасар Редерге - 1958 жылы, 81 жастағы Нейратқа 1954 жылы кешірім жасалды. Өмір бойы абақтыға қамалған Функ 11 жылдан кейін кешіріммен босатылды. Шпеер мен Ширах 20 жыл бойы абақты дәмін татты. «Шпандауда» жалғыз қалған Гесс осында 1987 жылы өзін-өзі дарға асып өлді...

«Дарға асу арқылы өлім...» жазасына анық лайықтылардың тағы бірі - насихат министрі Геббельс болатын. Бірақ, ол әйелі екеуі 1 мамырда Гитлердің Берлиндегі бункерінде, алдымен 6 баласын (5 қыз, 1 ұл) у беріп өлтіріп, содан кейін өздерін өлтіреді. Негізгі фашист, негізгі қылмыскер Гитлер де Нюрнберг процесіне «қатыса» алмады. Әйелі Евамен 1945 жылы 30 сәуірде у ішіп (атылып) өлді. Американдық зерттеушілер С.Данстен мен Д.Уильямстің «Серый волк» дейтін кітабында (тағы да басқа деректер бойынша) Гитлер мен Ева Берлинде у ішіп өлген жоқ. Аргентинаға қашып кеткен, ол жаққа Канар аралына дейін ұшақпен, одан әрі сүңгуір корабльмен кеткен деп, ұшақтардың нөмірі, корабльдің типі,

ұшқыштардың аты-жөні, әскери шендерін атап көрсеткен. Ол жазбалардың авторлары түрлі ауруға ұшыраған Гитлер 1962 жылы 13 ақпанда миына қан құйылып, 72 жасында қайтыс болған деседі. Ал, Берлиндегі оның және Еваның денесі делінетіндер олардың ұқсастары Густав Вевер (Веллер) мен Евадан еш айырмасы жоқ, есімі құпия (ол әншілер тобында болған, Геббельстің «танысы» делінеді) әйелдің мәйіті. Сондай-ақ қоршаудағы Берлиннен танкімен қашып шықпақ болғанда, снаряд тиген танкі ішінде өртеніп кетті делінетін Борман аяғынан жеңіл жараланып, Аргентинаға қашып кеткен деп жазады. Немістердің көптеген мекен-колония, қоныстары бар бұл елге гестапо басшысы Мюллер холокостың еврейлерді жаппай қыру идеологы Эйхман, Освенцим концлагерінің тұтқындарына айуандық медтәжірибе жасаушы дәрігер Менгеле, т.б. бас сауғалап келген. Эйхманды 1960 жылы 11 мамырда Израиль агенттері ұрлап, Иерусалимге әкеліп, соттап, дарға асып, денесін өртеп жібереді. Менгеле 1979 жылы 7 ақпанында теңізге шомылып жүріп, суға батып кетеді. «Итке ит өлім!» деген осы-ау!...

Нюрнберг процесінен кейін оның өте күшті ықпал, әсерімен бірқатар мемлекет өздерінің жеке әскери сотын құрып, басқыншылық соғыс жүргізген мемлекет басшыларын, әскерилерді, өндірісті милитаризациялаушыларды, соғысты қаржыландырушыларды, т.б. жауапқа тартты. Румынияның диктаторы Йон Антонеску (1882-1946) өз елі әскери трибуналының үкімімен атылды. Өз елінің соты Словакия президенті Тисоны 1947 жылы, Венгрия басшысы Имреди Беланы 1946 жылы, Норвегия премьері Видкунды 1945 жылы өлім жазасына бұйырды. Жапонияның соғысқұмарлары мен Италияның Муссолини де осындай жазадан құтыла алған жоқ. АҚШ соты металлургия саласын соғыстық бағытқа бұрушы кәсіпкер Фликті 1947 жылы - 7, фашистерді қаржыландырушы Рашені 1949 жылы - 8, ағылшын соты Гитлердің әскерін қаржыландырушы Керльді 15 жылға абақтыға отырғызды.

Басқыншылық соғысты жүргізуші әскерилер де жазаға тартылды. Франциянның, Одесса, Киевтің басып алынуын жүргізген фельдмаршал Эвальт фон Клейст (1881-1954) кеңес түрмесінде о дүниелік болды. АҚШ соты Бельгияны жаулаған, 1941 жылы Ленинградты қоршаған әскери қолбасшы Вильгельм Леебті 3 жылға, 1942 жылы оны алмастырған фельдмаршал Георг фон Кюхлерді 25 жылға; ағылшын соты Польшаға, КСРО-ға қарсы агрессияның алғашқы кезінде әскери-әуе күштерін, кейін батыстағы неміс әскерін бастаған Альберт Кессельрингті өмір бойы түрмеде отырумен алмастырылған ату жазасына кесті; құрлықтағы әскери қолбасшы Брауих сот барысында госпитальда ажал құшты.





Чехия мен Польшаға комиссарлық етіп, халқын қанға тұншықтарған генералдар Далюге мен Кох осы елдер сотының үкімімен 1946 жылы және 1959 жылы атылды. «Көктемнің он жеті сәті» фильміндегі КСРО барлаушысы Штирлицтің бастығы, саяси барлау басқармасының басшысы генерал Шелленберг 1949 жылы Батыс Германия сотының үкімімен 6 жылға абақтыға жабылып, 1953 жылы кешіріммен босатылды...

Нюрнберг трибуналы - халықаралық сот процесі. Мұндайды халық бұрын білмеген. Оның маңыздылығы, тарихтағы ерекше орны-әскери ауыр қылмыстыларды ғана емес, ең басты негізгісі басқыншылық пен басқыншылардың ғасырлар бойы жазаланбай келген үрдісіне балта шабуы, оны жоюы болды. Нюрнберг үкімі - халықтың тыныштығын бұзғысы келген және адамзатты соғысқа бастағысы келетіндерге төніп тұрған дамокловтық алдаспан! Тарих сабағы жадымызда болсын. Нюрнберг оқиғаларын ұмытпайық!

Дайындаған – Сәділ КӘДЕЕВ.

СОҒЫС ЖҮРЕГІМІЗДЕ, ЕСІМІЗДЕ ЖӘНЕ КІТАПТАРДА

Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы жеңіс мерекесі- аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке.

Биыл біз маңызды және атаулы күнді - Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өттік. Ұлы Отан соғысы елдің тарихы мен халықтың жадында өшпес із қалдырды. «Соғыс» деген сөздің өзі қайғы мен қасіретті, бақытсыздық пен зар жылаған жұртты, орны толмас шығындарды көз алдыңа алып келеді. Бұл Жеңіске аталарымыз бен әкелеріміз қыруар құрбандық пен күштің, бірлік пен жасымас жігердің арқасында қол жеткізді. Құрбан болған адамдары мен бұзылған дүниенің саны бойынша бұл соғыс жер бетінде болған барлық соғыстан асып түсті. Арамызда жүрген, сол бір сұрапыл оқиғалардың ішінде болған азғантай ғана ардагерлеріміз жер бетінде не үшін өмір сүру керектігін жақсы біледі. Олардың ұрпақтары, біз - Ұлы Жеңістің мұрагерлері, бұл оқиғаны бір сәтке де естен шығармауымыз және мұндай қасіреттің енді қайтып орын алмауы үшін қолдан келгеннің барлығын жасауымыз қажет. Ұлы Отан соғысы тақырыбы әдебиетте жан-жақты және мәнерлі көрініс тапқан. Кеңес Одағының көптеген жазушылары мен ақындары соғыстың алғашқы күнінен-ақ Отанын қорғаушылардың қатарында сапқа тұрды. Отанын ерлікпен қорғаған халықпен тығыз байланысты соғыс жылдарындағы деректі және көркем шығармалардың соншалықты сенімді шығуы содан да болса керек. Содан бері 80 жыл өтті және осы уақыт ішінде адамның отаншылдық, сүйіспеншілік, батылдық секілді құндылықтарын дәріптеген көптеген шығармалар жазылды. Шығармалардың барлығынан соғыстың шексіз қасіреті мен әкелер қайғысы айқын көрініс тауып отырады.

Осынау Ұлы ерлікке құрмет ретінде аудан кітапханаларында ұлттық патриотизмді нығайтуға бағытталған «Ұлы ерлікті ұрпаққа жеткізген кітаптар» атты кітап көрмесі оқырмандар назарына ұсынылуда. Аталған көрмедегі кітаптар - елдің тарихын, ерлік дәстүрін қастерлеген, Отанын сүйетін әр азаматтың төрінен орын алса, ол қаһарман әкелер ерлігі мен рухына деген құрметтің көрінісі болар еді.





АХТАНОВ ТАХАУИ, «ҚАһАРЛЫ ҚҮНДЕР»



Ұлы Отан соғысы тақырыбын арқау еткен Тахауи Ахтановтың романынында Мәскеу түбіндегі шайқас, генерал Панфилов бастаған дивизияның жан қиярлық ерлігі суреттелген.

Взвод командирі Ержан, бұрынғы әскери комиссариат қызметкері Мұрат, т.б. кейіпкерлердің алдындағы мақсат біреу - Отанды сыртқы жаудан қорғау.

Шығармада сонымен қатар жаумен беріспей күрескен өзге де батырлардың ерліктері сипатталған.



ӘБІШЕВ ӘЛЖАППАР, «ЖАС ТҮЛЕКТЕР»

Бұл роман - көпшіліктің сұранысына ие болып, оқырман қауымның жоғары бағасына ие болған туынды. Автор шығарманың шынайы жазылуына, образдар өміршең болуына, кейіпкер характерін саралап, оқиғаны тартысты өрбітуге күш салған. Боздаған ана, қаралы хат, жаралы жар... Бәрі-бәрі осы туындыда көркем суреттелген.

БАҚБЕРГЕНОВ СӘУІРБЕК, «БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ»

«Белгісіз солдат» деректі повесі шынайы оқиға негізінде туған. Ұлы Отан соғысы ардагерлері, қан майданда қаһармандықпен қаза тапқан, есімдері белгісіз болса да, ерліктері ел есінде сақталған майдангерлер хақында сыр шертеді. Төлеген Тоқтаров, Иван Цыганков, Мәлік Ғабдуллин, Әшірбай Қоянкозов, байланысшы қыз Маша Макарова, Рашит Жанғозин, Ж.Әбілев, О.Бозаев, Е.Бозаев, Жаманбай Қырғызбаев сынды батырлар туралы кеңінен әңгімеленген.





МОМЫШҰЛЫ БАУЫРЖАН, «ҚАНМЕН ЖАЗЫЛҒАН КІТАП»

Атақты қолбасшы Б.Момышұлының әскери қайраткер ретіндегі ұрпаққа ұлағат етіп қалдырған әскери-теориялық және рухани ұлағаттық еңбегі. Оның әскери тактикалық, жеке құрамды тәрбиелеу және оқыту, командалық кадрларды дайындау саласындағы зерттеулері терең кешенді талдау және әскери іс-тәжірибесінде кең түрде қолдануды талап етеді. Халық батыры өзінің әскери-теориялық көзқарастарын жан-жақты талдаған.

МҰРАТБЕҚОВ САЙЫН, «ЖАБАЙЫ АЛМА»



Қазақ прозасының хас шеберлерінің бірі Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» атты шығармасы - кезінде қолдан қолға тимей оқылатын дүние еді... Міне, араға жылдар салып сол шығармасы бүгінгі жаңа буын және баяғы сақа буын оқырмандарымен қайта жүздесіп отыр. Бұл шығарма бүгінгі кезең шындығымен астарласып жатқанымен құнды.



НҰРШАЙЫҚОВ ӘЗІЛХАН, «ӘСКЕРИ КҮНДЕЛІК»

«Жеңіс» сериясы бойынша шыққан «Әскери күнделіктің» бірінші кітабында жазушы өзінің балалық шағын, алғашқы махаббатын, әскерге алынғанға дейінгі жалынды жылдарын, Қызыл Армия қатарына алынып, майданға кірген алғашқы кезеңін күнделік етіп жазған.

ҚАЙСЕНОВ ҚАСЫМ, «ЖАУ ТЫЛЫНДАҒЫ БАЛА»



Халық қаһарманы, ҰОС партизаны отрядының командирі Қасым Қайсенов «Жау тылында» кітабы 1967 жылы жазылған. Партизан жазушы Украина, Молдова, Венгрия жерлерінде жүріп, жау тылында жасаған ерліктері шығарма арқауына айналған. Оқиғалар шынайы суреттеледі. Оның әр жолынан Отанға, елге, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік рухы сезіледі.



ШӘРІПОВ ӘДИ, «ПАРТИЗАН ҚЫЗЫ»

ҰОС жылдары өмірін жорықпен өткізген жауынгер жазушының «Партизан қызы» романын оқырмандар жылы қабылдады. Орыс, украин, литва, қырғыз тілдеріне аударылған. Қаламгер қаламынан ғана емес, автордың өзі, қарулас достары басынан кешкен жайттар негізінде туған «Ормандағы от», «Тон», «Арбасу» секілді көптеген повестері бар.

Аталмыш кітаптар жас ұрпаққа отаншылдық тәрбие беріп, оларды ата дәстүрін қастерлеуге баулуда оқырман көңілінен лайықты орын алар деп сенеміз.

Р. СӘРСЕБЕКОВА,
Төлеби аудандық кітапханасының библиографы

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ПАРАДТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ 3

НҰРАЛХАН КӨШЕРОВ, ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ....8

ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ 12

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА 13

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

СОҒЫС ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ? 18

ОҢТҮСТІККАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТА 34

МАЙДАН ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР: ІЗДЕНІС. ДЕРЕК. АҚИҚАТ

ФАШИСТІК СОҒЫСТЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІНЕН ОҢТҮСТІК ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУГЕ ЖҰМЫЛУЫ 40

СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІККАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕР 48

СҰРАПЫЛ СОҒЫС ЖӘНЕ ТЫЛ ЕҢБЕГІ 55

ОҢТҮСТІК ӨЛКЕНІҢ ЖЫЛҚЫ ТҮЛІГІ – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ МАЙДАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛЫ 59

ТҮЙЕЛЕР ДЕ СОҒЫСҚА ҚАТЫСҚАН 68

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАҒЫН АЛА АЛМАҒАН 118 ҚАЗАҚ 72

БАТЫР АТАҒЫНА ҰСЫНЫЛҒАНЫН БІЛМЕЙ КЕТТІ....76

ЕСІМДЕРІ БЕЛГІСІЗ БОЛЫП КЕЛГЕН 34 МАЙДАНГЕР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ТАБЫЛДЫ 82

ҰШАҚ ЖАСАТҚАН... 83

МАЙДАН ДАЛАСЫНА ЖӘНЕ МАЙДАН ДАЛАСЫНАН ЖЕТКЕН ХАТТАР

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ХАТТАРЫ 86

МАЙДАН ДАЛАСЫНАН ЖЕТКЕН ХАТТАР....96

МАЙДАН ӘЗІЛДЕРІ

«ТӘНКИСТ» 118

ҰМЫТШАҚ 118

ГОСПИТАЛЬДА 119

«ҚОЛМА-ҚОЛ АЙҚАС» 119

ҚАУІПТІ ЖАУ – ЖИЕНБЕТТЕР 120

МАЙДАНДАҒЫ ӘНДЕР

ЖАС ҚАЗАҚ 122

КЕСТЕЛІ ОРАМАЛ 122

АХ, САМАРА ҚАЛАСЫ 123

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘНІ 123

СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР 124

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТТАРЫ

ОНЫҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ ДЕ ӘСКЕРГЕ БАРУДАН ҚАШҚАН ЕМЕС! 126

ҚАЗЫҒҰРТТЫҢ ҚОС АРДАГЕРІ 130

«ҒАБДУЛЛИН СОНШАМА ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАМАҒАНДА ҚАРАҢҒЫ ҚАЛПЫМДА ӨТЕР ЕДІМ» 140

«ӘСКЕРИ ДАҒДЫНЫ АРМИЯДА ЕМЕС, СОҒЫСТА ҮЙРЕНДІК»....150

«ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖАҚСЫ, АЛ АДАЛ ӨМІР СҮРІП, АБЫРОЙЛЫ БОЛҒАН БӘРІНЕН ДЕ ЖАҚСЫ»....158

ЖЕТІСАЙДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ АРДАГЕР 162
ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ҚАҺАРМАН 164
СОҒЫСҚА БАРАТЫН АДАМДА ПАТРИОТТЫҚ ЖІГЕР БОЛУЫ КЕРЕК....166

АРХИВТІ АҚТАРҒАНДА 171

ОҢТҮСТІККАЗАҚСТАНДЫҚ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ

ОҢТҮСТІККАЗАҚСТАНДЫҚ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ....176
ӘБДІӘЛИЕВ ҚАРАҚОЗЫ (ҚАРАҚОЛА) 177
ӘБДІЖАППАРОВ САДЫҚ....178
ӘБДІБЕКОВ ТӨЛЕУҒАЛИ НАСЫРХАНҰЛЫ 180
ӘЛІМБЕТОВ АБЫЛАЙ....181
ӘШІРОВ СЕЙІТҚАСЫМ 182
БЕРДНИКОВ НИКОЛАЙ АНИФИМОВИЧ....184
БРЕУСОВ СТЕПАН ТИХОНОВИЧ....185
ВИШНЕВЕЦКИЙ ВЛАДИМИР МИХАЙЛОВИЧ 186
ГРИНЬКО ИВАН УСТИНОВИЧ 187
ГРИЦЫНИН КОНСТАНТИН ДАНИЛОВИЧ 188
ГРУШКО ВАСИЛИЙ СЕМЕНОВИЧ 190
ГУСЕВ ВАСИЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ....192
ЖОЛДАСОВ ЛЕСБЕК БАЙЫМБЕТҰЛЫ....193
ЖУКОВ ПЕТР КОНСТАНТИНОВИЧ 194
ЖУРБА ИВАН МАКАРОВИЧ....195
ИБРАГИМОВ ТЕМІРБЕК 196
ИСАХАНОВ БЕРГЕН....197
ЕСЕТОВ РАСУЛ 198
ИСМАЙЫЛОВ САДЫҚ....200
ИЛЬЯСОВ НАҒИ 202
КАВЕШНИКОВ ДМИТРИЙ СТЕПАНОВИЧ 203
КЕРДАНЬ ФЕДОР КИРИЛЛОВИЧ 205
ҚАУЫНБАЕВ (ҚАУЫМБАЕВ) ТОҒАНБАЙ....206
КУЗЬМИН ВАЛЕНТИН СЕРГЕЕВИЧ....208
МАМҰТОВ ХАСАН 209
МИННИБАЕВ ГУМЕР ХАЗИНУРОВИЧ....210
МОЛДАБАЕВ ЕРЕЖЕПБАЙ 211
МОМЫШҰЛЫ БАУЫРЖАН....212
МОРДВИНЦЕВ СЕРГЕЙ АНИСИМОВИЧ....213
НИЖУРИН ФИЛИПП ТРОФИМОВИЧ 214
НҰРЛЫБАЕВ ЖОЛДЫБАЙ....215
ОБУХОВСКИЙ АНАТОЛИЙ РОМАНОВИЧ 216
ОГОРОДНИКОВ НИКОЛАЙ ИВАНОВИЧ....217
ОКОРОКОВ МАТВЕЙ ПЕТРОВИЧ....218
ОҢТАЕВ БЕЙСЕН СЕЙІТҰЛЫ 219
ПАХОМОВ ДМИТРИЙ ФЕДОРОВИЧ 220
ПШЕНИЧНЫХ АНДРЕЙ ПЕТРОВИЧ....221
РАҚЫМОВ САБЫР ОМАРҰЛЫ 222
РЕДЬКО АЛЕКСЕЙ НИКОЛАЕВИЧ....223
РЕШЕТНИК ИВАН СЕМЕНОВИЧ....224
РУСТАМОВ ТАШТЕМІР....225
РЫБАЛКО ИВАН ИГНАТЬЕВИЧ....226
РЫСБЕКОВ ҚҰРМАНБАЙ (ҚҰРБАНТАЙ) 227
САДЫҚОВ БОТАБАЙ....228
СВИНАРЧУК НИКОЛАЙ ДАВЫДОВИЧ....229
СОПЛЯКОВ МИХАИЛ ИГНАТЬЕВИЧ 230
СҮЛЕЙМЕНОВ ЖОЛДАС....231
СЫПАТАЕВ ҚАРСЫБАЙ 232

ТАСҚҰЛОВ ҚАЛЫБАЙ....233
ҮСЕНОВ АБДОЛЛА....234
ХАКИМОВ АЛИМ....235
ХҰСАНОВ ЗИЯМАТ ОСМАНҰЛЫ....236
ЧУНТОНОВ НИКОЛАЙ ГРИГОРЬЕВИЧ....237
ШЕВЦОВ ПЁТР ФЁДОРОВИЧ....238
ЮЛДАШЕВ ФАЙЗУЛЛА....239

ДАҢҚ ОРДЕНІНІҢ КАВАЛЕРЛЕРІ

ДАҢҚ ОРДЕНІНІҢ КАВАЛЕРЛЕРІ....242
БЕЗДЕЛЕВ ВИКТОР ВАСИЛЬЕВИЧ....243
БЛАГОВ ПАВЕЛ СТЕПАНОВИЧ....243
БИШОВЕЦ ИВАН НИКИТОВИЧ....244
ВЕЛИЧКО АЛЕКСАНДР ИВАНОВИЧ....244
ҚАЛТАЕВ ҚАРАБАЙ....245
КУЛЬКОВ НИКОЛАЙ ИВАНОВИЧ....246
ПОТАПОВ АЛЕКСАНДР СЕМЕНОВИЧ....246
САДЫҚОВ БАЙЫРБЕК САДЫҚҰЛЫ....247
«ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ» АТАҒЫН АЛҒАН МАЙДАНГЕРЛЕР....248

МАЙДАНГЕР –
СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ

АЙТХОДЖАЕВ МАМЫТ....250
АЛДЫБАЕВ ОРАЗҒАЛИ АЛДЫБАЙҰЛЫ....251
АРХАБАЕВ ҚҰДАС....253
БАБИН МИХАИЛ ИВАНҰЛЫ....254
БАЙЖАНОВ САРЛЫБЕК ДОСЖАНҰЛЫ....255
БӨРІБЕКОВ ДІНӘСІЛБЕК....256
ДАЙРАШЕВ ТЕМІРХАН....257
ДІЛДӘБЕКОВ ШАБЛАН....258
ЖӘРІМБЕТОВ МАНТАЙ....259
ЖҰМАТАЕВ НҰРМАХАМБЕТ....260
КӨБЕЕВ МАҚСҰТ....261
КУЛИКОВ ВЛАДИМИР НИКОЛАЕВИЧ....262
КҮНТАЕВ ХҰДАЙБЕРГЕН....263
ЛЕВЧЕНКО ПЕТР ИВАНҰЛЫ....264
НАРЫМБАЕВ МАХАН....265
ОРЛОВ АЛЕКСАНДР СЕМЕНҰЛЫ....266
ОРЛОВ ФЕДОР АЛЕКСАНДРОВИЧ....267
ӨСТЕМІРОВ ТҮЙМЕБАЙ....268
САУРАМБАЕВ ТҰРСЫНБАЙ....269
СЕЙДАЗОВ ҚОЖАМҰРАТ....270
СЕЙДАХМЕТОВ ӘШІМ....271
ТАСАНБАЕВ ЕГЕМҚҰЛ....272
ТАСТАНОВ ҮББІ....273
ТОҚЖІГІТОВ МАМЫҚ....274
ТОРБА МАКСИМ ОСИПҰЛЫ....275
ТҰРҒАНБАЕВ ШҮРЕНБАЙ....276
ТЫЩЕНКО ИВАН....277
ФИЛИППЕНКО СЕРГЕЙ ПАНТЕЛЕЙҰЛЫ....279
ШЕСТАКОВ ВАСИЛИЙ ЯКОВЛЕВҰЛЫ....280

ЕЛ АҒАСЫ БОЛҒАН
МАЙДАНГЕРЛЕР

АНДРОНОВ АНТОН ПАВЛОВИЧ....282
АСҚАРОВ АСАНБАЙ АСҚАРҰЛЫ....283
ӘБЖАППАР ЖЫЛҚЫШИЕВ....285
БАҚБЕРГЕНОВ СӘУІРБЕК....286
БЕГІМБЕТОВ СӘЛІМ....287

ЖАКЫШЕВ АБЗАЛ 289
ЖАРҚЫМБЕКОВ ҚАРЖАУБЕК.....290
ЖҰРМҰХАМЕДОВ МҰҚАТАЙ 291
КЕРІМБАЕВ ДАНИЯЛ.....292
МОРОЗОВ АНДРЕЙ КОНСТАНТИНОВИЧ 293
МҰХАМЕДЖАНОВ ҚҰРМАНАЛИ 294
ОМАРОВ ИРМЕТ 295
ПОПОВ АНАТОЛИЙ СЕРГЕЕВИЧ 296
ТӨЛЕНДИЕВ НЫҒЫМЕТ 297
ТІЛЕУБЕРГЕНОВ ИДРИС.....298
ШІЛТЕРХАНОВ ӘДЫХАН 299
ЮСУПОВ ИСМАИЛ 300
НЮРНБЕРГ ТРИБУНАЛЫ 301
СОҒЫС ЖҮРЕГІМІЗДЕ, ЕСІМІЗДЕ ЖӘНЕ КІТАПТАРДА.....311

РУХ ПЕН ЖІГЕР ЖЕҢІСІ

Жоба жетекшісі:
Жеңісбек Мәуленқұлов

Ақылдастар алқасы:
Нұралхан Көшеров,
Бақтықожа Ізмұхамбетов,
Нұралы Әбіш,
Әбдішүкір Сапарбеков,
Қайрат Анарбаев,
Гүлнар Шардарбекова,
Серікбай Онбаев

Шығармашылық топ:
Балзия Тәжібаева,
Бейсенкүл Нарымбетова,
Ғани Қалмаханов,
Сейдалы Дүйсебаев,
Мұрат Серікбайұлы

Қаріп түрі - Times New Roman. Таралымы 500 дана.
Кітап «Қызмет» баспасында беттеліп,
«South Print Corparation» баспаханасында басылды.
Баспаның мекен-жайы:
Шымкент қаласы, Түркістан көшесі №2/2.
«Қызмет» баспасы.
Байланыс тел.: +7 747 134 84 90, +7 702 354 49 57.

ISBN 978-601-82278-7-5